

М. Оразов

Қазақ
тілінің
семантикасы

АЛМАТЫ «РАУАН» 1991

Пікір жазған — филология ғылымының докторы *Т. Сайрамбаев*

Оразов М.

Қазақ тілінің семантикасы.— Алматы, Рауан, 1991.— 216 бет.

ISBN 5-625-00998-8

Автор өзінің осы еңбегінде қазақ тілінің материалдары негізінде сөздің лексикалық мағынасын, лексикалық мағынаның құрылымын және оның басқа да тілдік құбылыстарға қарым-қатынасын жан-жақты талдайды.

Бұл басылым университет пен педагогика институттарының филология факультеттері студенттеріне, орта мектептерде қазақ тілі пәнінен дәріс беретін мұғалімдерге, сөздің қыр-сырымен айналысып жүрген көпшілікке қосымша құрал ретінде ұсынылады.

О $\frac{4602020400-313}{404(05)-91}$ 235—90

ISBN 5-625-00998-8

© Оразов М., 1991

ҚІРІСПЕ

Дыбыстық тілдің қыр-сыры мол. Ол адамдардың қатынас құралы ретінде қолданылғанда сол қасиеттерінің кейбіреулерін ғана жарыққа шығаратыны, сөйлеуші не жазушы адамның мақсатына, сөз қолдану шеберлігіне байланысты олардың құбылып, түрленіп отыратыны мәлім. Тілдің бұл қасиетін ғалымдар ерте кезден-ақ біліп, тілдің осы тәрізді қолданылу жағын көбірек зерттеген. Дегенмен сонау көне үнді, грек тіл білімі өкілдерінен бастап, күні бүгінге дейін тілдің көп мәселелері талданып, өз шешімдерін тапқандай болса да, тіл білімінде әлі де талдануы, анықталуы қажетті мәселелер толып жатыр. Заттарға, құбылыстарға ең қарапайым көрінетін ат берудің өзі тек көне грек тіл білімі өкілдері (аналогистер мен аномалистер) арасында ғана емес, қазіргі дәуір тілшілері арасындағы пікір алалығына да себепші болып жүргені анық. Басқа пәндер сияқты, тіл білімі де дамып жаңа сатыға көтерілген сайын оның алдына зерттелуі қажет болған жаңа мәселелер қойылуда.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ тіл білімі (жалпы түркологияда да) өкілдері, негізінен, грамматикалық категориялардың табиғатын анықтаумен ғана шектелді. Тілдің фонема, лексика салалары болса, оқулықтың талабынан әрі аспай, программа шеңберінен шыға алмады. Тек алпысыншы жылдардан кейін ғана тілдік элементтерді жан-жақты зерттеп, бірінің екіншісімен байланысын анықтау, басқа пәндермен байланыстырып, солардың жетістігін пайдалану сөз бола бастады. Осы бағыттағы жаңа саланың бірі — семантика.

Семантика гректің *Sēmantikos* (белгілеуші) деген сөзінен алынған, қазір сөз мағынасы деген түсінікпен тең дәрежеде қолданылып жүр. Сондықтан да оқулықтарда семантикаға сөз мағынасын зерттейтін лексиканың бір саласы деген анықтама беріледі. Тіл білімінің басқа салаларына қарағанда семасиологияның пән ретінде зерттеле бастау тарихы онша ұзаққа бармайды, ал түркологияда ол өте кенже пән болып саналады. Сол үшін де семасиологияның негізгі мәселелерінің көпшілігі зерттелмеген. Зерттелгендерінің өздері де әрі қарай талдай түсуді қажет етеді. Семасиологиялық зерттеулердің қиындық туғызатын екінші бір жағы да бар. Ол — түркі тілдерінде семантика терминдерінің әлі де анықтала қоймағандығында. Мысалы, семасиология сөз мағы-

насын зерттейді дедік. Бірақ сөз мағынасының да күрделі түсінік беретіні, оның лексикалық және грамматикалық мағыналарының бар екені анық. Шындығында да, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның арақатынасын оқулықтарда салыстырып, айырмашылықтарын санап көрсетумен ғана шектеліп жүрміз. Негізінде олардың айырмашылықтары болғанымен, бастарын біріктіріп, тілдік категория ретінде қолданылуына себепші болатын белгілері де аз емес. Ең басты ортақ белгісі — олардың екеуі де объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға қатысты, оларды өздерінде белгілі дәрежеде сәулелендіріп, адам ойын абстракциялау қызметімен байланысты болады. Сонымен бірге олардың айырмашылықтары да бар. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның ең басты айырмашылығы — олардың абстракциялану дәрежесі мен берілу формаларында.

Сөз мағынасы объективті өмір сүреді деген пікір бар. Шындығында сөз мағынасының жеке адамға тәуелді болмайтыны анық. Бірақ бұл — сөз мағынасы адамзат қоғамына байланысы жоқ, айналамыздағы заттар (тау, тас, ағаш, өзен, т. б.) сияқты адамдарға мүлде тәуелсіз болады деген сөз емес. Егер сөз мағынасы адамдарға мүлде тәуелсіз болады дейтін болсақ, онда оның адам ойымен (психологиялық құбылыс ретінде), коллективтің әлеуметтік санасымен байланысын жоққа шығарған болар едік. Сондай-ақ, сөз мағынасы тек субъективтік, индивидуалдық сипатқа ие дейтін болсақ, онда сөз мағынасы жеке адамға тәуелді деген қағиданы қолданған боламыз. Шындығында сөз мағынасының құрамында әрі объективтік, әрі субъективтік сипатқа ие болатын мағыналық элементтер бар. Сондықтан да сөз мағынасын көп қатпарлы категория деп атаймыз. Сонымен бірге, сөз мағынасында әрі жалпы универсалдық қасиеттермен бірге жеке адамдарға, индивидке байланысты болған мағыналық элементтердің де бар екенін мойындаған жөн. Соңғы тезисті былай түсінуге болады. Сөз мағынасындағы жалпы универсалды қасиет олардың объективтік сипатынан туады да, жеке тілге, адамға тәуелді болмайды. Нәтижесінде ол мағыналық элемент дыбыстық қабыққа ие болғанда, сол тілде сөйлеуші адамдардың бәріне түсінікті болады; түрлі тілдерде сөйлеуші адамдардың өзара түсінісуі, бір мағынаны аудару жолы арқылы екінші бір тілге жеткізу мүмкіндігі туады. Ал жеке-даралық қасиет белгілі бір тілде ғана бар мағынаның болуын, тіпті сол мағынаны қолданғанда сөйлеуші не жазушы адамға тән индивидуалдық сипаттың бар екенін мойындаудан туады. Демек сөз мағынасын 1) түрлі тілдерге тән универсалды, 2) жеке бір тілдің өкілдеріне (не туыстас тілдер өкілдеріне) тән, 3) жеке адамдарға тән мағына деп бөлуге болады. Әрине жеке адамдарға тән болған мағына сөздерді қолдану кезінде ғана, белгілі бір контекстерде ғана байқалады.

Егер сөз мағынасын әлем тілдеріндегі мағыналармен байланыстыра қарайтын болсақ, онда мағынаның үш түрлі типі бар екеніне көз жеткізуге болады. Біріншісі — дүниедегі тілдердің бәріне де тән, ортақ болып келетін мағыналар. Мысалы, конкретті

зат атаулары, кейбір сан есімдер, сын есімдер, т. б. Кей тілдерде бұл сөздердің де мағыналық шеңбері аз болуы, кең не тар мағынада болуы мүмкін, бірақ түрлі тілдерде сөйлеуші адамдардың өзара түсінісуіне осы мағына негіз болады да, бір тілден екінші тілге аударылатыны да осы мағына болады. Салыстырыңыз: *қаз. адам, өзб. инсон, орыс. человек, нем. der Mann*, т. б. Сөздердің барлығында да осы типтес мағына бола бермейді. Екінші бір топ сөздер сол тілде сөйлеуші халықтардың әлеуметтік жағдайы, ұлттық ерекшелігіне байланысты мағынаға ие болады. Бұл түрлі құрылымдағы тілдер арасында ғана емес, туыстас тілдер арасында да байқалатын, сол тілде сөйлеуші адамдар ғана түсіне алатын мағына болып саналады. Сол үшін де ондай сөздерді басқа тілге аударғанда сөзбе-сөз беру мүмкіндігі болмайды, тек түсіндіру, суреттеу жолы арқылы ғана беруге мүмкіндік туады. Салыстырыңыз: қазақ тілінде *арқан* сөзі қолданылады. Орыс тілінде осы сөзге мағынасы жақын *веревка* сөзі қолданылады, бірақ екі сөздің мағынасы тең болмағандықтан, *арқан* сөзінің мағынасын бере алмайды. Сондай-ақ, *сыбаға, құда табақ, жая, қазы-қарта, құрт* сияқты сөздер — тек түркі тілдерінде ғана сөйлейтін халықтарда қолданылатын тағам атаулары. Оны басқа тілге аударғанда түсіндіру жолымен ғана береміз. *Домбыра* музыкалық аспап ретінде қазақтарға тән болса, *қомуз* қырғыздарға тән, *шертер* өзбектерге тән музыкалық аспап. Бұл музыкалық аспаптың атаулары басқа түркі халықтарында да қолданылуы мүмкін, бірақ мағыналарында не қолданылуында ерекшелік бар. Тілдерде кездесетін үшінші бір мағына сөздерді қолдануға байланысты туады да, ол жеке ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың еңбектерінде, тілінде кездеседі. Үшінші мағынаны көпшілік ғалымдар жеке мағына ретінде санамайды.

Сөз мағынасының басқа бір қиын жағы да бар. Совет тіл білімінде сөз мағынасы туралы әңгіме болғанда оның объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға байланысы барлығы негіз етіп алынады. Егер сөз мағынасын құрылымдық элементтерімен байланыстыра сөз ететін болсақ, онда, ең алдымен, тілдік мағына мен экстроллингвистикалық мағынаны ажырату қажет болады. Экстроллингвистикалық мағына элементі ретінде денотаттық (референттік), сигнификаттық, эмоциялық-экспрессивтік мағыналар түсініледі. Бірақ экстроллингвистикалық элементтерге тілдерде кездесетін халықтың әлеуметтік, мәдени даму дәрежесімен, ұлттық психологиясымен байланысты болған мағыналық элементтер еңсе де, оларға арнайы талдау жасалынбады. Тілдік мағыналық элемент тілдің ішкі құрылымымен қатысты болады да, ол парадигмамен, синтагмамен байланысып жатады.

Жоғарыда санамаланған мәселелер ұсынылып отырылған кітапта қолымыздағы бар материалдардың негізінде сөз болады. Тіл біліміне тиісті еңбектерде бұл мәселелер бұрын да азын-аулақ сөз болғаны анық. Біз ол еңбектерге арнайы талдау жасауды жөн көрмедік. Себебі, біріншіден, сөз және сөз мағынасы туралы жазылған еңбектер тізімінің өзі кіші-гірім кітаптың көлемін алған

болар еді. Екіншіден, семасиология мәселелеріне байланысты жазылған еңбектер методологиялық жағынан да ала-құла, бір-біріне қарама-қарсы көзқарастарға негізделген қайшы пікірлерге толы. Сондықтан да оларға философиялық тұрғыдан қайта қарап, тиісті баға беру керек. Бірақ мұның өзі басқа жоспардағы күрделі зерттеуді талап етеді. Үшіншіден, түркологиялық зерттеулерде семасиология толық арнаулы зерттеу объектісі болған жоқ. Осы жағдайларды ескере отырып, қажетті деген жерлерде ғана ғалымдардың пікірлеріне өз көзқарасымызды білдіріп, тиісті жерлерде сынымызды да айттық. Оқулық соңында әдебиеттердің тізімін толық беруге тырыстық. Ондағы мақсатымыз, біріншіден, оқырман қауымның өз бетімен әрі қарай жұмыс істеуіне жағдай жасау болса, екіншіден, автордың пікірін басқалардың пікірлерімен салыстыруға мүмкіндік туғызу еді.

Тіл білімінің сөз мағыналарына байланысты болатын біраз мәселелерін сөз етпедік. Мысалы, сөз бен ойдың арақатынасы, тілдің таңбалық сипаты мен мағынасының арақатынасы, т. б. Бұған себеп болған жағдайлар бар. Біріншіден, сөздің оймен не ой элементтерімен байланысы бар екенін тілші, философ ғалымдардың көпшілігі мойындағанымен, арасында айырмашылық бар деп ескерту жасайды. Дегенмен де бұл даусыз мәселе емес. Б. А. Серебренников сөзсіз ой, ойсыз сөз жоқ деген тезисті мойындамайды (Серебренников 83; Серебренников 88) *. Демек бұл екі көзқарастың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін, гнесиологиялық, психологиялық мәселелерді анықтау керек. Тілдің таңбалық сипаты да нақ осындай даулы. Оларды анықтау басқа жоспардағы зерттеу жұмысын талап етіп, бізді тақырыптан ауытқуға мәжбүр етеді. Екіншіден, тілдік ой, ой элементтеріне байланысты мәселелерді тіл материалы негізінде де, философиялық категория негізінде де зерттеуге болады. Мұндай жұмыстар істелініп те жүр. Бірақ оны методологиялық астар беріп зерттеу бар да, үстіртін сөз ету бар. Мұның алғашқысын жүзеге асыру үшін жұмыстың көлемін кеңейту керек те, жалпы тіл біліміне байланысты мәселелерді талқылау қажет. Екінші жолы да ғылымға пәлендей жаңалық әкелмейді. Сондай-ақ, лексико-семантикалық топ мүшелерінің арақатынасы, сөздердің жүйелілік байланыстары (парадигмалық, синтагмалық) автордың басқа еңбектерінде сөз болғандықтан, оған біз тек үлгі ретінде ғана талдау жасадық.

Еңбекті оқығанда ескеретін тағы бір жайт — мұнда талданған мысалдар, негізінен түсіндірме сөздіктерден алынды. Автордың қолында қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, татар, түрікмен, ноғай тілдерінен жиналған қыруар материалдар болса да, сөздіктермен шектелуді жөн көрді, тек қажетті деп есептеген жағдайда ғана көркем әдебиеттерден мысалдар келтірді. Мұндай шешімге келуімізге себеп, біріншіден, сөз мағынасын талдаудағы мағыналық ауытқулардан, екіұштылықтан құтылу көзделді. Екіншіден, көркем әдебиеттерден жиналған мысалдар арқылы мағынаға талдау жасалса, мағыналық реңктердің саны көбейіп, жұмыстың көлемін ұлғайтып жіберетін болды. Үшіншіден, сөздіктерде берілген сөз-

дердің мағынасы басқа бір лексикограф ғалымдардың (маман ретінде) ой елегінен өткендігін де ескердік.

Сөз мағынасы тіл білімінің барлық саласының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Қазіргі тіл білімінің қол жеткен табыстарына сүйене отырып, кітапта сөз мағынасын лексикалық, грамматикалық деп екіге бөлдік. Лексикалық мағына құрамындағы элементтер ретінде денотаттық, сигнификаттық, эмоциялық және тіл жүйесі негізінде пайда болатын парадигмалық, синтагмалық мағына элементтеріне талдау жасадық.

Кітап институттар мен университеттердің филология, философия факультеттерінің студенттеріне, аспиранттар мен семантика, семиотика мәселелерімен шұғылданатын ғылыми қызметкерлерге, сөздік жасаушыларға (лексикограф) және тіл біліміне қызыққан көпшілік оқырман қауымға арналған.

¹ Жұлдызшалармен белгіленген сілтемелерді кітап соңынан қараңыз. Автордан кейінгі цифрлар — еңбектің жарық көрген жылы. Одан кейінгі цифрлар — бет саны.

СӨЗ — ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІК

Сөз — лексикалық бірлік

Сөз — тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып саналады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөздің бір қырын ғана өз объектісі етіп алады да, өз заңдылықтары негізінде сөз етеді. Бұл сөздің универсалды қасиетін емес, олардың күрделі құбылыс екендігін білдіретін бір белгісі ғана. Сондықтан да сөздерді фонетикалық жақтан ғана талдап, барлық қасиеттерін анықтау мүмкін емес. Сондай-ақ сөздерге грамматикалық жақтан талдау жасау мүмкін, бірақ сөздердің барлық қасиеттерін грамматикалық белгілері арқылы ашу мүмкін еместігін жасыруға болмайды. Фонетиканың ең кіші элементі болып саналатын фонема болсын, грамматиканың ең кіші элементі болып саналатын морфема болсын — барлығы да сөз бойынан табылатын нәрселер. Сөз мағынасы, сөз мағынасының даму заңдылықтары, синоним, антоним сияқты құбылыстар да сөздерге тән заңдылықтар. Дегенмен осы аты аталынған қасиеттердің жеке-жеке өмір сүретіндігі анық, бірақ олар бірігіп қана сөз жасай алады. Екінші сөзбен айтқанда, дыбыссыз сөз болмайтындығы сияқты, грамматикалық жақтан тұлғаланбаған сөз де болмайды. Сөз болу үшін дыбыстың, грамматикалық формалардың болуы жеткіліксіз. Жоғарыдағы аты аталынған белгілер сөз элементтері деп аталынуы үшін, сол белгілермен бірге, лексикалық мағынаның да болуы шарт. Жалаң лексикалық мағынаның болмайтындығын, кез келген лексикалық мағынаның грамматикалық мағынамен байланысып, астасып жататындығын, олардың өмір сүру формасы тек дыбыстық тіл болатындығын ескеріп талдау жасайтын болсақ, онда сөз мәселесінің қаншалықты қиын, күрделі екендігін дәлелдеп жатпай-ақ көз жеткізуге болады.

Сөздің күрделі екендігін көпшілік ғалымдар мойындаса да, оның қандай элементтерден құралатындығын анықтап, ол элементтерді белгілеп, жан-жақты сипаттап бере қоярлықтай пікір қазірше айтыла қойған жоқ. Тіпті сөздерге көпшілік ғалымдар мойындаған ғылыми анықтаманың да берілмегендігін айтудың өзі бұл мәселенің қаншалықты қиын екендігін көрсетеді. Бұдан, өрине, жалпы тіл білімінде сөз дербес зерттеу объектісі болмаған екен деген пікір тұмауы керек. Керісінше, сөз — жүздеген ғалымдардың пікір айтуына, зерттеулеріне арқау болған категория. Сөз теориясына көз салған, оған үңіле қараған ғалымдардың көпші-

лігі не бірі екіншісін қайталайды, не өзінше азын-аулақ жаңалық қосуға әрекет етеді, тіпті, ең болмағанда, өзіне дейінгі айтылған пікірлерге шолу жасаумен қанағаттанады. Әр ғалымның өзіндік дәлелдері, өздеріне тән пікірлері де барлығын жасыруға болмайды. Өйткені әркім өз пікіріне, өз дәлеліне сүйене отырып пікір айтады, пікірін дәлелдеуге әрекет етеді, анықтама береді. Олар берген кей анықтама басқаларынан қарапайым болып келсе, екіншілері күрделілігімен ерекшеленеді. Бүгінгі күнге дейінгі сөздерге берілген анықтамаларға талдау жасау біздің міндетіміз емес. Оларды тек салыстырып, сұрыптап бірнеше топқа бөліп көрсетуге мүмкіндігіміз бар.

Сөз — мағына мен дыбыстардың бірлігі. Бұл анықтама оқулықтарда көп кездеседі. Байыптап қарайтын болсақ, шындығында сөздің құрамында мағына мен дыбыстың болатындығы анық. Дыбысталусыз сөз болмайтыны сияқты, мағынасыз да сөз болмайды. Бірақ бұл анықтама сөздердің барлық қасиеттерін анықтап бере алмайды. Мысалы, бір сөздің мағынасы тіл-тілдерде әр түрлі сөз арқылы беріледі. Салыстырыңыз, қазақша *нан*, орысша *хлеб*, азербайжанша *чөрек*, немісше *das Brot*. Тіпті мұндай бір мағынаны басқа-басқа сөздер арқылы беру туыстас тілдер арасында да байқалады. Мысалы, қазақша *қара*, әзірбайжанша *бах*; қазақша *жалаңаш*, әзірбайжанша *лүт, чылпаг*; қазақша *аяныш*, әзірбайжанша *языг, ейф*, құмықша *язығ, ажиз*, татар тілінде *кызганыч*, т. б. Сондай-ақ бұл анықтама сөздердің көп мағыналық қасиеті мен синоним, антоним сияқты тілдік құбылыстардың басын ашып бере алмайды. Сол үшін де кей ғалымдар бұл анықтаманы сәл күрделендіріп: «Сөз — дыбыстар мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық бейнесі», — деп жүр (Кеңесбаев 75, 10) *. Соңғы анықтамада сөздің мағынасын ғана сәл күрделендірген. Жоғары оқу орындарына арналған осы оқулықта (лексика тарауын жазған Ғ. Мұсабаев) сөздің дыбысталу формасына да көңіл аударылады. Бірақ талдауға қиын соғатын, басқа тарауларда айтылған ойға қайшы келетін пікірлері де жоқ емес. Мысалы, *үшін, сайын, гөрі* сияқты шылаулар туралы айта отырып: «*үшін, сайын, гөрі* дегендер сөз емес, бірақ мұнда жүйелі дыбысталу бар», — деп қорытынды жасайды (Кеңесбаев 75, 14). Ең алдымен айтарымыз — шылаулар да сөз болып саналады. Автордың қандай негізге сүйеніп оларды сөз болмайды дегенін түсіну қиын. Соңғы кездерде жарық көрген оқулықтарда да бұл сұрауға жауап жоқ. Мысалы, 1979 жылы жарық көрген Ә. Болғанбаевтың оқулығында: «Сөз дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз — белгілі бір құбылыстың аты», — деп ашық жазылған (Болғанбаев 79, 8) *.

Адамзаттың қатынас құралы болатын тілдің (Ленин В. И.) дыбыстық тіл болатындығы даусыз. Ым тілі (мимика, түрлі дене мүшелерінің әрекеті), жазба тіл осы дыбыстық тілдің кемшілігін толықтырып тұратын қосымша тіл екендігі хақ. Сондықтан да тіл дегенде біз дыбыстық тілді түсінеміз. Бір айта кетерлік белгілі жағдай — дыбыс немесе сөздердің дыбысталынуы сөздердің ма-

териалдық жағы болып саналатындығы. Бұл қағида, әрине, тілдер тек дыбыстар тізбегінен ғана жасалынады деген пікірге алып келмеуі керек. Жас балаға тіл үйреткенде дайын сөздерді (мағына мен дыбыстар бірлігін) үйретеміз де, оған біртіндеп мағынаны ажыратуды көрсетеміз. Екінші сөзбен айтқанда, тіл үйренгенде әр адам жаңа тіл не жаңа сөз жасамайды, ертеден келе жатқан, атабабадан мұра болып берілетін даяр форманы қабылдайды, біртіндеп оны үйренеді. Тіл үйренгенде тіл үйренуші адам сөздің жеке фонемалық элементтеріне, сөздердің грамматикалық формаларына назар аудармайды. Сөйлем құрап, оның ең жоғарғы формасына көтерілгенде ғана сөздердің тұлғасына, байланысу тәсіліне, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібіне, т. б. көңіл аударады.

Сөз бір дыбыстан да, дыбыстар тіркесінен де жасалынады. Сөз құрамындағы дыбыстардың орналасуында да белгілі бір заңдылықтардың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ сөздердің түрленуінің де, тұлғаларының өзгеруінің де тілдік заңдылықтарға бағынатындығы анық. Салыстырыңыз: қазақ тілінің заңдылығы бойынша *ң* мен *й* дыбыстары сөз басында, *б, ғ, г, д* дыбыстары сөз соңында, ерін дауысты дыбыстары сөздің екінші буындарында кездеспейді. Ал *а, е, ы, қ, т, м, ж, н, с* сияқты дыбыстар буын талғамайды, сөздің барлық деңгейінде қолданыла береді. Демек *еж* не *ақы* сияқты дыбыстар тізбегінің қолданылуы қазақ тілінің дыбыс заңдылығынан тыс жатқан құбылыс емес, бірақ олар сөз емес. Ал *же, іш, ақ, ат, ас, арық* сияқты дыбыстардың тізбегінде де, жоғарыдағыдай, қазақ тілінің дыбыс заңдылығына сәйкес келушілік бар. Айырмашылығы сол — бірінші мысалымыздағы дыбыстар тізбегі сөз емес, екінші мысалымыздағылар болса сөз. Бірінші мысалымызда келтірілген дыбыстар тізбегі — жүйелі дыбысталу емес, тек дыбыстардың тіркесі. Екінші мысалымыздағы дыбыстар тізбегі мағынамен байланысып жатқандығы үшін жүйелі дыбысталу болып тұр. Тек соңғы жағдайда ғана жүйелі дыбысталу сөз бола алады. Осындай заңдылықтар басқа тілдерде де бар.

Кейде «Сөз — мағына мен дыбысталудың бірлігі» деген анықтама сәл басқашалау формада беріліп, «Әрбір сөз — белгілі бір құбылыстың аты», (Болғанбаев 79, 8) * «Міне осындай белгілі бір ұғымның атауы (белгілі таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстардың комплексін сөз дейміз», — (Белбаева 76, 12) * деген сияқты анықтамалар беріліп жүр. Сөздерде мағына барлығы анық, бірақ мағына мен дыбысталу сан жағынан да, сапа жағынан да тең түседі деу дұрыс емес. В. В. Виноградов Ф. Фортунатовтың «Жеке мағынаға ие болатын дыбыстардың барлығы да сөз» (Фортунатов 56, 132) * деген анықтамасына сын айта отырып, «Егер сөз тек екі жақты құбылыс дейтін болсақ, онда тілдегі әрбір жаңа түсінік, жаңа ұғым жеке сөзді талап еткен болар еді. Бірақ тілдегі жағдай бұдан сәл басқашалау» деген болатын (Виноградов 72, 16) *. Автор сөзге берілген анықтаманы сәл күрделендіріп, оған жүйеге байланысты мағына қосады. «Сөзді дыбыс пен түсініктің бірлігі деп санау үлкен жаңсақтық. Сөзге бұлай анықтама беру

оны өзі мүше болған құрылымынан ажыратады»,— деп көрсетеді (Виноградов 72, 16)¹. Сөзге мағына мен дыбыстың бірлігі, не мағына мен дыбыстың және грамматикалық категориялардың бірлігі деп берілген анықтамалардың қазіргі тілшілерімізді қанағаттандыра алмайтындығы анық.

Тіл-тілдердегі сөздердің табиғаты мен түрлі қасиеттерінің өзара сәйкес келе бермейтіндігі кей ғалымдарымыздың жалпы сөзге тиянақты анықтама беруге болмайды деген қорытындыға келуіне себепші болған. Мысалы, М. Н. Петерсон: «Сөздерге қанағаттанарлық анықтама жоқ, оны берудің өзі де екіталай. Сөз — логикалық анықтама беріп болмайтын түсінік, сондықтан оны тек сипаттап не белгілерін көрсетумен ғана шектелген дұрыс»,— деген болатын (Петерсон 25, 23)*. Осы пікірге жақын пікір Л. В. Щербада да бар. «Шындығында, сөз дегеніміз не? Меніңше, бұл түрлі тілдерде түрліше болады. Бұдан, жалпы, сөз деген түсінік жоқ деген ұғым туады» (Щерба 76, 46)*. Екі автордың екеуін де сөзге анықтама бере алмағаны үшін айыптаудың қажеті жоқ. Біріншіден, олардың екеуі де сөз проблемасымен арнайы айналыспаған ғалымдар. Екіншіден, сөздердің құрылымдық элементтері ол кезде толық зерттелмеген болатын. Үшіншіден, олар жеке тілдердегі сөздерге емес, түрлі тілдердегі сөздерге анықтама беруге болмайды деген. Демек, алдымен, жеке тілдердегі сөздердің табиғатын зерттеп, оларға анықтама беруді талап еткен. Сөздерге анықтама беру үшін олардың табиғатын жан-жақты біліп, олардың өзара байланысын ашу керек; қандай белгісі негізгі белгі, қайсысы қосалқы белгі екендігін ажырату керек болады. Жалпы тілдердегі сөздерге анықтама беру — жеке тілдердегі сөздердің табиғатын толық анықтағаннан кейін ғана орындалатын жұмыс. Осыған орай, М. Д. Степанова «Сөзге бір жақты анықтама беру, сөз түсінігін түрлі тілдерде универсалды етуге әрекет ету — сөзді қате талқылауға не жартылай ғана қамтуға, әсіресе анықтамалардың толық болмауына себепші болып жүр»,— деп қорытынды шығарған (Степанова 68, 26)*. Алайда жоғарыдағы пікірлерге сүйеніп, сөзге мүлде анықтама беруге болмайды деген тұжырымға келуге болмайды.

Сөзге толық, оның қасиетін жан-жақты қамтыған ғылыми анықтама берудің қиындығын жасыруға болмайды. Л. В. Щерба: «Мен сөз туралы көптен бері ойланып жүрсем де, бұл проблеманы шешуді өз алдыма мақсат ете алмаймын»,— дей отырып, көп ізденудің, ұзақ уақыт бойы бұл мәселемен айналысу керектігін ескерткен болатын (Щерба 76, 46)*. Қазіргі кезде сөз бір жақты ғана, бір пәннің жетістігі негізінде ғана емес жан-жақты, бірнеше пәннің жетістігіне сүйеніліп зерттелініп жатқандығы мәлім. Кейде түрлі пәннің (психологияның, философияның, логиканың, семиотиканың, т. б.) жетістіктері қорытындыланбай, сөздерге берілген бір жақты анықтамалар да, түрлі пәндердің жетістіктері сұрып-

¹ В. В. Виноградовтың берген анықтамасының негізінде Ф. де Соссюрдың жүйеге берген анықтамасы жатыр. Қараңыз: Соссюр 77, 146.

талынбай, механикалық түрде жинақталынған анықтамалар да кездесіп қалады. Анықтама беру дегеннің өзі — белгілі бір ұғымның барлық қасиеттерін санап беру деген сөз емес. Мысалы, совет тілшісі Н. М. Шанский сөздердің негізгі белгісін 12 пунктпен көрсеткен. Бірақ сөздердің ғылыми анықтамасын бермей, жұмысшы (рабочий) анықтамасын бердім деп ескерткен. «... сөз өзінің негізгі формасында бір ғана екпіні бар және мағынаға ие, лексико-грамматикалық тұтастығы бар, бөлінбейтін тілдік бірлік», — деп анықтама береді (Шанский 72, 32) *. Егер Н. М. Шанский санап көрсеткен сөздердің белгілерін анықтасақ мынадай болады: 1) фонетикалық жақтан тұтастылығы, 2) семантикалық валенттілікке иелігі, 3) арасына сөз салмайтындығы, 4) бір екпінге ие болатындығы, 5) бір лексико-грамматикалық категорияға қатыстылығы, 6) мағына мен дыбыс бірлігі, 7) қайта жасалынбайтындығы, 8) тұтастығы мен бірдей формаланатындығы, 9) көпшілік жағдайда сөз тіркестерінде қолданылатындығы, 10) ажыратылып тұратындығы, 11) номинативтілігі, 12) фразеологизмдік қасиеті барлығы (Шанский 72, 11) *. Сөздердің бұл сияқты көп қасиеттілігі кей тілшілердің бір тілдің өзінен бірнеше сөздердің түрлерін ажыратуына себепші болып жүр. Мысалы, 1960 жылы Ленинградта болып өткен сөздердің морфологиялық құрылымы туралы конференцияда баяндама жасаған О. П. Суник бір тілдегі сөзге анықтама беруге болады және сөздерге тілдің түрлі жағынан түрліше анықтама беруге болады деген. Мысалы, фонетист сөзге фонетикалық жақтан, лексиколог сөзге лексикологиялық жақтан, грамматист сөзге грамматикалық жақтан т. б. анықтама беріп фонетикалық сөз, лексикалық сөз, грамматикалық сөз, т. б. деп атауға мүмкіндік бар деген (Суник 63, 38) *. Сөзге бұл сияқты анықтама беруді бір кездерде В. В. Виноградов сыңаржақ зерттеуден туған қағида (Виноградов 72, 13) * деп бағаласа да, бұл пікірді дамытушылар да жоқ емес. Мысалы, С. Е. Яхонтев сөздерді түрлі қасиеттеріне қарап ажырата отырып, *графикалық сөз, сөздіктегі сөз, фонетикалық сөз, жазба сөз, флективті сөз, бүтін сөз* деп сөздерді бес топқа бөледі (Яхонтев 63, 166—170) *.

С. Е. Яхонтевтің бұл бес типті сөз теориясын тілшілер түрліше қабылдап жүр. Дегенмен де бұл типтес топтастырулар да сөзге қолайлы анықтама беруге жағдай жасай алмайды. Керісінше, кей авторлар сөзге анықтама берудің орнына сөздің шекарасын, сөйлем ішінде бір сөзді екінші бір сөзден ажырату принципін басты мәселе етеді. Салыстырыңыз: С. Е. Яхонтев графикалық сөзінде жазу кезіндегі сөздердің бөлек-бөлек жазылуын негіз етсе, сөздіктегі сөзге (словарное слово) «өзінің мағыналық ерекшелігіне қарай аударма сөздіктерде берілетін сөз» деп, фонетикалық сөзге «белгілі бір фонетикалық қасиеттеріне байланысты (бір екпінге бағынатындығы) топтастырылатын морфемалар тобы» деп анықтама берген. Мақаланың өн бойына көз тастап қарайтын болсақ, жоғарыда санап өтілген бес белгінің барлығы да бір сөздің бойынан табылуы шарт емес және бұл шартта бір тілде бір түрлі болса, екінші тілде басқаша қасиетке ие болуы мүмкін делінген. Мы-

салы, сөздіктегі сөз графикалық сөздермен сәйкес келе бермейді. «Летучая мышь» сөздікте бір сөз болып есептелінеді, себебі басқа тілдерге бір сөзбен аударылады, яғни оның ағылшынша баламасы — bat. Бірақ бұл сөз графикалық сөз ретінде бір сөз деп танылмайды, екі сөз болып саналады. Өйткені графикалық бір сөз болып саналу үшін олар бірігіп жазылуы керек еді. Сондай-ақ фонетикалық бір сөз болу үшін сөз бір екпінге ие болуы керек, бірақ кей тілдерде сөздер жеке екпінге ие болмауы да мүмкін. Мұны автордың өзі де айтып, көрсеткен.

Фонетикалық сөздер мен графикалық сөздер сөз формасына байланыстыра талқыланса, дұрыс нәтиже беруі мүмкін. Сөйлесу кезінде бір сөзді екінші бір сөзден ажырату оңай бола бермейтіні сияқты, жалаң сөзді күрделі сөздерден, күрделі сөзді сөз тіркестерінен ажырату да даусыз бола бермейді. Тіпті кейде аналитикалық форманың құрамындағы сөздерді (атаушы сөздер мен көмекші сөздерді) қалай атаудың өзі де түркологияда талас тудырып жүр. Бұл мәселелерді С. Е. Яхонтев көрсеткен сөздердің түрлері арқылы шешу мүлде мүмкін емес. Мысалы, графикалық сөз болу үшін сөздер бірге жазылады, бөлек жазылса, екі сөз болып саналады. *Байдалы* — бір сөз де, *тау ешкі* — екі сөз. Дұрыс сөздердің бірге не бөлек жазылуын орфографиялық принциптер белгілеп береді. Ал орфографиялық принциптер сөздердің, тіл элементтерінің бір белгісіне қарап белгіленеді. Бірақ бұл принцип те тілдік заңдылықтарды барлық кезде дөп баса бермейді. Мысалы, 1978 жылы жарық көрген қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде *жоңышқабас* (өсімдік атауы) бірге жазылса, *тау сағыз* (бұл да шөп атауы) бөлек-бөлек жазылған. Бір танданарлық жағдай сол — бұл сөздердің екеуі де шөп атауы, екеуі де зат есімдердің тіркесуі негізінде жасалған. Орфографиялық сөздіктің авторлары (1978 жылы жарық көрген) күрделі сөздің бірге не бөлек жазылуын мағынасына да, екпініне де, тіпті сөздердің морфологиялық түрлену ерекшелігіне де (күрделі сөздердің элементтері арасына басқа сөз салу, салмауына, әр компоненттердің жеке-жеке қосымша қабылдамайтындығына, тек соңғы сыңарының қосымша қабылдамайтындығына т. б.) қарамастан, тіркескен сөздердің арақатынасына негіздеп шешкен. «Егер бір ғана заттың атын білдіретін тіркестің соңғы сөзі өз ара бір-біріне ұқсас, тектес заттардың аты болып келіп, алдыңғы сөзі сол заттардың ішінен оның нақтылы бір түрін ажыратып көрсету үшін қолданылатын болса, онда ондай лексикалық тіркестің әр сыңары бөлек-бөлек жазылады... Мысалы, *алғы сөз, соңғы сөз, өлең сөз, жарыс сөз; көз ақы, еңбек ақы, қол ақы; қазан қап, аяқ қап...*» (КТОС, 10) *. Нақ осы беттің өзінде *тасбақа, шөлбақа, көлбақа, құрбақа; бесжылдық, жетіжылдық* сияқты бұрыннан қолданылып қалыптасқан сөздер өзгерусіз беріледі деп ескерту жасалған да бірге жазылған. Сонда сөздердің қалыптасу дәрежесін қалай анықтауға болады? Бірақ сөздікте бұл шарт барлық кезде сақтала бермеген сияқты. Салыстырыңыз: сөздікте *аққұтан, өзара* сөздері қосылып жазылған, *қара қарға, екеу ара* бөлек-бөлек жазылған. Біздіңше, дыбысталу

жағынан да, тіркескен сөздердің тіркесу тәсілі жағынан да *ақсақал* мен *қара сақал* дегендерде айырмашылық жоқ. Бірақ сөздікте біреуі бірге, екіншісі бөлек жазылған. Бұны дәлелдеп жатқан қадиданың өзі де жоқ. Сондықтан графикалық, фонетикалық сөз деген түсінік шартты түсінік болуы керек.

«Сөз — күрделі құбылыс» дегенде біз тек тұлғасын есепке алып қана қоймай, сөздердің басқа жақтарын да есепке алуымыз керек. Қазіргі күнде сөздерді мағына мен дыбыстың (дыбыстар тізбегінің) бірлігі деп тану кең таралған, көпшілік ғалымдар қолдайтын пікір десек те жаңылыспаймыз. Бірақ тілшілер арасында бұл екі категорияны әр түрлі түсінушілер бар екендігін жасыруға болмайды. Осындай пікір айтқан ғалымдарды, пікірлерінің ыңғайына қарай, бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа сөз — екі жақты категория деушілерді, екінші топқа сөз — үш жақты категория деушілерді, үшінші топқа сөз — таңба деушілерді енгізуге болады. Сөз екі жақты не үш жақты деушілер арасында тек сөз элементтерінің саны үшін ғана пікір таласы бар деу жаңсақтық болар еді. Көпшілік ғалымдар бұл мәселеге философиялық астар беріп, методологиялық негізде бағалап жүр. Дегенмен де бұл мәселені философиялық астар бермей-ақ қолданып жүрген авторларымыз да жоқ емес.

Қай нәрсеге болмасын анықтама беру деген сөз оның барлық қасиеттерін санап көрсету не қамту деген сөз емес. Сондықтан заттарға не құбылыстарға анықтама бергенде олардың басты белгілерін қамтудың өзі де жеткілікті болады. Мысалы, адам екі аяқты, екі қолды, тік жүретін деп анықтама берсек күлкілі болар еді. Д. П. Горский анықтаманың екі түрі бар екендігін (а) бізді қызықтырған затты басқа заттардан ажырату; ә) жаңа терминдердің не бұрыннан бар терминдердің мағынасын анықтау) айта отырып, анықтама берілетін зат не терминнің күрделілігіне қарай отырып, анықтама берудің он төрт түрі барлығын көрсеткен болатын (Горский 74) *. Анықтама анықтама болғандығы үшін де анықталатын заттың не ұғымның негізгі белгілерін өз ішіне енгізуі шарт. В. И. Ленин Авенариус пен Богдановтың материяға берген анықтамасын сынап отырып: «Анықтама беру деген не? Бұл — ең алдымен, алға қойылып отырылған ұғымды басқа, кеңірек ұғымға келтіру деген сөз. Мысалы, есек — айуан деп анықтама бергенде, мен «есек» деген ұғымды кеңірек ұғымға келтірсемін», — деген болатын (Ленин 18, 158) *. Сөзге анықтама бергенде де сөз түсінігін өзінен кеңірек түсінік құрамына енгізу керек. Яғни «Сөз дегеніміз тілдің бір элементі». Бірақ қандай элементі?

Сөздің тілдің қандай элементі екендігін көрсету үшін сөздің тіл құрылымындағы оның басқа элементтерімен қандай қатынаста болатындығын анықтау керек. Ол үшін сөздің ішкі құрылымын, қызметін ашып алу қажет-ақ. Бұлай деуімізге себеп: біріншіден, сөз бір не екі элементтерден ғана құралмайды. Егер күрделі сөз туралы пікір айтатын болсақ, онда ойлау, ұғым, объективті дүниедегі заттар сияқты түсініктермен бірге ішкі форманы есепке алу керек болады. Екіншіден, дыбыс пен мағына жалаң өмір сүрмейді,

олар өзара бір-бірімен белгілі қатынаста болады. Ф. де Соссюр мағына мен дыбыстың арақатынасын ақ қағаздың екі бетіне теңейді. Дегенмен дыбыстар сөз құрамына енгенде қандай қызмет атқарады? Мағына қандай қызмет атқарады? Бұл сұраулардың да жауабы күні бүгінге дейін бір ізді емес. Үшіншіден, сөз бір дыбыстан да, дыбыстар тізбегінен де, көбіне дыбыстар тізбегінен жасалады. Әр сөздің құрамындағы дыбыстардың өзара іштей байланыстары қандай заңдылықтарға, неге сүйенеді? Бұл сұраулар қарапайым көрінгенмен ойланып жауап беруді талап етеді. Төртіншіден, мағына түсінігі де жалаң түсінік емес, олардың да бірнеше кіші (семаларға) элементтерге бөлінетіндігі анық.

Сөздің құрамды элементтері қаншалықты көп болмасын, олардың барлығын анықтауға, олардың негізгі қызметі мен табиғатын, шығу жолын, даму процесін ғылыми негізде талдауға мүмкіндік бар. Бірақ бұл да анықтама болып саналмайды. Анықтама беру үшін сол элементтердің ең негізгісін, бастыларын анықтау керек. Бұны жаңалық деп те айтуға болмайды, себебі сөзге берілген анықтамаларда келтірілген белгілерді авторлар негізгі белгі деп сұрыптап алғандығы мәлім. Бірақ айтылып жүрген көптеген анықтамалардың өте оңай сынға жауап бере алмай жатқандығы да шындық. Салыстырыңыз: «Сөз — мағына мен дыбыстардың бірлігі» деген анықтаманың өте-мөте дұрыс еместігін, қосымшаларда да мағынаның болатындығын проф. Б. Н. Головин дәлелдеген. Ал, «Сөз — белгілі бір ұғымды білдіретін дыбыстар тізбегі» деген анықтаманы, кей сөздер ұғымды білдірмейтіндіктен (мысалы, орыс тіліндегі *да, нет, конечно, эх, ой*), не кей ұғым сөздер тізбегі арқылы берілетіндіктен дұрыс емес дейді. Ал, өзі «пікір білдіру үшін еркін қолданылатын тілдің ең кіші мағыналық бөлшегін сөз дейміз» деп анықтама береді (Головин 73) *. Анықтамада, сөздің негізгі белгісі ретінде: 1) тілдің ең кіші мағыналық бөлшегі; 2) сөз сөйлеуде, пікір білдіруде қолданылатындығы; 3) еркін қолданылатындығы көрсетілген. Бірақ сөзге саналмайтын қосымшалар да сөйлеу процесінде қолданылады. Автордың көрсетуінше орыс тіліндегі *да, нет, конечно, эх, ой, или, но* дегендер ешқандай ұғымды білдірмейді, *ой, ох, увы, ух, эээ, или* дегендер ешнәрсеге атау бола алмайды, демек мағыналары жоқ (Головин 73, 69) *. Бірақ автор оларды сөз деп санайды. Сонда анықтамада берілген қағидалар неге негізделген? Б. Н. Головин өзі берген анықтаманы талдай отырып, онда 4 түрлі негізгі белгіні есепке алғандығын ескертеді. 1. Сөздің дыбыс пен буыннан айырмашылығы — тілдің мағыналық бөлшегі екендігі. 2. Сөйлеу кезінде еркін қолданылады, яғни сөзсіз тіркесуді талап ететін басқа элементі болмайды. Бұл қасиетімен ол морфемалардан ерекшеленіп тұрады. 3. Сөйлесу кезінде өз дербестігін сақтайды. Бұл қасиеті жағынан ол сөз тіркестерінен ажыратылады. 4. Сөйлеу процесіне де қатынасады, яғни пікір алысу кезінде қолданылады. Анықтамада дұрыс талдау жасалған. Бірақ анықтама сөздердің негізгі белгісіне сүйенбестен, олардың синтаксистік қызметіне, функциясына сүйенген. Біздіңше, жоғарыда айтылған шарттардың барлығы да сөз бойынан

табыла бермейді. Мысалы, сөздердің аналитикалық формасының құрамындағы көмекші сөздердің еркін қолданылмайтындығын жасыруға болмайды. *Күн шығып келеді* дегендегі *шығып келеді* бір мағынаның аумағында қолданылып тұр. Екінші сөзбен айтсақ, көмекші сөздер (бәрібір олар да сөз) аналитикалық форманың құрамында қолданылып, өзінің дербестігін жоғалтып тұр. Бұл Б. Н. Головин айтқан үшінші шартқа сәйкес келмейді. Түркі тілдеріндегі сөздердің өз ерекшелігі де жоқ емес. Мысалы, қазақ тіліндегі сөз (түркі тілдерінің барлығында да) түбір морфемамен тең түсіп те жатады, яғни екінші шарт түркі тілдері үшін қажетті болып саналмайды.

Қазіргі тіл білімін зерттеушілердің көпшілігі сөзді екі жақты не үш жақты құбылыс деп есептейді. Екі жақты (билатериалды) құбылыс деушілер сөздердің құрамына тек мағына мен дыбысталуды ғана енгізсе, сөзді үш жақты құбылыс деушілер сөздердің құрылымдық элементтері ретінде мағына мен дыбысталудан басқа объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнесін (жалпыланған бейнесін) де енгізеді. Егер барлап қарайтын болсақ, сөздерді екі жақты құбылыс деушілердің барлығы да теріс пікірдегі ғалымдар емес. Мысалы, кей ғалымдар мағына мен объектив дүниедегі заттардың адам санасындағы бейнесі ұғым арқылы байланысып жатады дей отырып, лексикалық мағынаның көлемін кең түсінеді де сөзді екі жақты құбылыс деп ұғады. Сол үшін де кей оқулықтардың авторлары «сөз — мағына мен дыбыстың бірлігі» дегенде осы жағдайды есепке алған болуы керек, себебі, анықтамадан кейін берілетін түсініктемелерде мағына туралы да, ұғым туралы да, дыбысталу туралы да сөз болып жатады. Бірақ кей авторлардың, әсіресе тілдің барлық элементтерін таңба деп санаушылардың кейбіреулері сөзді билатериалды құбылыс дегенде объектив дүниемен сөзді байланысын не мағынаның дыбысталумен байланысын жоққа шығарады. Тіпті олар сөздің мағынасын тек контексте ғана не сөздер мен сөздердің байланысынан ғана туады деп сөздердің құрамындағы орнымен байланыстырады. Әрине соңғы ағымның өкілдерінің өзіндік методологиялық негізі барлығы анық. Олар өз мақсаттарына негізделе отырып, тіл материалдарына талдау жасайды; сөз мағынасын қандай жолмен болса да жоққа шығаруға әрекет етеді. Сөздегі лексикалық мағынаны қабылдаушылар (тіпті сөз мағынасы тілдік категория емес деушілер) қандай сәтсіздікке ұшыраса, объективтік дүниенің (ондағы заттар мен құбылыстардың) сөз құрамындағы мағына элементтерімен байланысы барлығын мойындамаушылар да (Ф. де Соссюр және оның кей шәкірттері сияқты) сондай сәтсіздікке ұшырайтындығы анық.

Тілдің негізгі қызметі адамдардың қатынас құралы болу екендігі анық. Сондықтан тілдің белгілі бір адамзат қоғамы таныған сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы да болуы керек. Бұлардың барлығы дыбыстар арқылы өмір сүреді. Осы қасиеті үшін де дүниедегі тілдердің барлығы да дыбыстық тілдер деп саналады. Бірақ дыбыстардың жалаң өздері адамзаттың қатынас

құралы қызметін атқара алмайды. Осы негізде «жүйелі дыбысталулардың» барлығы да тіл элементі бола бермейтіндігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал қатынас құралы болу үшін адамдар тіл арқылы пікір алмасуы, белгілі бір информацияны екінші біреуге жеткізуі шарт. Бұл жағынан тіл адамдарға байланысты болғанымен, екінші жағынан объектив дүниедегі заттармен және құбылыстармен де байланысып жатады. Демек сөзді үш жақты түрде дыбысталу, мағына және объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнесі деп тану ғалымдардың ойлап тапқаны емес, керісінше, сөздердің өмір сүруіне негіз болған үш элементті мойындау ғана.

Сөздердің дыбысталуы

Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы, негізінен, дыбыстық тіл арқылы болатындықтан дыбысталу тілдің, оның ішінде, сөздің ең негізгі элементінің бірі екендігі даусыз. Тіпті жас балалардың мағынамен байланыспаған былдырап түрлі дыбыс шығаруын баланың тілі шықты, сөйлей бастады деуіміздің өзі де осы дыбысталудың тілдің негізгі элементтерінің бірі екендігін білдіретін бір белгі. Әрине жас баланың былдырлап сөйлеуінде мағына жоқ екендігін барлық адам біледі, сонымен бірге түрлі дыбыстардың басын құрап былдырай бастауы тілінің шыға бастауы екендігі де анық. Осылайша дыбысталуына (басқа қасиеттері болса да) қарай дүние жүзінде үш мыңға жуық (француз ғалымдарының пікірінше дүние жүзінде 2796 тіл, ГДР ғалымдарының пікірінше 5661 тіл бар) тіл бар деген пікір бар. Бірақ тілші ғалымдардың барлығы да тіл бірден бір дыбыстық тіл болады деген қағидаға қосыла бермейді. Сондай-ақ олар дыбыстық тілмен бірге ым тілдерін де, жазба тілдерді де есепке алу керектігін ұсынады. Қазіргі адамзат өмірінде ым тілдері, барабан тілдері, жазба тілдерінің атқаратын қызметін, олардың да қатынас құралы ретінде қолданылатындығын жасыруға болмайды. Ым тілдері мылқаулардың қатынас құралы екендігін, сонымен бірге олардың да дыбыстық тілдер сияқты түрлері барлығын (мысалы, америка мылқауларының тілі, еуропа мылқауларының тілі) да айту керек. Кейде түрлі діни, мифтік түсініктермен байланысты дыбыстық тілді пайдалана алатын адамдардың да ұзақ уақыттар бойына дыбыстық тілді пайдаланбай ым тілдерін пайдаланатындығы не ым-ишарамен ғана сөйлейтіндігі ғылымда белгілі. Қалай болған күнде де дыбыстық тілдің оралымы кен, адамзаттың талабына толық жауап беретін бірден-бір негізгі тіл деп саналады да, басқа тілдер (тіпті жазба тілдер де) осы дыбыстық тілдің олқылығын толтыратын, соған көмекші болатын тіл деп есептелінеді. Себебі ым тілінің де, барабан тілінің де сөздік құрамы өте аз, олардың тіркесу қабілеті де бай емес. Екіншіден олар белгілі бір жағдайды талап етеді. Мысалы, ым тілдері жақын аралықтағы адамдар арасында көзбен көргенде ғана қатынас құралы бола алады. Әрине бұлардың арасында жазба тілдің жағдайы сәл басқашалау.

Бірақ ол да дыбыстық тілдің көшірмесі — таңбалар арқылы қағазға не басқа бір затқа түсірілген дыбыстық тіл. Қанша жетілген жазба тіл болмасын, дыбыстық тілдің функциясын толық атқарады деуге негіз жоқ. Себебі сөйлесу кезінде адамдар тек дыбыстарды ғана пайдаланып қоймастан, түрлі қосымша амал-әрекеттерді де пайдаланады. Мысалы, дыбыс тонының жоғарылауы, төмендеуі, сөздердің арасында пауза жасалып, кідіріспен айтылуы, сөздердің созылып айтылуы, т. б. Тіпті сөйлесу кезінде адамдардың түрлі мимикалары да мағынаға не болатындығы бар (Русская 74) *.

Тіл әуелі пайда болған кездің өзінде-ақ дыбыстық тіл болған деген қағида бар. Бұл қағиданың дұрыс, бұрыстығына нақты дәлелдер келтіру қиын-ақ. Дегенмен, қазіргі ғылыми дүниеде бір топ ғалымдар алғаш ым тілдері пайда болған десе, екінші бір топ ғалымдар алғаш дыбыстық тіл пайда болған деген қағиданы қолдайды. Н. Я. Марр бір кездерде ым, қол әрекеттерінің тілі тілдің пайда болуында бастапқы басқыш болған деген жорамал айтқан болатын (Марр 36) *. Н. Я. Марр пікіріне кезінде түрлі көзқарастар білдіріліп, соған дәлелдеуге әрекет еткенінде қанағаттанарлық нәтижеге жете алмаған еді. Бірақ соңғы кездерде шет ел тілшілері арасында тіл ым тілі негізінде пайда болған деген қағиданы қолдаушылар көріне бастады (Андреев 82) *. Тілдің шығуы туралы айтып жүрген совет ғалымдарының пікірлері де даусыз деуге болмайды. Мәселенің таза методологиялық жағынан басқа, екінші қиын жағы да бар. Алғашқы тілді ешкім де естіген емес, олардан жазба материалдар қалған емес. Көне жазба ескерткіштері деп саналатын шумер жазуы, қытайдағы жауырынмен бал ашу жазуларының барлығы да адамзаттың белгілі тілдік мәдениетке қолы жеткен дәуірінде қалдырған ескерткіштері екендігіне дау жоқ. Археологиялық және антропологиялық зерттеулер де бұл мәселені дәл ашып айтарлықтай материалдар бере алмайды. Антропологиялық, этнографиялық, фольклорлық зерттеулердің кей жетістіктері бұл мәселеге байланысты жорамал айтуға ғана мүмкіндік береді.

Тілдің дыбыстық жағының дамуы мен қалыптасуын жақсы түсіну үшін екі нәрсенің басын ашып алу керек. Біріншіден, дыбыстық тілдің дүниеге келуі үшін дыбыстарды жасайтын аппараттардың (дыбыстау мүшелерінің) жетілуі, маймылдан мұра болып қалған жәк, тіл, ерін сияқты мүшелердің ықшамдалуы, дыбыстарды жасауға мүмкіндіктері болуы қажет еді. Екіншіден, дыбыстардың өзара тіркесу қабілеті және олардың нормалану принциптерін анықтау керек болады. Себебі, дүние жүзіндегі адамдардың физиологиялық, анатомиялық құрылысы сәйкес келгенімен, барлығы бірдей, бір дыбыстық тілді пайдаланбай, бірнеше тілді пайдаланады. Славян, қытай, түркі, т. б. халықтардың тілдеріндегі сөздердің дыбыстық құрылымының қалыптасуы тарихқа дейінгі дәуірлерде жүзеге асқандығы анық. Ал қазір олардың арасындағы алшақтық анық байланысады. Салыстырыңыз: орысша *друг*, қытайша *yoyren*, монғолша *найз*, қазақша *дос* т. б. Тіпті туыстық

қатынаста болған, біздің заманымыздың бас шенінде ғана ажырасқан якут, тува, чуваш сияқты тілдердегі көптеген сөздердің айтылуының өзгергендігі, қазіргі қазақ тілінде сөйлеушілер оларды түсінбейтіндігі дыбыстардың өзгеріп отыратындығына дәлел. Салыстырыңыз:

Қазақ:	сұйық	он	үй	шық	шөп	жүр
Якут:	убаҕас	уон	дьиэ	сиик	от	хаап, сырыт
Чуваш:	шевве	вун	кид	сылвам	курақ	ут, суре
Тува:	суук	он	бажың	шалың	от, сиген	қалаштар, чоруур

Дыбысталу мүшелерінің дамуы өте баяу және ұзақ дәуірді қамтитын процесс екендігі белгілі. Ф. Энгельс адамның дене мүшелері жеке-дара дамымастан басқа мүшелерімен бірге байланыста дамытындығын айта отырып: «Мың жылдық күрестен кейін қол, ақырында аяқтан жіктелініп, тік жүретін болған кезде адам маймылдан бөлініп шықты, сөйтіп анық сөйлеудің дамуы үшін және мидың қарыштап дамуы үшін негіз жасалынды, ал мұның нәтижесінде содан бергі жерде адам мен маймыл арасында өткелсіз тұңғыш пайда болды», — деп қорытынды жасайды (Маркс К. Энгельс Ф. 56, 67).^{*} Шындығында да адамдардың дене мүшелері жеке-дара дамымастан бірі екіншісінің дамуына түрткі болып, пропорциясын сақтап отырған. Әрине дыбыстық тіл пайда болу үшін маймылдардың жағы мен тілі, көмей қуысы ықшамдалуы, нәзік айырмашылығы бар дыбыстар жасауға бейімделуі керек болды. Мысалы, алғашқы адамдардың ауыз қуысының маймылдардың ауыз қуысына қарағанда тарылуы, астыңғы жақтың (иектің) ықшамдалып, тез қимылдайтын дәрежеге жетуі, көкірек қуысының кеңеюі осы талаптан туса керек. Физиологтардың жорамалдауынша, дыбыстық тіл адам миының дамуына да себепші болған. Демек алғашқы тілдің дамуын анықтау үшін алғашқы маймыл-адамдардың физиологиялық құрылымын, олардың бір-бірінен айырмашылығын, адамның ми қабығының көлемі мен маймылдардың ми қабығының аумағын, адамның бет құрылысы мен маймылдардың бет құрылысын, т. б. салыстыра зерттеу керек болар еді. Өте дөрекі дыбыстар шығаратын маймылдың дыбыстау мүшелерінен, әрине, бұлбұлдай ән сала алатын адамдардың дыбыстау мүшелеріне дейін дамып жету үшін көптеген замандардың өткені белгілі.

Сөздің дыбысталуының негізгі қасиетін анықтаудағы екінші мәселе — сөз құрамындағы дыбыстардың орналасу тәртібінің о бастағы негізі неде деген сұрауға жауап беру. Екінші сөзбен айтқанымызда, кез келген сөздің құрамындағы дыбыстардың бірінен кейін бірінің айтылуы (уақыт жағынан) қандай заңдылықтармен анықталады? Бұл сұрауға бірізді жауап күні бүгінге дейін берілген жоқ, біз де үзілді-кесілді дау туғызбайтын жауап айта аламыз деген пікірден аулақпыз. Біздіңше, мәселені дыбыстың жасалынуы (артикуляциялық жағы) мен естілу (акустикалық) жағынан бастау керек.

Қазіргі пайдаланып жүрген жазба тілімізде қолданылатын әріптер белгілі бір дыбыстардың таңбасы ретінде қабылданады да, *қол, бол, сол* деген сөздерде үш дыбыс бар (үш әріп арқылы берілген), *тарт, төрт, жалт* деген сөздерде төрт дыбыс, *ал, ол, ел* деген сөздерде екі дыбыс бар деп айтамыз. Әр дыбыстың жасалынуында дыбыстау мүшелерінің қызметі, әр дыбыстың өздеріне сай артикуляциялық базасы болады. Тым болмағанда біз солай түсінеміз. Мысалы, *ал* дегенде *а* дыбысы жеке жасалынады (тіл арқаға тартылып, ұшы жоғары көтеріледі, ауыз кең ашылады да, иек төмен түседі; ерін артқа тартылып, күш езуге түседі) да, *л* дыбысы жеке жасалынады (ауыз орта қалыпта қалып, тіл үстіңгі күрек тіске нық жабылады да фонациялық ауа тілдің екі бүйірінен шығады). Бірақ ғалымдардың барлығы да сөз айтылған кезде әрбір дыбыстардың артикуляциялық базасы толық жасалынады деген пікірге келісе бермейді. Оған дыбыстау мүшелерінің мүмкіндігі де бола бермейді. Сондықтан да Л. В. Бондарко мен Л. Р. Зиндер сөйлеу процесінің дыбысталу жағы туралы айта отырып: «Үздіксіз сөйлеу фонемалармен сәйкес келіп, оның бөлшекке не артикуляциялық, не акустикалық жағынан бөлінбейтіндігі анық»,— деген болатын (Бондарко 77, 145) *. Авторлар бұл пікірін басқа еңбектерінде де дәйекті түрде дәлелдеуге әрекет еткен. Бондарконың пікірінше, сөйлеу кезінде сөз құрамындағы дыбыстар жеке-жеке айтылмастан олар, кемінде, буын жігінде, сөздер аралығында, сөз тіркестерінде ғана бөлінеді (Бондарко 77, 78). Нақ осындай пікір 1952 жылы жарық көрген орыс тілінің академиялық грамматикасында да бар. «Соңғы буындар жеке тіл (сөйлеу — О. М.) дыбыстарына, немесе фонемаларға бөлінеді (Phone — дыбыс, дауыс деген грек сөзінен)... Сөйлеу кезінде көрші бір дыбысты екінші дыбыстан ешнәрсе бөліп жатпайды; әрбір дыбыс ешқандай ескерусіз-ақ екіншісіне өтіп жатады. Сондықтан да жеке әріптерге бөлініп жазылатын текст сөйлеу процесінің шын қасиетін көрсетіп бере алмайды» (ГРЯ-1, 12) *. Басқа бір топ ғалымдар сөйлесу кезінде де сөздердің дыбыстарға бөлініп жататындығын көрсетеді. Мыс: «Кез келген сөйлеу бірінен кейін бірі келетін бірнеше дыбыстардан тұрады. Кез келген сөйлеу дыбыстары өзінің алдындағы және соңындағы дыбыстарға бөлінеді»,— деп жазған еді П. С. Кузнецов (Кузнецов 59) *.

Айтылған екі пікірдің екеуінің де артында өздері сүйенген эксперименттері бар. Салыстырыңыз: белгілі бір тілде сөйлеуші адамдар сол тілдегі кез келген бір сөзді айтса, сол сөздің қанша дыбыстан құралғандығын қатесіз айта алады. Сондықтан да қазақ тілінде сөйлеуші адам *бала* сөзінде төрт, *ата* сөзінде үш, *ал* сөзінде екі дыбыс барлығын ажыратып, қандай дыбыстар екендігін атап та бере алады. Демек П. С. Кузнецов сөйлеу процесіндегі сөздер бірінен кейін бірі келетін дыбыстардан тұрады дегенде осы естілуді басты негіз етіп алған. Ал Л. В. Бондарко мен Л. Р. Зиндер өз пікірлерін спектограммаға негіздеп айтқан. Олар орыс тіліндегі бірнеше сөздердің спектограммасын алған кезде әр дыбыс жеке-жеке айтылмай бірімен-бірі байланысып, тұтасып

кеткендігін негіз етіп алған (Бондарко 77) *. Дегенмен әр дыбыстың пайда болуында артикуляциялық база жасалынып, дыбыстау мүшелері әрекетке түсуі керек. Мысалы, е дыбысын айтқанда дыбыстау мүшелері толық бір қимыл жасайды. (Өкпе аясын тарылтады да фонациялық ауаны қолқа арқылы кеңірдекке жібереді. Фонациялық ауа кеңірдек арқылы жүріп, тамақ қуысына келеді. Ондағы дыбыс түтігіне соқтығысады — үн пайда болады. Ауыз қуысына келген ауаны кішкене тіл жоғары көтереді де, ауыз қуысына еркін жібереді. Тіл болса алға қарай жылжиды (ортасы сәл көтеріледі) да, ауыз орта қалыпта ашылғандықтан, басқа дыбыстау мүшелеріне соқтығыспай сыртқа шығады. Яғни иек төмен түседі, езу тартылып, ерін арқаға кетеді. Сөйлеу кезінде бұл артикуляциялық базалар толық жасалына бермеуі де мүмкін. Екіншіден, барлық артикуляциялық база толық жасалынатын болса, онда көп уақытты талап еткен болар еді, дыбыстарды айтқан кезде дыбыстар бөлініп қалған болар еді. Сол үшін де сөйлеу процесі кезінде артикуляциялық базалардың кейбіреулері толық жасалынбай, жартылай жасалынып, екінші бір дыбыстың артикуляциясына қосылып та кетуі мүмкін. Дыбыстардың артикуляциясының қаншалықты толық жасалуы, толық естілуі буын құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орналасу орнына да, екпіннің түсуіне де байланысты сияқты. Мысалы, дауысты дыбыстардан басталатын буын (тұйық буын) құрамындағы дауысты дыбыстың артикуляциясы толық жасалынады. Салыстырыңыз: *ал, ел, ол, т. б.* Керісінше, егер буын дауыссыздан басталынып, дауыссызға бітсе, бірінші дауыссыз бен дауысты дыбыстың артикуляциясы толық жасалынбауы мүмкін. Мысалы, *мал* деген сөзді алып қарайық. *М* дыбысын жеке айтқан кезде екі ерін бір-біріне нық тиіп бірден ажырасуы арқылы жасалынады да фонациялық ауа мұрын жолы арқылы шығады. Біз келтірген мысалда екі ерін бір-біріне нық тиіп, ауа мұрын жолы арқылы толық шықпайды. Оның үстіне *м* дыбысын айтқанда тіл нейтраль жатқан болуы керек еді. Ал мысалымызда болса, тіл *а* дыбысын айтуға бейімделіп, сәл көтерілген қалыпта тұрады. *Мал* дегендегі *м* дыбысының артикуляциясына байланысты фонациялық ауа еріннің жабысқан жерінде кедергіге ұшырап, толық тосқауылға ұшырауы керек еді. Бірақ *а* дыбысының артикуляциясы тіл артында болғандықтан да ауыз тез ашылып, фонациялық ауа толық кедергіге ұшырамайды. Нақ осындай қасиет тіл ұшы, тіл алды және ерін дыбыстары мен тіл арты (жуан) дауысты дыбыстары тіркесіп келген басқа жағдайларда да кездеседі.

Дауыссыз және дауысты дыбыстардың тіркесінде артикуляциялық базаның толық жасалмайтындығы *р* дыбысымен байланысты анық байқалады. І. Кеңесбаев қазақ тіліндегі *р* дыбысы туралы айта келіп, «Сөз ортасында *р* бір рет дірілдейді де, сөз аяғына көбінесе екі рет дірілдейді», — деп көрсетеді (Кеңесбаев, 75, 242) *. *Р* дыбысының толық артикуляциясы жеке айтылғандағы қалпы болып саналады да, екі діріл нәтижесінде жасалады. Ал *ара* сөзінде болса *р* дыбысы бір діріл нәтижесінде жасалады,

жарты артикуляциясы *a* дыбысының айтылуымен байланысты қысқарады.

Сөздерді артикуляциялық, акустикалық жақтан бөлініп тұратындығын көрсететін екінші бір нәрсе — екпін. Екпін сөз құрамындағы бір буынның басқа буындардан күшті айтылуын ғана қамтамасыз етіп қоймастан, сөз құрамындағы буындардың басын құрастырып тұратын да элемент. Жалпы екпін дауысты дыбыстарға байланысты болады да, екпін түскен дауысты дыбыс басқа дауысты дыбыстардан созылыққы айтылады, артикуляциясы толық жасалынады. Ал екпін түспеген буын құрамындағы дыбыстар бірі екіншісімен ұштасады да, артикуляциялық, акустикалық жағынан тұтасып жатады. Бұл жерде әр тілдің өзіндік ерекшелігін есепке алмасқа лажымыз жоқ. Мысалы, түркі тілдерінің ішінде созылыққы дауысты дыбыстары бар тілдер кездеседі. Олардың артикуляциялық базасы қысқа дауысты дыбыстарды айтқан кездегі артикуляциялық базадан өзгешелеу болады. Салыстырыңыз: қырғыз тіліндегі *маал* (время) *ээр* (седло), *маа* (мне) сөздерін айтқанда созылыққы дауысты дыбыстар дыбыстау мүшелерінің екі рет қозғалуы арқылы жасалынбайды, әр әрекеттің уақыт жағынан созылыққы болуы нәтижесінде жасалынады. Яғни *маал* дегенде тіл арты жұмсақ таңдайға екі рет жақындамайды, *ээр* дегенде де тіл ұшы астыңғы күрек тіске екі рет тірелмейді.

Сөздер айтылғанда үш дыбысты тұйық буынды, төрт дыбысты бітеу буынды болып келіп, дауыссыз дыбыстардың өзара артикуляциялық, акустикалық жағынан байланысып жатуы мүмкін. Мысалы, *арт* (*Атқа жүгіңді арт*), *арс* (*Ит арс ете түсті*), *тарт*, *селт*, *тарс*, т. б. Төрт дыбысты бітеу буынды сөздердің дыбыстық құрамы дауыссыз, дауысты, дауыссыз, үнді, дауыссыз (үнсіздер) болып келеді. Үш дыбысты тұйық буынның да соңғы дыбыстары, көбінше, үнді және үнсіздердің тіркесі арқылы жасалынады. Буын құрамындағы дауыссыз дыбыстардың мұндай орналасуы дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасау мүмкіншілігіне қарай қалыптасқан. Яғни дауысты дыбыстарды айтқан кезде үн бірден өшіп кете салмайды, сондықтан дауыссыздарды айтқанда пайда болатын салдырды біраз жұмсартып отырады. Ал үнді дауыссыздары болса үн салдырдан басым болады да дауысты дыбыспен сыбайласып жатады.

Жоғарыда айтылған қағидалар тіл заңдылығымен дәлелденгенімен, спектрограммада анық көрсетілгенімен сөздер айтылған кезде фонемаға бөлінетіндігін мойындамауға болмайды. Әрине сөйлеу процесі кезінде сөздердің фонемаға бөлінуін тек акустикалық, артикуляциялық қасиеттерімен ғана байланыстыруға болмайтын да сияқты, оны кей ғалымдар мағынамен байланыстырып, лингвистикалық (акустикалық, артикуляциялық емес) деп те жүр (Матусевич 76, 38) *. Шындығында да көпшілік оқулықтарда фонемаға анықтама бергенде осы мағынамен байланыстырады. Мысалы, І. Кеңесбаев «... сөз мағынасы мен тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық единицаны (көрнекі дыбысты) фонема деп айтамыз деп анықтама берсе (Кеңесбаев 75,

221), Қ. Аханов «Фонема — сөздер мен олардың дыбыстық формасын ажырататын, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица»,— деп оның даралаушылық (форманы) қасиетін баса көрсеткен (Аханов 78, 234) *.

Шындығында да фонема мағына ажыратады ма? Фонеманың мағынамен байланысы бар ма? Әрине жеке фонемалардың мағыналармен байланысы жоқ, сондықтан да бір дыбыстан жасалған, мағынамен байланысы бар элементті әрі дыбыс, әрі морфема деп атаймыз. Бір дыбыстан жасалған қосымшалардың, сөздердің бар екендігін жоққа шығарып болмайды. Мысалы, *Ағашты и* дегендегі *и* дыбыс, әрі түбір морфема (сөз). *Көре алмады* деген мысалымыздағы *е* (*көр-е*) де мағынамен байланысты, сондықтан оны қосымшасы деп атаймыз. Сөз құрамындағы фонемалардың мағынамен байланысы болады ма деген сұраудың туатыны даусыз. Себебі көпшілік оқулықтардың авторлары фонемалар сөз құрамында келіп мағынамен байланысады деп айтып та, жазып та жүр. Сонда қазақ тіліндегі *қал* мен *қол* сөздерінде мағына беріп тұрған, тым болмаса мағынаны ажыратып тұрған, *а* мен *о* дыбыстары болғаны ма? Жай көзбен қараған адам үшін бұл дау туғызбайтын нәрседей көрінеді. Яғни *қол* зат есімінің адамның иығынан тырнағының ұшына дейінгі дене мүшесінің атауынан бөліп беріп тұрған *о* дыбысы сияқты. Шындығында бұл түсінік дұрыс емес. Мағына қай сөзде болмасын жеке дыбыстардың үлесіне тимейді. Әрине *қал* мен *қол* екі сөз, бұл екі сөзді ажыратып тұрған *о* мен *а* дыбыстары екендігінде дау жоқ. Сондай-ақ мағына сол сөздердің құрамындағы дыбыстар мағынасының жиынтығы да, қосындысы да емес. Екінші сөзбен айтқанда, *қол* сөзінің дене мүше атауы болуы *қ*, *о* және *л* дыбыстарының жиынтық мағынасы болып есептелінбейді. Егер *о* дыбысы ғана мағына ажыратып тұр дейтін болсақ, онда *қ* мен *л* дыбыстары қандай қызмет атқарып тұр деген сұрауға жауап беру керек болады. Сондай-ақ сол кездегі соңғы *л* дыбысын өзгертсек, ол сөз дене мүше атауы ретінде қолданылмайды. Салыстырыңыз: *қос, қон, қом, қоң (ет)*, т. б. Нақ осындай сол сөздегі бірінші дыбысты өзгерткенде де байқалынады. Мысалы, *сол, тол, бол, мол*, т. б.

Мәселенің үшінші жағы да бар. Егер *қол* дегенде дене мүше атауы болу қасиеті тек осы үш дыбыстың қосындысының мағынасы дейтін болсақ, онда 1) әр дыбыс белгілі бір мағынаға ие болған болар еді, 2) кез келген сөз сол дыбыстар білдіретін мағынаның қосынды мағынасы ретінде қабылдануы керек еді, 3) сол дыбыс басқа сөздің құрамында келіп тұрса да сөздің басқа мағынада қалай қолданылғандығын дәлелдеу керек еді. Егер жоғарыдағы пікіріміз дұрыс дейтін болсақ, *қан, қақ, қат* (*Мұз болып қат*) деген сөздердегі *қ* дыбысы сол сөздерге қандай мағына қосты? *Қ* дыбысына тән арнайы мағына болса, ол өзі қосылған сөздердің барлығына да сол мағынаны не мағыналық реңкті қосуы керек еді. Екінші сөзбен айтқанда, белгілі бір мағыналық сыбайластық *қан, қақ, қат* сөздерінде де болуы керек еді. Бірақ олар арасында ондай мағыналық байланыс жоқ. Сондықтан да кей тіл-

шілер фонеманың негізгі қызметі айырушылық (дифференциялық) қызмет деп соған байланысты анықтама береді (Аханов 78, 234) *.

Фонеманы арнайы зерттеген ғалымдар сөйлесу кезінде сөздердің фонемаға бөлінетіндігін ескере отырып, олардың қай негізде бөлінетіндігін анықтауға әрекет еткендері де бар. Мысалы, Л. Р. Зиндер сөйлеу кезінде сөздер артикуляциялық жақтан да, акустикалық жақтан да бөлініп жататындығын ескеріп, оларды бөліп тұрған лингвистикалық қасиет, яғни мағынамен байланысты болуында дейді (Зиндер 79, 36—37) *. Фонемалардың айырушылық қызметін жоққа шығарып болмайды. Сондықтан да қал дегенмен қол, бол дегенмен бос, қол дегенмен бол т. б. сияқты сыңарлар өзара ажыралып жатады да оны ажыратып тұрған бір дыбыс болып саналады. Бірақ бұл жерде ажыратып тұрған фонеманың қызметі мағына ажырату емес, бір тілдік таңбаны екінші бір тілдік таңбадан ажырату болып саналады. Тілдік элементтердің таңбалық сипаты дегенде біз осы дыбыстарды есепке аламыз да бір таңбаның екінші бір таңбадан айырмасы а) құрамындағы дыбыстардың саны мен ә) дыбыстардың тіркесу орнына және б) қандай дыбыстардың тіркесуіне байланысты болады. Сол үшін де қол деген де, қал деген де үш дыбыстан құралған тілдік таңба (әрине белгілі бір мағынамен байланысқанда ғана таңба болып саналады). Олардың бірінің екіншісінен айырмасы дауысты дыбыстарында болса, қол мен бол деген сөздердегі айырмашылық дауыссыз дыбыстарының біреуінде (қ, о). Әр сөздің, тілдік таңбаның құрамындағы дыбыстардың орны тұрақты, дыбыстары нақты болады. Міне осы негізде біз бол, қол, тол, жол дегендерді жеке сөз — таңба деп санаймыз. Тілде бірдей дыбыстардың қалай орналасуы да таңбалардың ажырасуына негіз болады. Мысалы, қос, соқ; сат, тас; қал, лақ, т. б. Қазақ тілінде сөйлеушілер үшін бұлар да жеке-жеке сөздер, мағыналары да, айтылуы да бөлек-бөлек. Жоғарыда біз сөздер фонемалардың қосындысынан да жасалынбайды дегенде осы қасиетті ескергенбіз. Егер сөздер фонемалардың қосындысына тең болғанда қас (қара қасты адам дегендегі) пен сақ (ол өте сақ адам еді дегендегі) дегендер мағына жағынан тең түсетін бір сөз болған болар еді. Бірақ олардың екі сөз екендігі анық.

Сөздің дыбысталуының таңбалық қасиетімен байланысты оның құрамындағы мағынамен де байланысын, сөздердің мағына жағынан ажыратылуын, тұлғалық тұтастығын ескеру керек. Сөз таңба болғандығы үшін де белгілі бір мағынамен байланысуы қажет, қатынас құралының бір элементі болу үшін белгілі бір информацияға (не оның бір элементіне) ие болуы қажет. Мағынамен байланыспаған таңба қатынас құралының бір элементі болып саналмайды. Осы негізде ғана фонема мағына ажыратуда көмегі тиеді дейміз. Бірақ қол, қал, бол, бал, тал, тол, сол, сал дегендерде мағына ажыратып, соларға мағына беріп тұрған бір дыбыс деп есептейміз. Сол дыбыстардың орналасқан орны мен саны белгілі бір сөз — таңбаның дыбысталуын жасайды да, жеке дыбыс не дыбыстардың орналасу орны бір таңбаны екінші бір

таңбадан ажыратады. Сонымен бірге ол фонемалар сөз — таңбаны тұлғасы жағынан да ажыратады. Салыстырыңыз: *бал, тал, сал* дегендер үш фонемадан құралған жеке-жеке сөздер. Осы екі қасиетін ескере отырып фонеманы сөзбен сөзді мағына жағынан ажыратып, тұлға жағынан екшеп тұратын тілдік единица деп анықтама беруге болады.

Фонемалар тек сөз құрамында, морфемаларда ғана өмір сүреді. Сөздер мен морфемалардан тыс фонемалар туралы сөз болудың өзі — бос сөз. Сондықтан да фонемалардың қызметі өздері бөлшегі болып енетін бүтін сөздермен байланысты ғана анықталады. Ал сөздердің құрамындағы дыбыстардың арақатынасын, олардың тіркесу тәсілін тек фонемалық заңдылықтармен анықтауға болады. О баста сөздердің құрамындағы дыбыстардың орналасу тәртібінде белгілі бір заңдылықтың болғандығын я болмағандығын дәлелдеу мүмкін де болмас. Бір нәрсе анық — сөз құрамындағы дыбыстар өздерінің артикуляциялық ыңғайына қарай кездейсоқ қалыптасқан. Себебі дүние тілдеріндегі дыбыстардың орналасуын салыстырып қарайтын болсақ, бір тілде мүмкін болмаған дыбыстардың тіркесі екінші бір тілдің тілдік нормасы болып келе береді. Қазіргі қазақ тілінде кей дыбыстардың сөз басында (*И, ң*), кейбірінің сөз соңында (*г, ғ, д, б*) қолданылынауы тіл пайда болғаннан бері келе жатқан заңдылық емес, соңғы кездерде, тіл дамуының белгілі бір сатысында қалыптасқан заңдылық.

Сонымен, сөздердің құрамындағы дыбыстар алғашқы кезде кездейсоқ бір тізбекте қолданылған (артикуляциялық ыңғайына қарай) да, фонетикалық заңдылық есебінде кейін ғана қалыптасқан. Екіншіден, әр фонема жеке-жеке мағынаға ие болады деу — ғылыми негізге сүйенілмей айтылған топшылау. Сондай-ақ жеке фонемалар сөз құрамында келіп, өздерінің мағынасын жинақтап, қосынды мағына ретінде, бір бүтін сөз ретінде қолданылады деу де жаңсақ топшылаудан туған. Дыбысталу сөз емес — сөздің материалдық қабығы (жамылышы) ғана. Дыбысталу мағынаның өмір сүру формасы болумен бірге оның таңбасы ретінде де қолданылады. Үшіншіден, сөзден, морфемадан тыс фонема өмір сүрмейді. Демек фонема түсінігін сөз құрамында ғана танып, сөз негізінде ғана оған байланысты пікір айтуға болады. Төртіншіден, сөздердің дыбысталуының (жеке дыбыстардың емес) мағынамен байланысы тарихи этаптардан өткен, қоғам мүшелерінің талқысына түскен, олар қабылдаған шартты, тіпті кездейсоқ байланыс. Бесіншіден, сөз құрамындағы фонемалардың негізгі қызметі бір фонеманы екінші фонемадан ажырату емес, бүтін бір сөзді (дұрысы дыбыстық таңбаны) таныту, екінші сөзден ажырату. Сондықтан да қол деген үш дыбыстан құралған бір таңба, *адам* — төрт дыбыстан құралған бір таңба. Олардың құрамындағы әр фонема өзара тең байланысқа ие, ұзақ уақыттан бері қолданылып, бір мағынаның таңбасы ретінде қалыптасқан. Әрине қалыптасу кезінде тілдік заңдылықтар да ықпал етеді. Жоғарыда айтылған пікірлерге тілдің омоним сияқты құбылыстары қайшы

келуі мүмкін. Себебі, *жар* (*Арындама, алдыңда жар бар*) деген сөз бен өмір серік мағынасындағы *жар* (*Жар ете алмай кетіп ем* (Абай) деген екі сөздің дыбысталуы бірдей, мағыналары екі түрлі. Бұл сияқты жалпы қағидадан ауытқулар тілдің ішкі заңдылығына сүйенеді, сол арқылы анықталады.

Сөздердің лексикалық мағынасы

Семантика пән ретінде өзінің зерттеу объектісі етіп мағынаны алады. Бірақ мағына түсінігі де өте кең, бірнеше бағыттағы зерттеуді талап ететіндігі анық. Ең алдымен, тіл элементтерінің барлығы да бірдей мағынаға ие бола алады ма деген сұрауға жауап беру керек сияқты. Себебі соңғы кезде тілдің барлық элементтері (дыбыстар да, морфемалар да, сөздер де, сөйлемдер де) мағынамен байланысты болады деген пікір айтылып жүр (Гальперин 74, 42) *. Егер тіл элементтерін толық талдап қарайтын болсақ, жеке дыбыстардың мағына білдірмейтіндігін жоққа шығарып болмайды. Сонымен бірге одағайлар бір ғана дыбыстан жасалынып та мағынаға ие болатыны анық. Мысалы, — *Е, бәрекелді, тілінің шоғы, көңлінің оты бар ақын екен ғой...* (Ел аузынан). — *О, Омеке, шаруаңыз болса айта отырыңыз* (Ел аузынан). Келтірілген мысалдарымыздағы *е* мен *о* одағай сөздер (тек дыбыстар ғана емес), адамның көңіл күйімен байланысты эмоциялық мағына білдіріп тұр. Қазақ тілінде одағайлардан басқа бір дыбыстан жасалынған (*О не зат*) сөздер де бар. Бірақ бұл типтегі мағына білдіретін дыбыстарды жеке фонема деп санамастан, морфема деп санайтынымызды жоғарыда айтқан болатынбыз. Сонымен бірге қазіргі ғылыми өмірде дыбыстық символизмдерге байланысты да әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Мысалы, *А* дыбысы қара түспен, *И* дыбысы ақ түспен, *У* дыбысын көкпен, *О* дыбысын жасыл түспен байланыстырып, түрлі мағына телініп жүр. Бірақ бұл мағыналар дыбыстың төл мағынасы болып саналмастан, оған таңылған, үстеме мағына болып есептелінеді.

Дыбыстардың мағынамен байланысы туралы сөз болғанда, әсіресе түркологиялық еңбектерде, еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар мағынаға ықпал жасайды делінеді. «Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың *я жуан, я жіңішке болуы да мағынаға әсер ететіндігі байқалады*»,— дегенде А. Ысқақов осы дауысты дыбыстарды есепке алған (Ысқақов, 64, 339) *. Егер байыптап қарайтын болсақ, еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың ашық не қысаң болып келуі де мағынаны ажыратады; түбір құрамында ашық дауысты дыбыс келетін еліктеуіш сөздер білдіретін мағына амал-әрекеттің не дыбыстың күшті болғандығын, ал қысаң дауысты дыбысты еліктеуіш сөздер не тез орындалған амалды, не дыбысты білдіреді. Салыстырыңыздар: *тарс-тұрс-тырс, жалт ету — жылт ету, тасыр-тұсыр — тысыр, шыңқ-шіңк, қаңқ ету, қыңқ ету*, т. б. Әрине еліктеуіш сөздердің мағынасын зат есімдердің, етістіктердің ма-

ғыналарымен салыстыруға болмайды. Себебі зат есім, сын есім, етістік сияқты сөздер өздері атауы болған сөздермен тікелей мағыналық жақтан байланысты болмаса, еліктеуіш сөздерде ондай байланыс бар (Юнусалиев, 59, 154—155) *. Сондықтан да олар өздері атауы болған түрлі дыбыстардың тура әрі толық көшірмесін беруге әрекет етеді. Еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың еншісіне мағына ажырату қызметін беру дауысты дыбыстың күші мен созылыңқылығына байланысты.

Тілдерде еліктеуіш сөздер қос сөз ретінде қолданылып, ашық және қысаң дауысты дыбысты түрлері қатар келетін кездері де өте көп кездеседі. Мысалы, *тапыр-тұпыр, сатыр-сұтыр, сарт-сұрт, баж-бұж, жарқ-жұрқ, тарс-тұрс*, т. б. Еліктеуіш сөздердің қосарлама қос сөз және қайталама қос сөз ретінде қолданылуында да мағыналық айырмашылықтар бар. Салыстырыңыз: *қазан бұрқ-сарқ қайнады, қазан бұрқ-бұрқ қайнады*. Бірінші мысалымызда қазан біркелкі қайнамастан, бірде қатты, бірде жай қайнағандығын білдірсе, екінші мысалымызда қазанның біркелкі қайнағандығын білдіреді. Бірақ бұл айтылғандардан дыбыстар не сөздер мағынамен тікелей байланысты екен, бір дыбыс мағына өзгертеді екен деген пікірден аулақпыз. Еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстардың сөз сөздің білдіретін мағынасымен тікелей байланысы (белгілі мөлшерде) барлығын мойындасақ та, олар арасындағы байланыс негізі мүлде басқа табиғатпен, қасиетпен байланысты деп айта аламыз. Соңғы жағдай барлық сөздер туралы пікір айтуға негіз бола алмайды.

Қазақ тілі (басқа түркі тілдерінің де) морфемаларының табиғаты индоевропа тілдері морфемаларының табиғатынан басқалау. Сондықтан олардың семантикалық қасиетінде, қолданылу заңдылықтарында өздеріне тән өзгешеліктердің болатындығы сөзсіз. Мысалы, орыс тіл білімінде морфемаларға анықтама бергенде оның сөздің ең кіші мағыналық бөлшегі екендігі және оның қайталанып тұратындығы ескеріледі (СРЯ 81, 125) *. Қазақ тіл білімінде де морфемаларға осы типтес анықтамалар беріледі. Бірақ орыс тілшілері морфема сөздің бір бөлшегі, тіпті түбір морфемалар да сөзбен тең түсе алмайды деген пікірді қолдайды (Шанский 81, 17—18) *. Ал түркі тілдерінде болса, түбір морфемалар сөзбен тең түсіп жатады да мағынамен байланысады. Әрине сөз мағынасын жалаң бір ғана лексикалық мағынамен шектеп тастау дұрыс болмайды. Ең алдымен ескеретін нәрсе сол — сөз лексикалық категория ғана болып қалмай, лексико-грамматикалық категория болып саналады. Орыс тіліндегі түбір морфемалар да лексикалық мағына беруші, сөзге негіз болып саналатын морфема. Бірақ түркі тілдеріндегі морфемалардан айырмашылығы сол — орыс тіліндегі түбір морфемалар грамматикалық жақтан толық тұлғаланбайды, жеке тұрғанда мағына білдірмейді (Сопоставительная 66, 8) *. Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар (санаулы түбірлерден басқа) сөзбен тең түседі, делексикалық мағынаға ие болады, грамматикалық жақтан формаланған болуы сөзсіз. Сөз мағынасы дегенде көпшілік түркологтар осы түбір морфеманың

лексикалық не грамматикалық мағыналарын түсінеді. Сонымен бірге тіл білімінде сөз тіркесінің семантикасы, сөйлемнің семантикасы (кейде екеуін біріктіріп синтаксистік семантика деушілер де бар) деген түсінік те бар, бірақ олар сөз семантикасынан күрделірек, басқашалау зерттеу методын талап етеді.

Сөз семантикасы (бұдан кейін семантика терминін мағына терминімен тең дәрежеде қолдана береміз) көне дәуірден бері келе жатқан, әр кезде тілшілер мен философтардың араларында талас тудырып жүрген күрделі мәселелер болып саналады. Алғашқы семантикалық (сөз мағынасы туралы) пікір Яски мен Панинидің еңбектерінде кездескенімен күні бүгінге дейін зерттелуі, анықталуы қажет болған жақтары көп екендігі анық. Тіпті тіл білімі тарихында семасиологиялық зерттеулер тарихы толық зерттелінбегендіктен, кей ғалымдар, семасиология ғылым арена-сына ХІХ ғасырда ғана енді деушілер де бар (Аллендорф 65) *. Ғылыми негізде сөз мағынасына талдау жасау индоевропа тіл білімінде ХІХ ғасырда өмір сүрген тілшілер еңбектерінде кездесе, түркологиялық зерттеулерде ол тек үстіміздегі ғасырдың 60-жылдарынан кейін ғана басталады. Қазіргі кезде семасиология кең көлемде түсініледі де бірнеше пәндердің (тіл білімі, философия, психология, логика, кибернетика т. б.) түйіскен жерінде сөз болып, талданып жүр. Соңғы жағдай бір категорияны әр ғылым өкілдері түрліше түсінуіне, бірнеше бағыттағы қорытынды шығаруына, бірнеше зерттеу, талдау методтарын қолдануына жағдай жасап жүр. Сондықтан да бір пәннің жетістігіне сүйеніп семасиологияның өзекті мәселесін жан-жақты зерттеп, пікір айтуға болады деу дұрыс болмайды.

Сөздің лексикалық мағынасының күрделі екендігін және олардың бірнеше майда бөлшектерден құралатындығын көпшілік ғалымдарымыз мойындайды. Бірақ бұдан сөздің лексикалық мағынасы түрлі мағыналық бөлшектердің арифметикалық қосындысы екен деген ұғым тумауы керек. Мысалы, кез келген сөз өзі атауы болған заттың не түрлі құбылыстың барлық қасиетін (тым болмағанда белгілі бір қоғам мүшелеріне белгілі болған) толық қамтуға әрекет етеді. Сондықтан да *тауық* дегенде екі аяқты, үстін қауырсын қаптаған, екі қанатты (бірақ онша ұзап ұша алмайтын) үй құсын түсінеміз. Оның *түйе тауықтан, қаз бен үйректен* айырмашылығы да мағынада қамтылады. Ең жетілген, жақсы жазылған түсіндірме сөздіктерде де кез келген сөздің лексикалық мағыналары толық берілмейтіндігі анық. Салыстырыңыз: қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *тауық* сөзіне: «Қораз бен мекпен тобынан құралатын үй құсы»,— деп анықтама берілген болса (КТТС 29, 56) *, өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде: «Еті мен жүні және жұмыртқасы үшін бағылатын ұрғашы үй құсы»,— деп анықтама берілген (УТИЛ-2, 196) *. Ал татар тілінің түсіндірме сөздігінде болса: «Негізінен еті мен жұмыртқасы үшін бағылатын үй құсы»,— деген анықтама берілген (ТТАС-3, 13) *. Егер байыптап қарайтын адам болса, жоғарыда санап өтілген анықтамалардың барлығы да *тауық* сөзінің мағыналық компоненттерін толық

қамти алмағандығына оңай көз жеткізген болар еді. Дегенмен де *тауық* деп үй құсының барлығын бірдей атамай, ерекше бір түрін ғана атайтынымыз анық, басқа үй құстарынан ажыратып жататын үй құсын *тауық* дегенде көз алдымызға келтіретініміз де шындық. Демек сөз мағынасының құрамында ол затты не ұғымды әрі жалпылап, әрі басқа заттардан ерекшелеп ажыратып, даралап тұратын мағыналық элементтің барлығы анық.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстарға тек тілдік түсінік жағынан анықтама беріліп қоймастан, оларға биологиялық, географиялық, тарихи ғылымдарға тиісті болған қасиеттерін баса көрсетіп те анықтама беруге болады, бірақ олар біздің зерттеу объектіміз емес. Бір нәрсе анық — сөздердің лексикалық мағынасында адам санасындағы сол зат не құбылыс туралы негізгі түсінік еніп, сол затты басқа зат не құбылыстардан ажыратып, тани алатындай мүмкіндігі болады. Сондықтан да кей анықтамаларда заттардың табиғи, биологиялық белгілері алынбай, басқа (маңызды делінген) белгілері алынады. Мысалы, *адам* деген сөзге анықтама бергенде екі аяқты, екі қолды, сақалды, құлағы бар деген сияқты көрсететін болсақ, оның негізгі белгісін ашып бере алмаған болар едік. Сондықтан да түсіндірме сөздікте: «Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және сол құралды еңбек процесінде пайдалана алатын жан иесі, кісі»,— деп анықтама берген (ҚТТС-1, 62) *. Өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ойлау, сөйлеу және еңбек ету қабілеті бар, сол арқылы басқа мақұлықтардан жоғары тұратын жанды зат, кісі»,— деп көрсеткен (УТИЛ-1, 520) *. Бұл — *адам* сөзіне берілген тек лексикалық анықтама ғана емес, ғылыми-әлеуметтік көзқарас негізінде берілген анықтама да.

Сөз мағынасы — тіл білімінің еншісіне тиетін категория, сол үшін де оны жан-жақты талдау тіл білімінің үлесіне тиеді. Терминологиялық анықтамалардың көлемі кең болғанымен, көп информацияны қамтығанымен күнделікті өмірде олардың барлығы бірдей қажет те бола бермейді. Сонымен бірге сөз мағынасын тіл білімі аясында да бірнеше бағытта талдау жасауға болады (Қачеева 78) *. Бұл зерттеуші адамның алдына қойған мақсаты мен қолында бар материалдарына байланысты. Ал сөздердің лексикалық мағыналарының түрлерін анықтауда да тілшілер арасында бір ізділіктің жоқ екендігін ашып айту керек. Егер тек совет тілшілерінің ғана сөздердің мағына түрлеріне байланысты айтып жүрген пікірлерін санап шығатын болсақ, олардың санының өзі оннан асады. Ал мағынамен байланысты категориялардың саны болса, одан да көп. Мысалы, сөздердің дыбысталуы мен мағына арасындағы байланыс, мағына мен ұғым арасындағы байланыс, сөз мағынасының құрылымы мен құрылымдық элементтері арасындағы байланыс, лексиканы белгілі бір заңдылықтар негізінде байланысқан жүйе деп санап, сол жүйе мүшелерінің (сөздердің) өзара қарым-қатынасын анықтау сияқты толып жатқан мәселелер бар.

Сөз семантикасы тек тілшілердің пікір таласына ғана арқау болып қоймастан, ол философтардың да, психологтардың да, семиотиктердің де ойларына азық болып жүр. Жалпы сөз семантикасы философияның кей категорияларымен байланысты екендігін ғалымдар ерте кезден-ақ айтқан болатын. Мысалы, заттарға қалай ат берілген, сөз бен заттың арасындағы байланыс қандай заңдылықтарға негізделінген (таным теориясымен байланысты), тілдің пайда болуы және адамзат тарихы (глотогенез бен мифология), ой мен тілдің байланысы т. б. Тіпті бұл мәселелерге байланысты алғашқы пікірлер көне грек философтарының еңбектерінде кездеседі, олар да өздерінше қорытынды шығарған. Мысалы, Парменид (біздің эрамызға дейінгі 540/539 не 515 жылдары туылған): «Бұлардың (заттардың) әр қайсысына адамдар ат қояды, ол адамдардың ажыратушы таңбасы»,— деген болатын (Античные 36, 31) *. Ал Платонның «Кратилінде» болса соңғы кезге дейін тіл білімінде шешілмей келген мәселелердің көтерілгендігі анық. Салыстырыңыз, «Сократ: — Демек, Гермоген, ат қою — барлық адамдардың жұмысы емес, ат қоюшының жұмысы»,— деген үзіндіде атты жеке адамдар қоймайды деген идеяны ұсынады (Античные 36, 41). Әрине заттарға қалай ат қойылған, бірінші қолданылған сөздер қандай болған деген сұраулар күні бүгінге дейін жауапсыз қалып барады. Алғашқы сөздер нақ мынадай сөздер болған деген жауап қазірше берілген емес, берілуінің өзі екі талай.

XIX—XX ғасырларда да тілші ғалымдар тіл философиясымен шұғылданып, тіл философиясының шеңберін кеңейте түсті. Бұған мысал ретінде В. фон Гумбольд, А. Шлейхер, Г. Штейнтальд пен жас грамматистердің еңбектерін көрсетуге болады. Қазіргі кезде де тіл философиясымен тек философ ғалымдар ғана айналысып қоймайды, сонымен қатар тілшілер де өз үлестерін қосуда. Совет тіл білімі марксизм-ленинизм негіздеріне сүйене отырып, пікір айтатындығы анық. Сондықтан да сөз мағынасы дегенде біз таным теориясымен байланысты пікір айтамыз.

Сөз мағынасына байланысты айтылатын қағидалар тек тіл теориясының дамуына ғана қатысты емес, оның практикасы үшін де мәні зор. Бұл ең алдымен, лексикограф ғалымдардың еңбектерінде анық көрінеді. Мысалы, А. А. Юлдашев түркі тілдеріндегі түсіндірме, аударма сөздіктерін жасау принциптеріне талдау жасай отырып, олардағы басты кемшілік ретінде сөздердің бірден байқала қоймайтын контекстік мағыналық реңктерді, я сөздердің мағыналық варианттарын нақтылы ажыратпай сөздіктерде номинативтік мағыналармен бір дәрежеде жеке мағына ретінде беру деп есептейді. Мысал ретінде қырғыз тілінің түсіндірме сөздігінен жол сөзін алып, оның 2, 3-мағыналарына сілтеме жасайды (Юлдашев 72, 363—364) *. Сөздердің лексикалық мағынасын анықтауда қате жібермеу үшін, оның қайсысы номинативтік мағына, қайсысы контекстік (ауыспалы) мағына, қайсысы фразеологиялық байланулы мағына екендігін ажырату қажет; осыдан кейін ғана сөздікте жеке ұяда қайсысын беру керектігі, қайсысы қан-

дай номермен беру қажеттігі анықталынатыны сөзсіз. Қолымызда бар сөздіктердің кейбіреулерінде сөз мағынасына ғылыми талдау берместен-ақ, екінші бір сөздіктің жолымен мағына ажырату үлгісі барлығын жасыруға болмайды (Юлдашев 72, 104). Сөздіктерде сөз мағынасын қалай беру, мағынаны қалай ажырату сема-сиологиялық талдауды талап ететіндігі, сөз мағынасының күнделікті өмірде өзгеріп, қолданылуында ауытқулар болып тұратындығы және олардың заңдылығын ескеру қажеттілігі шындық (Бабкин 77; Толкина 77; Алекторова 79) *.

Аударма сөздікте болсын, түсіндірме сөздікте болсын сөздердің тек бір мағынасына ғана (номинативтік) анықтама беріп қоймастан, көп мағыналы сөздердің де мағыналарын ажыратып, анықтама береді; олардың қай мағынасы номинативтік, қай мағынасы ауыспалы мағына екенін, фразалық мағынасының қайсы екендігін ажыратады. Мысалы, К. Юдахиннің қырғызша-орысша сөздігінде *бас* сөзінің 11 мағынасы бар деп көрсетілген, ал олардың тұрақты тіркестерде қолданылуын 90-нан аса тіркеспен көрсеткен (КирРС 65, 118—120) *. А. К. Боровков басшылығында жарық көрген өзбекше-орысша сөздікте осы сөзге 13 мағына берген де, фразалық тіркестегі үлгісіне өте аз тіркес берген (УзРС 59, 83—85) *. Бұл екі сөздікте сөздердің мағынасын ажыратып анықтама беруде де бір ізділік жоқ. Мысалы, К. Юдахин *бас* сөзінің 2-мағынасы ретінде «верхняя часть чего-л., головка, вершина» деген мағынаны көрсетеді де *чөртүн башы* сияқты мысал берген. Ал А. К. Боровков басшылығында жарық көрген сөздікте ол мағына жеке мағына ретінде берілмеген. Сондай-ақ А. К. Боровков сөздігінде *бас* сөзінің «исток» мағынасы (*сув башы*) 8 мағына ретінде берілген болса, К. Юдахин сөздігінде ол жеке мағына ретінде берілген емес. Бір ескерте кететін нәрсе сол — екі сөздің екеуінде де жоғарыда айтылған мағына *бас* сөзі арқылы беріледі. Тіпті түсіндірме сөздіктерде де сөз мағыналарын (көп мағыналы сөздердің) ажыратып анықтама беруде бір ізділік жоқ. Мысал ретінде соңғы кездерде жарық көрген 4 сөздіктен *бас* сөзінің мағыналарын салыстырып көрелік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *бас* сөзіне 15 мағына берілген болса (ҚТТС-2, 111—120), қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде 13 мағына (ҚарТТС-1, 205—210), татар тілінің түсіндірме сөздігінде 16 мағына (ТТАС-1, 135—139), өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде 15 мағына бар деп көрсетілген (УТИЛ-1, 136—138). Егер сөздіктегі мағыналарды салыстырып қарайтын болсақ, бір сөздікте жеке ұя ретінде берілген мағына екінші бір сөздікте мүлде көрсетілмеген. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *бас* сөзінің 2-мағынасы ретінде «*кісі, адам, жан*» мағынасында қолданылуын (*Сәтей үйі де басқа бай емес*) көрсетсе, қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде ол көрсетілмеген. Өзбек тілі түсіндірме сөздігінде *бас* сөзінің 6-мағынасы ретінде оның бірінші сөзімен синонимдес болатын мағынасын көрсеткен. Бұл мағынаны қазақ, қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің авторлары жеке бөліп, ұя ретінде көрсетпеген.

т. б. Демек сөз мағынасын ажыратудың практикалық мәні де осы мағыналардың анық, нақты болуымен тікелей байланысты.

Әр сөздіктің өзіне тән мақсаты мен талабына байланысты сөз мағынасын ажыратып, анықтама беру дәстүрі де бар. Аударма сөздіктер мен түсіндірме сөздіктерде сөз мағынасын (біз келтірген бас сөзінің мағыналарындай) талдауда авторлардың тең түспеу ерекшелігін осы тұрғыдан да түсіндіруге болады. Дегенмен де барлық сөздіктерде сөз мағынасы әрі түсінікті, әрі қысқа, әрі дәл көрсетілуі керек. Бұл талаптың орындалуы қаншалықты қиын екендігін лексикограф ғалымдар айтып та, жазып та жүр. Н. З. Котелова сөз мағынасын сөздіктерде беру үлгісін талдай отырып, олардың кемшілігін 12 пункттен санап көрсеткен болатын (Котелова 75, 7) *. Әрине бұл типтес ауытқулардың кездесуі тілдің лексикасының, оның семасиологиясының жеткілікті зерттелінбеуінен деп түсінген дұрыс.

Қазақ тіліндегі сөз мағынасы туралы жазылған еңбектерге сын көзбен қарайтын болсақ, онда қазақ тілі семасиологиясын жаңадан жазу қажеттілігі анық көрінеді. Тек бірен-саран еңбектер болмаса, бұл мәселе қазақ тіл білімі үшін тың нәрсе. Сондай-ақ оқулықтарда да семасиологиялық категорияларды талдау жасау толық емес. Оған басты себеп — қазақ тілінде семасиологияның негізгі түсініктерінің анықталынбауы, олардың терминдерінің қалыптасуы.

Семасиологиялық зерттеулердің бірінші жауап беретін сұрауы — сөз мағынасы дегеніміз не? Бұл дәстүрлік сұрауға жауап беру үшін, ең алдымен, тіл білімінде лексикалық және грамматикалық мағыналардың бар екендігін, екеуінің қасиеттерінің екі түрлі екендігін естен шығармау керек. Семасиологиялық зерттеулерде грамматикалық мағына, саналы түрде, сыртқа тебіліп, лексикалық мағыналар ғана сөз болады. Сөздердің лексикалық мағынасы лексикологияның, грамматикалық мағынасы грамматиканың зерттеу объектісі екендігі анық. Солай болса да бұл екі мағына өзара тығыз байланысты. Егер сөз грамматикалық жақтан тұлғаланатыны рас болса, онда әрбір сөздің лексикалық мағынасы грамматикалық мағынамен астасады. Сондай-ақ грамматикалық мағынаны грамматикалық мағынадан ажырата зерттеу тек ғылыми абстракцияның ғана қызметі екендігі де аян. Шындығында лексикалық мағынамен ұштаспаған, онымен байланыспаған грамматикалық мағына болмасқа тиіс.

О. С. Ахманова сөз мағынасына үш түрлі анықтама береді де, бірінші цифрмен: «Белгілі бір дыбысталумен байланысты болып тілдік факті ретінде жарыққа шығатын адам ойындағы объектив өмірдегі заттардың (күбылыс, қатынас, процесс т. б.) бейнесі; бұл шындықтың бейнесі сөз (морфеманың) құрылымының ішкі жағын (мазмұнын) жасайды, ол тілдік бірліктің дыбысталуы оның материалдық қабығын жасайды да мағынаны басқаға жеткізудің, хабарлаудың, сондай-ақ оның өзінің пайда болуының, қалыптасуының, өмір сүруінің, дамуының негізі болады», — деп жазады (Ахманова 66, 160—161) *. Бұл сөз мағынасына берілген

бірден-бір анықтама емес. Совет тіл білімінде бұл типтес анықтамалардың саны көп-ақ. Тіпті сөз мағынасы туралы пікір айтқан әр ғалымның сөз мағынасына берген анықтамасы бар десек те жаңылыспаймыз. Салыстырыңыз: «Сөз мағынасы деп зат не құбылыстардың бейнесі мен дыбысталудың тарихи байланысын атаймыз»,— деп Р. А. Будагов жазса (Будагов 71, 22) *, Л. А. Булаховский «Сөз нені білдірсе — сол мағына»,— дейді (Булаховский 53, 13) *. «Сөз мағынасы деп өмірдегі түрлі құбылыс пен оның (сөздің — О. М.) байланысын, қатынасын айтамыз» (Калинин 71, 16) *. «Сөз мағынасы — адам ойының белгілі бір тіл системасы арқылы берілуі» (Ковтун 55) * сияқты анықтамалар да бар.

Қазақ тілшілерінің еңбектерінде де сөз мағынасына берілген анықтамалар кездеседі. Мысалы, Ғ. Мұсабаев сөз мағынасына тікелей анықтама бермесе де: «Сөз формасына оралған ұғымның мазмұны сөздің мағынасына айналып, дыбысталу мен мағына бірлесе келіп, сөздің өзін қалыптастырады»,— дейді (Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. 75, 15) *. Бұл жерде автор сөз мағынасын ұғым арқылы анықтап отыр. Ал Қ. Аханов болса Е. М. Галкина-Федаруктың сөзге берген анықтамасын толық қабылдап: «...сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз дыбыстық комплекстің ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлесуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып табылады»,— дейді (Аханов 68, 28) *. Соңғы кездерде жарық көрген жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда да осыған жақын анықтама беріліп жүр. Мысалы, М. Белбаева «Сөздердің лексикалық мағынасы деп әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей, жеке-дара тұрғандағы (статистикалық күйіндегі) нақтылы не негізгі мағынасын айтады»,— деп анықтама береді (Белбаева 76, 14) *. Нақ осы анықтаманы ертеректе Т. Қордабаев та берген болатын. Бірақ Т. Қордабаевтың анықтамасында сөз мағынасын белгілеуде қажетті болған әлеуметтік шартты да қосып, дұрыс қорытынды шығарған болатын. Яғни «Сөздің лексикалық мағынасы — оның жеке тұрып та білдіретін өзіне тән қоғам таныған мағынасы»,— дейді (Қордабаев 58, 12) *. Т. Қордабаев сөз мағынасына екінші бір анықтама да берген болатын. «Сөз мағынасы дегеніміз оның білдіретін түсінігі. Сөз нені білдірсе, нені байқатса, сол оның мағынасы болады» (Қордабаев 75, 62—63) *. Т. Қордабаевтың еңбектерінде сөздің мағынасына берілген үшінші және төртінші анықтамаларды да көруге болады. «Тілдік мағына — объектив дүниедегі заттардың, құбылыстардың, болмыстардың санадағы бейнесі» не «...мағына дегендегі атау мен сол атау болған мазмұнның арасындағы қатынас, бірлік деп түсінген дұрыс» (Қордабаев 83, 143) *. Т. Қордабаев берген 4 анықтаманың төртеуі де совет тіл білімінде ертеден бар анықтамалар.

Басқа түркі тілдерінің мамандары да осы қазақ тіліндегі сөздерге берілген анықтамаларға жуық анықтама беріп жүр. Мысалы, өзбек тілшісі Я. Д. Пинхасов «Сөздің зат не құбылыс, ұғым туралы алғашқы негізгі мағынасы яғни реал мағынаны білдіруі

сөздердің лексикалық мағынасы болып табылады»,— десе (Пинхасов 69, 8—9) *, Ш. Рахматуллаев «Сөздердің лексикалық бірлік есебінде бір нәрсені білдіруі (бір уақиғаны білдіруі, атауы, көрсетуі) лексикалық мағына деп саналады»,— дейді (Турсунов 65, 124) *. Соңғы кезде жарық көрген лексикологияның авторлары да (бұл тарауды жазған проф. А. П. Ходжиев) сөз мағынасына анықтама беріп «Сөздің объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар, әрекет пен белгі сияқтылардан хабар (түсінік) беретін мазмұны лексикалық мағына болып саналады»,— дейді (Узбек 81) *. Азербайжан тілшісі Ә. Фәрәчев «Лексикалық мағына сөздің жеке тұрғандағы мағынасы»,— десе (Фәрәчев 69, 57) *, қарақалпақ тілшісі Е. Бердимуратов «Сөздің лексикалық мағынасы ол не бұл тілдің грамматикалық заңдылықтары бойынша қалыптасқан заттық-предметтік мағынадан құралады»,— дейді (Бердимуратов 68, 39) *.

Сөздердің лексикалық мағынасы туралы жазылған еңбектердің тізімінің өзі кішігірім кітапшаның көлемін талап еткен болар еді. Сол үшін де лексикалық мағынаға берілген анықтамаларды топтастырып барып қана талдау жасауды жөн көрдік. Ең алдымен, сөзге берілген анықтамалар ғылыми анықтамалар ма, жоқ әлде жол-жөнекей беріле салынған анықтама ма, соны ажыратып алу керек сияқты. Әдетте қай анықтама болмасын ғылыми топшылауға негізделетіндігін айта кеткен жөн сияқты. Ал, олай болса, «Сөз дегеніміз — зат атауы» деген сияқты анықтамалардың ғылыми талдаумен қаншалықты байланысы бар деген пікірдің де туатындығы анық. Шындығында көп сөздердің зат атауы болатындығы, сол атаудың, сол сөздің лексикалық мағынасы ретінде анықталатындығы да шындық. Бірақ барлық сөз осындай қасиетке ие бола алады ма? Көмекші сөздер мен әруақ, жын, шайтан, пері, құдай сияқты сөздер қандай заттың атауы ретінде қолданылады? Атауыш сөздер мен көмекші сөздердің лексикалық мағынасының арақатынасы және соңғы сөздердің лексикалық мағынасы бар ма, жоқ па деген мәселе түркологияда ғана емес, жалпы тіл білімінде де даулы.

Марксизм-ленинизм методологиясына негізделінген совет тілшілері сөзді мағына мен дыбысталудың бірлігі деп қарайды да, сөз мағынасы (лексикалық мағынаны да, грамматикалық мағынаны да) объектив дүниедегі материалдық қабығы (жамылышы) — дыбысталумен байланысып жататын категория деп қарайды. Сөздер бұл екі жағдайдан басқа грамматикалық жақтан формаланған болатындығын да баса айту керек. Тілде грамматикалық форма қабылдамайтын (септелінбейтін, көптелінбейтін, грамматикалық форма қабылдамайтын) сөздер болса да, формасыз сөз болмайды (Оразов 85) *. Жалпы сөзді мағына мен дыбысталудың біте қайнасқан бірлігі деп түсіну дұрыс түсінік. Сөз мағынасына анықтама бергенде осыдан сөздің мағына мен дыбысталудың бірлігінен басталынуы керек. Ал көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ деу, оларды не қосымшалармен тең санау, не көмекшілердің сөз екендігін мойындамау, тек дыбыстар-

дан тұратын мағынасыз сөздер де болады деген қағиданы қорғау болады.

Шет ел тілшілері арасында ғана емес, совет тілшілері арасында да сөздердің барлығы лексикалық мағынаға ие болады деген тезиске қарсы шығушылар табылады. Олар тікеден-тіке, жөнсіз қарсы шықпай өз пікірлерін астарлап, сөздер жеке тұрғанда лексикалық мағынаға ие болмайды, ал басқа сөздермен байланысып сөйлем құрамына енгенде мағынаға ие болады деген сияқты пікір айтады. Мысалы, В. А. Звегинцев сөз мағынасына берілген өзінен бұрынғы анықтамаларға шолу жасай отырып: «Тек лингвистикалық тұрғыдан сөз мағынасы оның басқа сөздермен байланысу қабілетімен, мүмкіндігімен анықталады»,— деп түйіндеген (Звегинцев 67, 123) *. Сөз мағынасы сөздердің ішкі қасиеті емес, сөздердің арақатынасынан туады деу үстіміздегі ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдарының жемісі емес (Будагов 77, 146—147; Будагов 76, 104) *.

Жоғарыдағы пікірге жуық тіл білімінде екінші бір пікір бар. Оның негізін салушылар — Ф. де Соссюр және оның жолын қуушылар. Совет тілшілері арасында да ол бағытты қолдаушылар табылады. Ф. де Соссюр «Тілдік системаның мүшелеріне (сөздерге — О. М.) тек кез келген дыбысталу мен мағынаның жай бірлігі деп қарау үлкен қателік болып саналады. Система мүшелерін бұлай анықтау — оны өзі мүшесі болып саналатын системадан ажырату болып саналады, бұл қате пікірге алып келеді»,— деген еді (Соссюр, 77, 146—147) *. Автор пікірін ары қарай жалғастырып, «Тілдің барлық элементтері біртұтас болып келетін система, ал жеке элементтердің мағынасы (значимость) басқа элементтері болғандығы үшін ғана байқалынады»,— деп қорытынды жасайды (Соссюр 77, 147). Алғашқы уақыттарды бұл пікір түрлі бағыттарда дамытылып, соңғы кездерде структурализм өкілдерінің негізгі қағидаларының біріне айналып қалды. Мысалы, «Сөз мағынасы, ең алдымен, оның басқа сөздермен қарым-қатынасынан, яғни лексикалық системадағы орнымен анықталады»,— деп жазған болатын Прага тіл үйірмесінің тезисінде (Звегинцев 62, 138) *. 1931 ж. И. Трир өзінің өріс теориясын жасай отырып, «Сөз тек бір тұтас бүтіндік, және сол тұтастық арқылы ғана мағынаға ие болады»,— деген еді (Қараулов 76, 6) *.

Совет тілшілері арасында да сөз жеке тұрғанда лексикалық мағынаға ие болмайды, лексикалық мағына не сөздердің сөйлем құрамына енгенде ғана пайда болады, не система құрамында басқа сөздермен қатынасы негізінде пайда болады деушілер кездеседі. Мысалы, Д. Н. Шмелев өзінің лексиканы системалы талдауға арналған өте жақсы еңбегінде: «Тілшілеріміздің бірде біреуі сөздер лексикалық мағынаға басқа сөздер мен байланысу нәтижесінде ғана ие болатындығына күмәнданбайды»,— деп жазады (Шмелев 73, 141) *. Автордың мұндай пікірге келуінде басқа да мақсат болуы мүмкін. Монографияда лексиканы системалы құбылыс дей отырып, әрбір сөз бір лексико-семантикалық топтың құрамына еніп, белгілі бір орын иелейтіндігін баса көрсетуге әре-

кет еткен. Бірақ кез келген сөз белгілі бір лексико-семантикалық топтың құрамына енгенде лексикалық мағынаға ие болу үшін енбейді, керісінше белгілі бір лексикалық мағынасы болғандығы үшін, сол мағыналар арасында белгілі бір байланыс болғандығы үшін енеді. Сондықтан да тілдің даму тарихында белгілі бір лексико-семантикалық топтың құрамынан кей сөздердің қолданудан шығып архаизмдер қатарына өтіп отырғандығы, екінші бір сөздер жаңадан пайда болып, лексико-семантикалық топтың құрамына еніп байытып отыратындығы анық. Бірақ тілде пайда болған әр сөз не қолданылудан шыққан сөз сол лексико-семантикалық топты өзгертіп жібере бермейді. Салыстырыңыз; орыс тілінен енген самовар, трактор, тетрадь сияқты сөздер басқа сөздердің мағынасына ықпал етпей-ақ қолданылып жүр. Бірақ автор өз пікірін дәйекті түрде баяндайды. «Кез келген мағына тілде өздігінен, басқа мағыналармен байланыспай өмір сүре алмайды» дей отырып, орыс тіліндегі большой, хороший деген сөздердің мағынасы маленький, плохой сияқты сөздердің мағынасына қарсы тұрғандығы үшін ғана бар дейді (Шмелев 73, 134—135) *. Д. Н. Шмелев екінші бір еңбегінде өз пікіріне қарсы шығады да «Шындық болмыстың ерекше тілдік бейнеленуі лексикалық мағына деп анықталады», «Сөздің негізгі міндеті — заттар мен айналадағы құбылыстарды атау»,— деп қорытынды жасайды (Шмелев 77, 55) *.

Тіл элементтерінің лексикалық мағынасының бар екендігін кей ғалымдар мойындаса да ол мағына тіл білімінің объектісі болмайды, немесе тілдік категория емес дейді. Мысалы, А. А. Реформатский, «Ешкім де мағынаны жоққа шығармақ емес және көп жағдайда ғалымдар онымен қызығуы керек. Бірақ қандай ғалым? Қай мамандықта? Егер тілші жүйе мен құрылыммен шұғылданатын болса, онда онымен айналысатын ғалымның тілші болуы екі талай»,— дейді (Реформатский 68, 114) *. Бұл теорияны жақтаушылардың біреуі — А. Г. Волков. Ол «Мағына тілдік категория емес, ол өзінің табиғаты жағынан ойлаудың бір функциясы»,— деп ашық айтады (Волков 66, 61) *. Монографияның екінші бір жерінде: «Мағына тілдік категория емес, ол тікелей тілдік таңбаның жүйесінен тумайды»,— деп те жазады (Волков 66, 69). Екі автордың екеуі де сөз мағынасын тілдік категория емес дегенде оны тілдік жүйемен байланыстырады, жүйе мен мағынаны қарама-қарсы қояды. Демек сөз мағынасын тіл білімі тексермейді, ойдың бір көрінісі ретінде логика не философия тексереді де тіл білімі тілдік құрылым мен жүйені зерттейді, онда да мағынамен байланыспаған жүйені зерттейді (Волков 63, 22) *.

Тіл тілдегі сөздердің лексикалық мағынасының құрылымына көңіл бөлетін болсақ, кей сөздер жеке тұрғанда лексикалық мағына білдірмейтін сияқты. Бұл көмекші сөздермен байланысты ғана айтылған пікір емес, атауыш сөздер деп аталынатын сөздердің тобынан да кездесетін құбылыс. Мысалы, есімдіктер өздері жеке тұрғанда, сөйлем құрамына түспей нақтылы бір зат не ұғым атауы бола алмайды. «Қай тілдің болмасын лексикалық негізін атау сөздер, яғни атау (номинативтік) функциясына ие болған

сөздер жасайды. Сонымен семантикалық-грамматикалық классификациясы жағынан оларға есімдіктер, заттарды атамайтын, бірақ сілтеп, ажыратып көрсететін сөздер (диексис) қарсы тұрады»,— деген болатын С. Д. Қацнельсон (Қацнельсон 66, 10) *. Бұл жерде С. Д. Қацнельсон атауыш сөздерді екіге бөліп, біріншісін атауыш қасиетке ие болған, зат не құбылыс атауы болатын сөздер десе, екінші топқа есімдіктерді ажыратып, олар зат атауы болмайды, затты нұсқап, ажырататын сөздер деп көрсеткен. Екінші бір топ ғалымдар одан да арырақ барып, есімдіктерде лексикалық мағына жоқ, оларды көмекші сөздердің қатарына қосу керек дейді. Сонда есімдіктерде лексикалық мағына болмағаны ма? Әрине есімдіктерде лексикалық мағына бар, бірақ ол мағынаны контекст жасайды да жеке тұрғанда лексикалық мағына білдірмейді деуге де болмайды. Контекстің сөз мағынасын нақтылауға, анықтауға себі тиетіндігі анық, бірақ мағынаны контекст жасай алмайды.

Кей ғалымдар жеке тұрғанда сөздерде лексикалық мағына жоқ, мағына сөздердің сөйлемдегі орнымен не басқа сөздермен қарым-қатынасы негізінде пайда болады деп ашып айта бермейді. Мысалы, Ю. М. Лотман лингвистикалық тексттің түрлі қасиеттеріне талдау жасай отырып: «... мағына екі түрлі құрылымдық байланыс бар жерде ғана пайда болады»,— дейді (Лотман 70, 48) *. Әрине бұл жерде автор сөздердің сөйлем құрамына енгендегі байланысын баса айтып тұр. Тіпті ол кез келген мағынаның табиғаты мен мәні екінші бір тілдік элементпен байланыспай анықталынбайды деп Д. Н. Шмелевпен пікір жағынан үндесіп жатады. А. А. Реформатский бұл пікірлерден де тереңдей түсіп, сөз мағынасы объектив дүниедегі заттар мен түрлі құбылыстардың белгілі дәрежедегі бейнесі, көшірмесі емес, керісінше тіл элементтерінің арасындағы қатынастан туады дегенді айтады. Бірақ автор қатынас терминін кең түсінеді. «Мағына, ең алдымен, зат та емес, материя да емес, субстанция да емес, қатынас және ең негізгісі, тілдік факті мен (сөз-формамен) ойға тән, онтологиялық фактілер арасындағы байланыс, яғни тілдің тілден тыс құбылыстармен (ұғыммен, затпен-денотатқа) арасындағы байланыс»,—дейді (Реформатский 73, 270) *. Айтылған пікір шұбалаңқы болғанымен мағынаның дербестігін мойындап тұрған жоқ, сондықтан да ол мағына (значение) мен мәнді (значимость) ажыратады. Пікірін қорытындылай келіп: «Егер мағына тілдік факті мен (десигнат) тілдік емес фактілер қатынасы нәтижесінде болса, мән толығымен тілдік болып саналады. Мән — ең алдымен, жүйе және жүйеден тыс өмір сүре алмайды, жүйенің өзінің мәнді болуы сөзсіз»,— дейді (Реформатский 73, 274).

Түрлі қатынастар арқылы мағынаны анықтау А. А. Реформатскийден бұрын да совет тіл білімінде болған. Мысалы, Ю. Д. Апресян 1963 жылдың өзінде-ақ: «Қазіргі семиотикада лингвистикалық форманың мағынасы (сөздің — О. М.) ұғыммен де, заттармен де, әйтеуір бір құбылыспен де теңестірілмейді, қатынас ретінде қаралады»,— деп жазған болатын (Апресян 63, 105) *. Қаты-

нас терминін кең түсінуге болады. Сондықтан да қатынас арқылы сөз мағынасын анықтауға әрекет етушілерді үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа сөз мағынасын объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған бейнесі мен дыбысталу арасынан шығарушыларды ендірсек, екінші топқа сөз мағынасын өздері мүше болған жүйе құрамындағы сөздермен ара қатынасынан шығарушылар енеді. Ал үшінші топқа сөз мағынасын олардың сөйлем құрамына еніп, басқа сөздермен байланысынан ғана туады деушілерді енгізуге болады.

Сөз мағынасының объективті дүниедегі заттармен, құбылыстармен белгілі байланысы барлығы анық. Бірақ ол байланысты тек қатынас деп түсіну дұрыс болмайды. Сондай-ақ заттар арасындағы түрлі қатынастар да сөз арқылы екінші біреулерге жеткізілетіндігі де анық. Сонымен бірге дүниедегі заттар арасында да түрлі қатынастың болатындығы шындық. К. Маркс «Капиталда» заттар арасында түрлі қатынастардың барлығын, бірақ заттардың түрлі қасиеттері осы қатынас нәтижесінде жасалынбайтындығын, қатынас негізінде анықталатындығын айтқан болатын (Маркс 23, 67) *. Сөз мағынасы да қатынас негізінде тумайды, ол объектив дүниедегі заттардың не түрлі құбылыстардың түрлі дәрежедегі жалпыланған адам санасындағы бейнесіне негізделінеді.

Сөз мағынасын сөздердің системадағы орны арқылы анықтау қазіргі структурализм өкілдері арасында кең таралған. Тілдің системалы құбылыс екендігін көпшілік ғалымдар мойындайды. Біздің түсінігімізше, система мағына жасамайды, керісінше, сөздердің мағыналық сыбайластығы оларды бір топқа біріктіріп, система ретінде талдауға мүмкіндік береді; ал системаның өзі болса сол мағыналық қарым-қатынастың сырын толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, етістіктерді қозғалу етістіктері, амал-әрекет етістіктері, қарым-қатынас етістіктері сияқты лексико-семантикалық топтарға бөлгенде олардың лексикалық мағынасын негіз етіп алады. Қозғалу етістіктері дегенде қозғалысқа түскен заттың бір орыннан екінші бір орынға өтуімен байланысты мағынаны білдіруіне негізделінсе, қалып етістіктері заттың қалпымен, кеңістіктегі орнымен байланысты болған мағынасына негізделінеді. Кел, кет, бар, жүгір, жел, ұш, еңбекте, жорғала деген сөздерде қозғалу, орын ауыстыру бар. Бірақ бұл етістіктердің біреуі жоқ болса, система ыдырайды деген ұғым тумауы керек, олардың әрқайсысының мағыналық дербестігі бар. Сол мағыналарына қарай белгілі бір лексико-семантикалық топтың құрамынан орын алады.

Сөз мағынасын контекстің қызметіне берушілер өздерінің пікірлерінің дәлелі ретінде сөздердің көп мағыналылығын көрсетеді. Көп мағыналылық тіл тілдердің барлығында да бар құбылыс. Бұл мәселе кейінгі тарауларда арнайы сөз болады. Бірақ көп мағыналылықты контекст жасайды деген пікір дұрыс емес. Контекстің қызметі сөз мағынасын тиянақтау, көп мағыналылықта

кездесетін бытыраңқылықты, екіұштылықты жою болып саналады (Колшанский 80) *. Әрине тілдерде кездесетін «стандартты» болмаған, әлі сіңісе қоймаған тіркестерде контекст мағына жасап тұрғандай көрінеді. Салыстырыңыз: *Бұлт шөгін, жаңбыр жауса, тау мен тасқа, Мұз да еріп, қалмайды су болмасқа* (Майлықожа). *Күннен басқа шілдеде жоқ жауының да, Қалдырмай түк аспан-ның ожауында* (Мырзалиев). *Алаштың адамының бәрі мәлім — Кім қалды таразыға тартылмаған* (Базар жырау), т. б.

Қазір кей тілшілер сөз мағынасын сөйлеумен (речь) байланыстырып, сөйлеу кезіндегі информация берумен анықтауға әрекет етеді. Сөзсіз сөйлеу процесі кезінде сөйлеуші тыңдаушыға белгілі бір информацияны, хабарды жеткізуі қажет. Совет тілшісі И. Ф. Вардуль «...тіл арқылы объектив информация туралы хабар беру мүмкін емес», — дейді (Вардуль 73, 15) *. Автор пікірін ары қарай жалғастырып: «Тіл элементтері тілден тыс жатқан дүние туралы информация бермегендіктен, ол объектив дүние тілшілер үшін парықсыз», «Тілден тыс дүниеге (внеязыковая действительность) сүйеніп тіл семантикасын зерттеу тиімсіз», — дейді (Вардуль 73, 19; Вардуль 77) *. И. Ф. Вардульдың бұл пікірімен келісуге болмайды. Тілдің ойлау арқылы объективтік дүниемен байланысып жататындығын оның өзі де көрсетеді. «Болмысты бейнелеуші ретінде ойлау мен тілдің тығыз байланысты болатындығы сөзсіз», — деген тезис И. Ф. Вардульдың тезисі (Вардуль 73, 9).

В. М. Солнцев сөз мағынасын тікелей жоққа шығармайды. Бірақ таңба теориясымен байланыстыра отырып, тілдің таңбалық қасиетіне тоқталады. Автор тілдік таңбаны екі жақты құбылыс деп танымай, бір жақты құбылыс дейді (Солнцев 77, 1, 17) *, нәтижеде мағына дыбыстық таңбадан тыс жатқан құбылыс болып шығады. Әрине тілшілер арасында тілдің таңбалық қасиетімен пікір таласы бар екендігі анық. Сонда да тіл элементтері қатынас құралы болу үшін белгілі бір информациямен, мағынамен байланысуы сөзсіз, мағынамен байланыспаған таңба қатынас құралының элементі бола алмайды. Дыбысталу мен мағына арасындағы байланыс бұл мәселенің екінші жағы болып саналады.

Қазақ тілінің жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарында, негізінен, сөздің белгілі өзіне тән болатын мағынасы барлығын мойындайды. «Сөз болған жерде мағына болуы — табиғи нәрсе» (Кеңесбаев 75, 15) *. «Сөз біткеннің барлығында да белгілі мағына болады» (Болғанбаев 79, 14) *. Бірақ Ғ. Мұсабаев сөздің мағынасы мен дыбысталуы туралы пікір айта отырып «*Үшін, сайын гөрі* дегендер сөз емес, бірақ мұнда жүйелі дыбысталу бар. Демек дыбысталу мен сөз бір емес, екі айырым ұғым. Сөйтіп, дыбысталу — сөздің басты элементі», — деп жазады (Кеңесбаев 75, 14). Автордың пікірінше мағына болмаса да сөз бола береді. Сөз болу үшін тек жүйелі дыбысталу болса жетіп жатыр. *Үшін, сайын, гөрі* дегендер шылау сөздер. Шылау сөздер-

де (көмекші сөздердің барлығында) лексикалық мағына жоқ деген пікір ерте кезден-ақ бар болатын, бірақ жүйелі дыбысталу сөздің негізі деген түсінікті кездестіре алмаған едік. Жалпы жүйелі дыбысталу деп нені түсінеміз? Барлық тілдерде дыбыстардың белгілі заңдылығы бойынша сөз басында *ң* дыбысы, сөз соңында *д* дыбыстары қолданылмайды. Сондай-ақ ерін дауысты дыбыстары сөздің екінші, үшінші буындарында кездеспейді; *қ, ғ* дыбыстары тек жуан дауысты дыбысты буындардың құрамында ғана қолданылса, *к* мен *г* тек жіңішке дауысты дыбысты буындар құрамында қолданылады. Қазақ тілінде буындардың екі дауыссыздан басталынбауы, екі дауыссыздарға аяқталынатындығы шындық. Бұндай заңдылық өзбек, қарақалпақ т. б. тілдерде де бар. Мысалы, өзбек тілінде сингармонизм заңдылығы жоқ, бірақ дыбыстардың тіркесіп келуінде заңдылық бар. *Б, д* дыбыстары жазылуда сөз соңында жазылса да айтылуда *п, т* дыбыстарындай айтылады (Хозирги 1, 47) *. Сөз басында келгенде *б* дыбысы *м* дыбысындай айтылады. Мысалы, *бундай-мұндай, бурун-мурун, буюм-муюм* т. б. Сөз ортасында екі дауысты дыбыстың аралығында келген *г* дыбысы *и* дыбысына айналып кетеді. Мысалы, *кигизкийиз, сигир-сийир, тегиб-тийиб* т. б. Сөз соңындағы қатаң *қ* дыбысы айтылуда *ғ* болып айтылады. Мысалы, *қуруқ-қуруғ, учуқ-учуғ, башық-бошиғ* т. б. (Хозирги 1, 68).

Тілдің басқа да дыбыстарға байланысты заңдылықтары бар. Бірақ бұлардың барлығы да дәуірлер бойына қалыптасқан, олар мағына мен формалардың арасындағы байланыстың қалыптасуына жағдай жасаған¹. Сондай-ақ қазақ тілінің заңдылығы бойынша езу дауысты дыбыстар сөздің барлық буынында кездеседі. Ал дауыссыздардан *ж, м, с, т, к, қ, н, з* сыяқтылар сөздің барлық деңгейінде қолданыла береді; *ң* тек сөз басында қолданылмаса, *б, д, г, ғ* дыбыстары сөз соңында қолданылмайды. Сондықтан да *бем, ғаж, гек, саж, мез* дегендердің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың қолданылуында қазақ тілінің дыбыс заңдылығына қайшы келетін қасиет жоқ. Демек мұнда заңдылық, жүйелілік бар, бірақ оны сөз деп есептемейміз. Сөз болу үшін жоғарыда мысалға келтірген дыбыстар тізбегі белгілі бір мағынамен байланысып келуі керек. Мағынамен байланыспаған жүйелі дыбысталу сөз де, морфема да емес.

Сөздердің лексикалық мағынасы жоқ немесе сөздер жеке тұрғанда мағына білдірмей контекстің құрамына енгенде ғана лексикалық мағына білдіреді деушілердің барлығы да бірдей сөздердің лексикалық мағынасының табиғатын түсінбейді деу дұрыс болмайды. Мұндай қорытындыға келуіне олардың кейбіреулерінің методологиялық көзқарасы, кейбіреулерінің зерттеу методтарымен байланысып жатқан принципіал мәселелері де жоқ емес. Мысалы, тілді формал методпен зерттеушілердің кейбіреулері сөздер-

¹ Дыбыстардың сөз құрамында келу тәртібі адамдардың дыбысталу мүшелерінің мүмкіндігіне, үн мен салдырдың қатынасуына да байланысты болады.

дің көп мағыналылығы, синоним, антоним, омоним сияқты тілдік қасиеттермен бетпе-бет келгенде өздерінің зерттеу методтарының бұл құбылыстарды түсіндіруге келгенде дәрменсіз екендігіне көздері жеткен. Сондықтан да олар бір сөзде бір ғана мағына бар, оларды алгебралық формулалар арқылы беруге болады деген қағидамен өз жолдарын қорғамақ болады. Осы мақсатта олар полисемантикалық сөздерді (бұлар тілде өте көп кездесетін болса да), синонимдерді, омонимдерді тілден тыс жатқан құбылыс деп есептейді. Мысалы, А. А. Ветров «Омоним мен синоним формаль методтың қолданылу өрісін тарылтады, бірақ оны жоққа шығармайды»,— дей отырып, «Формаль зерттеулерге негізгі тосқауыл болатын синонимдер мен омонимдер деп атауға негіз бар. Бірақ синонимдер мен омонимдер барлық тілдерге тән емес»,— деп қорытынды шығарады (Ветров 73, 38—39) *. Автор бұл пікірін ары қарай жалғастырып, тереңдете түседі де тілдерді тілдік мағынаға сүйенбей, мағынаға көңіл аудармай зерттеуге болады ма деген сұрау қояды. Кітапшада бұл мәселенің дұрыс шешілуі қиын дей отырып, бірнеше (үш) ескертулерден кейін тілді мағынаға сүйенбей зерттеуге болады деген қорытынды шығарады (Ветров 73, 40—41) *. А. А. Ветров бұл пікірін тек сөздерге байланысты ғана емес грамматикалық категорияларға да байланысты қолданады. «Грамматикалық құрылымның дербес екендігі, оның мағынаға байланыссыз екендігі тіл білімінде көптен бері белгілі болатын»,— деп айтса да (Ветров 73, 16), ондай пікір айтқан өзіне дейінгі авторлардың атын көрсетпеген. Ол формаль методтың ғылыми метод екендігін, тілдің ішкі заңдылықтарын ашуға себі тиетіндігін көрсетумен бірге, ондай метод үшін сөз мағынасы, жалпы мағына деген түсініктің жат екендігін де көрсетеді. Тілдің функционалды қатынасын формаль методпен зерттейтін тіл білімінде семантикаға орын жоқ екендігін ескертеді (Ветров 73, 65). Әрине таза ғылыми мақсатта сөздердің, грамматикалық формалардың мағыналарын саналы түрде есепке алмай, олардың тұлғасын не тұлғаларының ара қатынасын зерттеуге болады. Бірақ бұл сөз мағынасын, грамматикалық формалардың мағыналарын жоққа шығару деген сөз емес (Общее 70, 118; Литвин 84, 4) *, тіл элементтерін зерттеудің қосалқы бір тәсілі ғана.

Жалпы тіл білімінде сөздердің лексикалық мағынасын жоқ деушілер «структуралды тіл білімі» деп саналатын ағымның бір саласы — глоссемантика мектебінің бірнеше өкілдерінің еңбектерінде де табылады. Совет тіл білімінде бұл пікірді қолдаушылар түрлі мотивті сылтау етіп, түрліше дәлелдер айтып жүргендіктерін де айтқан жөн болады (Звегинцев 67; Апресян 66; Котелова 75) *.

Жеке сөздердің лексикалық мағынасы жоқ, олар мағынаны сөйлем құрамына енгенде ғана қабылдайды деушілердің бір тобы өздерінің пікіріне дәлел ретінде сөздердің көп мағыналылық қасиеттерін көрсеткендігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Шындығында да полисемантизм тілдердің барлығында кездесетін құбылыс. Олар дыбысталу, жазылуы бірдей, мағыналары басқа-басқа

сөздер. Омоним сөздерге де нақ осындай анықтама береміз, бірақ олар арасындағы семантикалық қатынас негізінде анықталатын категория екендігі анық. Мысалы, зат есім деп есептелінетін *той* сөзі (*Жастардың тойы болып жатыр*) мен етістік болып саналатын *той* (*Тамағыңды жеп тойып алғын да жұмысыңа бар*) сөздері арасында мағыналық байланыс (нақ қазіргі күнде) жоқ. Ал *жаздың басы* дегендегі *бас* сөзі мен *судың басы* дегендегі *бас* сөздерінің арасында мағыналық байланыс бар. Сондықтан да бірінші мысалымызда келтірген *той* сөздерін омонимдік сыңарлар деп санасақ, екінші мысалымызда келтірілген *бас* сөздерін полисемантизм деп атаймыз. Әрине бұлардың аралығында өтпелі кезең болатындығы, көп мағыналы сөздердің семантикалық байланыстары үзіліп омонимдер қатарына өтетін кездері болатындығы анық.

Түркі тілдерінің материалдарына сүйенетін болсақ, полисемантизм зат есімдер, сын есімдер мен етістіктерде көп кездесетін құбылыс. Полисемантизмнің пайда болу, даму заңдылықтары бар екендігі анық. Ол заңдылықтар жалпы семантикалық заңдылықтардан ала бөтен бөлініп жатпайды. Мысалы, *құлақ* сөзін алайық. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде бұл сөздің 4 түрлі мағынасы берілген. 1. Адам мен жануарлардың есіту мүшелері. 2. Бас киімнің құлақты жауып тұратын бөлігі. 3. Заттың ұстауға арналған жері, тұтқасы. 4. Музыкалық аспаптың ішегін қатайтатын немесе босататын тетігі (КТТС-6, 451—452) *. Сөздікте 2, 3, 4-мағыналардың тұсына ауыспалы мағына деп ашып жазып қойған. Демек негізгі, номинативтік мағынасы адамның немесе жануарлардың есіту мүшесі. Бірінші мағына мен екінші мағынаның арасындағы байланыс *құлақ* сөзінің атауы болған заттардың қызметіне байланысты емес, формасына байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, құлақ — бастың қалқиып, екі шетінде көрініп тұратын мүшесі. Бас киімнің құлағы да нақ осындай, басқа мүшелерден ерекше бөлініп, сыртқа шығып тұратын бөлшегі. Бұлар сан жағынан да тура келеді. Бірінші мағына мен үшінші мағына арасындағы байланыс та осы сыртқы ұқсастыққа негізделінген. *Самаурынның құлағы* дегенде осы самаурынның сыртқа шығып тұрған (ұстау үшін арнайы қойылған) бөлшегі. Бұл жерде олар сан жағынан сәйкес келе беруі шарт емес. Мысалы, *қазанның құлағы* үшеу де, төртеу де болады т. б. Демек бұл жерде сөз мағынасының ауысуы ұқсастыққа (метафораға) байланысты семантикалық заңдылық бойынша өтіп тұр. *Құлақ* сөзінің нақ осындай мағынасы барлығын өзбек тілі түсіндірме сөздігінің авторлары да көрсеткен. Олардың қазақ тілінен айырмашылығы сол — өзбек тілінің сөйлеу формасында бұл сөздің қосымша екі мағынасы (біреуі — автомобиль, тракторлардың басқарушы рулі, екіншісі — өсімдіктің жапырақ шығаратын не бүршік шығаратын жері) бар (УТИЛ-2, 616—617) *. Татар тілінің түсіндірме сөздігінде берілген мағынасы да қазақ, өзбек тілдеріндегі құлақ сөзінің мағынасымен сәйкес келеді. Тек татар тілінде оның бесінші мағынасы ретінде жас өркеннің шығарған алғашқы жапырақтарын да *құлақ* сөзі арқылы бе-

ретіндігін көрсеткен. Мысалы, *Уғлан яшьтән, тары колактан беленер* (ТТАС-2, 130) *. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде көрсетілмегенімен, Қазақстанның оңтүстік аудандарында мақтаға, қауын-қарбызға байланысты *құлақ* сөзі қолданылады да, жаңадан жерден шыға бастаған өркенді білдіріп, *қос құлақ, үш құлақ* болып қалды деген тіркес қолданылады.

Ю. С. Маслов жалпы тілдердегі полисемантикалық сөздер туралы сөз қозғай отырып, көп мағыналылық метафора, метанимия, синегдоха сияқты құбылыстар негіз болады деген еді (Маслов 75, 124—130) *.

Көп мағыналылықтың пайда болуында контекстің ролі жоқ па? Көп мағыналылықты контекст жасап тұрған жоқ па сияқты сұраулардың болатындығы анық. Егер көп мағыналылық контексте ғана жасалынады десек, онда контекст мағына жасайды, сөз мағынасы контексте пайда болады деген пікірді қолдаған боламыз. Егер контекст сөз мағынасын жасамаса, онда сөздер (тым болмағанда кей сөздер) жеке тұрғанда да бірнеше мағынаға ие болады деген пікірді қолдаған боламыз. Пікіріміз анық болу үшін мысал алып, талдап көрелік. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ауыз* сөзінің жеті түрлі мағынасы бар деп көрсетілген. 1. Адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі. 2. Дыбыстау мүшесінің бірі, артикуляциялық аппарат. 3. Адам, кісі мағынасында. 4. Бір нәрсенің ашық жағы. 5. Бір нәрсенің кіріп, шығатын жері, есігі. 6. Бір нәрсенің басталар жері. 7. Жараның, ісіктің ашылған жері, үстіңгі жағы, беті. (ҚТТС-1, 476—477) *. Бұл мағыналарды ажыратуда контекстің қызметі болатындығы анық. Сондықтан да полисемантизм туралы пікір айтқан ғалымдар контекстің қызметіне баға беруі дұрыс-ақ. *Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады* дегендегі ауыз сөзі адам мағынасында (бөлшектің бүтін орнына қолданылу заңдылығы бойынша) қолданылып тұрғандығы анық. Жай қараған адамға *ауыз* сөзінің адам мағынасында қолданылуы тек осы контекспен байланыстыдай көрінуі ғажап емес. Шындығында да бұның қасиеті сәл басқашалау. Сөздікте нақ осы мағынада қолданылған бұдан басқа да үш мысал берілген.

Контекстің қызметі көп мағыналы сөздердің мағынасын тиянақтау, қолданылған кезде бір мағыналық қалыпқа келтіру. Екінші сөзбен айтқанымызда, айтушының көп мағыналы сөзді қай мағынада айтылғандығын тыңдаушысына нақты жеткізуінде ғана. Мысалы, *аудар* деген көп мағыналы етістікті алайық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде оның 7 түрлі мағынасы барлығы көрсетілген. *Қырмандағы бидайды күнде аударамыз* десек, тыңдаушы адам бір нәрсені қопару, төңкеру деп те, аттан құлату деп те, бір затты төгу деп те, бір жерден екінші бір жерге көшіру деп те түсінбейді. Керісінше, күнге жайылған бидайдың астыңғы қабатын үстіне (бетіне) шығару деп түсінеді. Демек, затты бір қалыптан екінші бір қалыпқа өткізу мағынасы сөз атауының ауысуына, полисемантикалық сөз ретінде қолданылуына себеп болып тұр. Тек *бидайды аударды* тіркесі ғана емес *мақтаны аударды*,

құмды аударды, шөпті аударды, сабанды аударды сияқты толып жатқан сөздермен тіркесіп астын үстіне қарату мағынасын білдіреді. Бұл—сөздердің көп мағыналылығы тіркесте, сөйлем ішінде келгенде пайда болады деген қағиданың дұрыс еместігін көрсетеді.

Жеке сөздерде мағына жоқ, олардың мағынасы тіркесте, системадағы орнына байланысты болады деушілер мен көп мағыналылық сөйлем ішінде ғана, тіркескен сөздерімен байланысты туады деушілер арасында байланыс бар. Бұл қағидаларды қолдаушылардың екеулері де сөздер жеке тұрғанда лексикалық мағыналары болмайды деген қағиданы қолдайды, сөздердің дербестігін жоққа шығарады.

Совет тілшілерінің көпшілігі жеке сөздердің лексикалық мағынасы барлығын мойындайды. Бірақ сол лексикалық мағынаны қалай анықтау керек, оның негізінде не жатады деген мәселеде аралары ашылып, пікір алалығы туып жатады. Бұл, әрине, тілші ғалымдардың жеке өздеріне ғана емес философтарға да, семиотиктерге де, психологтарға да, информациямен айналысатын ғалымдар арасында да байқалатын жағдай. Сондай-ақ тілшілердің өздері де бұл мәселені бір түрлі түсінбейді. Бұл олардың зерттеу методтары мен көзқарастарына да байланысты. Дегенмен де сөз мағынасы дегенде объектив дүниедегі заттармен байланысы бар, қатынас құралы ретінде қолданылатын тілдің негізгі элементін түсінетініміз рас. Сол үшін де тілшілер мен философтар арасында кең таралған анықтамалардың көпшілігі мағынаны ұғым түсінігі арқылы белгілеуге әрекет етеді. Мысалы, Л. О. Резников: «Біздің ойымызша, сөз шындығында да ұғымды білдіреді, яғни объектив дүниедегі заттардың бейнесін білдіреді»,— деген (Резников 58, 30) *. Әрине ұғым түсінігі мен сөздердің лексикалық мағыналарын тең деп (Абсолют дәрежеде) санамасақ та, бұл екі категория аралығында байланыс бар деушілердің пікірінде шындық бар. Қалай демейік, бәрі бір, марксизм-ленинизм методологиясына негізделген дәйекті зерттеуші сөз бен зат арасында таным процестерінің элементтері, оның ұғыммен байланысып жатқан жақтары барлығын мойындайды. Бұл жерде пікір таласына себепші болып жүрген нәрсе — сөз мағынасы мен ұғым қаншалықты тең түседі немесе сөз мағынасында ұғым элементтері қаншалықты бар деген нәрсе.

Совет тілшілерінің көпшілігі құптаған мәселенің бірі — сөз мағынасының құрамында объектив дүниедегі заттардың белгілі дәрежедегі сәйкес келетін көшірмесі, бейнесі бар деу. «Ең алдымен, сөз мағынасы дегенде сөздердің экстроллингвистикалық бағыттағы, объектив дүниедегі заттарға, олардың қатынасы мен түрлі қасиеттеріне қаратылған, солардың атауы ретінде қолданылуын түсінеміз»,— деп М. Д. Степанова анықтама берсе (Степанова 68, 67) *, Д. Н. Шмелев: «сөз мағынасы — сол не басқа объектив дүниедегі заттардың бейнесі»,— деген пікір білдірген (Шмелев 77, 58) *. Әрине объектив дүниедегі заттар мен болып жатқан құбылыстар сөздердің тікелей лексикалық мағынасы бола

бермейді. Объектив дүниедегі заттар мен болып жатқан құбылыстар сөздердің лексикалық мағынасы ретінде қабылданып, қалыптасқанға дейін бірнеше психологиялық этаптарды басып өтулері керек. Сондықтан да сөз мағынасын тек заттың не амал-әрекеттің санадағы бейнесі десе, онда сөз мағынасы тілдік категория болып саналмастан психологиялық категория болып саналуы керек еді. Бұл — бірінші. Екіншіден, дүние жүзіндегі адамдар объектив дүниедегі заттарды сезінуде, түйсінуде бірі екіншісінен онша алшақ кете қоймайды, бірақ сөздердің семантикасында ондай алшақтық байқалынады. Бұл, әрине, әр халықтың мәдени деңгейіне, әлеуметтік даму сатысына, өмір сүрген ортасына, географиялық жағдайына, тіпті жеке адамдардың өмір тануына да байланысты сияқты. Салыстырыңыз: аринта деп аталатын австриялықтар әкесімен туыс еркектерді *ката* деп атаса, нағашыларын (ер адамдарын) *комуна* деп атайды (Леонтьев 81, 74) *. Қазіргі орыс тілінде бұлай бөлу жоқ, олар үшін бәрі — *дядя*. Бұл сияқты сәйкес келмеу туыстас тілдер арасында да кездеседі. Мысалы, өзбек тілінде *сингил* сөзін еркектер де, әйелдер де қолдана береді. Мағынасы — өзінен жасы кіші қыз балаға байланысты қолданылатын туыс атауы. Қазақ тілінде болса, еркектер өзінен жасы кіші қыз балаларға байланысты қарындас сөзін қолданады. Сондай-ақ *жиен* сөзі екі тілдің екеуінде де қолданылады. Айырмашылығы сол — қазақ тілінде *жиен* сөзі күйеуге шыққан қыздың балаларына байланысты қолданылса, өзбек тілінде ағасының да, інісінің де, қарындасы мен әпкесінің де балаларына байланысты қолданыла береді.

Қорыта айтқанымызда, сөз мағынасы өте күрделі, бірнеше қабаттардан құралатын тілдік категория. Сонымен лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі.

Сөз мағынасы объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың толық бейнесі болып та саналмайды. Дүниедегі заттар мен заттар, құбылыстар мен құбылыстар түрлі қатынаста болады. Мысалы, таза, ештеңемен байланыспаған қозғалыстың өзі болмайды. Қозғалыс белгілі бір кеңістікте, мезгілде болады. Айтылғанның үстіне қозғалысқа түсетін субъект және қозғалыс бағытталған объект те болады. Осы сияқты қарым-қатынастар сөз мағынасының құрамына еніп, бір сөздің екінші бір сөзден ажыратылып жатуына не байланысып жатуына себепші болады. Егер дублет сөздерді есепке алмасақ, кез келген сөз бірі екіншісінен әйтеуір бір семантикалық не семантико-грамматикалық белгісімен ерекшеленіп жатады. Салыстырыңыз: *семіз, жуан, толық*. Бұлар синоним сөздер, бірақ өзара олар да мағыналық реңктері арқылы ажыратылып жатады. Тіпті кейбір сөздер мағына көлемі (аумағы) жағынан тар не кең болуымен де ажыратылады. Мысалы, *әйел* мен *келіншек*, *ұстаз* бен *мұғалім*, *кітап* пен *оқулық* т. б. Сөздер арасындағы мұндай қатынастардың сыр-сипатын ашу үшін

сөз мағынасының ішкі құрылымдық элементтерін жіктеп, талдап көру керек.

Сөз мағыналарының деңгейі, анықтығы барлық сөздерде де бірдей, тең дәрежеде бола бермейді. Сол үшін де атауыш сөздердің лексикалық мағынасы мен көмекші сөздердің мағынасын тең санау дұрыс болмайды. Тіпті зат есімдер мен сын есімдердің, зат есімдер мен етістіктердің мағыналарын тең деп санау жаңсақ пікір топшылауынан туған қорытынды. Зат есім, сын есім, сан есім, етістіктерді бірін екіншісінен ажыратып тұрған олардың категориялы мағыналары емес, лексикалық мағынасы да. Сын есімнің зат есім мағынасында (заттанып) қолданылуы сындық мағынаның мүлде жоғалып, таза заттық мағынада қолданылуымен байланысты емес; бұл олардың әрі семантикалық, әрі синтаксистік қызметінің өзгеруімен байланысты құбылыс.

Сөз мағынасының ара қатынастарының ашылуымен байланысты анықталынатын бір мағыналылық (моносемантизм) мен көп мағыналылық құбылысы бар. Әрине бұл жерде әрі практикалық, әрі теориялық мәселелерге байланысты пікір айтылуы керек. Бұл мәселе кітапта арнайы зерттелінбестен, жол-жөнекей ғана сөз болып өтілді.

Сонымен, сөз мағынасы да күрделі категория делінді. Демек сөз мағынасының құрамында объектив дүниедегі заттардың бейнесі, адам ойының (миының) қызметі негізінде жасалынған жалпыланған, дерексізденген бейнемен бірге тіл заңдылықтарымен байланысты қалыптасқан мағыналық реңктер де енеді. Сондықтан да дыбыс не дыбыстар тізбегі белгілі бір мағынамен байланысқанда сол тілдің заңдылығын да есепке алады. Тіл заңдылықтары сөздерге жеке тұрғанда әсер етпегенімен, сөйлем құрамына енгенде шешуші қызмет атқарады. Күнделікті өмірде және тілдің даму тарихында үздіксіз қайталана берген соң ол тілдік заңдылықтар мағынаның ішкі құрамына да еніп кетеді.

Сөздердің грамматикалық мағынасы

Сөз семантикасы туралы сөз болғанда, ең алдымен, оның лексикалық мағынасы ойымызда болатындығы анық. Бірақ бұл лексикалық мағына сөздің бірден бір мағынасы, басқа мағына болмайды деген сөз емес. Сөздің мағына құрамында лексикалық мағынамен бірге грамматикалық мағынаның да болатындығы анық. Бұл екі мағына бір сөздің бойынан табылғанымен, екеуі бір түрлі қызмет атқармайды. Лексикалық мағына грамматикалық мағынаға қарағанда жетекші қызмет атқарады да объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланысып жатады. Лексикалық мағына дербес, басқа сөздердің мағынасына байланыспай-ақ өмір сүретін болса, грамматикалық мағына лексикалық мағынамен байланыспай өмір сүре алмайды, сөйлем құрамында ғана анық бой көрсетіп, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады не олардың байланысуына себепші болып дәнекер-

лік қызмет атқарады. Сондықтан да сөз мағынасы дегенде лексикалық мағынаны көз алдымызға келтіруіміз заңды. Нақ осы негізде, жай көзбен қарағанда, сөздің лексикалық мағынасы грамматикалық мағынамен байланыспай-ақ, оған сүйенбей-ақ өмір сүретіндей көрінеді. Ал грамматикалық мағына болса, объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланыспайтындай, тек сөйлем құрамында ғана пайда болатындай көрінеді. Шындығында да лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да бір-бірімен өте тығыз байланыста болатын, екеуі де объектив дүниемен байланысып жататын құбылыстар. Айырмашылығы сол — лексикалық мағына объектив дүниедегі заттардың адам санасындағы дерексізденген бейнесімен тікелей байланысып жатса, грамматикалық мағына объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың бейнесімен сатылай байланысады, тілдік заңдылықтарға негізделе отырып лексикалық мағыналардың көмегімен ғана байланысады.

Грамматикалық мағынаның табиғатын анықтауда ғалымдар әлі бір шешімге келе алған жоқ. Қазірше тіл білімінде даусыз, көпшілік құптаған нәрсе—грамматикалық мағыналардың грамматикалық формалар арқылы берілетіндігі, оның бір сөзге емес белгілі бір сөз табына тән болатындығы. Ал грамматикалық мағыналардың басқа мәселелерінде айтылған пікірлер арасында алшақтық, қарама-қарсылықтар бар. Мысалы, сөздердің барлығы бірдей лексикалық және грамматикалық мағыналарға ие болуы шарт па? Жоқ әлде лексикалық мағынаға ғана ие болып, грамматикалық мағынаға ие болмайтын сөздер де бар ма? Не керісінше, тек грамматикалық мағынаға ғана ие болған, лексикалық мағынасы жоқ болатын сөздер кездесе ме деген сияқты сұраулардың жауабы барлық кезде де бір ізді бола бермейді. Тіпті лексикалық мағынасы жоқ, тек грамматикалық мағынаға ғана ие болатын сөздер бар деушілер де кездеседі. Мысалы, түрколог ғалымдардың біразы көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ, оларда тек грамматикалық мағына ғана бар деген тезисті ұсынады.

Көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ деу үстіміздегі ғасырдың алпысыншы не жетпісінші жылдардың жемісі емес. Октябрь революциясына дейінгі дәуірлерде өмір сүрген орыс тілшілерінің еңбектерінде де көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ деген пікірді кездестіруге болады. Мысалы, Ф. Ф. Фортунатов сөздерді «полные» және «частичные» деп екіге бөледі де, «частичные» деген сөздердің бірінші топтан айырмасы жеке мағынаға ие болмауында деп есептейді (Фортунатов-1, 169) *. Автор пікірін ары қарай жалғастыра отырып, көмекші сөздерді күрделі сөздердің бір элементі деп те қараған. Еңбегінің басқа бір жерінде көмекші сөздерді сөз деп санаған кездерін де кездестіруге болады. Салыстырыңыз: «Басқа дыбыстардан ажыратылып, белгілі бір мағынамен байланысқан кез келген дыбыс—сөз. Мысалы, орыс тілінде кездесетін *a* — сөз, себебі бұл дыбыс бізде белгілі бір мағына білдіреді (союз *a*)»,— деген болатын (Фортунатов-1, 132). Ф. Фортунатовтың көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ,

грамматикалық мағына ғана бар деген пікірін А. М. Пешковский ары қарай дамытып, тілде мағынасыз таза формадан ғана тұратын сөздер де болады деген пікірге келеді. (Пешковский 56). Бір ескерте кететін жағдай сол — А. Пешковский сөздерді формалы және формасыз сөздер деп екіге бөледі. Әрине формалы, формасыз сөз термині тіл білімінде онша дами қоймаған. Біздің пікірімізше формасыз, грамматикалық жақтан формаланбаған сөз болмайды, бірақ грамматикалық форма қабылдамайтын да сөздер бар. Мысалы, түркі тілдеріндегі шылау сөздер қосымша қабылдап, белгілі бір парадигма бойынша түрленбейді, демек грамматикалық форма қабылдамайды. Бұдан шылаулар грамматикалық жақтан тұлғаланбаған сөз деген қорытындыға келуге болмайды. Кез келген сөз грамматикалық жақтан тұлғаланбаған, грамматикалық заңдылыққа түспеген, белгілі бір тілдің грамматикалық заңдылығы бойынша қалыптаспаған болады деудің өзі бекер. «Орыс тілінде формасыз сөз жоқ, себебі кез келген сөздің лексикалық мағынасы әйтеуір бір грамматикалық категорияға негізделеді. Сондықтан да грамматикалық мағына сөздердің мағына құрамына енеді де сөйлеу процесінде көрінеді», — деп жазған болатын В. В. Виноградов (Виноградов 72, 34) *.

А. А. Реформатский грамматикалық мағына берудің бір жолы ретінде «бос сөздерді» көрсеткен (А. А. Реформатскийдің термині бойынша «пустые слова»). Әрине, бұл жерде «бос сөз» терминін түсіндіру де керек сияқты. Оның үстіне «бос сөз» терминіне берілген анықтама да жоқ. Дегенмен, кітапта берілген мысалдарға қарай отырып, түркі тілдеріндегі *еркек*, *қыз* сөздері (*erkek kedi*, *dişi kedi*) бос сөз қызметін атқарады деген пікіріне көз жеткізуге болады (Реформатский 67, 302) *. Оқулықта автор өз пікірін дәлелдеу үшін ағылшын, араб және қытай тілдерінен де мысалдар берген. Біз олар туралы сөз еткіміз жоқ. Себебі белгілі бір тілде лексикалық мағына деп жүрген мағына екінші бір тілде грамматикалық мағынаның аясына енетіндігі, не керісінше, бір тілде грамматикалық мағына болып саналатын мағына екінші бір тілде лексикалық мағына аясына енетіндігі аян. Сондықтан да біз басқа тіл материалдарын қазақ тілі заңдылықтарын дәлелдеу үшін тілге тиек етпек емеспіз. Түркі тілдерінің грамматикалық категориялары да, лексико-грамматикалық категориялары да қазақ тілінің грамматикалық, лексико-грамматикалық категорияларымен сәйкес келетін туыстас тілдер, қазақ тілінде жыныстық (род) белгіні көрсету үшін *ұрғашы* (ұрғашы тоқты), *еркек* (еркек бұзау), *ұл* (ұл бала), *қыз* (қыз бала), *қаншық* (қаншық қасқыр), *мегежін* (шошқаның ұрғашысы); жас мөлшерін білдіру үшін (кейде еркелету мағынасы да болады) *бала* (бала мысық), *ата* (ата қаз, ата қораз) *шөже* (шөже қораз), *қозы* (қозы қошқар) сияқты сөздердің қолданылатындығы анық. Сирек болса да зат есімдердің кейбіріне (әсіресе адам аттарына) арнайы қосымшалар қосылып келіп те жыныстық мағынаны білдіретіндей көрінеді. Салыстырыңыз: *Сәлім* (ер адамның аты) — *Сәлима* (әйелдің аты), *Әди-Әдия*, *құда-құдағи*, *мұғалім-мұғалима*, *құнан-құнажын*, *дөнен-дөне-*

жін т. б. Бірақ бұдан біз түркі тілдерінде жыныстық категория бар деген тезисті қолдап отырғанымыз жоқ. Сондай-ақ олар басы артық элементтер де емес. Кейде түркі тілдерінде бір топ сөздер сөйлем құрамына келіп сөздер мен сөздерді байланыстырып тұратын (басқа жағдайда дербес лексикалық мағынасы бар) қызмет те атқарады. Салыстырыңыздар: қазақ тілінде *бір бас пияз, бір топ шаш, бір тал шаш, бір дана кітап, он рет бардым, бір уыс бидай* т. б.; өзбек тілінде *бир бош сигир, бир дона китоб, бир чингал туз* т. б. Келтірілген мысалдарымызда қолданылған *бас, топ, тал, дана, рет, уыс* сөздері дербес лексикалық мағына білдіріп тұрған жоқ, бір сөзді екінші бір сөзбен байланыстырып (нумератив сөздер) тұр.

А. А. Реформатский мысал ретінде келтірген *еркек мысық* деген тіркестегі *еркек* сөзінің (қазақ тіліндегі *ер бала, қыз бала* тіркесімен салыстырыңыз) білдіретін мағынасын грамматикалық мағына деп көрсетуге негіз жоқ. Себебі жыныстық мағына түркі тілдерінде (соның ішінде қазақ тілінде де) грамматикалық мағына ретінде қабылданбайды. Бірақ тілдік ойлауда *еркек, ұрғашы* түсінігін білдіру бар; ол сөз семантикасының (яғни лексикалық мағынаның) үлесіне тиеді. Сондықтан да біз *құнан-құнажын, дөнен-дөнежін, қабан-мегежін, төбет-қаншық, ұрғашы-еркек, тауық-әтеш, байтал-айғыр, саулық-қошқар, құда-құдағи, іні-қарындас, қалыңдық-күйеу* сияқты сөздердің әр сыңарын жеке-жеке сөз деп танимыз. Ал *бір бас пияз, бір тал шаш, он дана қой* деген тіркестердегі *бас, тал, дана* сөздері өздерінің төл мағыналарында қолданылып тұрған жоқ, сөз бен сөзді (сан есім мен зат есімдерді) байланыстырып тұр. Сондай-ақ мұндай қызметте мөлшер мағынасын білдіретін *метр, куб, килограмм, тонна, уыс, тұтам, сығым, литр, аттам* сияқты сөздер де қолданылады. Айырмашылығы сол, бірінші мысалдардағы *бас, дана, тал* сөздері даралау мағынасын білдіріп, өз мағынасынан ауытқыса, екінші мысалдарымыздағы сөздер өздерінің өлшем мағынасын сақтап қалады. Мысалы, *бір метр мата, бір литр су, бір аттам жер, бір уыс топырақ* т. б. Дегенмен де бір де бір түрколог-ғалым *бір бас пияз, бір тал шаш, бір дана жұмыртқа* дегендегі *бас, тал, дана* сөздерін көмекші сөздер не басы артық элементтер деп атаған емес.

Бала мысық, қозы қошқар, қыз бала, ұл бала деген тіркестердегі *бала, қозы* (жас мөлшеріне қарай), *ұл, қыз* (жыныстық белгісіне қарай) сөздері тек грамматикалық мағына үстеу үшін ғана қолданылып тұр деу түркі тілдерінің заңдылығын білмеуден туған нәрсе. Бұл жерде, түркі тілдерінің заңдылығы бойынша, екі зат есім қатар тұрып, қабыса байланысып, алдыңғы зат есім соңғысын анықтап тұратындығын ескермеуден туған пікір.

Анықтауды талап ететін екінші бір теориялық мәселе де бар, ол — сөздердің тіркесуіндегі семантикалық факторлардың қызметі (Щерба 74; Виноградов 69; Косиеру 69; Арутюнова 79) *. Кез келген сөздер өзара тіркесе бермейтіні анық. Сондықтан да *ат үреді, ит мәңірейді, балық жүзеді, жаңбыр түсті* деп айтпаймыз. Әрине әр тілдің сөздерінің тіркесуін бағдарлап тұратын заңды-

лықтарының болатындығы анық. Салыстырыңыз: орыс тілінде көлікпен қозғалу *ехать* сөзі арқылы, жаяу жүру мағынасында *итти* сөзі қолданылса, қазақ тілінде, басқа түркі тілдерінде де, бұл екі сөздің орнына бір ғана *бару* етістігі қолданылады. Ал ағылшын тілінде болса атпен, түйемен немесе есек мініп жүруді *reiten*; машина, пароход, поезд, шана сияқты көлікпен қозғалуды *fahren* сөзі арқылы береді. Мұндай өзгешелік, аз болса да, туыстас тілдер арасында да кездеседі. Мысалы, қарақалпақ тілінде *ат басындай* деген тіркес қолданылады да үлкен деген мағынаны білдіреді. Бұл тіркес қазақ тілінде де бар. Салыстырыңыз; *Ат басындай алтын берді*. Бұл екі тілдегі *ат басындай* тіркесінің қолданылуындағы айырмашылық сол — қазақ тілінде ол тек осы тіркесте ғана қолданылса, қарақалпақ тілінде ол басқа сөздермен де тіркесіп келе береді. Мысалы, *Он ай қушақ көтерди, Ақ жарылып кун тууды, Ат басындай ул тууды* (Алпамыс).

Сөздер сөйлем құрамына түсіп өзара байланысуы үшін, біріншіден, сөздердің семантикалық мағынасы сәйкес келуі, тым болмағанда, қайшы келмеуі, екіншіден, ұзақ уақыттан бері қолданылып, қалыптасып белгілі заңдылыққа түсуі керек. *Бала мысық* тіркесіндегі *бала* сөзінің мағына компоненттерінде (семаларында) *мысық* сөзінің мағынасымен сәйкес келетін мағыналық сабақтастықтар бар (Э. Қосиеру бұны солидарность — solidaritöten деп атаған). Яғни *бала* сөзінде 1) адамның ұрпағы, 2) жас ұрпағы, 3) еркек ұрпағы сияқты семалары бар. Ал *мысықтың болса* жасы, кәрісі болуы заңды. *Бала мысық* дегенде *бала* сөзінің барлық семалары бірдей қатынаспай жас семасы ғана қатынасып, өзіне сай келетін семасы бар *мысық* сөзімен тіркесіп, оның бағыныңқы сыңары ретінде қолданылып тұр. Қабыса байланысатын зат есімдердің алдыңғысы соңғысының сынын не түрлі қасиетін білдіретін заңдылыққа негізделініп *мысықты жас жағынан анықтап* тұр. Қазақ тілі заңдылығы бойынша *жас қошқар* сөзінің орнына *қозы қошқар* тіркесі де қолданылады. *Қозы* сөзінің мағына құрамында да жас семасының бар екендігі анық. Егер *бала*, *қозы* сөздері, жоғарыда келтірген мысалдарымызда, тек грамматикалық мағына үстеп тұр дейтін болсақ, онда оларды грамматикалық форма есептеп, белгілі бір грамматикалық категорияның аясына енгізуіміз керек еді. Бірақ түркі тілдерінде ондай грамматикалық категория жоқ. Еркек, ұрғашы сөздері туралы да осындай пікірге келуге болады. Грамматикалық мағына жеке сөздермен ғана байланысып қоймайтындығы, белгілі бір сөз табының құрамына енетін сөздердің көпшілігіне тән болуы керек еді. Бірақ біз келтірген мысалдардағы *бала*, *қошқар* сөздерінде ондай әмбебаптық қасиет жоқ.

Түркологтар арасында да көмекші сөздерде лексикалық мағына жоқ, тек грамматикалық мағына бар деушілер жиі кездеседі. Барша авторлардың пікірлеріне талдау жасаудың қажеті жоқ деп санаймыз. Себебі түркологияда ондай еңбек бар және жақсы талдау жасалынған (Зейналов 66) *. Сондықтан біз Ф. Р. Зейналовтың пікіріне талдау жасаумен ғана шектелуді жөн көрдік.

Ф. Р. Зейналов көмекші есімдер мен шылауларды, послелогтарды ажыратады да, көмекші есімдер атауыш сөздер мен көмекші сөздердің (шылаулардың) арасындағы категория, олардың лексикалық мағынасы сақталынған деп есептейді. Ал шылаулардың болса, лексикалық мағыналары жоқ деп есептейді. «Послелогтар — тарихи дамудың жемісі. Тарихы жағынан атауыш сөздермен байланысып жатса да уақыт өтуімен олар өздерінің лексикалық мағынасынан айырылып, тек грамматикалық мағына білдіретін дәрежеге жеткен» (Зейналов 66, 29). Автор бұл пікірін ары қарай тереңдете түсіп: «Кей авторлар көмекші сөздерде (аз болса да) лексико-семантикалық мағына бар деген пікірді қолдайды. Олар бір көмекші сөзбен (послелог) түрлі мағыналық реңк білдіру фактісін негіз етіп алады. Олар, біздіңше, ең кем дегенде екі түрлі қатеге жол беріп отыр. Біріншіден, көмекші сөздер өздерінің көмекшілік қызметін нақтылы лексикалық мағынасынан, нақтылы семантикасынан айрылғандығы үшін атқарады. Олардың мағынасы алдындағы сөздермен байланысты түрде ғана анықталады. Екіншіден, ол авторлар лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналарды араластырып жіберген. Әр сөз грамматикалық мағынаны сөйлем ішінде ғана білдіретіндігі, қалыптасатындығы анық. Ол (грамматикалық мағына) грамматикалық көрсеткіштерсіз-ақ білдірілетіні де анық... Соңғы жағдайға (көмекші сөздердегі мағыналарға — О. М.) осы көзқараста қарап, осы көзқараста грамматикалық мағына іздеу керек», — дейді (Зейналов 66-1, 32).

Шылау сөздердің тарихи категория екендігі анық. Көпшілік ғалымдар көмекші сөздердің (шылаулардың) тілдің белгілі бір даму кезеңінде пайда болғандығын, олардың атауыш (толық мағыналы) сөздердің дамуы нәтижесінде қалыптасқандығын мойындайтындығы анық. Сонымен бірге даму процесінде атауыш сөз мағынасының солғындайтыны да, көмекші сөз қатарына өткенде дербес мүше ретінде жұмсалып, жеке сұрауларға жауап бермейтіндігі де шындық. Бірақ бұл көмекші сөздерде лексикалық мағына мүлде жоқ деген пікірге келуге тиянақты негіз бола алмайды. Ал Ф. Р. Зейналовтың екінші пікірі шындап ойлануды, материалдар негізінде жауап беруді талап етеді. Екінші бір ескеретін нәрсе — Ф. Р. Зейналов өз пікірінде дәйекті емес. Салыстырыңыз: «Кейбір шылаулардың (послелогтардың) лексикалық мағынасының болуының себебі — олардың құрамында өтпелі кезеңдегі сөздердің барлығынан; кейбір сөздер көмекші есім мен шылау сөздердің қатарына өтіп, екі функцияда да қатар қолданылатындығынан», — деп жазған (Зейналов 66, 32).

Көмекші сөздер былай тұрсын, атауыш сөздердің құрамындағы лексикалық және грамматикалық мағыналардың шегін ажыратып тұратын нақтылы белгілердің өзі де жоқ. Кез келген сөз, сөз болғандығы үшін де, әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағыналардың жиынтығынан құралып қана бір мағынаны білдіріп, сөйлемнің кірпіші бола алатындай қызмет атқарады. Нақ осы мәселеге тоқтала келіп И. И. Мещанинов: «Әр бір сөз өзінің мағынасына (өзінің семантикасына) ие болады. Мағынасыз, семан-

тисыз сөз — сөз емес»,— деп жазған болатын (Мещанинов 75, 51) *. Лексикалық мағынасыз сөз жоқ. Егер лексикалық мағынасы жоқ сөздер де болады деген пікірді қолдайтын болсақ, онда мағынасыз тек дыбыстардан ғана тұратын сөздер де болады деген тезисті қолдаған болып шығамыз.

Оқулықтарда, ғылыми еңбектерде сөздердің лексикалық мағынасын бөліп алып (*алтын* — әдемі, сары түсті қымбат металл, *ат* — көлік ретінде мінілетін, *арба* — шанаға жегілетін және әр түрлі шаруашылық жұмыстарына пайдаланылатын еркек жылқы), грамматикалық мағыналармен байланыстырылмай-ақ анықтама беріле береді. Нақ осындай грамматикалық мағыналарға да оларды лексикалық мағыналардан бөліп алып анықтама бере береміз. Шындығында сөздердің құрамында аты аталынған екі мағынаның екеуі де жеке-жеке өмір сүрмейді, бірімен екіншісі астасып, біте қайнасып жатады. Грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаның жетегінде болатындығы, тек лексикалық мағынаның негізінде анықталатындығы да талас емес. Сондықтан да грамматикалық мағына тиянақсыз, өздігінен өмір сүрмейтін мағына деп, сөздегі лексикалық мағынаны нақтылай түсіп, оны саралап анықтайтын немесе сөздердің лексикалық мағыналарының бір-біріне өзара қатынасын білдіретін мағыналары грамматикалық мағына деп аталып, соған жуық анықтамалар да беріліп жүр (Аханов 65, 401—402) *. А. А. Шахматов болса грамматикалық мағыналарды лексикалық мағыналармен салыстыра отырып, грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаға ілесіп жүретін (сопутствующие значение) мағына деп айтады (Шахматов 41, 432) *. Бұл типтес анықтамалар соңғы кездерде жарық көрген оқулықтар мен ғылыми еңбектерде де кездесіп қалып жүр. Демек, грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаға сүйеніп қана өмір сүретіндігін көпшілік тілші-ғалымдарымыз мойындайды.

Біз де В. В. Виноградовтың «Сөзге лексикалық негізде анықтама берудің өзі оның грамматикалық жағын мойындау»,— деген тезисін (Виноградов 72, 18) * толық қабылдай отырып, бұл екі категорияның бірін екіншісінен ажыратып тұратын белгілердің бар екендігін де мойындаймыз. Бұл айырмашылықта (лексикалық мағына мен грамматикалық мағына арасындағы) ғалымдар түрліше талдап, түрліше топтастырып жүр. Бізге белгілі болған пікірлерді жинақтай келетін болсақ, оларды былай топтастырып көрсетуге болады:

1. Лексикалық мағына нақтылы болады да грамматикалық мағына абстрактты болады. Дәлел ретінде айтсақ, лексикалық мағына объектив дүниедегі заттардың, іс-процестердің не ұғымдардың атауы ретінде қолданылады да, грамматикалық мағыналарда ондай нақтылылық болмайды. (Ахманова 66; Розенталь 76; Насыров 79; Хожиев 85) *. Соңғы кезде жарық көрген ғылыми грамматикаларда да грамматикалық мағыналарға осы типтес анықтама берілген. Салыстырыңыз: «Грамматикалық мағына — үлкен сөздердің тобын біріктіретін жалпыланған, тіпті абстракцияланған мағына және олар белгілі бір көрсеткіштер арқылы

беріледі» (Иванова 81, 12) *. «Грамматикалық категориялардың грамматикалық мағынасы — белгілі бір амал-тәсілдер арқылы берілетін белгілі бір топ сөздерге не сөйлемдерге тән жалпыланған мағына» (Гак 86, 88) *. Тіпті кей ғалымдар грамматикалық мағына — сөйлем не сөз тіркесі құрамындағы сөздердің ара қатынасын сөйлеушінің өзінің сөйлемде айтылған ойға көзқарасын білдіретін мағынасы деп те есептейді (Гужва 67, 17) *.

Сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын жалпылық пен нақтылық дәрежелеріне қарай ажырату барлық кезде де дәлелді бола бермейді. Мысалы, кейбір дерексіз зат есімдердің лексикалық мағыналары кез келген грамматикалық форманың білдіретін мағынасынан әлде қайда дерексіз ұғымды білдіретіндігі анық. Сондықтан да соңғы кездерде жарық көрген еңбектерде *абстракция*, *бостандық*, *ұғым* сияқты сөздердің мағынасы өте дерексіз екендігін көрсетіп лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның екеуінде де абстракция бар екендігін, бірақ бұл абстракцияның екеуінде өкі түрлі қасиетке ие екендігін көрсетіп те жүр (Новиков 82,8) *.

Әрине кез келген сөздің мағынасында жалпылау бар. Сондықтан В. И. Ленин: «Сезімдер реалдылықты көрсетеді, ой мен сөз жалпыны көрсетеді» (Ленин 29,258) *. «Тілде тек жалпы ғана беріледі» (Ленин 29,261), деп жазған болатын. Бұл жерде сөз мағынасының таным процесімен байланысып жатқан жақтары барлығы анық байқалады. Екінші сөзбен айтқанымызда, сөздердің лексикалық мағынасының құрамында (негізгі элементі ретінде) объектив дүниедегі заттардың жалпыланған адам санасындағы бейнесі жатады. *Үстел* дегенде біз бір ғана үстелге тән болған белгілерді негіз етіп алмаймыз, үстел атаулардың барлығына тән (жалпы) белгіні негіз етіп аламыз. Яғни *үстел* — тамақ ішуге, жазуға арналып, тіреуіш сирақтарға орнатылған үй жиһазы (КТТС-8,370) *. Демек *үстел* дегенде оның формасын жасаған материалын, неге орнатылғандығын т. б. қасиеттерін жалпылаймыз. Бірақ бұл тезистен лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың арасында айырмашылық мүлде жоқ, тең түсіп жатады екен деген қорытынды шығаруға болмайды. Сондықтан да *ағаш*, *шөп*, *адам*, *тас* дегендердің заттық мағынасын, *кел*, *кет* етістіктері білдіретін қозғалыс мағынасын кез келген грамматикалық мағыналар арқылы білдіруге болмайды.

Грамматикалық мағынаның жалпылығын, дерексіздігін лексикалық мағынамен салыстыру сөздердің лексикалық мағынасын анықтауда, олардың мағынасындағы нақтылық пен дерексізденгендіктің дәрежесін анықтауда қажет-ақ. Бұл салыстыруда тек тілдердегі абстракцияланудың дәрежесі ғана емес, дерексізденгендіктің қалай, ненің негізінде болатындығы да анықталады. Е. Т. Черкасов орыс тіліндегі шылаулар (предлогтар) мен толық мағыналы сөздердің лексикалық мағыналарын салыстыра отырып: «Шылаулар мен толық мағыналы сөздердің лексикалық мағыналарының айырмашылығы олардың лексикалық мағыналарының жоқтығында емес, олардың ішкі қасиеттерімен, грамматика-

лық мағынасымен басқаша қатынаста болатындығында»,— деп көрсеткен еді (Черкасов 67,11) *.

2. Лексикалық мағына объектив дүниедегі заттардың, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесімен не белгілі бір ұғыммен байланысты болады да сол сөздің басқа сөздермен байланыспай-ақ білдіретін мағынасы деп саналады. О. С. Ахманова сөздің лексикалық мағынасына нақ осындай анықтама берген. (Ахманова 66,160) *. Ал грамматикалық мағына сөздердің сөйлем ішінде, сөздермен байланысқа түскенде білдіретін мағынасы делінеді. Бұл сияқты анықтамалар көптеген еңбектерде кездеседі. Грамматикалық мағынаның құрамында объектив дүниемен, объектив дүниедегі заттар мен құбылыстармен байланысып жататын мағыналық бөлшектің (семаның) барлығын мойындамайтындардың пікірін екі түрлі түсіндіруге болады. Біріншіден, олардың пікірінше, лексикалық мағына «заттық» болады да, грамматикалық мағынада ондай сема болмайды, тек сөздердің ара қатынасы негізінде туып, сөз бен сөзді әрі мағына, әрі тұлға жағынан байланыстырады. Сондықтан да лексикалық мағына объектив дүниені, объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды белгілі дәрежеде бейнелеп, сәулелендіреді. Тіпті *шайтан, аруақ, мыстан, жын, құдай* сияқты адамдардың қиялы негізінде пайда болған абстракты зат есімдердің мағыналарында объектив өмірмен байланысып жататын, өмірде кездесетін заттар мен құбылыстармен сыбайласып жататын мағыналық элементтер бар. Салыстырыңыз: ертегілерде кездесетін мыстандарды біз белі бүкірейген, шашы алба-жұлба, ниеті жамандық қылу, анда-санда бір тісі бар, кигені тоқым сияқты тігілген, бойы аласа, тырнақтары өскен сияқты толып жатқан жаман қасиеттерді бойына жинаған кемпір (шалды емес) деп түсінеміз. Олар көп халықтың ауыз әдебиет үлгілерінде (қазақ, өзбек, орыс, қырғыз, тәжік т. б.) жауыздықтың шыңына шыққан мифтік күш ретінде суреттеледі. Егер өмірде, жоғарыдағыдай мыстанның бойына жинақталынған бейнелер кездеспесе, онда мыстан бейнесі де, түсінігі де болмаған болар еді. Мәдениеттің төменгі сатысында адамдар осы қасиеттерді жинап, бір адамның басына үйіп, жасанды жиынтық бейне жасаған. Мұндай жасанды бейнелердің өмірдегі заттармен байланысы, жасандылығы бір деңгейде бола бермейді. *Құдай, аруақ* сөздерінің мағынасы мен *су перісі, ұшқыш кілем* сияқты сөздердің мағынасын салыстырып қарасақ, бұл анық байқалады.

Грамматикалық мағыналардың объектив дүниемен тікелей байланысы болмайды, олар тек сөйлем ішінде ғана бой көрсетіп басқа сөздермен байланысқанда ғана анықталатындықтан олар сөйлем ішінде туып, қалыптасады деген пікір бар. Біздіңше соңғы пікір дұрыс емес, грамматикалық мағыналар да объектив дүниені бейнелейді, сәулелендіреді, солармен байланысады.

Сөздердің лексикалық мағынасының объективті дүниені сәулелендіруі мен грамматикалық мағынасының объективті дүниені сәулелендіру дәрежесін теңестіруге болмайды. Сондай-ақ көпші-

лік ғалымдар сөздердің лексикалық мағынасының табиғатын анықтауда пайдаланып жүрген семантикалық үш бұрышты грамматикалық мағынаның табиғатын анықтауда пайдаланып болмайды. Яғни сөздердің лексикалық мағынасы объектив дүниемен тікелей байланыспай адам миының қызметі негізінде байланысса, араға ойлау процесін салса, грамматикалық мағына объектив дүниемен лексикалық мағына арқылы байланысады. Басқаша айтқанда, грамматикалық мағына лексикалық мағынаның жалпылануы, дерексізденуі, әмбебапты сипатқа ие болуы арқылы ғана байланысады. Осы жалпылаудың негізінде грамматикалық мағына жеке сөздерге тән болмастан, белгілі бір сөздердің тобына (дұрысырағы — сөз табына) тән болады. Мысалы, шақтық мағына етістіктің барлығына тән болса, жекеше, көпше мағынасы барлық зат есімдерге тән мағына болып саналады т. б. Осы грамматикалық мағынаның сөздердің тобына тән болатындығынан, олардың объектив дүниедегі заттар мен құбылыстармен тікелей байланыспайтындығынан кей ғалымдар оларды формаль мағына; лексикалық мағынаның объектив дүниемен байланысын, соның атауы болатындығын, жеке өздері тұрып та мағынаға ие болатындығын ескеріп, соңғы мағынаны атауыш мағына деп ажыратуларына себепші болып жүр.

Грамматикалық мағынаны формаль мағына дегенде оны лексикалық мағынаға қарсы қойып, атауыш қызметімен байланысы жоқ деп түсіндіреді. Шындығында да грамматикалық мағына объектив дүниедегі заттар мен ондағы құбылыстармен ешқандай байланысы жоқ па? Грамматикалық мағына туралы пікір айтқан ғалымдардың барлығы да бұл мәселеге тоқталып (қаласа да, қаламаса да) өз пікірлерін айтқан. Бірақ олар грамматикалық мағынаны арнайы зерттемегендіктен не құпталған қағидаларды қолдайды, не грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаға байланыспай өмір сүре алмайтындығын негіз етіп алады да грамматикалық мағына сөйлем ішінде өмір сүреді, объектив дүниемен байланыспайды деген қорытындыға келеді. Қазіргі тіл білімінің даму деңгейі бұл мәселеге арнайы тоқталып, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бірақ біз өз мақсатымызға байланысты мәселеге жанай соғып, бір-екі ауыз сөз айтумен ғана шектелеміз.

Грамматикалық мағына көлемі жағынан лексикалық мағынаға қарағанда кең түсінікті қамтиды да, олар іштей күрделі қабаттардан құралады. Сондай грамматикалық мағыналардың бір түрі — категориялды мағына деп аталынатын мағына. О. С. Ахманова категориялды мағынаға: «Лексикалық мағынаның үстіне қосылатын жалпыланған (дерексізденген) мағына», — деп анықтама берген (Ахманова 66,162) *. Тән алынған қағида бойынша зат есімнің заттардың атауы болуы, сын есімнің заттардың сындық белгісін білдіруі, етістіктің заттың амал-әрекетін, қалпын, қозғалысын т. б. білдіруі зат есімнің, сын есімнің, етістіктің категориялды мағынасы делінеді. Демек бұлар да формаль мағынаның құрамына ену керек. Бірақ зат, заттардың түсі, дәмі, исі, амал-әрекеті, объектив дүниедегі заттардың көрінісі, қозғалысы,

қалпы шындық емес пе? Олар біздерге байланысты емес, объектив қасиетке ие. Нан қандай объективті дүниедегі зат болса, сындық сапа да, қозғалыс та сондай объективті қасиетке ие. Тіпті таза грамматикалық мағына делініп жүрген көптік, септік, тәуелдік жалғауларының, шақ көрсеткіштерінің т. б. мағыналары да объектив дүниемен, ондағы заттар мен құбылыстармен байланысып жатады.

Грамматикалық мағына мен лексикалық мағыналардың объектив дүниені сәулелендіруінде теңдік жоқ. Сондай-ақ лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды не заттардың белгісі мен өзара қарым-қатынастарын жалпылайды, бірақ лексикалық жалпылау мен грамматикалық жалпылау арасында айырмашылықтар бар, әр қайсысының өз заңдылықтары, өз жолдары бар. Лексикалық жалпылау заттар туғызған түйсіктер негізінде болады. Сол түйсіктер арқылы пайда болған сигнификаттық мағынаны біртіндеп белгілі бір дыбыстар комплексіне таңады да сөздердің лексикалық мағынасына негіз жасайды. Адамдардың қатынас құралы қызметін өтеу жолында сөздер ұзақ уақыт қолданылып, сан рет қайталанатын. Нәтижеде сөз бен сөздің, сөздердің грамматикалық мағыналары арасындағы ұқсастықтар анықталып, ұқсас белгілер жалпылана береді. Осы жалпылану белгілі бір дәрежеге жеткенде ғана грамматикалық мағынаның қалыптасуына жағдай жасалынады. Олардың даму жолын грамматикалық формалардың этимологиясымен байланысты болған зерттеулер негізінде де анықтауға болады. Оқулықтардағы грамматикалық мағыналардың заттық мағыналармен ешқандай байланысы жоқ деген қағидалар жоғарыдағы процестерді ескермеуден туған.

Лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың қалыптасу жолдары мен заңдылықтарын теңестіруге болмайды. Лексикалық мағына түйсік арқылы қабылданып, адам миының қызметі арқылы жалпыланған, қоғам мүшелері құптаған, белгілі бір дыбыс не дыбыстар комплексімен шартты, тарихи байланысқа ие болған тілдік түсінік. «Сезімдік қабылдау предметті береді, парасат оған ат қояды. Сезімдік қабылдауда жоқ нәрсе парасатта да жоқ, бірақ сезімдік қабылдауда шын бар нәрсе парасатта номиналды түрде, аты жағынан ғана болады»,— деген еді В. И. Ленин (Ленин 29, 76) *. Грамматикалық мағына да осы сезім арқылы қабылданады, бірақ ол тікелей сезім арқылы қабылданған заттар мен құбылыстардың бейнесіне сүйенбейді, сөздердің лексикалық мағынасына сүйенеді. Демек лексикалық мағына дерексізденіп, жалпылық қасиетке ие болып грамматикалық мағынаға өтеді. Ақын мен жазушылар, ғалымдар сөз саптағанда өз мақсаттарына қарай сөздердің мағынасын есептей отырып таңдайды, бірақ грамматикалық мағыналардың барлығын олай сұрыптай алмайды. Грамматикалық мағыналардың қолданылу заңдылықтары жеке адамның еркінен тыс жатады. Сондықтан да Б. Н. Головин: «Шамасы, мағына жеке адамдардың бақылауына бағынбайды»,— деп дұрыс айтқан (Головин 79, 77) *.

3. Грамматикалық мағына өздігінен өмір сүрмейді, лексикалық мағынаға негізделіп, соған жалғасып қана өмір сүреді. Бұл барлық грамматикалық мағынаға тән қасиет. Бұл белгіні кей ғалымдар басты қағида етіп алып, грамматикалық мағынада ешқандай дербестік болмайды деп те жүр. Бірақ бұл грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаға тәуелді екендігінен, грамматикалық мағына сөйлем ішінде ғана пайда болады, оның негізінде таным процесімен байланысып жатқан элемент жоқ деген қорытындыға алып келетін негіз жоқ. Дегенмен де грамматикалық мағынаның сөйлемнен тыс өмір сүрмейтіндігі, керегі де болмайтындығы тағы да шындық. Грамматикалық мағынаның тек сөйлем ішінде ғана жасалынбайтындығы, таза сөздердің қатынасынан ғана пайда болмайтындығы оның құрамында объектив дүниемен байланысып жатқан мағыналық элементтердің болғандығында жатыр. Ол туралы біз жоғарыда айтқанбыз. Ал грамматикалық мағынаның лексикалық мағынаның жетегінде келіп, соған тәуелді болу қасиеті мен сөйлем ішінде ғана қолданылып, анықталуы грамматикалық мағынаның шеңберінің өте жайылыққы, дерексізденген дәрежесінің өте жоғары болуынан деп түсінген дұрыс. Міне осы грамматикалық мағынаның дерексіздену дәрежесінің күшті болуы, шеңберінің өте жайылыққы болуы оның белгілі бір лексико-грамматикалық топтағы сөздердің барлығына (тым болмағанда көпшілігіне) бірдей тиісті болуына себепші болған. Мысалы, шақ және көсемше категорияларының етістіктердің барлығына бірдей тиісті болуы сияқты.

4. Егер лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың ара қатынасын салыстырып қарайтын болсақ, лексикалық мағыналар жеке сөздерге тән болады да олар сан жағынан көп болады. Ал грамматикалық мағына ондай қасиетке ие емес, сан жағынан шектелінген. Сондықтан да тіл білімінде лексикалық мағына белгілі бір зат не құбылыстардың атауы ретінде қолданылады деп, грамматикалық мағынаны, жалпы дерексізденген, белгілі бір сөз таптарының барлығына тән мағына деп көрсетеді (Русский 79, 59) *. Грамматикалық мағынаның сан жағынан аз болуы (Милославский 81, 17—21) *. сөздердің өзара тіркесінің біршама тұрақты болуына, сөйлем құрамының бірыңғай болуына жағдай жасайды. Бірақ бұл жерде грамматикалық мағынамен байланысып жататын, одан күрделірек түсінік-тілдік норма да ықпалын тигізетіндігі анық.

Тіл теориясын жасаушы ғалымдар барлық грамматикалық мағынаның қалыптасу заңдылығын, олардың даму этаптарын толық көрсетіп бере алатын еңбек жазып, заңдарын анықтап бере алған жоқ. Грамматикалық мағыналар мен категориялар туралы жазылған еңбектерде азын-аулақ пікір айтылып, жалпы заңдылықтар көрсетілген. Көпшілік ғалымдар грамматикалық мағына лексикалық мағынаның негізінде жасалынатындығын, грамматикалық форманың жеке сөздердің мағынасының дерексізденуі, тұлғасының ықшамдалынуы нәтижесінде пайда болатындықтарын мойындайды (Серебренников 55; Будагов 55; Головин 73; Бондарко 76) *.

Түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың этимологиясын ашып, олардың мағыналарының даму жолдарын көрсетіп бере алмасақ та этимологиясы анықталған қосымшаларға сүйене отырып, азын-аулақ пікір айтуға болады. Салыстырыңыз: қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақтың қосымшасы болып саналатын *-ады, -еді* (III жақта) жұрнағы дағдылы амал-әрекетті білдіріп, әрі осы шақ, әрі келер шақ мағынасында қолданыла алады. Негізінен *-ады, -еді* қосымшасы — үшінші жақ, осы шақтың қосымшасы (кейбіреулер бұл қосымшаны көсемшенің *a* жұрнағына *-ды, -ді* қосылу арқылы жасалынған дейді). Бірінші және екінші жақтарда ауыспалы осы шақ мағынасы көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтарына жіктік жалғауларының қосылуы арқылы жасалады. Кейбір түркі тілдерінде ауыспалы осы шақ үшінші жақта да тек көсемше жалғауы арқылы жасалынатындығы анық (Оразов 80) *. *-Ады, -еді* қосымшалары XI—XIV ғасырларда қолданылмаған, оның мағынасын *-а туруп, -е туруп, -а тур, -е тур* аналитикалық формат осы шақ мағынасынан басқа қимылдың созылыққылығы, нақтылығы сияқты мағыналарды да қоса білдірген. Мысалы, *Этіл сұны ака туруп* (М. Қашғари). Уақыт өтуімен байланысты *туруп* көмекші етістігі өзінің толық формасын ықшамдатады (гаплогогия құбылысына ұшырап) да толық мағыналы сөз ретінде қолданылатын *тур* етістігімен бәсекеге түседі, параллель қолданылады. Басқа қалып етістіктері қатысқан аналитикалық формалардың ықпалымен *бара туруп > бара тур* қимылдың созылыққылығымен бірге шақтық мағынада да қолданыла бастаған. Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын *балық суда өмір сүреді, ит үреді* сияқты мысалдардың құрамында қолданылған *-ады, -еді* қосымшаларының мағынасында сол кездегі қалыпты, дағдылы өмірді білдіретін мағыналық реңк сақталынған. Біздіңше *-а туруп* аналитикалық формасының осы шақ мағынасында қолданылуында оның мағынасындағы созылыққылық, қалыптық мағыналары да себепші болған.

Қазіргі қазақ тілінің біршама түркі тілдерінен айырмашылығы көмектес септігінің болуында. Көпшілік түркі тілдерінде бұл септіктің мағынасын шылаулар арқылы береді. Мысалы, өзбек тілінде *билан*, әзірбайжан тілінде *илән, илә* т. б. Шығу тегі жағынан қазақ тіліндегі көмектес септігінің қосымшасы да осы шылаумен байланысы бар, бірақ олар *о баста бірлан* (бірігу) етістігінен өрбіген. Қазіргі кезде көмектес септігінің мағына құрамында *бірлән* сөзінің етістік мағынасынан жұрнақ та қалмаған, бірақ дерексізденген мағыналық байланыс бар (екеуінде де бірлестік мағынасы бар). Егер бірлән етістігімен көмектес септігінің мағыналарын салыстырып қарайтын болсақ, соңғысының мағына шеңберінің бір шама кеңейгендігін, жаңа мағыналық реңктерде қолданылғандығын, қолданылу жиілігінің өскендігін байқауға болады. Кез келген қосымша өзінің бұрынғы тұлғасынан (түбір тұлғасынан) әрі мағына шеңберінің кеңейгендігімен, дербестігінің біршама әлсірегендігімен, формасының ықшамдалғандығымен, дербес екінінен ажырауымен, қолданылу жиілігінің өскендігімен

ерекшеленеді. Сондықтан да қазіргі өзбек тілінде қолданылатын *билан* шылауы қазақ тіліндегі көмектес септігі білдіретін барлық мағынаны бере алмауы заңды. Салыстырыңыз: қазақ тіліндегі *машинамен келдім* тіркесін өзбек тілінде *машинада келдим* (жатыс септігі арқылы) тіркесі арқылы аударарды.

Лексикалық мағынаның сөзсіз грамматикалық жақтан көмкеріліп келетіндігін, тұрақталатындығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал грамматикалық мағынаның барлығы да лексикалық мағынамен біте қайнаса бермейтін сияқты. Егер лексикалық мағына грамматикалық мағынаның аясына түспесе, онда ол тілдік категориядан тыс жатқан болар еді. Ол не таным теориясының аясында, не логикалық категорияның (логиканың) құрамында не аяқталынбаған процесс ретінде қабылдануы керек еді, семантикалық жалпылау аясына түспестен тілдік абстракцияға түспеген болар еді. Бірақ лексикалық мағынамен ұштаспаған грамматикалық мағына қатынас құралының бір элементі бола алмайды, грамматикалық форма болса, бос дыбыстар тізбегі болып қалатын еді. Бұны бір кезде акад. Л. В. Щерба «Глокая кузра шпеко буданула борка и кудрячит бокренко» деген мысалмен салыстырған болатын.

5. Соңғы кездерде лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың ара қатынасын анықтауда сөздерде сөзсіз талап етілетін мағыналар мен жеке сөздерге тән мағыналар арасын анықтау принципін ұсынып жүр. И. А. Мельчук, А. А. Зализняк, И. Г. Милославский сияқты ғалымдар грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның айырмашылығы олардың объектив дүниедегі заттармен байланысты болу, болмауымен байланысты емес дейді (Ахманова 61; Зализняк 67; Милославский 81) *. «Мағынаның синтаксистік, номинативтік элементтері грамматикалық (мағына — О. М.) болып саналады»,— деп көрсетеді А. А. Зализняк 67, 24) *. Ал И. Г. Милославский болса А. Зализнякқа сілтеме жасай отырып: «Кез келген сөз-тұлға (словоформа) бірнеше мағына элементтерінен тұрады. Әсіресе олардың ішінен синтаксистік және номинативтік мағына бөлектеніп тұрады. Номинативтік мағына дегенде біз объектив шындық дүниені бейнелеуді түсінеміз»,— дейді (Милославский 81, 17—18). Бірақ олар грамматикалық мағынаны лексикалық мағынадан ажыратудың екі түрлі белгісін: 1) сөзсіздік, мәжбүрлік (обязательность); 2) тұрақтылықты (регулярность) көрсетеді (Зализняк 67, 25; Милославский 81, 19); Шындығында да белгілі бір лексико-грамматикалық топқа кіретін сөздердің мағыналарын салыстырып қарайтын болсақ, олардың мағына құрамында сөзсіз қайталанып тұратын мағыналық элементтер-семалар кездеседі. Мысалы, етістіктердің барлығының мағына құрамында амал-әрекетті, қозғалысты не қалыпты білдіретін немесе шақтық мағынаны білдіретін элементтер бар. Сондай-ақ зат есімдердің мағынасында жанды, жансыз заттарды, деректі және дерексіздікті білдіретін семалардың болуы шарт. Бірақ бір семаны барлық зат есімдерден не етістіктерден талап ету шындыққа сәйкес келе бермейтіндігі анық. Салыстырыңыз:

қозғалу, бір орыннан екінші бір орынға өту семасы барлық етістіктерде жоқ, тек қозғалу етістіктерінде ғана бар. Сондай-ақ бір информацияны екінші біреуге хабарлау, жеткізу семасы қозғалу, амал-әрекет етістіктерінде жоқ. Зат есімдерді оқулықтарда деректі және дерексіз, жалпы және жалқы болады деп бөлу дәстүрі бар. Бұлай бөлуді де сөз құрамындағы бір семаның болу, болмауымен байланысты түсіндіруге болады. Демек сөзсіздік, тұрақтылық шарты бір лексико-грамматикалық топтағы сөздердің барлығын қамтымаса да, белгілі бір мөлшердегі сөздердің тобын қамтуы керек. Сондықтан грамматикалық категорияларды анықтауда парадигмалық оппозицияға сүйенеміз. Екінші сөзбен айтқанда, жалқы есім мен жалпы есім, жекеше мен көпше, салттық пен сабақтылық жеке-жеке категория деп есептелінгенімен, салыстыра отырылып анықталады. Кейде грамматикалық категория құрамына енетін оппозицияның саны екеуден көп болуы да мүмкін. Салыстырыңыз: етістіктің шақ категориясының оппозициялық қатынасына түсетін мүшелерінің саны үшеу, септіктерде — жетеу, т. б.

Бір тілде грамматикалық мағына болып саналатын семантикалық элемент екінші бір тілде лексикалық мағына бола алатындығын біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл ерекшеліктерді де осы сөзсіздік пен тұрақтылық негізінде анықтауға болады. Мысалы, орыс тіліндегі зат есімдердің барлығы да белгілі бір род категориясында келуі шарт, сөзсіз және ол тұрақты. Тіркес сайын қолданылғанда зат есімдердің барлығы да (басқалары соған қиыса байланысады) род қосымшасын қабылдап келеді. Түркі тілдерінде де жыныстық белгіні көрсету бар. Мысалы, *бәйбіше, тоқал, саулық, қошқар, айғыр, байтал, бие, төбет, қаншық* т. б. Бірақ бұдан түркі тілдеріндегі зат есімнің барлығы бірдей еркек, ұрғашы болып бөлінуі шарт екен деген пікірге келуге болмайды. Аздаған сөздерде ғана бұндай жұптық белгіге ие болмаса, көпшілік зат есімдерде олай бөліну жоқ. Салыстырыңыз: *нан, адам, аяқ, қол, бас* т. б. Сондықтан да *бәйбіше, тоқал* дегендерді біз бір сөздің екі варианты деместен екі сөз ретінде қабылдаймыз да жыныстық белгіні көрсетуші семаны айырушы сема ретінде көрсетеміз.

Рас қазақ тілінде (басқа түркі тілдерінде де) жыныстық белгіні ажырататын қосымшалар да кездеседі. Мысалы, *мұғалім-мұғалима, Әзім-Әзима, құнан-құнажын, дөнен-дөнежін* т. б. Бірақ бұл қосымшалар да тұрақтылық, шарттылық талабына жауап бере алмайды. Себебі кез келген зат есім *а* морфемасын қабылдап, әйел жынысына тән мағына білдіре алмайды. *Құнажын* дегендегі *жын*, *Сәлима* дегендегі *а* қазақ тілінің төл қосымшасы болып саналмайды. Түркі тілдерінің материалдарына сүйенетін болсақ, *құнан* мен *құнажын*, *Сәлім* мен *Сәлима* бір сөздің екі түрлі тұлғасы емес, екі түрлі сөз.

6. Грамматикалық мағына мен лексикалық мағыналардың ара жігін ажыратуда олардың объектив дүниемен байланысты болу, болмауы; лексикалық мағынаның нақты грамматикалық мағына-

ның дерексіз болуы сияқты түсініктер бірден бір өлшем бола алмайтындығы шындық. Бірақ ондай айырмашылықтардың барлығын жоғарыда айттық. Сондықтан да көпшілік ғалымдар лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналарды ажыратудың негізгі өлшемі етіп олардың берілу жолын, формасын есепке алады. Екінші сөзбен айтқанда түбір морфемалар арқылы берілген мағына лексикалық мағына деп есептелінеді де, грамматикалық форма арқылы берілген мағына грамматикалық мағына деп есептелінеді. Көпшілік оқулықтар мен терминологиялық сөздіктерде нақ осындай «грамматикалық формалар арқылы берілген мағына — грамматикалық мағына болады» деген анықтамалар берілген. Ал грамматикалық формаға «грамматикалық мағынаның берілу жолы» деп анықтама берген (Ахманова 66, 161) *. Бұлай салыстыру — грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаны ажыратудың ең оңай жолы. Бірақ берілу формалары арқылы ажырату грамматикалық мағынаның да, лексикалық мағынаның да негізгі қасиеттерін ашып бере алмайды. Мысалы, категориялды мағына грамматикалық мағынаның құрамына енеді, бірақ түбір арқылы беріледі де, арнаулы грамматикалық формасы болмайды. Сондай-ақ *құнажын*, *дөнежін*, *Сәлима* дегендерде жыныстық мағыналарды білдіретін грамматикалық форманттар бар, бірақ біз олардың мағынасын грамматикалық мағыналардың қатарына қоспастан, лексикалық мағына деп санадық.

Лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналардың ара жігін ажыратуда олардың берілу формаларына қарау екі мағынаның астасып жатқан жақтары мен айырмашылықтарын анықтауда тигізер пайдасы мол. Бұл екі мағынаның көп белгілері анық ажыратылып жатпағандықтан оларды тек санап көрсетумен ғана қанағаттану мүмкін емес. Таза грамматикалық мағына деп жүргеніміздің өзі кей тілдерде лексикалық мағына болып шыға келетіндігі таң қаларлық жағдай еместігін айтқан болатынбыз.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтайтын болсақ, біріншіден, кез келген сөздің әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағынасы болады; екіншіден, лексикалық мағына да, грамматикалық мағына да объектив дүниемен байланысты болады, оны сәулелендіреді; үшіншіден лексикалық мағынаның объектив дүниені сәулелендіруі мен грамматикалық мағынаның объектив дүниені сәулелендіруі тең емес; төртіншіден, лексикалық мағына грамматикалық мағынаға қарағанда дербес, сондықтан да олар грамматикалық мағынаны өз жетегінде алып қолданылады; бесіншіден, лексикалық мағына жеке сөздерге тән болса, грамматикалық мағына белгілі бір сөз табына енетін сөздердің тобына тиісті болады; алтыншыдан, лексикалық мағына түбір морфемалар арқылы берілсе, грамматикалық мағыналар грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сонымен грамматикалық мағына дегеніміз сөздердің лексикалық мағынасына жарыса қолданылып объектив дүниені бейнелейтін, жалпыланған белгілі бір сөздердің тобына тән болып саналатын сөздердің грамматикалық формасы арқылы берілетін мағынасы.

ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Лексикалық мағынаның құрылымы

Сөздің мағына құрылымы семантикалық негізгі мәселесінің бірі болып табылса да әлі толық зерттелінбеген. Бұған оның өте күрделі құбылыс болуы себепші. Рас семасиология бойынша жазылған еңбектерде сөздің мағынасы күрделі екендігі, оның бірнеше кішкентай элементтерден құралатындығы, сол элементтердің сөз мағынасының қалыптасуында үлкен ролі бар екендігі айтылса да, олар әлі бір шешімге келе алмаған (Новиков 82; Плотников 84; Уфимцева 86) *. Тіпті 1927 жылы С. Қ. Огден мен И. А. Ричардс ұсынған, кейінгі ғалымдардың көпшілігі қабылдаған семантикалық үш бұрыштың элементтерінің арақатынасын анықтауда да, түсіндіруде де күні бүгінге дейін бір ізділік жоқ. 1963 жылы МГУ-де болып өткен тілшілер мен философтардың сөз мағынасы туралы симпозиумінде В. М. Мальцев баяндама жасап, сөз мағынасына байланысты мына мәселелердің басын ашып алу керек деген болатын. «Тіл материялық құбылыс па, идеялық па? Жоқ әлде екеуінің қосындысы ма? Ұғым тілдің құрамына ене ме, жоқ әлде осымен байланысты, объектив дүниені бейнелейді ме? Сол заттармен тікелей байланысқа түседі ме? Әлде ұғым арқылы байланысады ма? Сөз мағынасы ұғым ба? Әлде дүниенің жалпыланған бейнесінің бір формасы ма? Сөз мағынасы өзі білдіретін зат емес пе? Әлде дыбыстар комплексінің затпен байланысы ма? Немесе сөз мағынасы ұғым не басқа ой элементтерімен қарымқатынасы ма?» (Мальцев 63, 3) *. Сөз мағынасына байланысты ғалымдардың барлығы да В. М. Мальцев көрсеткен сұраулар айналасында сөз қозғайтыны анық, бірақ бұл сұраулардың күні бүгінге дейін толық және тыңғылықты жауап ала алмағандығы және де шындық. Сонымен бірге жоғарыдағы сұраулар сөз мағынасына байланысты болған барлық мәселелерді толық қамти да алмайды.

Біздіңше, мәселені сөздің лексикалық мағынасын қалай түсінуге болады деген сұрауды талқылаудан бастаған жөн. Егер біз сөз дегенде мағына мен дыбысталудың бірлігін түсінетін болсақ, онда мағына сөздің ішінде, соның құранды бөлшегі ретінде өмір сүреді¹. Ал сөз, өз жолымен, адамзаттың қатынас құралы болатын тілдің элементі ретінде бір информацияны екінші біреуге

¹ Тіл біліміндегі басқа теорияларға талдау кейінгі тарауларда берілген.

жеткізу үшін қолданылады. Сондықтан да кез келген сөйлемде, абзацта айтылған ой сол сөйлемнің, абзацтың құрамындағы жеке сөздердің мағынасынан мүлде алшақ жатпайды, ұзап кете алмайды. Сол үшін Г. В. Қолшанский «Коммуникация өзара байланысқан пікір айту болғандықтан да сөздердің қатынасуын талап етеді және сөздерден сөйлем құрайды»,— деген болатын (Қолшанский 75, 87) *. Бірақ сөйлемнің мағынасын тек сөздердің мағынасының арифметикалық қосындысынан шығаруға да бола бермейтін сияқты. Пікір алысу кезінде адамдар арасында түрлі жағдайлар, психологиялық қалыптарға байланысты эмоциялық мән қосылса, сөздердің өзара байланысынан туатын мағыналық ауытқулар сөйлемде бой көрсететіні анық. Коммуникация, негізінен, екі не бірнеше адамдар аралығында болатындықтан олар (бір-бірімен түсінісулері керек. Сондықтан да бірі екіншісіне айтып жатқан хабардың негізінде жеке адамдарға бағынбайтын, белгілі бір қоғам мүшелеріне, сол тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті мағына болады. Ол мағына объектив дүниедегі заттарды, заттардың қарым-қатынасын, табиғат құбылыстарын т. б. бейнелейді де, белгілі бір дыбыс не дыбыстар комплексімен байланысады. Міне осы дыбысталуден байланысқа түскен, объектив дүниенің бір ұшпағы болып саналатын, қоғам мүшелері тән алған сәулелену лексикалық мағынаның негізін жасайды.

Сөздердің лексикалық мағынасы бір ғана объектив дүниенің және ондағы заттардың қарым-қатынасынан, олардың белгілі дәрежедегі көшірмесінен ғана жасалынбайды. Сондықтан да «Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз заттың, түстің, қимылдың т. б. атауы» деген анықтаманы толық ғылыми анықтама деуден аулақпыз. Тілде заттардың не түрлі құбылыстардың атауы болмайтын, заттардың арасында түрлі қатынастарды білдірмейтін абстракты зат есімдердің бар екендігін де естен шығармау керек. Сондай-ақ сөздің лексикалық мағынасы біздің сезім мүшелеріміз арқылы қабылданған объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың белгісі мен қасиеттеріне де тең түсіп жатпайды; кейде асып, кейде кем түсіп жатады. Мысалы, химияны оқыған, оныншы классты бітірген кез келген совет адамы су дегенде оның мөлдір, сұйық зат екендігін көз алдына келтірумен бірге, судың H_2O (оттегі мен сутегінің қосындысы) екендігін де ойына келтіреді. Бірақ оттегі мен сутегі суды көргенде біздің сезім мүшелерімізге түйсік туғызбайды. Өмір тәжірибесімен байланысқанда ғана түйсік элементтері сөз мағынасының құрамына енеді. Салыстырыңыз: жанып тұрған отқа су құйсақ сөнетіндігін су құймай-ақ білеміз. Себебі ондай тәжірибе өмірде бірнеше рет қайталанған, дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Дегенмен су дегенде біз оның қайнайтындығын, буға айналатындығын, шөлді қандыратындығын, жерге сіңетін сияқты толып жатқан қасиеттерін бірден көз алдымызға келтіре қоймаймыз, оларды сөйлем ішінде белгілі бір ситуациямен байланысты ғана көз алдымызға келтіре аламыз.

Сөз мағынасын, сонымен бірге, ұғыммен де теңестіруге болмайды, бірақ мағынаның құрамында ұғым элементтері болатын-

дығы анық. Сондықтан да сөз мағынасын өте кең көлемде түсіндіруге негіз бар. Бұндай пікірлермен барлық тілші келісе бермейді. Сөз мағынасын алыс, жақын мағына деп (Потебня); номинативті (негізгі), келтірінді, фразалық байлаулы мағына деп (Виноградов) түрліше бөледі. Мұндай пікірлер осы кең түсінікті шектеу, саралау ниетінде туған. Әрине А. А. Потебня мен В. В. Виноградов және оның жолын қушылар сөздің лексикалық мағынасының ішкі құрылымдық элементтеріне талдауды мақсат етпеген, тек сөздің мағына түрлерін ажыратуды ғана мақсат еткен.

Сөздің лексикалық мағынасы ішкі құрылым жағынан да бір монолит, бөлінбейтін түсінік емес. Мағынаның бұл қасиетін, ең алдымен, қолданушы адам мен сол адам мүше болған әлеуметтік ортадан іздеу керек. Әрине кез келген сөйлеуші адам белгілі бір информацияны екінші біреуге жеткізгенде жалаң информацияны ғана хабарламастан оған өзінің жеке басының көзқарасын да жеткізеді. Сөйлемнің грамматикалық белгісінің бірі болып саналатын модалділік осыған негізделінген. Айтушы өз көзқарасын тектен-тек білдіріп қана қоймастан оны беру жолын да, айла-тәсілдерді де ойлайды. Соңғы мақсат айтушы не жазушының сөздің көп мағыналық қасиетімен, антонимдік, синонимдік қатарларынан пайдалануына итермелейді. Мысалы, *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын, Бас ұрып қара жерге сұлағанын. Жапырағы сарғайып, өлімсіреп, Байғұстың кім тыңдайды жылағанын* (Абай). Ұлы Абай бұл өлеңінде қайыңға жан бітіріп, адамша жылатып тұр. Жылаудың адамзатқа тән екендігі, ішкі қайғы-ызаның шектен асып, көзден жас болып ағу екендігі анық. Бірақ қайың ағаштан ондай қайғы-зар сезіндіріп, адамша жылатып тұрған Абай, Абайдың ойы. Жайшылықта ағаш жылады, тау жылады десек қисынсыз болар еді, ал бұл тіркесте ондай жаттық жоқ. Сөз мағынасының құрылымдық элементтерін анықтауда мағынаның барлық қырын қамтуға әрекет ету керек.

Сөз мағынасының құрылымын анықтауда, оның элементтерін белгілеуде ғалымдар арасында бір ізділіктің болмауы, қазіргі күнде бірнеше көзқарастың қалыптасуына алып келген. Сайып келгенде сөздердің мағынасының құрылымдық элементтерін анықтау, көпшілік жағдайда, ғалымдардың сөз мағынасын қалай түсінуімен тікелей байланысты. Мысалы, бір топ ғалымдар сөздің мағынасы сөз бен объектив дүниенің адам санасындағы бейнесінің дыбысталумен қатынасы деп түсінеді (Мальцев 63, 5) *. Тіпті В. М. Мальцев сөз мағынасы оның құрамына енбейді, сөзден тыс жатады деп есептейді. «...Мағына сөздің ішіне бір элемент ретінде енбейді, оның негізін жасамайды, бірақ онымен байланысты, онсыз мән болмайды»,— деп жазады (Мальцев 63, 6). Ал Э. Бенвенист болса, «Тіл элементтерінің мағынасы тілдің жоғарғы сатысының элементі болу мүмкіндігімен анықталады»,— дейді (Бенвенист 74, 137) *. Басқа совет тілшілері арасында да бұл типтес пікірлердің барлығы алдыңғы тарауларда айтылған, пікірлеріне талдау жасалынған болатын. Егер мағына тілден тыс жататын

болса, олар тіл элементтерінің қатынасы негізінде жасалынатын болса, онда сөз мағынасының құрылымы туралы сөз етудің өзі артық болған болар еді.

Екінші бір топ ғалымдар сөз мағынасын ұғыммен байланыстырып анықтауды ұсынады. Мысалы, Л. О. Резников «Біздің ойымызша, сөз шындығында ұғымды білдіреді, яғни объектив дүниенің бейнесін білдіреді» (Резников 58, 30) *. Ал И. С. Топорцев болса, «Лексикалық бірліктің идеялық жағы сезіну, қабылдау, түсінік және ұғым сияқты психологиялық ұғымның біреуімен байланысты»,— дейді (Топорцев 75, 17) *. Әрине сөз мағынасы мен ұғым арасында байланыс бар дегенде аз да болса шындық бар. Бірақ сөз мағынасы мен ұғымды тең деп, барабар қоюға болмайды. Тіл білімінде ол екі категорияны барабар санап, тең қоюшылар кездеседі. «Ешқашан да ұғымның көлемі мен мазмұны, бір жағынан, сөздің мағынасы мен көлемінің, екінші жағынан, арасында айырмашылық болмауы керек... Сөз мағынасы — ұғым»,— деп көрсетеді П. С. Попов (Попов 56) *.

Сөз мағынасын талдауда оның компоненттерінің ішінде ең негізгісі, мағынаның ядросы болып саналатын объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың адам санасындағы бейнесімен байланысып жататын бөлшегі. Бірақ бұл тіл элементтерінің өзара түрлі қатынастары арқылы анықталмайды, керісінше сөздің лексикалық мағынасының негізі болу керек. Совет тіл білімінде сөздің мағынасын осындай қатынастар арқылы яғни заттар мен объектив дүниенің адам санасындағы бейнесінің арасындағы байланыстан шығаруға әрекет етушілер болған. Алдыңғы тарауларда көрсетілгендей түрлі қатынас арқылы мағынаны анықтау нақтылы бір қорытындыға алып келе алмайды, сөз мағынасының құрылымы туралы пікірімізді тереңдете алмайды. Бұл мәселе туралы тіл философиясымен айналысқан ғалымдарымыз да өз пікірлерін білдірген. Мысалы, А. А. Абромян: «Мағына ұғымды сөзге магниттей тартатын күрделі қосындылардың (ингредиент) бір бөлшегі. Ұғым, өз жолымен, қалай болмасын мағынамен бірігеді»,— дейді (Абромян 65, 145) *. Рас сөз мағынасын адам санасындағы объектив дүниенің бейнесі мен сөздердің арасындағы байланыстардан шығаруда айта қаларлықтай қателік жоқ, бірақ өте дәл де емес. Біріншіден, мағына объектив дүниенің адам санасындағы бейнесінен бөлініп жатқан нәрсе де емес; екіншіден, мағына сөзден тыс жасалмайды. Мағынасы жоқ сөз болмайды. Егер мағынаны адам санасындағы объектив дүние мен сөз арасындағы қатынастардан шығаратын болсақ, онда мағына сөздің де, ұғымның да аясына енбеген болар еді.

Сөз мағынасының негізінде адам санасында жалпыланған, дерексізденген объектив дүниенің бейнесі жатады дегенде біз ол бірден бір мағына жасайтын, мағынамен тең түсетін элемент демек емеспіз. Сондай-ақ сөз мағынасы нақтылы неше, қандай-қандай элементтерден құралады деген сұрауға анық жауап бере де алмаймыз. Себебі, біріншіден, мағына да, ұғым да нақтылы көзбен көріп, санауға келетін, не өлшеуге болатын конкретті зат

емес. Екеуі де абстракция, сөз арқылы ғана танылатын құбылыс, екіншіден мағынаның да, ұғымның да көлемі өзгеріп тұрады. Бұл ұғым мен мағынаның тұрақты элементтері жоқ деген түсінікке алып келмеуі керек. Белгілі бір қоғам мүшелерінің барлығына тән алынатын мағына мен ұғымның болуымен бірге жеке адамның (айтушы мен тыңдаушының, жазушы мен оқушының) өмір тәжірибесіне, біліміне, психологиялық қалпына байланысты айырмашылықтардың болатындығын естен шығаруға болмайды. Сөз белгілі бір информацияны білдіру үшін екінші бір сөзбен байланысып, сөйлем құрамында қолданылатындығы да анық. Осындай тіркес нәтижесінде сөздер өз мағынасының бірнеше қырынан көрінеді. Бұрын, тіркеске түспегенде, байқалынбаған мағына белгілі бір тіркестерде анықталып, жеке мағына ретінде бой көрсетеді. Қорыта айтқанымызда, сөз мағынасы бірнеше элементтерден құралады, бірақ объектив дүниенің субъектив бейнесі басқа мағына компоненттеріне негіз болады.

Сөз мағынасының көп қырлылық қасиеті ғалымдардың сөз мағынасын түрлі жақтан талдау жасауына, түрліше топтастыруына негіз болып жүр. Мысалы, А. А. Уфимцева сөздердің атқаратын қызметіне қарай, оларды үшке бөледі. «Сөз, шындығында да, тілдің барлық функциясын қамтиды: номинативтік (атау болу), сигнификативтік (жалпылау) және прагматикалық (эмоциялық және экспрессиялық)» (Уфимцева 74, 39) *. А. А. Уфимцеваның көрсеткен мағыналарының негізінде сөз мағынасының бағытын көрсететін семалар жатыр. Э. С. Азнаурова бұларға қосымша етіп 4-функцияны, стилистикалық функцияны қосады (Азнаурова 77, 86) *. Сөздердің лексикалық мағынасының қалыптасуында бұл төрт элементтерден басқа да элементтер қатынасады. Сондықтан да басқа ғалымдар сөз мағынасына талдау жасағанда басқа элементтерді де көрсетеді. Бір ескертетін нәрсе сол — сөз мағынасына талдау жасаған әр ғалым өзінше мақсат қойып, сол мақсатқа байланысты зерттеген. С. Д. Кацнельсон сөз мағынасында ұғым элементтері болатындығын, мағына құрамына енетін ұғым элементтерін интенционал және эстенционал деп екіге бөледі (Кацнельсон 72, 138) *. Демек С. Д. Кацнельсон сөздің мағына құрамында адамзатқа түйсік арқылы қабылданған заттың бейнесі ғана емес, ойдың жалпылаушы қызметі негізінде пайда болған элементтер де бар дейді.

Сөз мағынасын анықтауда екі түрлі жолмен баруға болады. Біріншісі онамосиологиялық жол болып саналса, екіншісі — семасиологиялық жол. Сөз мағынасын онамосиологиялық жолмен талдағанда сөздердің мағынасының объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен (денотаттармен) ара қатынасын, сол заттарға берілген аттың (сөздің) берілу принциптерін анықтаса, семасиологиялық жол сол мағынаның қалыптасуын және сөз не сөз тіркестерінің ішкі элементтерінде қалыптасқан (таным процесі негізінде) ұғымның қалыптасу механизмін анықтайды. Екі жолдың да мақсаты бір — сөз мағынасының құрылымдық элементтерін анықтау, қалыптасу жолын белгілеу, бірақ зерттеу методта-

ры басқа. Зерттеу процесі кезінде бұл екі әдістің екеуін де толық пайдалануға болады; семасиологиялық тәсілдің элементтерін онамосиологиялық талдауларда пайдалануға, яки керісінше, болады. Заттарға ат беру, бір нәрсенің атауы болудың өзіндік заңдылықтары, әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар. Сондықтан да біз семасиологиялық принципті негіз етіп алдық, бірақ онамосиологиялық принципті де ұмытқанымыз жоқ. Семасиологиялық принцип сөз мағынасының құрамында объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың адам санасындағы бейнесімен, адамдардың ойлау процесі негізінде қалыптасқан жалпылаушы элементтермен астасып жататын мағыналық элементтің барлығын мойындайды. Сондықтан да сөз мағынасы, ұғым сияқты объектив дүниедегі заттардың жалпыланған, дерексізденген бейнесіне негізделінеді де, тілдік элементтермен көмкеріледі. Сөз мағынасын талдағанда, ең алдымен, оның тіл заңдылығы бойынша қалыптасқан мағынасы мен тіл заңдылығына бағынбай генесиологиялық заңдылықтар негізінде қалыптасқан элементтерінің бар екендігін естен шығаруға болмайды. Әрине кез келген экстроллингвистикалық элемент мағына құрамына енгенде тіл заңдылығына бағынып, соның негізінде енеді. Сондықтан да акад. В. В. Виноградов «Сөздің грамматикалық мағынасы грамматиканың талқысына түседі. Сөз — лексикалық және грамматикалық мағыналардың құрылымдық бірлігі. Сөздің лексикалық мағынасын анықтаудың өзі оған грамматикалық сипаттама беру», — деп дұрыс айтқан (Виноградов 72, 18) *.

С. Д. Кацнельсонның пікірімен ұштасып жатқан екінші бір бағыт бар. Ол бағыттың өкілдері сөз мағынасының құрамында сезімдік (эмприкалық) және сезімнен тыс жатқан (вне эмпрический) элемент бар дейді. С. Д. Кацнельсон адамға түйсік арқылы қабылданған сезім интенционалдың бір бөлшегі деп қарайды. «Сол сезімдік бейне заттық мағынаның эмприкалық мәнін жасайды», дегенде осы мақсатты көздеген (Кацнельсон 72, 137). Қазіргі тілшілер арасында эмприкалық және эмприкалық болмаған (сезім мүшелеріне түйсік туғызбаған) мағынаны ажыратушылар көп болмаса да, іс жүзінде, мағынаның құрылымдық элементтерін талдаған кезде, оларды қолдаушылар көп-ақ екендігі байқалады. Тек А. И. Стернин ғана эмприкалық болмаған мағынаның элементтері туралы пікір айтқан, басқалары ол мағына туралы ауыз ашпауы да осыдан. «Эмприкалық болмаған мағына бөлшегінде, бір жағынан, ұғым бөлінсе, екінші жағынан ұғымға қосымша қосылады», — дей отырып, И. А. Стернин орыс тіліндегі *тетушка* сөзінің мағынасын мысалға келтіреді. Оның туыстық мағынасына қосымша еркелету мәнінің барлығын көрсетеді де, оны эмприкалық болмаған мағына деп анықтайды (Стернин 79, 32) *. Әрине тілшілер арасында адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызбайтын, бірақ сөздердің мағына құрамына енетін элементтердің (семалардың) бар екендігін бөліп көрсетушілер табылады. Мысалы, Л. М. Васильев сөз мағынасына арнайы тоқталып, мағынаны үшке бөледі: 1) эмприкалық, 2) рационалдық (ойдың

қызметі арқылы пайда болатын мағына элементі), 3) конотативтік (Васильев 83, 15) *. Автор сөз мағынасының құрылымдық элементтеріндегі эмприкалық элементі адамның сезім мүшесіне әсер етіп, көрнекілік-бейнелік ойлау негізінде қабылданып, ұғым негізінде қалыптасқан объектив дүниенің бейнесі ретінде анықтайды. Рационалды мағына абстракты ойлау негізінде пайда болады. Конотативті мағына бөлшегі — адамдардың көңіл-күйіне, айтушының не жазушының айтылған ойға көзқарасын білдіруімен байланысты болған мағына элементі. Бірақ Л. М. Васильев ертеректе жарық көрген еңбектерінің бірінде сөз мағынасын екіге бөліп: 1) жетекші, 2) бағыныңқы компоненттер бар деген де болатын (Васильев 81, 25) *.

Қазіргі совет тіл білімінде сөз мағынасының құрамынан объективті дүниедегі заттармен байланысты мағына элементін (денотат), адамдардың ойлау қызметі негізінде пайда болған мағына элементтерін (сигнификат) ажырату жиі кездеседі. Ал конотативтік мағына (кейде прагматикалық мағына да делінеді) туралы пікір әлі толық анықталынбағандықтан, нені қамтитындығы әлі шешілмегендіктен көп сөз болмайды. Қазіргі даусыз нәрсе сол, мағынасы тек объектив дүниедегі заттар мен адам ойының абстракциясы негізінде пайда болған мағыналық элементтерден ғана тұрмайды. Егер жоғарыда аты аталынған екі элемент қана мағына жасаса, онда мағына тіл білімі аясынан шығып, логиканың не психологияның категориясы ретінде бой көрсеткен болар еді.

Сонымен бірге көрнекті тілші ғалымдардың бір тобы Л. М. Васильев сияқты, мағынаның белгілі бір элементтері жетекші, екінші бір тобы оған көмекші, қосалқы, толықтырушы болады деген қағиданы ұсынады. Әрине бұл пікірде шындық бар, егер бұл тек сөздерге байланысты айтылған болса. И. В. Арнольд ағылшын тілінің стилистикасына байланысты жазған зерттеуінде тіл арқылы берілетін информацияның екі түрлі болатындығын көрсетеді. Информацияның бірінші түрі қатынасу актісінен (коммуникативтік акт) тыс тұрады да тек заттар туралы хабарлайды. Екінші түрі — қатынас құралының элементтері ретінде қатынасады (Арнольд 73,6) *. Кітаптың басқа бір бетінде: «Информацияның бірінші бөлімі сөздердің денотаттық мағынасымен сәйкес келеді де, ол ұғым деп аталынады. Ұғым арқылы, таным теориясынан белгілі, объектив дүниені сәулелендіреді, денотаттық мағына сыртқы дүниемен байланысады. Пікір алысудың екінші бөлігі сөйлесуге қатынасушылармен, олардың жағдайларымен байланысты болып, конотацияға тең келеді. Оған эмоция, экспрессия, бағалау және мағынаның стилистикалық компоненттері енеді. Бірінші бөлім — сөзсіз, екінші бөлім — конотация-факультатив», — деп жазады (Арнольд 73, 105). Егер сөз мағынасының құрамындағы грамматикалық мағынаны денотаттық мағына құрамына қосып жіберсек (шындығында да грамматикалық мағына деп саналмайтын категориялды мағынада объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың субъектив бейнесі анық байқалынады), онда сөз

мағынасының адамға заттардың түйсік туғызуы негізінде қалыптасқан және ойлау негізінде пайда болған мағыналық бөлшектердің барлығына сенім туғызып, түйсіктік немесе сезімдік және түйсік туғызбайтын, ойлау процесі негізінде пайда болған абстракты-жалпылаушы мағыналық бөлшектерден тұрады деуге болады. Бірақ бұл жағдайда тілдің коммуникативтік қызметі есепке алынбайды. Сондай-ақ сөздердің ауыспалы мағынасы, фразеологиялық байлаулы синтаксистік шартты мағыналарында да тек ойлау мен объектив дүниенің бейнесіне негізделген мағыналық элементтер ғана бар десек, жаңылысамыз. Салыстырыңыз: *қой аузынан шөп алмайтын* — момын; *сан соғу* — өкіну; *сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарау* — ықтияткершілік т. б. Әрине фразалық тіркестердің беретін мағыналарын жеке сөздер арқылы беруге мүмкіндік болса да, фразалық тіркестерде жеке сөздердің мағынасына сыймайтын мағыналық элементтер бар. Сондықтан да *сан соғып қалу* тек өкіну ғана емес, қапыда қалып, қатты өкіну; *қой аузынан шөп алмайтын жігіт* тек момын ғана жігіт емес, ештеңемен жұмысы жоқ, өзімен өзі болып жүретін жігіт, т. б.

Сөз мағынасының құрылымдық элементтеріне талдау — сөздердің сөйлемде қолдануымен де байланысты зерттелінген. Біздіңше, сөз мағынасына тіл элементі ретінде де, сөйлеу элементі ретінде де талдау жасау қарама-қайшы екі түрлі пікірге алып келмейді, керісінше бірін-бірі толықтыратын қорытындыға алып келеді. Мысалы, академия шығарған, «Жалпы тіл білімі» оқулығында: «Сөз мағынасы, схемалы түрде айтқанымызда, мынадай элементтерден құралады: 1) сезу арқылы объектив дүниедегі заттардың бейнесі негізінде жасалынған, затты танытатын элемент, яғни субъектінің практикасында объектімен қатынасы; 2) бұл мағынаға (содержание) коммуникативтік баға, немесе қатысушының амал-әрекетке көзқарасы», — деп сөз мағынасын екі элементке бөлген (Общее 70, 400) *. Оқулық авторлары (тарауды жазған К. Г. Крушельская) екінші абзацта бұл екі компонентті сөзсіз қажетті элемент деп атайды да, оған қосымша үшінші элементтердің де бар екендігі, бірақ сөзсіз қажет болмайтындығын да көрсетеді. Ол элементті эмоционалды-экспрессивті, айтушының не жазушы адамның көзқарасын білдіретін элемент деп санайды (Общее 70, 401). Демек оқулықта әрі атау, әрі пікір білдірудің элементі ретінде бағаланған. Сондықтан сөздің мағынасында әрі танымдық, әрі коммуникативтік элементтер бірігеді де, сөздің екі жағы ретінде қалыптасады; сөз ұғымды білдіреді және пікір алысу кезінде заттарды да білдіреді деп қорытынды жасайды (Общее 70, 401).

Үшінші бір ғалымдар сөз мағынасын анықтауда сөйлеу процесі кезінде қолданылуын және тіркестегі білдіретін мағынасын (информациясын) негіз етіп алады. Мысалы, В. Н. Комиссаров аударма теориясымен байланысты сөздердің эквивалент болу, болмау қасиеттеріне талдау жасай отырып, сөздердің білдіретін 10 түрлі информациясы бар деп көрсетеді. В. Н. Комиссаровтың

көрсеткен 10 түрлі информациясының барлығы бірдей сөз бойынан табыла бермегенімен, тілдік элементтерде (барлық тілдерде де) толық кездеседі. Олардың берілу жолдары басқашарак болуы мүмкін. Мысалы, сөздердің білдіретін бірінші информациясы заттық мағынаны білдіру, автордың тілімен айтқанда, денотатты теңестіруші информация (Комиссаровтың еңбегінде *информация, содержание, значение* терминдері синоним ретінде қолданыла берген). Бұндай информация денотаттың барлығын білдіріп, оның атауы ретінде қолданылады. Екінші информация денотаттардың жеке белгісін көрсетеді. Үшінші информация денотаттың белгілі бір жалпы категорияға кіретіндігін көрсетеді. Бұндай категориялар үшеу: лексико-семантикалық, лексико-грамматикалық және грамматикалық. Төртінші информация тілдік таңбаның белгілі бір қатынас процесінде қолданылатындығын көрсетеді. Бесінші информация эмоцияны білдіреді. Алтыншы информация бір сөздің басқа бір денотатты білдіру мүмкіндігін білдіреді. Мысалы, синоним, көп мағыналылық т. б. Жетіншісі — сөз мағынасында бейнелік не басқа бір шартты байланыстың барлығын білдіреді. Мысалы, метафора, метонимия т. б. Сегізінші информация басқа сөздің морфемалық элементтерінің мағынасын білдіреді. Тоғызыншы информация сөйлесу кезінде белгілі бір сөздің басқа бір сөздермен тіркесіп келу мүмкіндігін көрсетеді. Ал, оныншы информация болса, бір сөздің информациясына (мағынасына) қарсы екінші бір мағыналы сөздің барлығын көрсетеді (Комиссаров 73, 78—89) *. Демек Комиссаров жеке тұрған сөздің өзін ғана алмастан оның сөйлем құрамындағы байланысын, тілдік системадағы орнын да алған. Бірақ автор сөз білдіретін информациялардың алғашқы үш пунктін сөздерде кездесетін белгі деп көрсетсе, қалған жетеуінің барлық сөздерде кездесуінің шарт еместігін, түрлі комбинациялардағы мағына ретінде түбірге қосылатындығын да көрсетеді.


Сөз мағынасының құрылымын анықтауда үшінші бір жол да бар. Ол — компонентті анализ жолымен сөз мағынасын талдау. Компонентті талдау негізінде мағынаны бірнеше кіші бөлшектерге семаларға бөлу жатады. Семалардың табиғатына біз кейінгі тарауларда толығырақ тоқталамыз, дегенмен де семалардың сөз мағынасындағы элементтерді саралауда, анықтауда тигізер пайдасы шамалы. Бірақ семалар сөз мағынасын талдап көрсетуде тигізер пайдасы мол. Салыстырыңыз: *әже* деген сөзде кемінде 4 сема бар: 1) әйел жынысты адам, 2) жасы үлкен, 3) қандық туыстықты білдіреді, 4) әкенің не ананың анасы. Әйел жынысты білдіру тек *әжеге* ғана байланысты емес, *анаға* да, *жеңгеге* де, *сіңліге* де, *қарындасқа* да қатысты сема. Ал жасы үлкендік *ағаға* да, *әкеге* де *анаға* да, *тәтеге* де қатысты сема, бірақ осы төрт семаның біреуі жоғарыдағы сөздерді өзара ажырасып жатуына себін тигізеді. Сондықтан семалық талдау сөздердің өзара қатынасын анықтауда, системадағы сөздердің орнын белгілеуде қажет болады. Сонымен бірге денотаттық, сигнификаттық мағыналардың өздері де бірнеше семаларға бөлініп кете береді.

Егер байыптап қарайтын болсақ, парадигмалық, синтагмалық мағыналар тілдің ішкі заңдылықтарымен байланысты туатындығы, сөйлеу процесінде анықталатындығы анық. Ал грамматикалық, лексикалық мағыналар сөздің мағына құрамына енбейді, керісінше, мағына бөлшектерінің (семалардың) жиынтығынан құралатын, бір бүтін категория ретінде қалыптасқан көрінісі. Сондықтан да мағынаны біз екі түрге ажыратамыз: 1) лексикалық, 2) грамматикалық.


Біздіңше, сөз мағынасының құрылымдық элементтері туралы сөз болғанда, негізінен, төрт мағына элементтеріне тоқталған жөн. Олар: денотаттық мағына бөлшегі, сигнификаттық мағына бөлшегі, эмоциялық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысты мағына бөлшегі. Себебі сөз объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланысып қана қоймастан, адамдардың түрлі қызметімен, көп қырлы тұрмыс жағдайларымен, ынтасымен адамзаттың барлық өмірін қамтуы керек. Сондықтан да сөз мағынасында, кей ғалымдар көрсеткеніндей, сөйлеушінің жасына, өмір тәжірибесіне, тіпті ұлттық ерекшеліктеріне байланысты мағыналық элементтердің болуы мүмкін. Біздіңше, бұлар сөз мағынасында шешуші қызмет атқармайды, атқарса да эмоциялық мағына аясында қалып қояды. Сөздің метафоралы, метонимиялы және синонимдік, антонимдік қасиеттері де мағынамен тікелей байланысты. Бірақ бұлардың табиғатын анықтау басқа жоспардағы зерттеу жұмысын қалар еді.

Семантикалық үш бұрыш


Сөз мағынасының құрылымдық элементтерін анықтауды К. Огден мен И. Ричардстың семантикалық үш бұрышының бұрыштарын түсіндіруден бастаған дұрыс. Бұл үш бұрышты ғылыми еңбектерде семантикалық үш бұрыш деп атау да бар. Үш бұрыштың А бұрышы сөздердің дыбысталуын көрсетсе, В бұрышы ұғымды, мағынаны, ал Д бұрышы объектив дүниедегі затты, денотатты (референтті) көрсетеді. АВ қабырғасы дыбысталу мен ұғымды, мағынаны байланыстырса (таңбалық қасиетке негізделініп), ВД қабырғасы зат пен ой арасындағы (бейнелік таным процесімен байланысты) байланысты көрсетеді. Бірақ қазіргі жарық көрген еңбектерде семантикалық үш бұрыштың бұрыштарының ара қатынасын анықтауда бір ізділік жоқ. Мысалы, швед ғалымы Г. Стерн А бұрышы сөз (Огден мен Ричардста символ) деп аталынса, В бұрышы мағына (Огден мен Ричардста ой) деп, Д бұрышын референт (Огден мен Ричардста да референт) деп белгілеген. Бірақ АВ қабырғасы мағынаны білдіреді (Огден мен Ричардста символды білдіреді) десе, ВД қабырғасы референттің субъектив түсінігін білдіреді деген. Екі еңбекте де АД қабырғасы үзік сы-




зықпен сызылған, себебі сөз бен референт арасында тікелей байланыс жоқ деп есептейді. Совет тілшілері арасында да бұл семантикалық үш бұрышқа байланысты айтылған пікірлер бар. Мысалы, Қ. А. Аллендорф семантикалық үш бұрыш туралы өзіне дейінгі айтылған пікірлерді салыстыра отырып, «Ұғымның үздіксіз дамуы объектив дүниенің күннен күнге толық танылуынан хабар береді. Семантикалық үш бұрыштың барлық бұрыштары өзара тығыз байланысты болады. Сондықтан да үш бұрыштың барлық жағы жабық», — деп семантикалық үш бұрыштың астыңғы қабырғасын да (АД қабырғасын) бітеу сызықпен сызады (Аллендорф 65, 44—45) *. Жалпы, автор, өз пікірін басқа авторлардың талқылауларымен салыстыра отырып айтқан. Бұл үш бұрышты талдап көрсету арқылы традициялық семантикалық талдаулармен функционалды семантикалық талдаудың жалпы бағытын анықтауға болады. Салыстырыңыз:



2-схема



3-схема




4-схема

1. Шет ел традициялық семантикалық үш бұрышы. 2. Шет ел функционалды семантикалық үш бұрышы. 3. Қ. А. Аллендорфтың сызған семантикалық үш бұрышы.

Бұл семантикалық үш бұрыштың А бұрыштары сөзге тең, бірақ әр ағымның өкілдері оны өздерінше атайды. Шет ел традициялық семантика өкілдері А бұрышын символ не сөздің дыбыстық жағы деп атаса, функционалды семантика өкілдері сөз (символ) деп атайды. Совет тіл білімінде ол бұрыш тек сөз деп аталынады. Бұлар арасындағы айырмашылық тек атауларында ғана емес, олардың ұғыммен (кейде мағынамен) байланысын анықтауда. Ұғым бұл үш бұрыштың В бұрышында орналасқан. Тек традициялық семантика өкілдері ғана бұны мағына деп атайды, ал басқалары семантиканы анықтағанда оны ұғым деп көрсетеді. Семантикалық үш бұрышты талдағанда традициялық семантика өкілдері де, шет ел функционал семантика өкілдері де В бұрышынан бастайды да (яғни мағынадан), оны басқа бұрыштармен байланыстырады. Екінші сөзбен айтқанда, традициялық семантика өкілдері ұғым дыбыспен және денотатпен байланысады деп түсіндіреді, бірақ сөз бен зат (денотат) ешқандай байланысқа түспейді деген қағиданы қолдайды. АВ қабырғасында екі жақтан да стрелка қою да бар. Бұның мағынасы сол — мағына дыбысталумен байланысады, сөз де мағынамен байланысады. Ал зат (денотат) мағынамен байланыспайды, керісінше, мағына затпен байланыса-


ды. Демек олар заттан мағынаға өтетін байланыс жоқ, мағынадан затқа өтетін байланыс бар деп есептеген.

Функционалды семантика өкілдері де сөз мағынасындағы денотаттық мағына элементтерінің барлығын мойындамайды, сөздердің мағынасын сөйлем құрамындағы сөздердің ара қатынасынан не лексико-семантикалық топтағы сөздердің орнына қарай анықтауды ұсынады. Сондықтан да олар ұсынған семантикалық үш бұрышта (біздің схемамыздағы екінші үш бұрыш) стрелка мағынадан (В бұрышынан) басталып (олардың термині бойынша ұғым) сөзге, одан ұғымға қайта келеді. Сөз мағынасының құрамында тілдің ішкі заңдылығымен байланысты туатын мағыналық элементтердің барлығын мойындасақ (ол туралы кейінгі тарауларда сөз болады) та, сөз мағынасының денотатпен байланысы жоқ деген тезисті қабылдау мүмкін емес. Қ. А. Аллендорфтың ұсынған үш бұрышында стрелка Д бұрышынан (денотаттан) басталады да ол ұғымға, ұғымнан сөзге, сөз болса денотатпен байланысады (Аллендорф 65, 45—46). Қ. А. Аллендорфтың семантикалық үш бұрышының басқа үш бұрыштардан айырмашылығы сол — соңғыда АД қабырғасы да бүтін сызықпен сызылған, демек сөз бен заттың (денотаттың) арасында тікелей байланыс бар делінген. Әрине таным теориясы бойынша дүниені танып-білу объектив дүниедегі заттар туғызған түйсіктерден басталады. Осы түйсік арқылы қабылданған сигналдар мидың қызметі арқылы анализ, синтез жасалып жалпыланады. Осы жалпыланған бейне сөздің мағынасы ретінде қабылданып, дыбыстық комплекспен байланысады, сөз деген түсінікке негіз жасайды. Сондай-ақ сөз объектив дүниедегі заттармен, болып жатқан құбылыстармен де байланысады, бірақ бұл байланыс А. К. Аллендорф көрсеткендей тікелей байланыс болып шықпайды. Сөз бен затты (денотатты) байланыстырып тұратын ұғым бар. Басқа сөзбен айтқанда, дыбыстық комплекс пен мағына ұғымда жалпыланған бейне арқылы объектив дүниемен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланысып жатады. Мәселенің екінші жағы да бар. Адамдар өзара қатынас жасағанда сөзсіз түйсік туғызатын затты алдарына алып келіп, соны көрсеткен соң пікір алыспайды. Екінші сигнал системасының көмегімен (оның құдіретінің өзі де осында) затты тікелей көрсетпей-ақ қатынас жасауға мүмкіндік болады. Дыбыс материалдық дүние болғандықтан да түйсік туғызып, миды әрекетке түсіреді, өзіне сай келетін бейнені қайта оятады. Сол үшін де қатынас процесінде атау кезінде сөз бен зат (денотат) байланысқа түседі. Сондықтан да семантикалық үш бұрыштың астыңғы қабырғасын үзік сызықпен сызып, табиғи байланысының жоқтығын, шартты байланысы барлығын көрсеткен дұрыс (5-схеманы қараңыз). Әрине сөйлескен кезде адамдар затқа сүйенбей-ақ ұғымға, мағынаға сүйенбейді ме деген сұраудың туатындығы анық. Осыған байланысты совет тілшілерінің біразы сөз мағынасын семантикалық үш бұрыш арқылы түсіндіруге



қарсы шыкса, ал кейбіреулері оларды басқа геометриялық фигуралар арқылы түсіндіруді ұсынады.

В. А. Звегинцев сөз мағынасын объективтік дүниедегі заттар мен құбылыстарға, тілдік система және ұғымға байланысты элементтерден тұрады дейді де семантикалық үш бұрышты басқаша құрастырады (Звегинцев 57, 146) *. Автордың пікірінше осы үш элемент сөз мағынасын жасайды. Тіл системасының мағынаны нақтылауда, қолданылу процестерінде тигізер пайдасы мол, бірақ ол өте аз зерттелінген. Ал ұғым мен объектив дүниедегі заттардың сөз мағынасын қалыптастыруда пайдасы барлығында дау жоқ. Бірақ автор кейінгі еңбектерінде, сол еңбегінің басқа беттерінде бұл пікіріне қарсы да шығады (6-схеманы қараңыз).



Соңғы кездерде жарық көрген еңбектерде де сөз мағынасын басқаша геометриялық схемалар негізінде анықтауға әрекет ету бар. Мысалы, А. А. Новиков екі түрлі геометриялық фигураларды ұсынады. А. А. Новиков ұсынған 7-схемадағы қосымша бұрыш мағына деп көрсетілген, оған себеп мағына мен ұғымның тең түспейтіндігін көрсету. Ал 8-схема осы жетінші схема негізінде туған. Трапецияның әр бұрышы өз алдына дербес деп есептелінеді. Мағынаның ұғымнан басқаша қасиетке ие екендігін, екеуінің тең түспейтіндігін қазіргі кезде көпшілік ғалымдарымыз мойындап жүр. Бірақ сөз мағынасының негізінде ұғым жатады ма? Сондықтан мағынаны ұғымнан бөліп алу қаншалықты дұрыс болады деген сұрау да туады. Әрине, семантикалық үш бұрышты талдау жасаған көпшілік ғалымдар В бұрышына мағына мен ұғымды қатар сыйғызған. Демек, бір бұрышта орналасқан екі түсінікті ажыратып, жеке-жеке бөліп беру теориялық жаңсақтық та, қателік те емес. Сондықтан да Г. П. Мельников, Г. Фреге, Қ. Огден мен И. Ричардс, А. Черч, С. Ульман, В. А. Звегинцев, Ю. С. Степанова, т. б. қолданған традициялық «үш бұрыштың» орнына біз қарапайым таңбалық қасиеті бар сөзді сипаттауда төрт бұрышты: таңба, денотат, таңбалық бейне және онымен байланысты денотаттық бейнені ұсынамыз. Басқаша айтқанда, біздің схемамызда таңба да, денотат та сақталынады. Бірақ әр түрлі түсіндіріп бірінде мағына, бірінде мән (смысл), бірде ұғым делініп жүрген үшінші бұрыштың орнына бір-бірімен байланысты екі, бірақ конкретті объект пайда болды: таңбаның бейнесі мен денотаттың бейнесі, оларды ішкі таңба, ішкі денотат деп атауға да болады», — деген болатын (Мельников 78, 223) *.

Сөздің мағынасының қалыптасуында объектив дүниедегі заттар мен құбылыстармен байланысып жатқан мағыналық элементтің қызметі үлкен. Тіл білімінде бұл мағыналық элемент кейде денотат, кейде референт деп аталынып жүр. Жалпы бұл терминдердің екеуі де екі түрлі түсінікті білдіреді де, объектив дүниедегі заттарға екі түрлі категорияның негізінде барып байланысады. Д. Э. Розенталь мен М. А. Теленковалар бұл екі терминді былай түсіндіреді: «Денотат (латынның *denotare* белгілеу, білдіру сөзінен). Белгілі бір сөз білдіретін объектив дүниедегі зат не құбылыстар» (Розенталь 85, 66) *. «Референт (латынның *referens, referentis* хабарлайтын деген сөзінен). Белгілі бір тілдік элемент қатынаста болып, ойдың элементтерін де тән алатын, ойда бейнеленген объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар» (Розенталь 85, 266). Демек денотат сөздің мағынасы арқылы білдірілетін объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар болса, референт ұғымның негізінде жататын объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар. Бірақ бұл жерде басын ашып алуды қажет ететін бір жағдай бар. Сөз мағынасы ұғымға (ой элементі ретінде) байланыспай-ақ объектив дүниедегі заттар, құбылыстармен тікелей байланыса алады ма? Егер байланыспаса (біз солай ойлаймыз) онда ой негізіндегі объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардан (референттерден) денотаттың қандай айырмашылығы бар?

О. С. Ахманова денотат терминіне тікелей анықтама берместен денотаттық (денотативный) сын есіміне тоқталып, мынадай анықтама берген: «Табиғаттағы заттардың табиғатын, ерекше белгісін көрсететін референтпен байланысты болу қызметі». Ал денотацияға: «коннотацияға қарсы сөздің төл, негізгі мағынасын білдіру»,— деп анықтама берген (Ахманова 66, 128) *. Референт терминіне сөздің ішкі формасы ретінде тән алынатын ұғымның мазмұны деп анықтама берген (Ахманова 66, 384). Демек денотат пен референт өте тығыз байланыстағы түсініктер. Жоғарыдағы анықтамалардағы қағидаларды дұрыс деп санайтын болсақ, онда референт денотаттан кең түсінік. И. А. Стернин денотат пен референт терминдерін салыстыра отырып, оларға былай анықтама берген. «Таңбаның (сөздің — О. М.) референті сөйлеу кезінде байқалатын, барлық қасиетін толық қамтыған нақтылы жеке зат. Таңбаның денотаты ойлау процесі негізінде бөлініп алынып дерексізденген заттардың жеке-дара белгілері» (Стернин 79, 45) *. Соңғы анықтаманың көрсетуінше денотат референттің құрамына енеді де, сөз мағынасының негізгі ядросын жасайды. Сондай-ақ референттің құрамына енген заттардың барлық қасиеті сөздің мағына құрамына ене беруі шарт емес. Сондықтан да И. А. Стернин денотат дегеніміз белгілі бір сөзді айтқанда ойымызға келетін зат не оның белгілері дейді. Мысалы, үстел дегенде көз алдымызға аяқты (кейде 4, кейде 3), үсті тегіс, жазу не тамақ ішу үшін болжалданған жиһаз келеді. Бұл оның денотаттық мағынасы. Ал үстелдің төрт бұрышты не дөңгелек болуы, аласа не биік болуы,

түсі, қандай заттардан жасалынғандығы т. б. қасиеттері үстелдің денотаттық мағынасына енбейді, референттің құрамына енеді.

К. Огден мен И. Ричардстың семантикалық үш бұрышын өзінше талдау жасаған Г. Стрен референтті нақтылы (деректі) және абстракты референт деп екіге бөледі. Автордың көрсетуінше абстракты референт сөз мағынасымен тең түседі (Варина 63, 36) *. Осыған жақын пікір Ч. Морристің еңбектерінде де кездеседі. Айырмашылығы сол Моррис референт терминінің орнына денотат терминін, абстракт денотат терминінің орнына десигнат терминін қолданады. Десигнат терминін қазіргі кезде денотат терминімен синонимдес мағынада қолдану практикасы бар. Мысалы, О. С. Ахманова «Десигнат то же, что обозначаемое» деп анықтама береді (Ахманова 66, 129) *. Денотат та, десигнат та, референт те логикада қолданылатын терминдер, мағынасы тіл білімінде қолданылғандағы мағынадан алшақ емес. Салыстырыңыз: Денотат (латынша *denotatio* обозначение) — белгілі бір атаумен аталынатын зат (Кондаков 75, 139) *. Десигнат (латынша: *designotio* — обозначение) — сөйлеу кезінде білдірілетін сөздің мағынасы; белгілі бір сөз арқылы берілетін зат, объектив» (Кондаков 75, 139). Референт (латынша *referens* сообщающий) тіл білімінде, логикада қолданылатын, сөз бен ұғымның байланысатын заттары» (Кондаков 75, 516).

Егер денотат, десигнат, референт терминдеріне берілген анықтамаларды жинақтайтын болсақ, онда денотат, десигнат сөз мағынасын, референт ұғымның мәнімен сәйкес келеді. Егер осы негізде түсінетін болсақ, онда денотат пен референт тең түспейді; денотат референттің құрамына еніп кетеді де, ойдың бір элементі, сөздің лексикалық мағынасының негізгі тірегі ретінде алынады. Бірақ тіл білімі мен логикаға байланысты жазылған көпшілік еңбектерде денотат, референт, десигнат терминдері тең деп саналынады. Дегенмен де совет тіл білімінде денотат пен референттерді ажыратып көрсету басым. Сондықтан да И. А. Стернин «Таңбаның денотаттық қатынасы системалы, референттік қатынаста система болмайды»,— деп те айырмашылығын көрсетеді. Олар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін *оқушы* (учащийся) сөзіне талдау жасайды. *Оқушы* ретінде баланың барлық қасиеті қамтылуы керек. Яғни баланың жасы, киімі, мінез-құлқы, сыртқы көрінісі, т. б. қасиеттері оқушы сөзінің референті болады. Ал баланың белгілі бір оқу орнына (мектепке) байланысты болу қасиетін білдіру оның денотатын жасайды (Стернин 79, 46—47) *.

Сөздің денотаттық мағынасы туралы сөз болғанда, ең алдымен оның объектив дүниедегі заттар мен түрлі құбылыстарға, заттардың амал-әрекеті мен түрлі қасиеттерін бейнелеп беру мүмкіндігі бірінші орында тұруы керек. Кез келген сөздің мағына құрамында объектив дүниедегі заттармен байланысып жататын элемент бар дегенде осы денотаттық мағына еске түседі. Кей тілші ғалымдардың «Сөз — зат не түрлі құбылыс атауы» дегенде осы қасиетті басты өлшем етіп алғаны анық көрінеді. Сөз мағынасының қалыптасуы мен объектив дүниені бейнелеу қасиетін

бір жақты түсіну, бір сатылы құбылыс деп қарау дұрыс болмайтындығы қандай анық болса, сөз мағынасын бір ғана объектив дүниедегі заттардың бейнесі деп түсіну де дұрыс болмайды. Сондай-ақ тіл бір не он ғасырдың жемісі емес. Ол өте ұзақ даму жолын басып өтіп, өзінің о бастағы объектив дүниемен байланысу формасын да өзгерткен. Осы ұзақ және үздіксіз дамудың нәтижесінде ғана сөз сөйлеу процесінде, белгілі бір заттың атауы ретінде, оның орнына жұмсалынып, араларына теңдік қоятындай дәрежеге келеді. Сол үшін де адамдар өзара сөйлескен кезде заттарды көрсетіп, түрлі амал-әрекет, қимылдар жасап жатуы шарт емес. Мысалы, «Қар — аппақ, түлкі — қызыл, бүркіт — қара, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай)» дегенде қарды, бүркітті, түлкіні, түрлі түстерді көз алдымызға келтіреміз, бірақ қардың, түлкінің, бүркіттің нақ сол жерде болуы шарт емес. Бұл, әрине, бір жағынан тілдің таңбалық қасиетімен байланысып жатса, екінші жағынан, сөз мағынасына да қатысты.

Денотаттық мағына таным теориясымен өте тығыз байланысты. Екінші сөзбен айтқанымызда, адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын заттың қасиеттері ғана денотаттық мағына жасай алады. Адамзат дүниені тануды түйсіктен бастайды. Бірақ бұдан адамдар түйсік туғызбайтын заттар мен заттардың түрлі қасиеттерін білмейді, білу мүмкіндігі жоқ деген қорытындыға келуге болмайды. Адамзат миының артықшылығы сол — ойлау негізінде сезім мүшелері қабылдай алмайтын заттардың түрлі қасиеттерін де анықтай алу мүмкіндігі бар. Мысалы, адам жақсы, жаман қасиеттерді тікелей сезім арқылы қабылдай алмайды, бірақ көп жылдық тәжірибе, адамдар арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде бір адам екінші бір адамға (не затқа) баға беріп, жақсы, жамандығын анықтайды. Сондықтан да сөз мағынасы мен объектив дүниедегі заттар туғызған түйсік тең түседі деу де дұрыс емес. Ал кей тілші-ғалымдардың тіпті сөз мағынасы өзі атауы болған заттармен тең түседі деген қағиданы да ұсынғаны мәлім. Мысалы, «Сөз мағынасы, ең алдымен, экстроллингвистикалық бағытта — заттарға, құбылыстарға, объектив дүниедегі заттар қатынасына, қасиетіне — заттық қатынас (соотношенность) деп түсіну керек»,— дейді М. Д. Степанова (Степанова 68, 67) *. Жалпы сөз мағынасын талдауда тіл элементі мен сөйлеу элементі ретінде қарау бір түрлі қорытындыға алып келе бермейді. Тіл элементі ретінде алғанда сөз мағынасының көлемі кең болады да, сөйлеу элементі ретінде алғанда оның көлемі тар болады. Сол үшін де сөйлеу кезінде сөз мағынасы нақты, анық көрінсе, тіл элементі ретінде қаралғанда онда жалпылық басым болады. Салыстырыңыз: жақсы сөзінің тілдік мағынасы — ұнамды, оңды, түзу, жарамды. Бірақ сөйлеу кезінде бұл мағыналардың барлығы бірдей бой көрсетпестен, біреуі ғана көрінуі не басқа қырынан байқалынуы да мүмкін. *Жақсы жігіт белгісі, Түзде мырза, үйде құл* (Шешендік сөздер). *Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрыңдар* (Шешендік сөздер). *Жақсы сөз — жан азығы* (Мақал).

Жол-жәнекей ескерте кетерлік жағдай мынау: денотат, десигнат, референт терминдерінің мағыналарында айырмашылық болса да, олар көбінше синоним ретінде бірінің орнында екіншісі қолданыла береді. Тек арнайы зерттеу объектісі етіп алғанда ғана денотат пен референт арасындағы айырмашылықтар есепке алынады (Новое 82) *. Егер бұл терминдерді семантикалық үш бұрышқа салатын болсақ, олар Д бұрышынан орын алған болар еді. Демек А бұрышы сөздің дыбысталуы (материалдық жағы), В бұрышында мағына (сигнификат не ұғыммен байланысатын элементтері), Д бұрышында денотат (объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар) жатады. Жоғарыда біз денотаттық мағына таным теориясымен байланысты анықталатындығын ескерткен болатыбыз. Шындығында да осы денотаттық мағына бөлшегі арқылы сөз объектив дүниемен байланысуы керек. Ол үшін объектив дүние адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызуы керек. В. И. Ленин «Түйсік дегеніміз — қозғалушы материяның бейнесі. Түйсік арқылы болмаса, біз басқа жолмен заттың ешқандай формалары туралы да, қозғалыстың ешқандай формалары туралы да ештеңе біле алмаймыз, түйсіктер қозғалушы материяның біздегі сезім мүшелеріне әсер етуінен туады»,— деп жазған болатын (Ленин, 18, 344) *.

Түйсік дегеніміз объектив дүниедегі заттардың не олардың түрлі қасиеттері мен белгілерінің адамның сезім мүшелері арқылы бейнеленуін айтамыз (Общая 77, 229) *. Бейне түсінігін әр түрлі түсіндіруге болады. Бірақ түйсік арқылы объектив дүниені бейнелеуді көркем әдебиеттердегі объектив дүниені бейнелеумен салыстырып болмайды. Себебі көркем әдебиеттегі бейне жинақтық, белгілі бір көзқарасқа (не жазушының мақсатына байланысты) бейімделсе, таным процесіндегі бейне тікелей объектив дүниедегі заттардың қасиетіне (түсіне, дәміне, формасына, жасалынған материялына, белгілі бір кеңістіктердегі орнына т. б.) тікелей сүйенген бейне. Затты танып-білу үшін оны сөзсіз сезінуіміз керек. Басқаша айтқанда заттардың түрлі формасы, түсі, дәмі, исі, т. б. адамның сезім мүшесіне ықпал жасай, жүйке тамырларын тітіркендіреді. Айталық заттың түсі, формасы көзге, дәмі тілге, исі мұрынға түйсік туғызады, тітіркендіреді. Осы түйсіктер дүниені танудағы алғашқы сигналдар болып танылады. Дүниені танудың басқа жолы жоқ. «Таным теориясының бірінші қағидасы біздің біліміміздің бірден-бір қайнар көзі түйсіктер болып табылады деген дұрыс қағида екендігі даусыз» (Ленин 18, 134). Бұл қағиданың дұрыс екендігін психологтар да дәлелдеген болатын.

Заттардың барлық қасиеттері адамның жүйке тамырларына бірдей әсер етіп, түйсік туғыза бермейді. Сонымен бірге заттардың барлық қасиеті (түйсік туғызатын) бір сезім мүшесі арқылы қабылдана бермейді. Сезімдер қабылдайтын сезім мүшелерінің түрлеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, көру, дәм сезу, иіс білу, т. б. сезімдер адамның көз, тіл, құлақ, мұрын сияқты дене мүшелерімен байланысты болады. Психологтар сезімдерді

табиғатына қарай үш түрге бөледі. Бірінші топқа объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдайтын бес түрлі сезімді: көру, есту, иіскеу, дәм және теріге байланысты сезімдерді қосады. Ал екінші топқа ішкі организмдермен (асқазан, өңеш, ішек) сезінуі байланысты сезінуді қосады. Үшінші топқа ауруды білдіру мен болжалды сезімді (дәлдікті) қосады (Крутецкий 80, 109) *. Сезінудің көп түрінің болуы объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың көп қырлылық қасиетімен тікелей байланысты.

Сезіну тек адамдарға ғана емес, тірі жан-жануарлардың барлығына да тән. Олар арасындағы айырмашылық сол — біреуінің жалпылық, екіншісінің дифференциалдық, үшіншісінің үстіртін, төртіншісінің бір жақтылығымен, толық болмауымен ерекшеленіп жатады. Мысалы, қыран құстың көзі адамның көзінен ұзақтағыны көреді, иттің құлағы адам естімейтін дыбыстарды ести алады, т. б. Адамдардың дүниені сезіну, білу мүмкіндігі мол болғанымен, айналадағы дүние туралы білімі шектелінген, сондай-ақ сезім мүшелерінің мүмкіншілігі де шексіз емес. Мысалы, адамның көзі, орта шамада, 380—770 миллимикрон ұзындықтағы толқын арқылы берілген түсті, құлағы болса — 16 мен 20000 діріл нәтижесінде пайда болған дыбысты қабылдау мүмкіндігі бар. Әрине маманданып жаттыққан құлақ (әншілер мен күйшілердің) пен көздің (суретшілер мен аңшылардың) мүмкіншіліктері басқаша болады.

Сезім мүшелері арқылы қабылданған түрлі информациялар мида анализ, синтез жасалынып, сол заттың түп нұсқасына жуық бейне жасалынады. Кейде сезім мүшелері арқылы алынған информациялар заттың толық бейнесін жасауға жеткіліксіз болуы да мүмкін. Соңғы жағдайда адамның өмір тәжірибесі, білімі көмекке келеді. Қысқасы сезім мүшелері арқылы қабылданған информациялар негізінде заттың, объектив дүниедегі түрлі құбылыстар мен қозғалыстардың субъектив бейнесінің жасалуына көмегі тиеді. Осы субъектив бейне сөз мағынасы мен ұғымның негізін жасайтын элемент болып саналады. Әрине түйсік арқылы қабылданған субъектив бейне мен объектив дүниедегі заттар, құбылыстар тең келмейді. Мысалы, заттың құрамында сезім мүшелеріне түйсік туғызбайтын, бірақ басқа түрлі аппараттар арқылы анықталған, қасиеттер де бар. Олар заттың құрамды элементтері болғанымен, субъектив бейне бола алмайды. Сондықтан да түйсік арқылы қабылданған бейне объектив дүниедегі заттарға өте жақын көшірме бейне бола алады. Сол зат туралы адамзаттың түсінігі (білімі) қаншалықты көп болса, субъектив бейне де сол затқа жақын бола береді. Сол үшін де қарапайым адамдар үшін *тас* — таудың қатты жынысының бірі болса, геологтар үшін *тас*—түрлі минералды тұздардың жиынтығы. Осыдан геологтар тастың түсін көріп-ақ олардың құрылымдық ерекшелігін, құндылығын анықтай алады.

Объектив дүниедегі заттар мен сол заттың адам санасындағы бейнесі арасына теңдік белгісін қоюға болмайтындығы анық. Сонымен бірге ол екеуінің арасында ешқандай ұқсастық жоқ деуге де болмайды. Ондай ұқсастықтың (тіпті өте жақын) бар екендігі,

бірақ ол заттың фото-көшірмесі бола алмайтындығы да анық. Адамзат айналасындағы дүниені түйсініп қабылдағанда өзінің ойының қызметі нәтижесінде өзіне түйсік берген заттардың түрлі қасиеттерін де анықтайды, түйсікті синтез жасағанда сол анықтаған қасиеттерді де қосады. Мысалы, Алматының өзі қызыл, иісті, үлкен алмасын көргенде, жемей тұрып-ақ оның дәмді екендігін сеземіз. Осы түйсік арқылы қабылданған объектив дүниедегі заттардың барлық белгілері, қасиеттері сөздердің лексикалық мағынасының құрамына ену керек. Бірақ жоғарыда біз заттың барлық белгісі, қасиеттері сөздің лексикалық мағынасының құрамына ене бермейтіндігін айтқан болатынбыз. Демек, сөздің лексикалық мағынасы біз түйсік арқылы қабылдаған заттар туралы информацияның жиынтығы болмайды, тек сол мағынаны құрастыратын элементтердің бірі болып саналады.

Семантикалық үш бұрышты талдаған ғалымдардың көпшілігі Д бұрышын денотат деп атайды да, оны объектив дүниедегі заттармен теңестіреді. Ал түйсік арқылы қабылданғанда заттардың түрлі қасиеттері арасындағы бүтіндік жойылады да, жеке-жеке белгілерді береді, олардың бірі екіншісімен байланыспайды. Сондықтан да М. Н. Руткеевич «Лениннің пікірінше түйсік объектив заттың субъектив бейнесі» дей отырып, «Сезім заттың нақтылы (зеркальный) бейнесі емес»,— деген қорытынды жасайды (Краткий 75, 570) *. Рас кейбір философтар бұл қағиданы қабылдамайды. «Сезім мен оны тудыратын объектив дүние арасында қатынастар бар, ол сезім мен объектив дүниедегі заттардың түрлі қатынастарымен тең түсіп жататын қатынастар»,— деушілер де бар (Философский 75, 304) *. Біз де олардың аралығында байланыс барлығын мойындаймыз, бірақ олар тең түсіп жататын, бірі екіншісінің фото-көшірмесі не дәл түсетін көшірмесі деп түсінбейміз. Міне осы объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға жақын келетін көшірмесі болып саналатын бейнесін біз идеалды (адам санасындағы) денотат деп атаймыз.

Идеалды денотат референт те, шын мағынасындағы зат та емес. Референт болу үшін түйсік арқылы қабылданған информация жалпылануы керек, ал денотат болу үшін объективтік қасиетке ие болу керек. Сонымен, идеалды денотат тікелей жүйке тамырларына түйсік туғызу арқылы қабылданған информация болып саналады. Бұл жерде мынадай қорытынды шығаруға тура келеді. Сөздің лексикалық мағынасын объектив дүниемен байланыстырып тұратын, мағыналарға негіз болатын осы идеалды денотат. Идеалды денотат сөздің лексикалық мағынасының құрамына ену үшін жалпыланып өзінің нақтылық қасиетінен қол үзуі керек. Ал ой элементтерінің, түйсіктен басқаларының, барлығы да жалпылаушылық қасиетке ие.

Ойлау мидың қызметі негізінде іске асады. Ми — адамның бас сүйегі ішінде орналасып, сыртқы дүниемен тікелей байланысқа түсе алмайтын мүше. Оны сыртқы дүниемен байланыстырып тұратын да адамдардың сезім мүшелері. Сезім мүшелері арқылы қабылданған информациялар ойлау процесінің негізінде жатады.

Жалпы түйсік арқылы қабылданған объектив дүниедегі заттардың жеке-дара информациясы (біздің терминімізше идеалды денотат) мидың қызметі арқылы мида талданады, жалпыланады. Адам ойының фантазиясы, творчестволық күші де жан-жануар дүниесінен дүниені танудағы айырмашылығы да нақ осы буында байқалынады. Егер ұғымды заттар мен құбылыстардағы жалпы қасиеттерді сәулелендіретін адам ойының бір формасы дейтін болсақ, бұл жалпылауды сөздің лексикалық (грамматикалық та) мағынасының құрамынан да табуға болады. Сондықтан да В. И. Ленин: «Сезімдер реалдықты көрсетеді, ой мен сөз жалпыны көрсетеді»,— деген болатын (Ленин 29, 258) *.

Маркстік-лениндік дүние таным теориясы дүниені дұрыс танып, білудің заңдылығын үйретеді. Әрине дүниені танып-білуде шек жоқ. Заттардың табиғатын қаншалықты көп білсек, біздің зат не құбылыстар туралы біліміміз кеңейіп, заттарға жақындай түсеміз. Нақ осындай сөз мағынасын қаншалықты терең талдап түсіне берсек, ол туралы біліміміз кеңейіп, біліміміз арта бермек, бірақ бұл соңына жеттік деген сөз емес. Сөз мағынасының бізге құпия сыр болып жатқан жақтары да аз емес. Тіпті идеалды денотаттар бойында да құпия сыр барлығын жоққа шығаруға болмайды. Идеалды денотат ретінде сәулеленген заттың бейнесінің өзі де сөздің лексикалық мағынасының құрамына енбей қалуы мүмкін. Мысалы, сөздердің тура (номинативтік) мағыналарынан басқа мағыналарында денотаттың сақталынуы шарт емес. Салыстырыңыз: *Ауылдың жаны — терең сай, тасыған өзең гүрілдеп* (Абай). *Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым ойлап қой* (Абай). *Жүрегімнің түбіне терең бойла* (Абай). Ал кейбір сөздердің номинативтік мағынасының өзі оның көзге көрінетін, сезім мүшелеріне түйсік туғызатын белгілерінен алшақ жатады. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *адам* сөзіне: «Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және сол құралды қоғамдық еңбек процесінде пайдалана алатын жан иесі, кісі»,— деп анықтама берген (КТТС-1, 62) *. Мұнда адамның көзге бірден түсетін сыртқы белгілері (екі аяғы, екі қолы, тік жүруі, басының орналасуы, бет пішімі, т. б.) *адам* сөзінің анықтамасына енбей қалған. Бұл жерде *адам* сөзіне анықтама бергенде сөздік жасаушы-лексикографтар адамның қоғам мүшесі ретінде атқаратын қызметін (әлеуметтік мәнін) негіз етіп алғанда, басқа қасиеттерін ескермеген. Бірақ бұдан *адам* сөзінде идеалды денотат жоқ екен деген мағына тумауы керек. Ғылыми анықтама бермей күнделікті қолданылатын мағынасына назар аударатын болсақ, *адам* дегенде сөзсіз екі аяқты, тік жүретін, сөйлесіп қатынас жасасатын тірі жанды түсінетініміз анық.

Идеалды денотатты анықтауда, оның сөз мағынасындағы орнын белгілеуде А. А. Потемняның мына сөзін шеттеп өтуге болмайтын сияқты: «Істің мәнісі мынау. Жалпы сөздің мағынасы дегенде екі түрлі нәрсе ұғынылады; оның біреуі тіл білімі аясына енеді. Оны біз жақын (ближайшее) мағына деп атаймыз; басқа түрін — басқа пәндер тексеретін алыс (дальнейшее) мағына деп

атаймыз»,— деп ол сөз мағынасын екіге бөлген (Звегинцев 64, 146) *. А. А. Потебня алыс және жақын мағыналардың арасын ашып беруге әрекет еткен. Автордың пікірінше тек жақын мағына ғана сөйлеген кезде сөздің мағынасын жасайды, әрі жалпы бір тілде сөйлеген халықтарға түсінікті болады. А. А. Потебня соның үшін жақын мағына халықтық болады, ал алыс мағына болса жеке адамдарға тән болады деп есептейді. Мысал ретінде орыс тіліндегі *клен* (үйеңкі) сөзін келтіреді. Айталық сөйлесіп отырған екі адам клен дегенде екі түрлі (сөздің мағына көлемі екі түрлі) ұғымға келуі мүмкін. Сөйлеушінің біреуі үйеңкінің қандай ағаш екендігін, жапырағының үлкен болатындығын, жейтін жеміс бермейтіндігін, әрі биік, әрі жуан өсетіндігін, т. б. білуі мүмкін де, екіншісінің оның жуан және биік өсетіндігін білумен шектелуі мүмкін. Сөйлескен екі адамның бірін екіншісі түсіну үшін үйеңкінің барлық қасиетін білуі емес, тек оның аршадан, теректен, қарағайдан, т. б. ағаштардан ерекшелеп тұрған белгілерін білсе болды. Осы сөйлесу кезінде сөйлеушілердің өзара түсінісуіне жағдай жасайтын, сөздің мағынасын анықтауда сәйкес идеалды денотаттардың негізінде жасалынған мағына болып саналады да, жеке адамның біліміне, өмір тәжірибесіне, психологиялық жағдайына байланысты қосылатын мағыналары алыс мағынаны жасайды. А. А. Потебняның алыс және жақын мағыналарын айтып түсінік берушілер алыс мағынаға ғылыми анықтамаларды да қосады. Біздіңше терминологиялық сөздіктердегі терминдерге берген анықтамаларда сөздің лексикалық мағыналарын беруден гөрі оларды түсіндіру, түсініктеме беру жолы басым болады.

А. А. Потебняның алыс және жақын мағыналары сияқты мағынаны екіге бөлу әрекеті совет тілшілері арасында да табылады, бірақ олардың терминдері өзгешелеу. Н. Г. Комлев сөз мағынасын лексикалық түсінік (лексическое понятие) деген терминмен ауыстырып қолданады да, оның бірнеше түрлері бар екендігін көрсетеді. Сондай лексикалық түсініктердің бір түрі ретінде қысқарған және толық лексикалық түсініктің бар екендігін ескертеді. Автордың пікірінше, толық лексикалық түсінікке шындық өмірдегі заттар, құбылыстар туралы пікірлер (ойлар) комплексі еңсе, қысқарған лексикалық түсінікке жеке адамның сөзтаңбаны қолданған кездегі (яғни сөйлеген кездегі) түсінілетін мағынасы енеді дейді (Комлев 69, 77—78) *. Демек А. А. Потебняның алыс мағынасына Н. Г. Комлевтің толық лексикалық түсінігі, А. А. Потебняның жақын лексикалық мағынасына — қысқарған лексикалық түсінігі сәйкес келеді. Совет тілшілері ішінде бұл мәселеге арнайы тоқталып, ғылыми талдау жасаған С. Д. Кацнельсон болатын. С. Д. Кацнельсон сөз мағынасының ұғыммен ара қатынасын салыстыра отырып, ұғымның өзін қарапайым (немесе формалды) және мазмұнды деп екіге бөледі. Қарапайым ұғым затты танып-білу үшін, басқа өзі тектес заттардан ажырату үшін қажетті болған белгілер мен қасиеттерді қамтыса, мазмұнды ұғым — қарапайым ұғымдағы белгілермен қоса заттың барлық жағын қамтуы шарт, басқа заттармен байланыстарын да көрсетуі қажет

(Кацнельсон 86, 20) *. Ал сөздің мағынасы болса осы қарапайым ұғымның мазмұнымен сәйкес келеді. Автор өз пікірін дәлелдеу үшін орыс тілінің түсіндірме сөздіктерінде берілген сөздердің анықтамасы мен энциклопедиялық сөздіктерде берілген сөздердің анықтамаларын салыстырады, талдау жасайды. Қорытынды ретінде мазмұнды ұғым адамның белгілі бір зат туралы білген барлық түсінігін, білімін қамтиды дейді де А. А. Потебняның алыс мағынасына сәйкес келетіндігін; қарапайым ұғымның жалпы халықтық сипатқа ие болатындығын да, жеке адамның ырқына көнбейтіндігін ескертіп, сөздің мағынасына сәйкес келетін ұғым деп есептейді (Кацнельсон 86, 24). Алдын ала ескертетіміз сол — біз сөз мағынасының негізінде белгілі бір заттар не, құбылыстар жататындығын мойындасақ та, ол екі категорияны теңестіру принципіне қосылмаймыз. Шындығында да заттар мен құбылыстар туралы қарапайым, күнделікті өмірде қалың көпшілік қолданылып жүретін түсінік бір басқа да, ғылыми түсінік екінші бір басқа. Сондай-ақ адамдар сөйлеген кезде зат туралы білген барлық білімін сөз мағынасының құрамына ендіре бермейтіндігі, қажетті деген кездерде ғана ондай анық белгілер саналынып көрсетілетіндігі анық. Мысалы, *Үйректің әдемісі қасқалдағы, Көпірдің сол қылдайды басқан жағы* (Халық әні) дегенде *қасқалдақ* үйректің бір түрі екені анық, сөйлескен адамдар да солай түсінеді. Ал оның тұмсығының үсті қызыл, тамағының асты ақ, дене пішімі үйректерден әлде қайда кіші болатындығы, қамысты, қалың қоғалы көлдерде жасайтындығы, етінің кез келген басқа құстардан дәмді болатындығы, көктемде ұшып келіп, күзде ұшып кететіндігі *қасқалдақ* сөзінің сөйлескендегі адамдардың түсініскен мағыналарының құрамына енбейді. Бұл типтес мағына мен заттардың белгілері арасындағы тең түспеу қасиеті барлық сөздер мен заттар аралығында кездеседі. Тіпті күнделікті қолданылып жүрген нан мен су сияқты сөздер мен атауы болған заттардың қасиеттері арасында да айырмашылық кездеседі. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде су сөзіне: «Өзен, көл т. б. түзетін түссіз, мөлдір сұйық зат» деп анықтама берген (ҚТТС-8, 371) *. Өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде: «Оттегі мен сутегінің химиялық қосындысы ретінде жасалынған түссіз, мөлдір сұйықтық»,— деген анықтама берген (УТИЛ-2, 79) *. Біздіңше, қазақ тілінің де, өзбек тілінің де түсіндірме сөздігінде *су* сөзінің лексикалық мағынасына дұрыс анықтама бермеген. Сонымен бірге түсіндірме сөздіктерде сөз мағынасын анықтауда ғылыми принциптің барлығын, күнделікті өмірде қолданылып жүрген мағыналардың сөз мағынасы ретінде түсіндірме сөздіктерге енбей қалу мүмкіндігі де бар. Бірақ күнделікті өмірде біз *су* дегенде шөлді қандыратын мөлдір сұйықтықты көз алдымызға келтіреміз. Судың оттегі мен сутегінің қосындысы екендігін, құрамында тұздардың бар екендігі не жоқ екендігі, оның буланатындығын т. б. біз кейін біліп, анықтаған белгілері. Балалар *су* ішті дегенде біз, сөзсіз, шөлді қандыратын сұйықты ішкендігін көз алдымызға келтіреміз.

Жоғарыдағы айтылған пікірлерден сөздің мағына құрамында объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың белгілі дәрежедегі бейнесі болады және ол субъектив бейненің барлығы бірдей сөз мағынасы ретінде көріне бермейді деген қорытынды шығаруға болады. Егер осы пікірді ары қарай жалғастыратын болсақ, онда сөздің лексикалық мағына құрамында адамның сезім мүшелері арқылы қабылдаған заттардың қасиеті мен белгісі туралы информациялар бар, бірақ ол қабылданған информациялардың барлығы бірдей сөз мағынасына енбейді. Сондықтан да С. Д. Кацнельсон «Сөз және оның мағынасын тиімді пайдалану үшін оның нені білдіретіндігін білу керек. Лексикалық мағынамен берілетін зат туралы ілім онша көп емес. Лексикалық мағына (автордың тілінде — лексическое знание) — атауы болған затты тану үшін қажетті болған аз түсінік. Ол объектив тану үшін қажетті болған негізгі белгілерді ғана қамти алады»,— деп жазады (Кацнельсон 72, 131) *. Сөздің лексикалық мағынасының құрамына идеалды денотаттың толық енбеуі сөз мағынасының көлемінің бірде кеңейіп, бірде тарайып отыруына, сөздердегі көп мағыналық қасиеттің дамуына бірден бір жағдай жасайды.

Сигнификаттық мағына

Денотаттан басқа сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық элементтерінің бірі болып сигнификативтік мағына саналады. Сигнификаттық мағына (бұдан кейін сигнификат) семантикалық үш бұрыштың жоғарғы В бұрышында орналасады да бір жағынан идеалды денотатпен, екінші жағынан ұғым түсінігімен байланысып жатады. Осы семантикалық үш бұрышты талдаған тілші-ғалымдар сигнификатты ұғымның бір элементі ретінде қарап, оған арнайы бұрыш бермеген (Аллендорф 65; Степанова 68; Новиков 85) * сигнификатты ұғыммен тең санаушылар да бар. Сондай-ақ ұғымды мағынадан бөліп көрсеткен Л. Н. Новиковтың трапециясында да сигнификат ажыратылып көрсетілмеген (Новиков 82, 91). Совет тілшілерінің біразы сигнификатты лексикалық мағынаның бір элементі ретінде қарамай денотаттық мағынамен байланысты сөз қылады не тіл біліміне қатысы жоқ семантикалық (тіпті логикалық) термин ретінде де қарайды. Егер байыптап қарайтын болсақ, сигнификат денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол — ой субъектив қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді. Ал ұғымнан айырмашылығы — ұғымда мидың қызметі негізінде түйсік арқылы алынған информациялар анализ, синтез жасалынып жеке адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, рухани қалпына т. б. қарай мағыналық мән қосып күрделенсе, сигнификатта ондай жеке адамға тән болған индивидуалдылық қасиет болмайды. Соның үшін де сөз мағынасын анализ жасағанда семаларға ажыратады. Осы семалар сигнификаттық мағынаның негізіне жатады.

О. С. Ахманова сигнификат терминіне анықтама берместен сөздің сигнификациялық қызметіне анықтама беріп: «Сигнификаттық функция ағылш. *Significative function* 1) Дифференциациялық қызметі. Дыбыстардың сигнификаттық қызметі. 2) Сигнификация ағылш. *Signification*; фр. *Signification* Мағынаның төл тілдік жағы, сөз мағынасы лексема ретінде (инвариант) қарайды (Ахманова 66, 507) * . Ал сигнификация деген жерде: «Сөйлеу кезінде білдірілетін мағынадан өзгеше тілдік элемент ретінде сөздің білдіретін мағынасы»,— деп көрсетеді (Ахманова 66, 403).

Сөз мағынасы бір ғана денотаттық мағынадан тұрмайтындығы анық. Біздіңше, денотаттық мағына сөз мағынасының негізінде жататын фундамент, сонымен бірге сөз мағынасы объектив дүниемен байланыспайды. Әрине денотаттық мағына түйсікпен тікелей байланысты. Марксистік дүние таным теориясы бойынша дүниені тану осы түйсіктен басталады да түйсік гнесиологияның ең төменгі басқышы болып саналады. Егер сөз мағынасын осы денотаттық мағынамен тең дейтін болсақ, онда сөз мағынасы сөзден тыс жатқан, объективтік қасиетке ие болған болар еді, зат пен сөз мағынасы тең түскен болар еді. Өз өзінен анық нәрсе сол — сөз мағынасы объектив сипатқа ие болғанымен, жеке адамдарға тәуелді болғанымен, затпен тең емес. Тіпті заттың адам санасында бейнеленген көп қасиеттерінің де сөз мағынасының құрамына енбей қалатындығы жоғарыда айтылған еді. Сөз мағынасы заттың түрлі қасиеттерін толық көрсетіп бере алады ма, олар арасында қандай байланыс бар деген сұрау көне грек философтарынан бастап, түрлі кезеңдерде, түрлі формаларда ғалымдар алдынан шығып отырғаны анық (Античные 36) * .

Сөздің лексикалық мағынасының құрамында идеалды денотаттың болғанымен, оның бір өзі сөздің лексикалық мағынасын жасай алмайды. Егер идеалды денотат сөздің лексикалық мағынасын бір өзі жасағанда, сөз мағынасы түйсікпен тең болып, тіл білімінің зерттеу объектісі болмай психологияның не логиканың зерттеу объектісі болған болар еді. Идеалды денотаттың сөз мағынасының бір элементі екендігі анық. Оны сөз мағынасын зерттеген көпшілік ғалымдар мойындап жүр. Түйсік арқылы қабылданған информациялар ой талқысына түсіп жалпылануы және абстракциялануы керек, өзінің көрнекілік негізінен ажырауы қажет. Бірақ бұның өзі де лексикалық мағына емес. Дегенмен жалпыланған, өзінің көрнекілік негізінен, бейнесінен қол үзген информациялар сөз мағынасының құрамынан анық байқалынады. Мысалы, *қарындас* сөзінің мағына құрамына талдау жасап көрелік. *Қарындас* 1) қыз бала, 2) жасы кіші, 3) қандық туысқандық сияқты мағына элементтеріне ие. Яғни *қарындас* дегенде өзінен жасы кіші ағаның қыз баласын түсінеміз.

Сөз мағынасын сигнификативтік мағынамен теңестірушілер лексикалық мағыналарды толығымен (оның барлық функциясын) сигнификаттық мағынаға тели бермейді. Мысалы, Л. А. Новиков сөздің сигнификаттық мағынасы тек объектив дүниедегі заттардың түрлі қасиеттерін бейнелеу мен байланысты мағына деп есеп-

тейді (Новиков 82, 97) *. Егер сигнификаттық мағына тек түйсік арқылы қабылданған информация деп санайтын болсақ (идеалды денотатпен тең), онда сигнификаттық мағына жалпыланбаған, дерексізденбеген, жартылай көрнекілік бейнеге негізделінген мағына болып шығады. Ал мағынаның барлығы жалпыланған, дерексізденген болады. Сондықтан сигнификаттық мағынаны А. А. Потебняның жақын (ближашее), С. Д. Кацнельсонның экстенционал мағынасымен салыстыру тиімдірек. Айырмашылығы сол—жақын мағына да, экстенционал мағына да сигнификаттық мағынадан күрделірек; олардың құрамында айтушы не жазушы адамның көзқарасына байланысты эмоциялық-экспрессивтік мән, сөйлем құрамында не сөздердің ара қатынасынан туатын мағыналық элементтер (парадигмалық, синтагмалық), т. б. болады. Бірақ бұл екі мағынаның негізінде сигнификаттық мағына жатады.

Сигнификаттық мағына мен сөздердің лексикалық мағынасының тең түсінік еместігі қаншалықты нақты болмасын тіл білімінде ол екеуінің ара қатынасын ашуда пікір алалығына себеп болып жүрген мәселелер аз емес. Ең алдымен, көпшілік тілші-ғалымдар (логиктер мен философтар да) сигнификат терминін кең түсініп семантика терминімен синонимдік мәнде қолданып жүр. Сөздің лексикалық мағынасының құрамынан сигнификатты бөліп алу, алдымен, объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың субъектив бейнесі бір ғана түйсік арқылы жасалынбайтындығы, екіншіден, сөз мағынасы осы субъектив бейнеден ғана жасалынбайтындығын көрсету үшін қажет. Әрине идеалды денотат (ішкі) сигнификаттың құрамына енеді. Демек сөз мағынасының қалыптасуында бірінші басқыш идеалды денотат болса, екінші басқыш сигнификат болып табылады.

М. В. Никитин денотаттық мағына мен сигнификаттық мағынаның арасын жалпылық пен жалқылыққа байланыстыра отырып анықтайды. «Пікір алысу кезінде сөздер (авторша имя) жеке зат туралы пікір білдірсе, біз оны денотаттық мағына деп санаймыз... Керісінше, пікір білдіру кезінде сөз жалпы туралы ой білдірсе, біз оны сигнификаттық мағына білдіреді дейміз» (Никитин 74, 7—8) *. Мысал ретінде ағылшын тіліндегі *Peterisa teenager* (Петр подросток — Петр жасөспірім) деген сөйлемді алады да *Петр* жекені көрсетеді, сондықтан денотаттық мағынаға ие. Ал, жасөспірім ондай мағынаны білдірмейді, заттың сындық сипатын білдіреді де сигнификаттық мағынаға ие дейді. Бірақ автордың кейінгі мысалдарында жалқылық пен жалпылық жеке сөздерге байланысты болмай-ақ контекстен де анықталатындығын көрсетеді. *The tigers are hungry* (Тигры голодные — жолбарыстар аш) деген сөйлемдегі *жолбарыс* жеке заттарды көрсетеді де түсінікті болады. Сондықтан *жолбарыстар аш* деген сөйлемдегі *жолбарыстар* сөзінде денотаттық мағына бар дейді. Ал *The tiger isa carnivore* (Тигр — хищник: жолбарыс—жыртқыш) деген сөйлемдегі *жолбарыс* жыртқыш андардың тобын көрсеткені үшін сигнификаттық мағынаға ие болады деп көрсетті (Никитин 74, 8). Денотаттық, сигнификаттық мағыналарды бұлай ажырату семасиологияға жа-

ңалық қоса алмайды және денотаттық мағына компоненттері мен сөздердің сигнификаттық мағына элементтері байланыспай бөлініп қалады. Жалпы тіл білімінде, әсіресе индоевропа тілін зерттеушілер арасында, белгілілік пен белгісіздік (категория определенность пен категория не определенность) категориясын зерттеу бұрыннан бар нәрсе. М. В. Никитиннің денотаттық мағынасы осы белгілілікпен, сигнификатты белгісіздік категориясымен байланыстыруы олар үшін тиімді болғандықтан қазірше сын пікір айтылған жоқ.

Түркі тілдерінде белгілілік пен белгісіздік категориясы жоқ делінеді (Балақаев 87, 60—70) *, тек Дж. Киекбаев және оның шәкірттерінің еңбектерінде ғана белгілілік және белгісіздік категориялары түркі тілі (башқұрт тілі) материалдары бойынша тексеріліп, пікір айтылып жүр (Киекбаев 72; Азнабаев 83) *. Башқұрт тілін зерттеп, белгілілік және белгісіздік категориялары бар деушілердің өздері де оны сөздердің лексикалық мағыналарынан іздемей, грамматикалық категориялардың ішінен іздеген. Дегенмен де бір нәрсе анық — денотаттық мағына элементі дерексізденіп, жалпыланып қана сөз мағынасының құрамына ене алады. Сондықтан да денотаттық мағына бөлшегі мен сигнификаттық мағына элементтерін салыстырғанда осы деректілік пен дерексіздікті, жалқылық пен жалпылықты салыстыру керек. Мәселенің екінші жағы да бар. Грамматикалық мағына да осы объектив дүниемен байланысқан мағына, сондықтан грамматикалық мағынаның да құрылымдық элементтері болуы шарт еді. Мысалы, етістіктің осы шағы 1) айтылып жатқанда істелініп жатқан қимылды, 2) созылық қимылды, 3) әлі аяқталынбаған қимылды т. б. білдіреді. Осы үш мағыналық реңкке байланысты түркі тілін зерттеушілер — *а тұр*; — *а жүр*; — *а отыр*; — *а жатыр*; — *ып тұр*; — *ып жүр*; — *ып отыр*; — *ып жатыр* сияқты етістіктің аналитикалық формасын бірде амалдың өту сипаты категориясына, бірде шақ категориясына, бірде сипат категориясының грамматикалық формасы ретінде көрсетіп жүр (Ысқақов 74; Маманов 66; КТГ-1) *. Бірақ грамматикалық формалардың білдіретін мағыналарының барлығын осылай талдап, семаларға бөліп көрсету мүмкін болмайды. Бұл грамматикалық мағыналардың дерексіздену дәрежесіне тікелей байланысты.

Сөздің лексикалық мағына құрамындағы сигнификаттық мағынаны таным теориясындағы гнесиологиялық бейне (гнесиологический образ) түсінігімен салыстыруға болады. (Гнесиологические 74, 110—123) *. Адамдар өздерін қоршаған табиғат көріністері не заттармен түрлі қарым-қатынасқа түседі де өздеріне түйсік туғызған заттарды, олардың түр-түсін, ісін, көлемін т. б. қасиеттерімен бірге заттардың арасындағы түрлі қатынастарды да өз миында сәулелендіреді, объектив дүниедегі заттарға ұқсас (өте жақын) субъектив бейне моделін жасайды. Сигнификаттық мағына құрамына енетін идеалды денотатта да, гнесиологиялық бейнеде де заттардың түйсік туғызатын белгілері, қасиеттері ғана бейнеленеді. Ал ұғым болса заттардың адамның сезім мүшелеріне

түйсік туғызбайтын ішкі қасиеттерін де қамтитындығын естен шығармау керек. Сонымен бірге қабылданған информация субъектив бейнеге қалай болса, солай жинақтала салынбайды, системалы түрде, объектив дүниедегідей, орын-орнына қойып, басқа заттармен, құбылыстармен қарым-қатынасы да сәйкес келетіндей схемада болады. Сондықтан да К. Маркс пен Ф. Энгельс: «Ни мысль, ни язык не образуют сами по себе особого царства, что они — только проявления действительностей жизни», — деген болатын (Маркс 3, 449) *. Бірақ объектив дүниедегі зат пен адам санасындағы бейне арасында жақындық болғанымен, нақ өзі, барлық қасиетін 100) қамтиды деуге болмайды. Олар арасында айырмашылық бар, бірақ бұл алшақтық емес. Сондықтан да В. И. Ленин «Субъективтік нәрсенің объективтік нәрседен айырмашылығы бар, бірақ оның да шекарасы болады», — деп жазған (Ленин 29, 92). Осы сезім арқылы қабылданған субъектив бейне адамдардың тарихи-әлеуметтік тәжірибесі негізінде қалыптасқан білімі мен көзқарасының талқысынан өтіп барып гнесиологиялық бейненің (немесе танымдық бейненің) негізін жасайды. Гнесиологиялық бейне объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың толық сәйкес келетін бейнесі де, фотокөшірмесі де емес. Олар информациясы жағынан жұпыны болғанымен, мағынасы мазмұны жағынан жеке-дара алынған зат не құбылыстардан бай болады.

Гнесиологиялық бейне, көпшілік жағдайда, сигнификаттық мағынамен тең түседі де барлық уақытта шектелінген, тарихи жағынан толық болмайды. Таным теориясы жағынан біршама аяқталған болуы керек, егер мүлде аяқталынбаған болса, онда танымдық бейне толық болмайды. Танымдық бейненің сигнификаттан айырмашылығы, біріншісі субъектінің білімінің өсуі, тарихи практикасының жетілуі, өмірге көзқарасының өзгеруімен бірге өзгерсе, сигнификат сақталынып қалады. Мысалы, тұз сөзінің сигнификаттық мағынасы асқа салынып желінетін зат, бірақ тұздың бірнеше түрі барлығы, оның өздері де түрлі химиялық элементтерден тұратындығы, сондай-ақ тұздардың барлығы бірдей асқа салына бермейтіндігі арнайы химиялық білімі бар адамдар үшін құпия емес. Тұз туралы алғашқы гнесиологиялық бейнеміз сигнификатпен тең (*ас тұзы, тұзды су* дегендегі), ал арнайы білімі бар химиктердің санасындағы пайда болған гнесиологиялық бейне (екінші басқыштағы) сигнификаттан күрделі, А. А. Потебняның алыс мағынасымен келетін мағына. Сондықтан да Ф. И. Григорьев «Гнесиологиялық бейне дегеніміз тарихи практикаға негізделініп танылатын объектінің ең жоғарғы психологиялық бейнесі», — деп анықтама береді (Гнесиологические 74, 114).

Демек, сигнификаттық мағына бір жағынан денотатпен (ішкі не идеалды денотатпен), екінші жағынан гнесиологиялық бейнемен байланысып жатады. Сондықтан да денотат (идеалды денотат) арқылы қабылданған бейне объектив дүниедегі заттардың (материалды денотаттың) көшірмесі ретінде өмір сүреді де субъектив характерге ие болады. Ал гнесиологиялық (танымдық) бейне таным процесінің бір басқышы болғанымен, сигнификаттық

мағынаның құрамына енеді. Сигнификаттық мағына деп түйсік арқылы қабылданып, жалпыланған субъективті бейнені айтамыз. Бұлар бірі екіншісінен үзіліп қалған, байланыспайтын түсініктер де емес, керісінше бірі екіншісіне өтіп, оның құрамды бөлшегі болып отырады. Сондықтан да материалды денотат болмаса, оны сезім мүшелері арқылы қабылдасак, онда идеалды денотат болмаған болар еді. Ал идеалды денотат жалпыланып, талданып, өзінің материалды негізінен қол үзіп субъективті бейне болып қана сигнификаттық мағынамен жалғасады. Идеалды денотат болмаса, сигнификаттық мағына да болмаған болар еді. Денотаттық, сигнификаттық мағыналар сөз мағынасының екі жақты байланысқа түсуіне жағдай жасайды. Яғни денотаттық мағына сөзді объектив дүниемен, объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады (Уфимцева 80, 30) *.

Сөздің лексикалық мағынасы денотаттық және сигнификаттық мағыналардың бірігуі негізінде жасалынады десек те, барлық сөздердің өн бойынан осы екі мағынаны тауып, ажырату мүмкін болмайды. Сондықтан да кей ғалымдар сөздерді мағынасына қарай заттық мағынаны білдіретін сөздер және түрлі қарым-қатынастарды білдіретін сөздер деп екі топқа бөліп жүр. Сөздің лексикалық мағына құрамында денотат пен сигнификаттық мағыналардың тең түсе бермейтіндігі; кей сөздердің мағынасынан денотаттық мағынаның айқын байқалатыны, кей сөздерде болса, сигнификаттық мағынаның айқын байқалатындығы шындық. Мысалы, зат есімнің лексикалық мағынасында денотаттық мағына анық байқалады. Сондықтан *үстел*, *үй* дегенде сөз тікелей затқа атау ретінде қолданылып, арасына теңдік белгісін қоятындай дәрежеде көрінеді. Заттың белгісін, түсін, қозғалысын білдіретін сөздерде (сын есім, етістік, үстеу, т. б.), есімдіктерде денотаттық мағына күңгірттеніп, анық байқалынбайды. Бірақ бұдан заттың түрлі қасиеттерін, қатынастарын білдіретін сөздердің құрамында денотаттық мағыналық компонент жоқ, ол сөздер объектив дүниемен байланыспайды деген қорытынды шығармау керек. Заттардың түрі де, заттар арасындағы түрлі қатынастар да, қимылдары мен заттардың амал-әрекеттері де жеке адамға тәуелді емес, объектив характерге ие. Сондықтан да етістіктер білдіретін қозғалыс, амал-әрекет етістік болатын сөздердің денотаттық мағынасы болып саналады. Дегенмен де зат есімдер мен етістік, сын есімдердің мағына құрамындағы денотаттық мағыналары тең емес. Зат есімдердегі денотаттық мағына объектив дүниедегі заттардың субъектив бейнесі ретінде оның негізгі белгілерін (тым болмаса гнесиологиялық бейнедегі) қамти алады. Сын есім, сан есім, етістіктер мен есімдіктердің денотаттық мағыналары болса, солғынданған, күңгірттенген болады.

Көпшілік ғалымдар лексикалық мағыналарға талдау жасайды, зат есімдермен, әсіресе деректі зат есімдермен, байланысты сөз қылады. Бұған бірнеше себептер де бар. Біріншіден, зат есімдердің мағынасында бірнеше мағыналық элементтердің (семалардың)

барлығы анық байқалады. Салыстырыңыз: аға сөзінде 1) жасы үлкен, 2) еркек жынысты, 3) қандық туысқандық, 4) адамдарды білдіретін семалар бар. Тіпті дерексіз зат есімдерді семаларға ажырату сын есімдерге қарағанда оңай. Екіншіден, зат есімдер затқа, құбылыстарға тікелей атау ретінде қолданылады. Кей тілшілердің сөздің лексикалық мағынасы сол заттың атауы болады деуі зат есімдердің осы атау (номинация) болу қызметімен байланысты берілген анықтама. Үшіншіден, зат есімнің мағынасы жекеше мен көпше, жалқы мен жалпыға, деректі мен дерексіздікке бөлініп жатады да оларды өзара салыстыруға болады. Әрине деректілік пен дерексіздік, жалқылық пен жалпылық сөздердің мағынасын анықтауға себі тигенмен оларды тек денотаттық мағыналармен байланыстыру дұрыс емес. М. В. Никитиннің жеке заттар туралы айтқанда денотаттық мағынаға ие болады да, бірнеше зат туралы, ұғым туралы сөз болғанда сигнификат туралы пікір айтамыз деген тезисі шындыққа сәйкес келе бермейтін қағида (Никитин 74, 7—8) *. Ең алдымен, сөздердің денотаттық мағынасы өз алдына, сигнификаттық мағынасы өз алдына өмір сүреді деген пікірдің өзі дұрыс емес. Олар бірінен екіншісіне өтіп отыратын, төменгі басқышы жоғарғы басқышқа негіз болатын, соның құрамында өмір сүретін категориялар. Сол үшін де М. В. Никитиннің пікірінде екі категория байланыспай бөлініп қалған. Негізінде сөздердің лексикалық мағына құрамында сол сөздерді басқа сөздерден ажыратушы (тек сол сөздің мағынасының өзіне ғана тән) және басқа сөздермен байланыстырушы, жалпылаушы (бірнеше сөздердің бәріне ортақ) мағыналық компоненттер қатар өмір сүреді. Сөз мағынасындағы даралаушы элемент сол сөзді басқа сөзден (тіпті омонимдік, синонимдік сыңарларынан да) ажыратып тұрса, жалпылаушы элемент ол сөзді белгілі бір сөздер тобымен, сөз таптарымен байланыстырып лексико-семантикалық топ жасайды. Мысалы, *автобус*, *троллейбус*, *трамвай*, *метро* дегендердің барлығының басын қосып жалпылап тұрған мағыналық компонент — адам таситын транспорт болуы. Сонымен бірге оларды жеке-жеке сөз етіп бөлектеп тұрған мағыналық элементтер де бар. Мысалы, *автобус* белгілі бір жанармаймен (кейде газбен) жүретін транспортты білдірсе, *троллейбус* — электр тогімен жүретін транспорт, ал *трамвай* — рельспен жүретін, токпен қоректенетін транспорт, *метро* — жер астымен жүретін транспорт. Сөз мағынасындағы даралаушы, жалпылаушы элементтер сын есімдерде де, сан есімдерде де, етістіктерде де, т. б. болады. Бірақ бұл мағыналардың біреуінің мағынасын көтеріп, сол мағына жасап тұр, екіншісінің қызметін жоққа шығарып, ескермей нөлге тенеу дұрыс емес. Ю. Найда лингвистикалық мағына жеке сөздің мағынасы емес, бүтін бір топ (класс) сөздің мағынасы деп қате көзқарасты қолдағанда тек жалпылаушы семаны ғана негіз етіп алған (Пелевина 63, 28) *.

Ең қарапайым тілдік акт болып саналатын заттарға, құбылыстарға «ат берудің» өзі адамдарға ешнәрсеге негізделінбеген әрекет негізінде жасалынады деудің өзі негізсіз. Затқа, құбылыстарға

«ат беру» үшін оны танып-білу керек, негізгі белгілерін анықтау (сол зат туралы түсінікке ие болу) керек; олардың белгілерінің кейбіреулері сол заттың атауы болған сөздің мағынасының құрамына енуі керек. Сол заттағы белгілер анықталғаннан кейін, өзінің көрнекілік бейнесінен қол үзіп, сол типтес заттардың белгілерімен, қасиеттерімен салыстырылады. Осы салыстыру негізінде сол атауы болған заттың басқа заттардан айырмашылығы, өзіндік белгілері анықталуымен бірге оның басқа заттармен байланысып жатқан ортақ белгілері де анықталады. Сондықтан Г. В. Колшанский «Ат берудің өзі тек атау ғана емес, сонымен бірге коммуникация және дүниені тану да. Сондықтан да атаудың (именование) құрамына информациялардың тілдік формалар арқылы берілуі тиімділі, сонымен бірге қоршаған дүниенің дұрыс бейнеленуі»,— деп дұрыс жазған (Колшанский 75, 68) *. Әрине заттарға ат беру мен оның тілдің элементтерінің мағына құрамына енуі екі түрлі жағдайды талап етеді. Біздіңше, заттарға ат беру жеке адамдардың қызметімен байланысты да, оның қабылдану, қабылданбауы жеке адамдарға байланысты болмайды. Мысалы, *субботник* сөзін алайық. Бұл сөздің дүниеге келуіне себеп болған 1918 жылы 10 мамыр күні Москваның Қазан вокзалында өткізілген сенбілік. 20 мамыр күні «Правда» газетінде «Вестник «субботник» для коммунистов и сочувствующих Александровской железной дороги» деген мақала жарияланып, сонда *субботник* сөзі алғаш рет қолданылған еді. Алғашқы кездерде ол тырнақша ішінде қолданылып жүрсе де кейінде тырнақшасы алынып тасталынған. Сөзсіз мақаланың авторы болғандығы анық. Ал осы сөзді көпшілік халық қабылдап, тарих, уақыт елегінен өткеннен кейін, қазір, жеке авторы ұмытылып, естен шығып, авторсыз сөздердей қолданылып жүр (Шанский 80) *. Тіпті кей сөздердің алғашқы кезде қолданылып барып, кейін тілдік қолданылудан шығып қалуы да ықтимал. Бұл пікірімізге қазақ тіліндегі *жердің жасанды серігі* деген сөздің тарихы мысал бола алады. 1957 жылы 4 қазанда ұшырылған спутниктен кейін, соған байланысты, жарық көрген еңбектер мен газеттерде *спутник* сөзінің қазақша баламасы *жердің жасанды серігі* қолданылып жүрді. Бірақ уақыт өтуімен байланысты *жердің жасанды серігі* деген термин қолданылудан шығып қалды да, оның орнына халық орыс тілінің *спутник* деген сөзін қабылдады.

Сөйлеу процесінде сөз жеке затқа байланысты да, бірнеше заттарға байланысты да, сондай-ақ дерексіз заттарға байланысты да қолданылады. Зат есімдерді деректі, дерексіз деп бөлгенде осы мағыналық ыңғайға қарай бөлгенбіз; ол мағына сөздің лексикалық мағынасының құрамында бар. Ал нақтылы не жалпылай қолданылу сөйлеу процесінде анықталатын нәрсе. Мысалы, *бала* сөзі деректі зат атауын білдіреді де контекстен тыс тұрып ұрпақ, перзент мағынасын білдіреді. Бірақ нақтылы қай баланы айтып тұрғанын білдіру үшін оны анықтайтын, белгілейтін сөз тіркесімен келуі керек. *Анау бала, мынау бала, қара бала, жылап отырған бала, су тасыған бала* деген мысалдарымызда *бала* сөзінің

мағынасы нақтыланып, белгілі бір балаға байланысып тұр (Колшанский 75, 68).

Сөздердің лексикалық мағыналарының құрамына талдау жасағанымызда барлық сөздің мағына құрамынан (тіпті өте конкретті зат есімдердің арасынан да) денотаттық, сигнификаттық мағына сыңарларын табу кейде оңай болмайтындығына көз жеткіздік. Абстрактты зат есімдерде (*әруақ, жын, құдай* т. б.) денотаттық қатынасты білдіретін мағыналық компонент болмаса, жалқы есімдерде сигнификаттық мағыналық компонент болмайды деген пікірлердің бар екендігін ескерсек те жоғарыдағы мысалымызға дәлел бола алады. Сондықтан да кей ғалымдар дерексіз зат есімдердің ішінде (мысалы, *қатынас, байланыс, ар, ұждан, ой* т. б.) тікелей ұғымды білдіретіндері бар, олардың денотаттық мағына компоненттері объектив дүниедегі заттардың бейнесі болмайды, керісінше, ұғым негізінде қалыптасқан дерексізденген заттар, құбылыстар арасындағы қатынастар, байланыстар болады дейді. Біздіңше, сөз мағынасын ұғыммен тең деушілердің көпшілігі өз пікірлерін жоғарыдағы тезис арқылы дәлелдеуге әрекет етеді (Солнцев 74, 6—7) *. Бірақ бұл жолмен мәселенің басын ашуға болмайды. Біріншіден, объектив дүниемен, бізден тыс жатқан заттармен, құбылыстармен байланыспаған, оның субъектив бейнесіне негізделінбеген лексикалық мағына да болады ма деген сұрауға жауап беру керек. Екіншіден, сөз мағынасы тек субъектив характерге ие болса, объектив негіз, денотаттық мағына компоненті болмаса, адамдар сөз мағынасын бірдей түсінбеген болар еді. Демек сөйлескен екі адам әр сөзге өздерінше мағына беріп, өздерінше түсінген болар еді. Бірақ бұл шындық емес. Үшіншіден, ойдың да негізінде объектив дүниедегі заттар, болмыс жатпайды ма?

1955 жылдың өзінде-ақ проф. А. И. Смирницкий орыс тіліндегі *русалка, домовой, фавн* сияқты сөздерге байланысты мынадай пікір айтқан болатын. «Бұрын айтқанымыздай бұл жерде нақтылы бір зат туралы пікір жоқ. Сондай-ақ жаңа ғана сөз болғандай, ақиқат болмыстағы заттардың бейнесі де жоқ. Соған карамай *русалка, домовой, фавн, марсианец*, т. б. сөздерде жеткілікті дәрежедегі нақтылы мағына бар» (Смирницкий 55, 84) *. Егер бұл пікірді сөздің мағыналық компоненттерімен салыстыратын болсақ, онда *русалка, домовой* сияқты сөздердің мағынасының құрамында денотаттық мағына компоненті жоқ, бірақ толық лексикалық мағынасы бар деген ұғым туады. Демек денотаттық мағына элементі жоқ, сигнификаттық мағына элементтерінен құралған лексикалық мағына да бола алады. Шындығында да солай ма? А. А. Уфимцева А. И. Смирницкийдің көрсеткен мысалдарына жиырма жыл өткеннен соң қайта оралады да, олардың денотаты нөлге тең деп ескертеді. Кез келген тілде нөлдік денотатқа ие болған таңбалар (знаки) бар, яғни білдіретін объектісі реалды болмаған нақтылық (зат), бұл өмірде жоқ заттар, өзінше ойша құрастырылған, нақтылы өмірде оған ешнәрсе сәйкес келмейтін

қиялдағы объект дей отырып, орыс тіліндегі *кентавр, бог, русалка, черт* сияқты сөздермен салыстырады (Уфимцева 74, 46—47) * Әрине бұл саналып өтілген қасиеттер мен түсініктерге ие болған ұғым атаулары күнделікті өмірде толық және монолитті түрде кездеспейді. Бұл типтес сөздердің (олар дүниедегі барлық тілдерде кездеседі) өмірге келуіне түрлі жағдайлардың себепші болатындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ, себебі философ ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселе жан-жақты дәлелденген. Дегенмен де *су перісі, шайтан, жезтырнақ* сияқты заттар өмірде кездеседі. Салыстырыңыз: С. И. Ожеговтың сөздігінде *русалка* сөзіне: «В народных поверьях и сказках: существо в образе обнаженный женщины с длинными распущенными волосами и рыбьим хвостом, живущее в воде»,— деп анықтама берген (Ожегов 73, 634) *. Ал *шайтан* сөзіне: «В старинных суеверных представлениях — злой дух, сверхестественное существо, олицетворяющее злое начало (в образе человека с рогами, копытами и хвостом),— деп түсініктеме берген (Ожегов 73, 810). Русалканың бейнесін шашы жалбыраған жалаңаш әйелге балықтың құйрығын механикалық түрде жалғастыру негізінде жасаған. Сана-сезімі төмен басқышта болған адамдар дүниедегі жаман қылықтарды, зұлымдықтардың барлығын шайтанға теліп, оның бейнесін дүниеде кездесетін түрлі заттар мен адамдардың қасиеттерінен жинақтап жасаған. Яғни *шайтан* дегенде ешкінің мүйізіндей мүйізі бар, құлағы қалқиған, айыр тұяқты, шұбалаңқы құйрықты, түкті адам сияқты тік жүретін мақұлықты көз алдымызға келтіреміз. Шайтанды ертекерде солай бейнелейді. Мұндай сөздерде нақтылы, материалды денотат болмағанымен, түрлі заттардың қасиеттерінен жинақталынған, дерексізденген идеалды денотат бар.

В. И. Ленин Гегельдің «Логика ғылымы» деген еңбегінен конспект жасай отырып: «Адамның санасы объектив дүниені тек бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны жасайды»,— деп жазады (Ленин 29, 202). Демек адам ойы объектив дүниені әрі бейнелейді, әрі сол бейнелеу негізінде жаңа нәрсе (адамның сезім мүшесіне түйсік туғызбайтын, ойша жасалынған) жасайды. Адам ойының творчестволық мәні де осында. Шындығында да адамдар өздерінің өмір тәжірибесіне, біліміне негізделе отырып, өзінің сезім мүшелеріне тікелей түйсік туғызбайтын, бірақ объектив өмір сүретін заттардың түрлі қатынастарын, белгілерін, заттар арасындағы түрлі қарым-қатынастарды, олардың заңдылықтарын анықтай алады. Мысалы, қалампырдың ащы зат екендігін жемей-ақ білеміз, себебі оның ащы екендігін бұрын бірнеше рет жеп көргенбіз. Сондықтан да өмір тәжірибемізге сүйене отырып, оны жемей-ақ ащы қасиеті барын білеміз. «...егер дүниені тану табиғаттағы дүниенің нақ өзіндей қалай болса солай, табиғаттағы күйінде ағашты ағаш, тасты тас т. б. күйінде бейнелесе, онда үй, өндіріс құралдары қалай пайда болғаны түсініксіз болған болар еді. Егер таным табиғаттағы заттарды өз күйінше нақтылы көшірмесін (копировка) беретін болса, адамның тіршілігіндегі өз қызметін атқара алмаған болар еді»,— деп жа-

зады (Копнин 74, 105) *. Егер адам ойының творчестволық қызметі болмаса абстракты зат есімдер де, сан есім мен етістіктер де болмаған болар еді; адамдар табиғат заңдылықтарын ашып, оны өз өміріне пайдалана алмаған болар еді. Бірақ адам ойының қызметі заттардың өзін де, заттар аралығындағы қарым-қатынастарды да жасай алады деу қате. Дерексіздену, абстракциялау дүние сырын жете білуге, адам ойының объектив дүниеге жақындай түсуіне жағдай жасайды. «Ойлау нақтылы нәрседен абстракты нәрсеге көтерілгенде — егер ол дұрыс ойлау болса, (ал Кантта, басқа философтардың бәрі сияқты, дұрыс ойлау туралы айтады) — ақиқаттан алшақтамайды, қайта оған жақын келеді. Материяның, табиғат заңының абстракциясы, құн абстракциясы бәрі табиғатты тереңірек, дұрысырақ, толығырақ бейнеледі», — деген еді В. И. Ленин (Ленин 29, 159).

Кез келген абстракция тақыр жерге құрылмайды, оның негізінде конкретті өмір, нақтылы зат не олардың бір қасиеті, не басқа заттармен қарым-қатынасы жатады. Марксизм-ленинизм классиктері адамдардың таным процесінің дамуын деректіден дерексізге, жалқыдан жалпыға қарай деп түсіндіреді (Горький 61, 15) *. Тілдегі абстракцияны да осылай түсіну керек. Бірақ тілшілеріміздің кейбіреулері бұны басқаша түсіндіруге әрекет етеді. Мысалы, Н. Г. Комлев денотаттардың бірнеше түрі бар екендігін көрсете отырып, «Мынадай кей сөздердің мысалы ретінде айдың табиғи серігі (естественный спутник луны), ешқандай нақтылы заты, десигнаты жоқ, яғни олармен байланысты қолданылатын, олар көрсететін зат жоқ. Бұл атаулардың денотаты ретінде бос зат (пустой класс) алынады» дейді. (Комлев 69, 87) *. Ең алдымен *айдың табиғи серігі* деген түсінік бар ма? Бұны анықтау, әрине, тіл білімінің аясына енбейді. Тілде өтірік айту, алдау сияқты түсінік бар. Ол сөйлемдегі пайымдау мен сөйлемде айтылатын оймен байланысты. Біз сілтеме ретінде беріп отырған үзіндідегі *айдың табиғи серігі* деген сөзіміз арнайы бір затты атап көрсетпесе де (автор оны жинақы объект деп көрсеткен), денотаттан құр алақан емес, дүниедегі бар басқа заттардың белгілері негізінде жинақталынған, жасанды бейне ретінде түсініліп, идеалды денотатқа ие болып тұр. Күнделікті өмірде қолданылып жүрген табиғи, серік, ай сөздерінің денотаттық мағынасына негізделініп екінші бір ұғымға (өтірік, дұрыс бейнеленілмеген) екінші атау (вторичная номинация) ретінде қолданылып тұр.

Нақтылы материалды денотаттық қатынасын табуға болмайтын, оны идеалды денотатпен де, гнеснологиялық бейнемен де, қайта атау жолымен де түсіндіруге келмейтін *материя, атом, теорема, категория, предикация, бөлшек* сияқты ғылыми терминдер де бар. Сондай-ақ олар адамға түйсік туғызбайды, түйсік арқылы қабылданылған информация болмағандықтан гнеснологиялық бейне де жасай алмайды. Бірақ олар ғылыми абстракция арқылы жасалынған, бірнеше заттарға тән жалпы қасиетті білдіретін ғылыми терминдер. Олар да басқа заттар сияқты объективтік сипатқа ие. В. И. Лениннің материяға берген анықтамасы пікіріміз-

ге дәлел бола алады. «Материя дегеніміз — адамға оның түйсіктері арқылы мәлім болатын, біздің түйсіктерімізге тәуелсіз, бар бола алатын, сол түйсіктеріміз арқылы көшірмесі алынатын, суреті түсірілетін, бейнесі жасалынатын, объективті реалдықты көрсету үшін қолданылатын философиялық категория» (Ленин 18, 138) *. Философиялық сөздікте категория терминіне: «Категории (греч. *katēgoria* — указание, свидетельство) в философии — понятия, отражающие наиболее общее и существенные свойства, стороны, отношения явлений действительности и познания», — деп анықтама берген (Философский 75, 169) *. Бұл екі терминнің екеуінің анықтамасында денотатқа меңзеу жоқ. Бұл типтес ғылыми терминдердің мағынасында ашық денотаттық негіз байқалынбаса да, оларда ғылыми топшылау негізінде пайда болатын түсінік бар.

Сөздердің лексикалық мағынасына талдау жасап қарағанда барлық сөздерде бірдей нақтылы сигнификаттық мағына компоненттері де бола бермейтіндей көрінеді. Бұған мысал ретінде жалқы есімдерді көрсетуге болады. Көпшілік ғалымдар жалқы есімдерде сигнификаттық мағына компоненттері болмайды, олар тек денотаттық мағына компоненттерінен ғана тұрады деген пікір айтады (Суперанская 73, 255) *. Жалқы есімдер жеке заттың не процестің атауы ретінде қолданылып, белгілі бір затты көрсеткенімен, оның мағынасында да белгілі дәрежеде жалпылау болады. Сонымен бірге жалқы есімдердің де сөз екендігін ұмытпау керек. Мысалы, ер адамдарға қойылатын аттар мен әйелдерге, қыздарға қойылатын аттардың арасында айырмашылықтар бар. Орыс тілі сияқты род (жынысты білдіретін) категориясы бар тілдерде түбір соңына род қосымшасы қосылып *Света*, *Люба* қолданылса, түркі тілдерінде (род қосымшасы жоқ тілдерде) олар мағына жағынан ерекшеленіп жатады. Салыстырыңыз: *Ажар* (облик), *Айша* (араб. живущая, любящая жизнь), *Жібек* (шелк), *Алма* (яблоко), *Іңкәр* (сильное желание), *Құндыз* (выдра) т. б. Қыз аттарының этимологиясын талдап қарасақ, олардың мағынасында нәзіктік, сұлулықты, т. б. білдіретін мағыналық реңк бар. Ал ер атауларында, керісінше, батырлықты, күштілікті, өжеттікті, беріктікті білдіретін мағына бар. Салыстырыңыз: *Алмас* (сталь), *Арыстан* (лев), *Қайсар* (упрямый), *Мәжит* (ар. славный), *Мекемтас* (бук. ар. мекем — крепкий, тас — камень), *Мәнсүр* (ар. победитель), *Өзбек* (стойкий, мужественный), т. б. (Джанузаков 82; Гафуров 87) *. Әрине жалқы есімдердің о бастағы (этимологиялық) мағынасы оның төл мағынасы болып саналынбайды, сөйлесу кезінде оны ешкім де ойына алмайтындығы анық. Дегенмен де жалқы есімдер мен жалпы есімдердің мағынасын теңестіруге болмайды. Мысалы, *Орал Каспийге құяды* дегендегі *Орал* мен *Каспий* өзен мен теңіз атаулары, жеке өзен мен теңізді басқа өзендер (*Амудан*, *Сырдан*, *Еділден*, *Келестен*) мен теңіздерден (*Аралдан*, *Қара теңізден*, *Балқаштан*) ажыратып атау үшін қолданылып тұр.

Жалқы есімдердің бір ғана затқа атау болуы, даралаушылық қызметі оның мағынасындағы сигнификаттық мағына компоненті

мен ұғымның элементтерін кей ғалымдарымыздың жоқ деуіне себепші болған. Қ. А. Левковская жалқы есімдердің (адам ата-рының) лексикалық мағынасы жоқ деген пікір де айтқан (Левковская 62, 183) *. А. А. Уфимцева жалқы есімдерді лексикалық мағынасы жағынан толық емес дей отырып, С. Ульманның пікіріне сілтеме жасайды. «Жалқы есімдердің негізгі кемшілігі жалпыланған ұғымды білдіре алмауы; олардың қызметі таза атау, сондықтан да оны айырушы таңба деп атайды»,— деп қорытынды жасайды (Уфимцева 77, 42) *. Жалқы есімдерге тек адам аттары, фамилиясы ғана еңбестен географиялық атаулар да, күрделі оқиғалар атаулары да, ән-күй, роман, мекеме, газет-журнал т. б. атаулары да енетіндігі анық. Олардың семантикасында белгілі байланыс болғанымен, айырмашылықтары да бар. Салыстырыңыз: адамдарға қойылған атаулар мен төрт түлік малға қойылған атаулар. Рас орыс тілінде кей адамдарға қойылған атаулар төрт түлік малға (мысалы сиырларға) қойыла береді. Бірақ бұл барлық адам атауларына бірдей тиісті емес. Жалқы есімдердің осындай ерекшелігін көре отырып А. Е. Уфимцева жалқы есімдерді 1) затты белгілеуші, 2) заттарды ажыратушы деп екіге бөледі (Уфимцева 77, 43). Әрине бұлай бөлу шартты. Автор бірінші топқа адам аттары мен фамилиясы, жан-жануарларға берілген аттар мен топоним атауларды қосса, екінші топқа газет-журнал, кітап атаулары, түрлі заттарға берілген этикеткаларды енгізеді. Белгілеуші заттарда денотаттық мағынаның түрлі қасиеттерін білдіретін (мысалы, жыныстық) мағыналық реңк болса, атаушы жалқы есімдерде ұғымды жанап өтіп тікелей затпен байланысатын мағына бар дейді (Уфимцева 77, 44).

Жалқы есімдердің мағына құрамында денотаттық мағынаның бар екендігі, олардың да тілдің лексикалық құрамынан орын алатындығы анық. Сондай-ақ жеке-жеке заттардың атауы ретінде қолданылуы, өзі атауы болған затты өзі тектес басқа заттардан ажыратып тұратындығы да анық. Жалқы есімдерге анықтама бергенде де осы даралаушы, ажыратушы қызметін баса көрсетеміз. Яғни жалқы есім деп бірыңғай, біркелкі заттардың ішінен жеке-дара бір затты бөліп алып, соған берілген атауды айтамыз. Жалқы есімдердің лексикалық мағынасының бар, жоғын білу үшін оның денотаттық, сигнификаттық мағына компоненттерін анықтау дұрыс-ақ, бірақ бұл жерде екінші бір мәселенің басын ашып алу керек сияқты. Жалқы есімдер — заттарға берілген бірінші атау емес, екінші атау. Мысалы, дүниеге келген нәрестені біз алдымен шақалақ туылды не бала туылды деп атаймыз. Яғни оның алғашқы аты шақалақ не бала; одан кейін ғана біз оған ат беріп, айдар тағамыз. Әрине балаға берілген атаудың алғашқы кезде бір-ақ қызметі бар, ол да болса айыру. Үйдегі басқа балалардан, айналасындағы басқа адамдардан айырып жеке өзіне *Тілләбек, Асқар, Ахмет, Эльза, Сәния, Айша* сияқты атау береміз.

Бір ескертетін нәрсе сол — адамға берілген атаулар шақалақтың түсіне де, дене бітіміне де, көзіне де, шашына да т. б. байла-

нысты қойылмайды. Мысалы, *Ақмарал* деген атау тек ақ қыздарға ғана қойылмастан, қара қыздарға да қойыла береді. Демек адам аттарында баланың қасиеттерімен байланысып жататын, оның бір белгісін (түрін, түсін, көзін, мұрнын, шашын т. б.) білдіріп тұратын сема жок. Сол үшін де К. Маркс: «Я решительно ничего не знаю о данном человеке, если знаю только: что его зовут Яковом»,— деген пікірі өте дұрыс (Маркс 23, 110) *. Адам аттары екінші атау болғандықтан да бірінші атаудың (*шақалақтың, баланың*) орнына қолданылады. Осы қасиетіне қарай жалқы есімдерді К. А. Левковская толық мағынадағы таңба деп атаған (Левковская, 62, 182—183) *.

Адам аттары, уақыт өтумен байланысты, өз атауы болған жеке адамның түрлі қасиеттерін өз бойына сіндіріп лексикалық мағынаға ие бола бастайды. Тіпті жалқы есімдердің жалпы есімдер қатарына өтіп отыруы да мүмкін. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетінен хабары бар адамдар үшін *Алдар көсе* тек жеке адамдардың ғана атауы емес, өтірікші алдаушы адам (жалпы есім), *Қожанасыр* — әрі бір адамның аты, әрі көңілінде кірі жоқ ақкөңіл әпенді адамдарға байланысты қолданылатын сөз. Бұл типтес жалпы халыққа танымал болған адамдардың аттарына сондай мағыналық реңктердің қосылатындығы басқа халықтың тілінде де байқалынады.

Жалқы есімдердің барлығы да бірдей семантикалық сипатқа ие болмайтындығы да белгілі. Мысалы, жеке адамдарға берілген атаулар жеке ат қоюшының тілегіне (кейде традициясына) байланысты болса, жер-су атаулары ондай қасиетке ие болмайды. Мысалы, қазақта бірнеше қыз туыла берілген үйде кейде қыздың атын *Қыздықой, Ұлбала, Тоқтагүл* сияқты аттар қойылады. Яғни ат қоюшының тілегі — қыз туылу тоқтатылсын. Қазақтарда да (басқа халықтар сияқты) ат қою традициясы да бар. Мысалы, туылғанда баланың тісі болса *Жандар, Бөрібай*; баланың туылғанда денесінде қызыл дақтар болса *Анар, Анаргүл, Анарбай*; саусағы бесеуден артық болса *Артық, Артықбай*; денесінде қалы болса *Қалдыбек, Қалдыгүл, Аққал, Қалдықыз* сияқты аттар қойылады. Ал топоним атаулар басқа принциптерге негізделінеді. Мысалы, *Жайық* (Батыс Қазақстандағы бір өзен атауы) — жайылып ағатын өзен; *Арқалық* (қала атауы) — теріскей, арт жақ; *Босқан* (өзен атауы) — үлкен өзен (Әбдірахманов 75; Қойшыбаев 85) * сияқты атаулар атауы болған су не халықтар мекендеген жердің бір белгісіне қарай қойылған. Бұл атаулар уақыт өтуімен байланысты өздерінің ішкі формасынан қол үзіп, оларды ұмытады.

Қазіргі кездерде топоним атаулар мен ономастикалық атаулардың заттарға берілу принциптері арасындағы айырмашылық азайып барады. Егер ертеден келе жатқан жер, су атауларында өздері атауы болған заттардың бір белгісіне негіз етсе, қазір ондай негізделіну жок. Жергілікті не орталық Совет мекемелерінің қаулысымен бір қала не жер атаулары екінші бір атаумен ауыстырыла салынады. Мысалы, Ақмола — Целиноград, т. б.

Зат есімдердің ішінде мағынасы жағынан күрделісі де, көп қолданылатыны да жалпы есімдері. Әрине жалпы есімдердің арасында да мағынасы жағынан ауытқып бірде денотаттық мағынасына ғана сүйеніп, бірде сигнификаттық мағынасына ғана сүйеніп қолданылатындары кездеседі. Кейде екі мағыналық компоненттің қосындысы ретінде қолданылатын кездері де болады. Пікірімізге мысал ретінде сөздердің метафоралық және метонимиялық мағынада қолданылуын көрсетуге болады. Сөздер ауыспалы мағынада қолданылғанда, сөзсіз, оның денотаттық мағынасы да, сигнификаттық мағынасы да өзгереді. Салыстырыңыз: *Қырық балам бар еді, Қырқы да бірдей нар еді* (Батырлар жыры). *Айырдан туған жампоз бар — Нарға жүгін салғызбас* (Махамбет). Махамбет өлеңіндегі *нар* тура мағынасында қолданылып, түйенің бір түрі (Жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйенің бір түрі) ретінде қолданылып тұрса, батырлар жырындағы (Алпамыс батыр) *нар* түйе мағынасында емес, күшті, батыр мағынасында қолданылып тұр. Сондықтан да *түйе* мағынасында қолданылғанда денотатпен сигнификаттық мағыналық элементпен, күшті, батыр мағынасында қолданылған денотат пен сигнификаттық мағына элементтерімен тең түспейді.

Денотаттық мағына мен сигнификаттық мағына сөздердің категориялық мағыналарымен де байланысып жатады. Себебі категориялық мағына да мағынаны жалпылайды да объектив дүниедегі заттармен, құбылыстармен байланысып жататындығы анық. Сөздерді белгілі бір сөз табына бөліп, қарастырғанымызда осы категориялық мағынасын бір өлшем етіп аламыз. Яғни зат есімдерге заттың, табиғи құбылыстардың атын білдіретін сөздерді енгізсек, сын есімдерге заттың сынын, түсін т. б. қасиеттерін білдіретін сөздерді енгіземіз. Ал етістік деп аталынатын сөз табына заттың амал-әрекетін, қозғалысы мен қалпын білдіретін сөздер енеді. Әрбір сөз табы тек категориялық мағынасымен ғана емес, денотаттық, сигнификаттық мағыналарымен де ерекшеленіп жатады. Демек зат есімнің мағына құрамындағы денотат пен сигнификатты етістіктің мағына құрамындағы денотат пен сигнификатпен, сондай-ақ сан есімнің мағынасындағы денотатпен, сигнификатпен салыстырып болмайды.

Тіл білімінде сөздерді түрлі қасиеттеріне қарай топтастыру бар. Мысалы, қазақ тілі бойынша жазылған еңбектерде сөздерді лексикалық мағынасына қарай, алдымен, атауыш (толық мағыналы) және көмекші сөздер деп бөлу бар. Ал атауыш сөздердің өздері де мағына жағынан бір ізді еместігі анық. Ертеден келе жатқан традиция бойынша, атауыш сөздер есімдер және етістіктер деп екіге бөлінеді. Рас есімдер мен етістіктердің арасында тек лексикалық айырмашылық болып қалмастан, грамматикалық ерекшеліктер де бар. Сонымен бірге есім сөздер де лексикалық мағынасы жағынан бір ізді емес. Зат есімнің білдіретін мағынасы мен сын есімнің білдіретін мағынасы тең емес. Ал етістіктер лексикалық мағынасы жағынан мүлде басқаша қасиетке ие. Соңғы кездерде сан есімдердің лексикалық мағынасы туралы да азды-көпті пікір айтылып, басқа сөздермен айырмашылығы көрсетіліп жүр. Осындай ерекшелік-

тердің барлығын ескере отырып, А. А. Уфимцева атауыш сөздерді а) заттың атын білдіретін (предметный), ә) заттың түрлі белгісін, қасиетін (признаковый) білдіретін сөздер деп бөліп жүр. Бірінші топқа тек зат есімдерді ғана енгізсе, белгіні білдіретін сөздерге сын есім, сан есім, етістіктерді және үстеулерді енгізген (Уфимцева 80, 36) *.

Заттың атын білдіретін сөздердің заттың сынын, белгісін білдіретін сөздерден айырмашылығы сол — зат есімдерде денотаттық, сигнификаттық мағына компоненттер анық байқалынады да мағына солармен тікелей байланысады. Нақтылы денотаттық негіз жоқ делінетін абстракты зат есімдердің де идеалдық денотаты, гнесиологиялық бейнесі нақты болады. Ал етістіктер мен сан есім, сын есімдерде олар мұндай нақтылылық қасиетке ие бола алмайды. «Етістіктер мен сын есімдерде болса, олардың денотаты, дұрысырағы сигнификаты, заттар, адамдар, тағы басқаларға тікелей байланысты болады да белгіні білдіреді»,— дейді А. А. Уфимцева (Уфимцева 86, 94) *. Түркі тілдерінде де етістіктер ағылшын тілдеріндегідей қасиетке ие. Сондықтан да кез келген етістік белгілі бір заттың не табиғи құбылыстың қалпын, қозғалысын, амал-әрекетін білдіреді де зат есімдерге қатысты болады. Ал, үстеулер болса мезгіл, мекен, амалдың орындалу тәсілімен байланысты болады да етістіктерге мағына жағынан жақындығы байқалынады. Мысалы, *Көшенің сұлу табиғатына қатты қызығамын* (Р. Тоқтаров). Мысалымыздағы *қызығу* етістігі жеке тұрып-ақ мағына білдіретіндігі анық, бірақ кімнің қызығатындығы, неге қызығатындығы анық болғанда ғана мағынасы толық болады. *Көкше* — жер атауы, жалқы есім, оның мағынасы басқа сөздерге байланыспай-ақ нақты болып тұрады. Сондықтан да етістіктердің мағынасының бір шеті өзі тіркескен сөздермен (синтагмалық қатынасқа түскен сөздермен) де байланысты болады. Француз тілшісі Ш. Балли етістіктердің мағынасы туралы айта келіп: «Сонымен, процестер өздерінен бөлінбейтін заттармен бірге қабылданады. Қалыпты біз қозғалыстың сөзсіз жалғасы деп қабылдаймыз... Бірақ сөзсіз етістік білдіретін ұғым өте түсініксіз не күрделі болады»,— деген болатын (Балли 55, 52—53) *. Етістіктердің мағынасы жайылыңқы болатындығын В. В. Виноградов та ескерткен болатын.

Етістіктердің лексикалық мағынасының жайылыңқы болуы оның денотаттық, сигнификаттық мағыналарына да байланысты. Етістіктің денотаттық мағынасы дегенде заттардың қозғалысы, амал-әрекеті, қалпы көз алдымызға келеді. Ал қозғалыстың өзі белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде болатындығы анық. Сонымен бірге амал-әрекетті орындаушы адам (субъект), орындау мақсаты толып жатқан қосымша элементтер де етістіктің мағынасын толықтырып тұрады. Мысалы, *Шаңғышылар селоға кіргенде көз байланып та қалған еді* (М. Сүндетов) деген мысалдағы *кір* етістігінің мағына құрамында 1) қозғалыстың барлығы, 2) белгілі бір заттың (адамның) қозғалысы, 3) жердегі қозғалысты, 4) бір шекарадан (селоның территориясынан) өткенді, 5) ішке енуді білдіретін мағыналық бөлшек бар. Бұл саналынып өткен бөлшектер сөйлемдегі

сөздермен байланысып барып анықталады. Яғни кіру қимылы шаңғышылардың қозғалысы, шаңғымен қозғалу жерде болады, *кіру* елді мекеннің (селоның) территориясына енгендігін, қозғалыс бағыты даладан селоның ішіне бағытталғандығын *кір* етістігімен байланысқан сөздермен (село, шаңғышылар) байланысты анықталады. *Кір* сөзі басқа сөздермен байланысып басқашалау мағыналық сипатқа ие болуы мүмкін. Мысалы, *1920 жылы комсомол ұйымына кірдім* (Ш. Өтепов). Соңғы мысалымыздағы *кір* сөзі қозғалысты білдіріп тұрған жоқ.

Біз тіркес (кең мағынада контекст) сөз мағынасын жасайды немесе сөздің мағынасы тіркестерде жасалынады деген пікірге қосылмаймыз. Жоғарыда мысал ретінде келтірілген *кір* етістігінің екінші бір мағынада қолданылуы олардың екі сөз ретінде бой көрсетуімен емес, керісінше, олар бір сөздің екі лексико-семантикалық варианты. Бірінші мысалымыздағы *кір* етістігімен тіркескен актантың мекен мағынасы болғандықтан да оның шекара, қозғалыс семалары лексикалық мағынасына негіз болады. Екінші мысалымызда болса, *кір* етістігі тіркескен актант ұғым атауы, сондықтан да онда *кір* сөзінің бір-ақ семасы — арасына ену, бірі болу бой көрсетіп тұр. Мұндай мағыналық өзгеріске ену белгілі бір қатынастағы мағынадағы басқа сөздерге де (сын есім мен үстеулерге) тән.

Етістіктердің сигнификаттық мағына компоненттері де, зат есімнің сигнификаты сияқты жалпыланған, дерексізденген заттардың қозғалысына, қалпына негізделінген. Осы жалпылау ғана етістіктердің мағынасын басқа сөздермен байланыстырып, сөйлем құрамына енгізеді. Етістіктер жеке тұрып, басқа сөздермен байланыспай-ақ сигнификаттық мағынаға ие болады, бірақ нақты болмайды. Етістіктердің көпшілігінің бойындағы полисемантикалық қасиетті осы сигнификаттық мағынаның кең, жайылыңқы болуынан іздеу керек. Кей етістіктердің семантикасындағы мағыналық өзгерістер өте нәзік семантикалық талдауды талап етеді. Мысалы, қозғалыс етістіктерінің кейбіреулері бір тіркесте қарым-қатынас етістігіне, басқа тіркестерде ойлау етістіктерінің құрамында қолданылуы пікірімізге мысал бола алады. Салыстырыңыз: *үйге келу, қарсы келу, ойға келу, тілге келу* т. б. Етістіктердің сөйлем құрамында келіп қатынас жасайтын сөздері анық. Ондай қатынас субъект пен қозғалыс арасында, қозғалыс пен объект арасында, амал-әрекет пен субъект не объект араларында болса, сын есімдер зат пен түрлі қасиет аралығында, түс пен зат аралығында болады. Үстеулерде мұндай байланыс уақыт пен қозғалыс, кеністік пен қозғалыс т. б. аралығында болады. Бұндай байланыстан туатын қатынасты А. А. Уфимцева белгі (признак, субстанция) деп атайды да олардан туатын мағыналық реңкті қатыстық (белгі) мағына дейді. Жоғарыда *кел* етістігімен байланысты көрсетілген қатыстық мағына тіркесілген сөздің біреуі өзгерсе, етістіктің мағынасы өзгереді. Нақ осындай жағдайды сын есімдермен де, үстеулермен де байланысты көрсетуге болады. Салыстырыңыз: *ащы дауыс, ащы тер; жақын кісі, жақын жер*, т. б.

Етістіктердің мағынасының қаншалықты өзгеруге бейім екенді-

гін анықтау сөздердің көп мағыналылығын зерттеген ғалымның үлесіне тиеді. Дегенмен де етістіктердің сөйлем ішінде келуі, басқа бір сөзді талап етуі, онымен мағыналық жақтан байланысты болуы тілдің екінші бір қызықты саласы — синтаксистік семантиканы байланыстырады. Жалпы, етістік сөйлемде екінші бір сөзбен байланыстыруды талап етеді және ол сөзбен әрі мағына жағынан, әрі тұлға жағынан байланысады. Етістіктің бұл қасиетін тіл білімінде валенттілік қасиеті деп те атау бар. Етістіктердің валенттілік қасиеттерін анықтауда совет тіл білімінде біраз жұмыстар жасалынған, негізгі терминдері, қағидалары анықталған (Степанова 78) *.

Заттық мағына мен қатыстық (белгіні білдіретін) мағынаны білдіретін сөздерден басқашалау мағыналық қасиетте ие болатын сөздер — есімдіктер. Есімдіктердің семантикалық қасиеттеріне қарай тіл білімінде диектикалық (ағылш. deictic фр. deicticus нем. deiktisch — көрсету) сөздер деп атау да бар. Тіл білімінде диектикалық сөздердің қатарына тек есімдіктерді ғана енгізбестен, оған *қазір, бүгін, жоғары, төмен, оң, сол* сияқты үстеулерді де, сын есімдерді де, тіпті индоевропа тілдерінде кездесетін артикулдерді де енгізу бар (Уфимцева 74, 264—199) *. Көмекші сөздердің мағынасы мен мағыналық құрамы бұл еңбекте арнайы сөз болмайтындықтан біз тек И. А. Стерниннің еңбегіне сілтеме жасаумен ғана шектелуді жөн көрдік (Стернин, 73) *. Ал мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерінің мағынасында орындық, мекендік, мезгілдік мағынаны нақты көрсетпей екінші бір сөздің орнында қолданылу, екінші бір сөздің білдіретін мағынасымен сыбайласқан мағынаны білдіретін элементтің болатындығы анық. Мысал, *Кеше, 2 желтоқсанда, Алматыда Сібір халықтарының әдебиеті мен өнерінің он күндігі басталды* (Газеттерден). *Ауыл үсті у да-шу, шұғыл халық жылқысын төменге — Үйшікке айдатайын деп жатыр* (Х. Есенжанов). Бірінші мысалымыздағы *кеше* сөзі *2 желтоқсан күні* орнында қолданылып тұрса, екінші мысалымыздағы *төмен* сөзі *үйшікке* сөзінің орнына қолданылып тұр. Нақ осындай қолданылу зат есімдердің кейбіреулеріне де тән сияқты. Мысалы, *Дүние жүзінің еңбекші бұқарасы үмітін СССР-дің астанасына, Москваға артып, көз тігіп отыр* (Газет). Әрине келтірілген мысалымыздағы мағыналық сәйкес келу синтаксистік қызметпен, сөйлемнің оңашаланған айқындауыш мүшесі болуымен, байланысып жатыр. Біздіңше, сөздердің айқындауыш мүше қызметінде қолданылуын сөздердің сөйлемдегі мағына дербестігін жоққа шығару нәтижесінде іске асады деу де дұрыс емес.

Мезгіл және мекен үстеулерінің басқа бір сөздің орнына қолданылуы, орынбасар болу мүмкіндігі олардың лексикалық мағыналарының өзінде жатыр. Егер зат есім, сын есім, етістіктердің мағынасында объектив дүниемен байланысып нақтылы заттың не түсініктің атауы болатын, қай контексте келсе де өзі бейнелеген затпен байланысып (идеалды денотатпен) жататын, байланысын сақтайтын болса, диектикалық сөздердің мағынасында ондай сема жоқ; олар белгілі мекен, мезгілге байланысты мағына білдірсе де сөйлеу процесіндегі жағдайларға байланысты өзгеріп, контекспен байла-

нысты ғана мағынасын анықтайды. Сондықтан да олардың мағынасын анықтауда екінші бір жағдайды (ситуацияны) өлшем етіп аламыз. Мысалы, *кеше* деген сөздің мағынасын анықтау үшін *бүгінгі* мерзімді, *бүгін* деген сөздің мағынасын анықтау үшін айтылып не жұмыс орындалып жатқан мерзіммен салыстырылады. *Жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, алыста, ұзақта, кейін, ары, бері* сияқты мекен үстеулерінің мағыналарын да салыстыра анықтауды талап ететін мағыналық компоненттер бар.

Қазірше диектикалық сөздердің ішінде ең көп сөз болып жүргендері — жіктеу және сілтеу есімдіктері. Жалпы есімдіктердің барлығы да диектикалық сөздердің қатарынан орын алады ма деген сұраудың туатындығы анық. Бұған бір сөзбен жауап беру қиын-ақ. Себебі есімдіктер қазіргі күнге дейін грамматикалық жақтан зерттелінгенімен, семантикалық талдаудың талқысына түсе қойған жоқ. Қазақ тілі материалы негізінде есімдіктерді өз зерттеулеріне объект етіп алған А. Ибатов та, А. Ысқақов та есімдіктердің семантикасына қысқаша шолу жасаумен ғана шектелген (Ибатов 61; Ысқақов 63) *. Қолдағы бар материалдарымыздың көрсетуінше, барлық есімдіктер бірдей диектикалық мағынада қолданыла бермейді. Тіпті есімдіктердің бір семантикалық тобындағы сөздердің өздері де бұл мәселеде бөлектеніп жатады. Мысалы, *Әрбір адымын санап басқандай...* (Ғ. Мүсірепов). *Бейбіт өмірдің тағдыры үшін әрбіріміз жауаптымыз* (Газет). Бірінші мысалымыздағы *әрбір* сөзі санау мағынасымен ұштасып жатады да диектикалық мағынаны білдірмейді. Екінші мысалымызда болса, *әрбіріміз* зат есімдермен ұштасып тұр да зат есімнің орнында (барлық адамдар) қолданылып тұр. Сондай-ақ сұрау есімдіктерінде де екінші бір сөзге сілтеу болмайды, тек анықтау, білу мағынасында қолданылады. Мысалы, *Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз* (Абай) деген мысалымыздағы *кім* есімдігі сілтеп тұрған жоқ, анықтау мақсатында сұрау мәнінде қолданылып тұр. А. А. Уфимцева ағылшын тілдеріндегі жіктеу, сілтеу және меншікті (притяжательный) есімдіктерін ғана диектикалық сөздердің қатарына қосқан (Уфимцева 86, 98) *. В. Г. Гак француз тіліндегі есімдіктерге шолу жасай отырып, диектикалық мағынада тек есімдіктер ғана емес, зат есімдер (*moi, celui, ci*) де, сын есімдер (*ce mon, guel*) де, үстеулер (*ainsi, la-bas, ou*) де қолданылатындығын ескертеді (Гак 76, 61) *. Демек диектикалық мағына-категориялық мағынамен сәйкес келмейтін, сөздердің лексикалық мағынасымен байланысып жататын мағынасы.

Көпшілік тілшілер есімдікті мағынасы мен сөйлемдегі атқаратын синтаксистік қызметіне қарай екі топқа бөліп: 1) диектикалық, 2) анафоралық мағынада қолданылатын есімдіктер деп атайды (Вольф 74; Современный 81; Гак 86) *. Олардың көпшілігі диектикалық сөздерге сөйлеу процесіндегі сөйлеушілер не соған қатынасушылар, мекендік не мезгілдік қатынастағы сөздерді қосса, анафоралық сөздерге контекспен байланысты басқа сөздердің орнына қолданылатын сөздерді қосып жүр. Қазақ тіл білімінде бұндай бөлу дәстүрі жоқ.

Лексикалық мағынасы жағынан есімдіктердің басқа сөз таптарынан бөлініп тұратындығын тілшілеріміз ерте кезден-ақ байқаған болатын. Сондықтан да оларды жеке сөз табы ретінде бөліп алып, тексеріп жүр. Бірақ олардың мағынасын анықтап, семантикалық белгісін көрсетуде пікір алалығы бар. Ең алдымен, есімдіктер атауыш (толық мағыналы) сөз бола алады ма? Екіншіден, есімдіктердің лексикалық мағынасын қалай анықтауға болады? Бірінші сұрауға қазір бір ауыздан атауыш сөздердің қатарынан орын алады деп жауап беріп жүрміз. Бірақ тіл білімі тарихында есімдіктер жеке тұрғанда белгілі бір зат не ұғымның нақтылы атауы болмайды, сондықтан да оларды көмекші сөздердің қатарына қосу керек деген ғалымдарымыздың болғаны да анық. Совет тіл білімі өкілдері есімдікті атауыш сөздерінің қатарына қосады, бірақ зат есім, сын есім, етістік сияқты атауыш сөздерден мағынасы жағынан өзгешелігінің барлығы, оның лексикалық мағынасы жайылыңқы екендігі ескертіледі. Мысалы, С. Д. Кацнельсон есімдіктерді диектикалық сөздер деп атайды да оны атау сөздерге қарсы (назывные слова) қояды. «Әр тілдің лексикалық негізін атау (назывные) сөздер, яғни атау (номинативтік) функциясына еге сөздер жасайды. Семантико-грамматикалық классификацияда бұларға заттарды атап көрсетпей нұсқап (диексис) көрсететін есімдіктер қарсы тұрады»,— деп жазады (Кацнельсон 86, 10) *. Бұл жерде С. Д. Кацнельсон оларды затты атап көрсететін сөздерге қарсы қойғанымен, көмекші сөздер деп тұрған жоқ.

Атауыш сөздердің жоғарыдай екі топқа бөлінуі олардың лексикалық мағынасына негізделінген. Зат есім болсын, сын есім болсын, етістік болсын белгілі бір зат не ұғым, қозғалыс сияқты адамдардан тыс өмір сүретін зат не құбылыс атауларын білдіреді де бұл мағыналарын жеке тұрғанда да сақтайды. Ал есімдіктерде болса мұндай нақтылылық, дербестілік жоқ. Сондықтан да есімдіктерге зат есімнің, сын есімнің орнына қолданылатын, оларды атап көрсетпей жанамалап, меңзеу арқылы көрсететін есім сөздердің тобын айтамыз деп анықтама береміз. Бірақ бұдан есімдіктердің лексикалық мағынасы контексте, сөйлем ішінде пайда болады, олар жеке тұрғанда лексикалық мағынасы болмайды деген қорытынды шығаруға болмайды. Кез келген диектикалық сөз жеке тұрғанда да лексикалық мағынаға ие. Мысалы, *мен* есімдігі айтушы жақты, *сен* есімдігі тыңдаушы жақты, ал *ол* есімдігі бөгде жақты, қатыспаған адамды (кейде жақтық мағынасы жоқ) білдіреді. Тіпті, кейде, диексис пен анафоралы сөздерді денотаттық, сигнификаттық мағыналармен байланысты да анықтауға әрекет ету бар. Мысалы, Е. М. Вольф диектикалық сөздердің таңба мен референттен тұратындығын айтады. «...нағыз диектикалық көрсету тікелей референтке бағытталады да екі элементті — таңба мен референтті қамтиды»,— дейді (Вольф 74, 6) *. Еске алатын және бір жағдай бар. Есімдіктердің барлығы бірдей мағына дербестігіне ие болып, белгілі бір сөз табына тиісті сөздердің орынбасарлары ретінде қолданыла бермейді. Сондықтан да есімдіктерді заттық ұғымды білдіретін сөздердің орынбасары болатын есімдіктер және заттың сы-

нын, белгісін білдіретін сөздердің орынбасары болатын есімдіктер деп екіге бөлу бар (Ысқақов 64, 301). Бұл екі топтағы есімдіктер өздерінің мағына құрылымы жағынан да ажыратылып жатады. Олардың денотаттық, сигнификаттық мағына компоненттері жайылыңқы, жалпы сипатқа ие. Сондықтан да олар басқа сөздердің орнына қолданғанда оның мағынасын өзіне толық қабылдамайды, тек сол мағынаны меңзейді, нұсқап көрсетеді. Осы қасиеттеріне байланысты ғана кез келген адам *мен, сен* болып кете беру мүмкіндігіне ие. Мысалы, *Менің мазамды алмаңдар, — дейді Александров* (Ш. Жиенкұлова). — *Е, мен әйел алдым ба десем, биші алған екенмін ғой* (Ш. Жиенкұлова). — *Ағай, мен Лондонға бармаймын. Қорқамын... деп жылап жібердім* (Ш. Жиенкұлова). Мысалға келтірген үш сөйлемнің құрамында да *мен* есімдігі бар, бірақ үшеуі үш адамның орнында қолданылып тұр. Бірінші сөйлемдегі *мен* Алматыдағы балет студиясына шақырылған Москва профессоры А. А. Александровтың орнында тұрса, екінші сөйлемде қазақтың атақты артисі Құрманбек Жандарбековтің орнында қолданылып тұр. Ал үшінші сөйлемдегі *мен* Шара Жиенкұлованың орнында қолданылып тұр. Бұл мысалдардағы *мен* есімдігінің үшеуіне де ортақ жағдай — олардың үшеуі де (Александров та, Қ. Жандарбеков те, Ш. Жиенкұлова да) сөйлеушілер, жұмысты орындаушылар. Ал тыңдаушы не амал-әрекет тікелей бағытталынған адам болса *сен* есімдігі қолданылған болар еді. Мысалы, — *Қорықпа, сен қорқатын зат емес, — деп Күрекең қарқылдап күлді* (Ш. Жиенкұлова). — *Түк шықпайды сенен, — деп сахнадан қуып шығыпты* (Ш. Жиенкұлова). Бірінші мысалдағы *сен* Шара орнында, екінші мысалдағы *сен* Күләш орнында қолданылып тұр, т. б.

Үшінші жақ жіктеу есімдігінің мағынасы сәл басқашалау. Оқулықтарда *ол* есімдігінің негізгі мағынасы ретінде, көбінше, үшінші жақтағы адамды білдіретіндігін көрсетеді. Сондықтан да үшінші жақ жіктеу есімдігі — *ол* мағынасы жағынан бірінші және екінші жақтағы жіктеу есімдіктеріне қарағанда жайылыңқы болады. Сөйлесу кезінде 1, 2-жақтағылардың болуы нақты талап ете бермейді. Кейде *ол* сөзінің қандай сөздің орнында қолданылып тұрғандығын сөйлесу кезіндегі ситуациямен ғана анықталатындығы, контекспен нақтыланатындығы анық. Салыстырыңыз: *Оның үздік драмалық артист екендігіне ғұмыр бойы бас иіп өтемін* (Ш. Жиенкұлова) деген мысалымыздағы ілік септікті үшінші жақ жіктеу есімдігінің (оның) кімнің орнына қолданылып тұрғандығын нақ осы үзінді арқылы анықтау мүмкін емес. Салыстырыңыз: *Қалайда Күләш актриса ретінде менен оқ бойы озық еді. Оның үздік драмалық актриса екендігіне ғұмыр бойы бас иіп өтемін* (Ш. Жиенкұлова). *Ол* есімдігі тек диектикалық сөз ретінде ғана емес анофоралық сөз ретінде де қолданылады. Қазақ тілінде *ол* есімдігінің сілтеу есімдігі ретінде қолданылуы оның анофоралық мағынасына сәйкес келеді (сондықтан да екеуін есімдіктің екі тобына қосамыз).

Жіктеу есімдіктерінің көпше түрінің де мағыналары біз ойлағандай емес, оқулықтардағы түсіндіруден сәл басқашалау. Мысалы, *біз* есімдігі бірінші жақтың көпше түрі, бірақ мағынасы жағы-

нан олар бірнеше мен емес. Мысалы, *Бірақ осы Сәкен аға біз жаққа кем мойнын бұрып қарап қоятын* (Ш. Жиенкұлова) деген мысалды Сәкен қараған жақта екі не одан көп Шара жоқ, Шара араларында тұрған бірнеше қыз-келіншектерге қарап қоятын деп түсінеміз. Демек біз есімдігі қолданылғанда сөйлеушіден басқа, сол тектес адамның да бар екендігін көрсетеді. Кейде біз есімдігі стильдік талапқа байланысты бір адамды ғана білдіруі мүмкін, бірақ мұндай жағдайда мағынасында сыпайылық, кішіпейілділік байқалынады. Мұндай қолданылу көбінесе, ғылыми стильдерге тән болады. Мысалы, *Олардың ішінде біздің тұсымызда өмір сүріп, күйшінің көптеген шығармаларын біздің дәуірге жеткізіп бергенде.* (А. Жұбанов). *Ал біздің бұл «Адайды» сырттай соғады деп отырғанымыз—Қалидың орындауындағы «Адайға» бұл күйдің ұқсайтын жерлері жоқ емес* (А. Жұбанов). Бірінші мысалымызда қолданылған екі біздің де (*біздің тұсымызда, біздің дәуірге*) (А. Жұбановка, А. Жұбанов өмір сүрген дәуірге) меңзеу бар. Екінші мысалымызда таза ғылыми стиль нормасында *менің* сөзінің орнында қолданылып тұр. Біз сөзі белгілі бір жаққа байланыспай-ақ жалпы мәнде қолданыла береді. Мысалы, *Ал, біз үшін керегі оның халықты күлдіргі масқарампаз еңбегіндегі ісі емес, оның халық ішінен жарып шыққан күйшілік дарыны* (А. Жұбанов). *Ықылас өзінің өмірінде бұл күйге* («Кертөлғау» туралы айтылып жатыр — О. М.) *бірнеше рет оралды, сүйтіп бүгінгі біз білетін қалыпқа түсіруге мүмкіндік берді* (А. Жұбанов). Бірінші мысалдағы *біз үшін* тіркес А. Жұбанов үшін деп ұғынылмайды, қазіргі қазақ халқы, Абылдың мұрасын құрметтейтін ұрпақтары үшін деп ұғынылады. Ал екінші мысалдағы *біз білетін* тіркесі қазіргі кезде сол күйді білетіндер деген мағынада қолданылып тұр.

Сендер сөзінің мағынасы да екінші жақтың мағынасынан күрделірек.— *Құрмаш, Шаражан, анаңды, балаларды бірінші құдайға, екінші сендерге тапсырдым* (Ш. Жиенкұлова) дегендегі *сендер* тікелей тыңдаушыларына, сөйлеу процесіне қатынасушыларға байланысты қолданылып тұр. Ал, *Сендер ойнаған рольдер...* (Ш. Жиенкұлова) дегендегі *сендер* тек тыңдаушыларға байланысты ғана айтылмастан, сол кезде жоқ, сөйлесуге қатынаспаған Күләш, Құрманбек, т. б. туралы да айтылған. Демек, 1, 2-жақ жіктеу есімдіктерінің мағынасын тек айтушымен, тыңдаушылармен ғана байланыстырмай, сөйлеу кезіндегі жағдайлармен байланыстырып бөгде, сөйлесуге қатыспағандар туралы да, соларды да қамти алатындығын есепке алу керек. Бірақ бұл сөйлеушінің, жазушының стильдік талабынан туатын жағдайлар.

Сілтеу есімдіктері де басқа бір сөздің орынбасары ретінде қолданылып, басқа сөздің мағынасына меңзеу қабілеті бар. Бұл есімдіктердің жіктеу есімдіктерінен айта қаларлықтай айырмашылықтары бар. Біріншіден, сілтеу есімдіктері зат есімдердің орнына қолданылып, заттың атауы бола алмайды. Олар мезгіл мен кеңістік мағыналы сөздер мен заттың сындық белгісін білдіретін сөздерге орынбасар болып алады. Екіншіден, жіктеу есімдіктері (3-жақтан басқалары) сөйлеу процесімен байланысты қолданылса, сілтеу

есімдіктері контекспен байланысты мағынасын анықтайды. Мысалы, *Сол кенет есіме түсті, мен де «Уа, қазағым» дедім де сахнаға билей басып шықтым* (Ш. Жиенқұлова) деген сөйлемдегі *сол* сөзінің мағынасын (осы сөйлем аясында) анықтауға болмайды. *Сол* сілтеу есімдігі мағынаны өзінен бұрын болған бір уақиғаға сілтеп, мағынасын екінші бір контекстегі (сөйлемдегі) мағынамен байланыстырып тұр. Яғни: *Баяғыда ел аралап гастрольмен жүргенімде, палуан Қажымұқан ағайдың күресер алдында «Уа, қазағым» деп жолбарыс үніндей гүр ете түсетіні бар-тын. Сол кенет есіме түсті, мен де...»* десек, *сол* есімдігінің қандай сөздің орнына қолданылып тұрғандығын, мағынасын анықтауға болады. Және бір мысал келтірейік. *Осыған мақұлдасып, жігіттер аттарын ерттеп, қаруларын сайлап айқасқа әзір тұрған-ды* (А. Жұбанов). Сөйлемдегі жігіттердің неге келіскендігін анықтап тұрған сөз жоқ. Егер бұл үзіндіге алдында тұрған сөйлемді толық келтірсек, мағына түсінікті болған болар еді. *«Үйде аштан өлгенше, соғыста оқтан өлген артық,— десті бас көтерер азаматтар. Осыған мақұлдасып...»* Үшіншіден, сілтеу есімдіктері анықтаушылық қызмет атқарып, орынбасарлық қызметінен қол үзеді. Жіктеу есімдіктерінде ондай қасиет жоқ. Бірақ олар арасында белгілі бір ұқсастықтың барлығын естен шығаруға болмайды. Себебі жіктеу есімдіктері де, сілтеу есімдіктері де белгілі бір затты, уақытты т. б. нақты көрсетпестен меңзеп, сілтеп, шамалап көрсетеді. Мысалы, *Халықтікі дегенде сол сөзді тырнақшаның ішіне алып сөйлейтіндер бар* (Ш. Жиенқұлова). *Қазақстан — көркемөнері қарыштап өскен ел, осы жолмен ілгерілеп өсе беруіне ешкім шек келтірмейді* (Ш. Жиенқұлова).

Сілтеу есімдіктерінің ішінде айтушының не жұмысты орындаушының кеңістіктегі орны мен уақытқа байланысына қарай мағына меңзейтін кездері де бар. Мысалы, ұзақтағы затты көрсету үшін *сонау, анау* сөздерін қолдансақ, *сол* заттың жанына барып, жақындап *мынау* сөзін қолданамыз. Сонда *сонау, анау, мынау* сөздері бір затты көрсетіп тұр, айырмашылығы зат пен айтушы адамның ара қашықтығында ғана.

Есімдіктердің диектикалық мағынасы туралы айтылған пікірлерімізді жинақтайтын болсақ, біріншіден, есімдіктер — зат есім, сын есім, етістіктердей атауыш сөз. Олар өздері жеке тұрып та денотаттық, сигнификаттық (тым болмағанда сигнификаттық) мағынаға ие болады. Екіншіден, есімдіктерді зат есімнің, т. б. орнына қолданғанда олардың мағынасына (орнына қолданған сөздің) не болмайды, соған сілтейді, меңзейді. Үшіншіден, есімдіктердің мағынасы өте жайылыңқы, оның мағынасы сөйлемдегі не контекстегі ситуациямен байланысып отырады. Сондықтан да В. И. Ленин «Бұл кім? Адамдардың бәрі мен. *Das Sinnliche?* Бұл — дегеніміз жалпы нәрсе *ets, ets.* Бұл ма? Әркім дегеніміз — «Бұл», — деген болатын (Ленин 29, 266) *. Төртіншіден, заттардың қасиетін анықтау, басқа мағынаға меңзеу объективтік сипатқа не болмайды, сөйлемдегі қатынасынан субъектіге байланысты анықталады. Бесіншіден, есімдіктерде денотат та, сигнификат та өзгермелі болады.

Кез келген сөз тек денотаттық не сигнификаттық мағынадан ғана құралады немесе сөздер не денотаттық, не сигнификаттық мағынаны ғана білдіреді дейтін болсақ, сөздік құрамдағы біраз сөздердің мағына құрамына талдау жасай алмаған болар едік. Мысалы, *жексұрын, надан, топас, балақай, албасты* сияқты зат есімдер мен сын есімдер: *бытти, адыраңда, бажраңда, балпылда, отта, тырбаңда* сияқты етістіктердің; *эттеген-ай, қайран, ойбай, пәлі, бәсе, бәтшағар* сияқты одағайлардың мағыналарында адамның көңіл-күйін білдіретін мағыналық реңк сөздің негізгі мағыналық ядросын жасап тұр. Бұлардың мағынасын объектив дүниедегі заттармен байланыстырып не сол заттар негізінен пайда болған ұғымдар арқылы анықтауға болмайды. Шындығында да адамзат айналасындағы дүниені не сол дүниеде болып жатқан құбылыстарды, олардың түрлі қасиеттерін тек сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, оған өздерінің көзқарастарын білдіріп, оны өзгертуге, өзіне қажетті жағдайға келтіруге әрекет ететіндігі, дүниені өзгертуге актив қатынасатындығы анық. Сондықтан да дүниені танып білу тек сезім мүшелері арқылы олардың көшірмесін қабылдау деп түсіну дұрыс емес. Әрқашанда объектив дүниедегі заттардың түйсік арқылы қабылданған информация адам ойының, санасының елегінен өтіп жататындығы, оған белгілі баға да берілетіндігі де шындық. Көпшілік психологтар да эмоцияға анықтама бергенде осыны негіз етіп алады. «В действительности эмоции в качестве процесса есть не что иное, как деятельность оценивания поступающей в мозг информации о внешнем и внутреннем мире, которую ощущения и восприятия кодируют в форме его собственных образов»,— деп Б. И. Додонов анықтама берсе (Додонов 78, 29) *, П. Қ. Анохин «Эмоция (франц. emotion от лат. emovere — возбуждать, волновать) — физические состояния организма, имеющие ярко выраженную субъективную окраску и охватывающие его виды и переживаний человека — от глубокотрамвирующих страданий до высоких форм радости и социального жизнеощущения»,— деп анықтама берген (Анохин 84, 172) *. Осыған жақын анықтама психология оқулықтары мен сөздіктерінде де кездеседі.

Егер адамзат айналасындағы дүниені, дүниеде болып жатқан құбылыстарды тек өз күйінде қабылдап, оған өз көзқарасын білдірмейтін болса, онда дүниедегі құбылыстарға баға бере алмаған болар еді; оның жинақтық бейнесін жасап, өмірде пайдалана алмаған да болар еді. Адамзат табиғаты басқаны көрсетеді. Әр ұрпақ өз дәуірінде болып жатқан қоғамдық, табиғи құбылыстарды, өзгерістерді өздерінше бағалап, кейінгі ұрпаққа беріп отырады. Егер өткен дәуір тәжірибесі сұрыпталынбаса, қалай болса солай қабылдана беретін болса, есте сақталына берсе, онда адамзат тарихында даму да болмаған болар еді. Айталық, алғашқы дәуірде адамзат оттың пайдалы жағы мен зиянды жағын ажыратпаса, ошақ қазып, отты сақтау қажеттілігін білмеген, оны өз мүдделеріне пайдаланбаған болар еді; қазіргі адамдар оның тамақ пісіру, жер өртеуден

басқа қасиеттерін анықтамаған болар еді. Алғашқы адамдардың өздері-ақ оттан өрт шығатындығын, оны үнгірде, ошақта сақтау қажеттілігін (археологтар алғашқы адамдар жасаған үнгірлерде от жағылғандығын, арнайы қазылған ошақтар барлығын көрсеткен), өрттің апат келтіретіндігін (яғни жағымсыз жағын), сонымен бірге оттың жылу беретіндігін, адамзаттың түрлі мұқтаждығын өтеуге пайдалануға болатындығын (яғни пайдалы жағын) ажырата білген.

Эмоция тек қабылдаумен ғана байланысты емес. Психологтар эмоционалды есте сақтаудың барлығын мойындайды (Общая 77, 361) *. Тіпті кей жағдайларда эмоционалды есте сақтау есте сақтаудың басқа түрлерінен жоғары тұратындығын да естен шығаруға болмайды. Сол үшін адамдарды дүр сілкіндірген қорқынышты кей бір уақиғалар сол адамдардың ойында өмір бойы қалып қоятындығы, тіпті кей адамдардың психологиялық қалпының бұзылуына себепші болатындығы сыр емес. Демек өмірді, адамзат айналасындағы дүниені танып білуде эмоцияның қызметі үлкен екендігі анық. Сондықтан да В. И. Ленин «Без человеческих эмоций» ни-когда не бывало, нет и быть не может человеческого искания истины»,— деп айтқан болатын (Ленин 26, III) *. Міне, осы эмоция сөз мағынасына да өз ықпалын тигізіп, оның мағына құрамынан орын алады.

Эмоция мен экспрессияны мағына жағынан ажырату бар. Бұл психология пәні үшін қажетті болғанымен, бұлай бөлу тілшілер үшін принципиал характерге ие емес. Эмоция бар жерде экспрессияның болатындығы анық. Бірақ сөз мағынасының құрамындағы эмоционалды-экспрессивті мағыналық элементтердің бар не жоқ екендігін анықтау үшін, эмоцияның табиғатын жете түсіну үшін эмоцияның пайда болу жолын, эмоцияны дүниеге алып келетін мотивтерді белгілеу үшін экспрессияның көмек беретіндігі анық. Жалпы, эмоция қалай пайда болады, эмоция дүниені танып білудің бір жолы ма деген сұраудың туатындығы анық.

Эмоция субъектив, индивидуалдық сипатқа ие. Тіпті кейде сезімтал адам деген тіркесті белгілі бір адамдарға байланысты қолданып, оның айналадағы құбылыстарға тез бейімделетіндігін, жауап беретіндігін ерекшелеп көрсетеміз. Ал екінші бір адамдарға байланысты қара дүрсін, дөрекі сияқты сөздер қолданылып, олардың тез сезіне қоймайтындығын, бір мойындығын, олақтығын баса көрсетеміз. Бұлай екі түрлі сезім туғызу өмір тәжірибесі негізінде адамдар арасында белгіленген нормалар мен байланысты баға беру түсінігімен байланысты. Жақсы мен жаман, қуаныш пен қайғы, күлкі мен жылау, қарғыс пен алғыс, рахат пен азап, ащы мен тұщы сияқты түсініктер объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғатына салыстыра баға беруден туғандығы анық¹. Сондықтан да эмоция субъектив қасиетке ие дейміз. Тіпті бір адамға жағымды

¹ Кей тілшілер осы салыстыру негізінде қалыптасқан антонимдес жұп сөздердің мағыналарын негізге ала отырып, олар бірінсіз мағына білдіре алмайды деген қорытындыға да келген. Ол туралы соңғы тараулардың бірінде сөз болады.

сезімдік түйсік туғызатын зат не амал-әрекет екінші бір адамға, керісінше, жаман сезім туғызуы мүмкін. Мәселен, рок музыканың жастар мен қарттарға тигізетін әсері мен бағасын мысалға алуға болады. Қазіргі күнде социологтардың зерттеулерінің көрсетуінше жастардың көпшілігіне рок музыкасы ұнаса, жасы ұлғайған адамдардың рок музыкасын ұната қоймайтындығы анықталды. Бұл жерде адамдардың жас мөлшері шешуші қызмет атқармайды, олардың өздері үйренген музыканы түсінуімен, дағдысымен байланысты жағдай бар. Эмоция, әрине, адамдардың психологиялық қалпына, жас ерекшелігіне, білімі мен өмір тәжірибесіне, ұлттық ерекшелігіне, дағдысына т. б. байланысып жатады.

Эмоция-экспрессивтік, негізінен, сөйлеу процесіне тән құбылыс. Қез келген сөйлемде сол айтылып жатқан хабарға айтушының көзқарасын білдіретін элемент-модальділіктің болатындығы шындық. Ал тіл элементтерінің барлығында бірдей эмоционалды-экспрессивтік мағына элементінің болуы шарт емес. Бұл сөздің негізгі қызметінен (зат не құбылыстардың атауы болу) туған жағдай. Бірақ кей сөздердің мағына құрамында адамдардың көңіл-күйін білдіретін мағыналық элементтердің барлығын жоққа шығарып болмайды. Фразалық тіркестер мен сөздердің келтірінді мағынада (қайта атау негізінде) қолданғанда сөздердің мағынасындағы эмоционалды-экспрессивтік мағына анық байқалынады. Мысалы, *түйе үстінен сирақ ұйту* (ікемсіз, болбыр); *сырдың суы келмейді сирағынан* (өтірікші) т. б.

Э. С. Азнаурова сөздердің эмоционалды-экспрессивті қызметін стилистикалық мағына құрамында қарап, оны коннотаттық (негізгі мағынаға қосымша) мағынаның қатарына жатқызады (Азнаурова 73, 83—88) *. Нақ осындай пікір тіл білімінде бұрын да айтылған болатын (Звегинцев 67, 171; Арнольд 66, 26) *. Тілшілеріміз арасында коннотациялық мағынаны кең түсінетіндері де жоқ емес. Мысалы, В. Н. Теля коннотацияға эмоциялық мағынамен бірге стилистикалық мағынаны да қосады (Теля 86) *. Егер Э. С. Азнаурованың пікіріне сүйеніп, сөздердің эмоциялық мағынасы сөздің негізгі мағынасы болмайды, негізгі мағынаға қосымша мағыналық реңк болып саналады дейтін болсақ, онда *тентек, ақымақ, дана, сараң, нас, топас* (бұлардың тура және ауыспалы мағыналары да) деген сияқты сөздердің мағынасын түсіндіріп бере алмаған болар едік. Олардың номинативті мағынасының өзі жақсы не жаман көрумен байланысты. *Әттеген-ай, тәйірі, бәрекелді, масқара* сияқты одағайлар мен *сорлы, бейшара, байғұс, мүсәпір, бейбақ* сияқты сын есімдердің лексикалық мағыналары осы эмоция, адамның көңіл-күйін ғана көрсетеді.

Тілшілердің барлығы да бірдей эмоциялық-экспрессивті мағынаны сөздің лексикалық мағынасының құрамына қоса бермейді. Мысалы, В. А. Звегинцев өзінің «Семасиология» деген күрделі еңбегінде «Эмоционалды-экспрессивті және лексикалық мағына» деген арнайы тарау ашып, сөздердің эмоциялық мағынасын зерттейді. Бірақ тараудың қорытындысында ол эмоция мен экспрессивтікті сөз мағынасының құрамына қоспайды. «Сөз мағынасы туралы айт-

қанда, біз негізінен, сөздердің сөйлеу процесі кезінде қолданылатын лексико-семантикалық варианттарымен байланысты боламыз. Сонымен эмоционалды-экспрессивтік мағыналық қабат (созначение) сөздің лексикалық мағынасының құрамына ене ме деген сұрау басқа формаға ие болады, яғни эмоционалды-экспрессивтік сөздердің лексико-семантикалық варианттарына негіз бола алады ма, оны заттық-логикалық факторлар негізінде қалыптасқан лексико-семантикалық варианттармен бір қатарға қоюға болады ма? Сөзсіз бұл сұрауға қанағаттанарсыз, теріс жауап беру керек»,— дейді (Звегинцев 57, 172) *. Кітаптың екінші бір жерінде «Егер эмоционалды-экспрессивтік сөзбен (оның тіл стиліндегі орнымен, дыбыстық ерекшелігімен, ритмдік сипатымен, олармен ассоциациялық байланысымен т. б.) байланысты болмай, өзі атауы болған заттармен, құбылыстармен, ұғыммен байланысты болса, ерекше жағдайға тап болғандай боламыз. Мысалы, *смерть, гроб, ужас, грязьподласть*, т. б. Бұл мысалдарымызда сөз — адамдардың эмоциялық ықпалындағы психологиялық процестердің негізінде бейнелейтін түсінік атауы. Бұл жерде эмоция түсінік ретінде өмір сүреді. Сондықтан да сөздің лексикалық мағына құрамында заттық-логикалық белгі шешуші роль атқаратындығын ескерсек, онда бұл жерде сөз мағынасындағы заттық-логикалық мағына мен эмоционалды-экспрессивтік мағына тең түседі, сөздің лексикалық мағынасының тең компоненті болып саналады деген түсініктің тууы заңды. Бірақ шындығында, бұл жағдайды этикалық және эмоционалды қатынастар сөздің заттық мағынасына «көлеңке» түсіргенімен, оларды сөздің лексикалық мағынасының құрамына енгізуге болмайды»,— деп қорытынды жасайды (Звегинцев 57, 178).

Автор жоғарыдағы пікірлерін дәлелдеу үшін сөз мағынасындағы үш нәрсеге сүйенетіндігін көрсетеді. Бірінші, жоғарыдағы сөздер сезім мен эмоцияны көрсетпейді, олардың атауы ретінде қолданылады. Сондықтан да кей сөздердің эмоция мен экспрессивтікті көрсетуі адамдардың психологиялық қалпын емес, сол хабарды көрсететін логикалық түсінікті білдіреді. Ал логикалық түсінік болса, эмоциялық-экспрессивтік сипатқа ие болмайды. Екінші, жоғарыдағы жағдайда жалпы халықтық сипатқа ие болған түрлі қатынастарды білдіреді. Әрине, *смерть, могила, гроб* сияқты сөздер адамдарда көңілсіз сезім тудырады, нақ сондай қазақ тіліндегі *нас, топас* сияқты сөздер де жаман сезім туғызады. Сонымен бірге *өлiм* белгілі бір ұғым атауы ретінде қолданылатыны және медициналық оқулықтарда *өмір, ауыру, жазылу* сияқты сөздермен бірге бір семантикалық топтың құрамында қолданылатындығы шындық. Сондай-ақ орыс тіліндегі *грязь* — *нас, былғанышты* мағынасын білдірумен бірге жердің жынысын, топырағын да білдіреді. Осыдан автор сөздердің эмоционалды-экспрессивті мағыналық реңкі сөздің лексикалық мағынасымен біте қайнаспайды, оңай бөліне салады деген қорытынды шығарады. Үшінші, белгілі бір сөздер эмоционалды-экспрессивтік мағынада қолданылуы мүмкін, бірақ ол негізгі мағына емес, көп мағыналы сөздің бір мағынасы болады дейді (Звегинцев 57, 178—179).

В. А. Звегинцев бұл пікірінде жалғыз емес. Сөздің семантикасына байланысты құнды еңбек жазған Д. Н. Шмелев те осы пікірді қолдайды. «Шамасы сөздің экспрессивтік-стилистикалық мағыналық реңкі дыбыстық комплекс болып саналатын сөздің мағынасы емес, белгілі бір дыбыстық комплексті қабылдағанда пайда болатын мағыналық реңкі» (Шмелев 73, 25) *. Бірақ Д. Н. Шмелев эмоциялық мағынаны мүлде жоқ деп есептемейді. Ол орыс тілінің сөздің құрамында қолданылатын эмоционалды-экспрессивті сөздерді үш топқа бөледі де, оның бірінші тобына *любить, ненавидеть* сияқты сөздерді енгізеді. Бірақ автор ол сөздердің білдіретін мағынасы эмоционалды-экспрессивтік мағына емес, солардың атауы деп есептейді де, оларда эмоция жоқ деп есептейді. Екінші топқа түбірлерге қосымшалар қосу арқылы берілген мағынаны қосады. Мысалы, *песочек, солнышко, малюсенький*, т. б. Үшінші топқа *болса, кляча, вонять* сияқты сөздерді қосады. Д. Н. Шмелев соңғы екі топтағы сөздерді эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіреді дейді (Шмелев 73, 245—247; Шмелев 77, 163—165) *. Демек эмоционалды-экспрессивті сөздердің барлығын мойындайды.

Егер қазіргі орыс тіл біліміндегі пікірлерді салыстырып қарайтын болсақ, эмоциялық-экспрессивтік мағыналық реңк екі түрлі түсіндірілетіндігіне көз жеткізуге болады. Бір топ ғалымдар эмоциялық-экспрессивтікті кең түсініп, оны стилистикалық бояумен байланыстырса, екінші топ ғалымдар стилдік бояуда да, жеке сөздерде де эмоциялық мағына элементтерінің дербес болатындығын көрсетеді. Қазақ тілі лексикасы бұл жоспарда әлі зерттеліне қоймағанымен, эмоциялық-экспрессивтік мағынаны сөйлем арқылы да, жеке сөздер арқылы да беруге болатындығын дәлелдеуге болады. Ең алдымен, сөздердің барлығы да бірдей эмоционалды-экспрессивтік мағынада қолданыла бермейтіндігін көрсеткен дұрыс.

Психологтар эмоцияны тікелей объектив дүниенің түйсігі арқылы пайда болады деп есептемейді. Атақты совет психологы А. Н. Леонтьев «Эмоция өзіне амал-әрекетті бағындырмайды, керісінше оның нәтижесі және оны дамытушы механизм болып саналады»,— деп бағаласа (Леонтьев 75, 197) *, сол еңбектің екінші бір жерінде: «Эмоция — ішкі сигналдардың қызметін атқарады. Ішкі сигналдар деп аталынуы сол — олар тікелей заттардың психологиялық сәулеленуі емес. Эмоцияның ерекшелігі — олар мотивтер (талаптар) мен жетістіктер арасындағы қатынасты немесе субъектінің, амал-әрекеттің сол талаптармен байланысты сәтті орындалу мүмкіндігін көрсетеді»,— дейді (Леонтьев 75, 197). Бірақ бұдан адамзат айнала дүниені танып білуде эмоцияға берілмейді деген қорытынды тумамайды. Бұл тек бірінші басқышта болатын құбылыс. Ал дүниені тереңірек танып білу ойлаудың үлесіне тиеді. Ойлау процесінде болса, эмоциялық элементтердің болатындығы анық. Ф. Энгельс дүниені тануда тек түйсік қана қатынасып қоймастан басқа элементтердің де қатынасатындығын да көрсеткен (Маркс 21, 290) *. Тіпті эмоция ойлау процесінің дамуына бағыт беріп, дамытушы қызметін атқарумен бірге, ойлаудың нәтижесінде де өз ізін қалдырады. (Васильев 80, 33) *.

Адамзат өмірі, оның өмірді, айналасындағы дүниені танып білуі көп сатылы, көп қатпарлы екендігі даусыз. Оның біреуі екіншісімен байланысып та жатады. Осы көп қырлылық, көп сатылық адамдардың эмоциясының берілуіне де әсер етеді. Әрине эмоция индивидуалдық қасиетке ие екендігінде дау жоқ. Бірақ белгілі бір қоғамда өмір сүрген адамдар арасында көпшілігіне бірдей эмоция туғызатын түсініктердің барлығын да жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ адамдардың амал-әрекетіне, қоғамдағы құбылыстарға баға бергенде, ол адамдар өздерінің дүние тәжірибесіне, көзқарасына, біліміне, тіпті таптық мүддесіне, т. б. сүйенеді. Бұның өзі оның дүниеге берген бағасының қоғамдық сипатқа ие екендігін көрсетеді.

Эмоция адамдардың дүниедегі болып жатқан құбылыстар мен айналасындағы заттарға, жеке адамдардың қарым-қатынастарына, т. б. баға беруімен тікелей байланысты (Қайдаров 87, 181) *. Бұндай баға берудің бірнеше шкаласы болуы мүмкін, олардың қарама-қарсы қоятын антонимдік жұптары да бар. Мысалы, *жақсы-жаман, жоғары-төмен, жаңа-ескі, ұзын-қысқа, алыс-жақын, ауыр-жеңіл*, т. б. Әрине бұл ойлау процесінде ғана болып қоймай, сөз мағынасында да байқалады. Сондықтан да эмоциялық-экспрессивтік сөздерді де біз жағымды эмоцияны, жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздер деп екіге бөлуімізге болады. Салыстырыңыз: *ботақан, жарасымды, сәнді, ақымақ, азғын, безер, әумесер, әулекі, аусар, аңқау, қу, анайы*, т. б. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы эмоциялық-экспрессивтік сөздерді салыстырып қарасак, біріншіден, эмоциялық-экспрессивтік сөздер одағайларда, сын есімдер мен етістіктерде көп кездеседі де зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездеседі; екіншіден, жағымды эмоцияны білдіретін сөздерден жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздердің көп екендігіне көз жеткізуге болады.

Сын есімдердің эмоционалды-экспрессивті мағынада көбірек қолданылуына оның синтаксистік қызметі де, семантикалық табиғаты да жағдай жасайды. Себебі салыстыру, субъектив баға беру заттарға ат беруден басқаша қасиетке ие. Заттарға ат беруде оның белгісі (оның анық байқалынатын) негіз етіп алынады да басқа белгілері сөздің интенционал мағынасы ретінде сақталынады. Ал салыстыру, баға беру кезінде бір заттың белгілері екінші бір заттың белгілерімен, қатынастарымен теңестіріледі, артық-кемі анықталады. Бұл — гнеснологиядағы, есте сақтаудағы негізгі заңдылықтардың бірі. Б. А. Серебренников салыстырудың таным процесіндегі қызметі мен сөз мағынасындағы орны туралы былай деп жазады. «Ұқсастық бойынша байланыс тіл структурасының қалыптасуында үлкен қызмет атқарады. Бір зат пен екінші затты салыстыру айналадағы дүниені тануда күшті амалдың бірі болып саналады. Сечновтың көрсетуінше, адамзаттың сыртқы дүние туралы теориялық білімінің дамуы заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілерін салыстыру арқылы болған»... Заттардың қасиеті туралы жалпы білім сөздің пайда болуындағы негіздің бірі» (Серебренников 70, 29) *. Осы салыстыру негізінде туған ұғым өзінің мате-

риалдық қабығы — сөз арқылы беріледі. Сын есімдердегі баға, салыстыру мағынасының пайда болуын тек осы жолмен ғана түсіндіруге болады.

Кей тілшілер сын есімдер арқылы берілетін эмоционалдылық пен экспрессивтікті жоғары бағалап, оларда (сын есімдерде) денотаттық мағына жоқ деген қорытынды да шығарған. Мысалы, сын есімдердің семантикасы мен грамматикалық қасиеттері туралы арнайы зерттеу жұмысын жазған Е. М. Вольф «Сын есімдер заттың қатынасын білдіретіндігі анық. Басқа сөзбен айтқанда олар денотаттық, нақтылы референттік мағынаға ие болмайды»,— дейді (Вольф 78, 3). Сын есімнің заттың сынын, түсін, түрлі қасиеттерін білдіретіндігі анық. Е. М. Вольф осы қасиеттердің өздігінше өмір сүрмейтіндігін, белгілі бір заңдылықтармен, құбылыстармен байланысты болатындығын негізгі арқау етіп, сын есімдердегі денотаттық мағынаны жоққа шығарады. Түстің, белгінің, сипаттың белгілі бір заттармен, құбылыстармен байланысты болатындығы, заттардың өзара қатынасы негізінде анықталатындығы да анық. Сонымен бірге заттардың түрлі қасиеттері, түр-түстерінің объектив қасиетке ие екендігін, кейбіреулерінің адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатындығын да естен шығаруға болмайды. Мысалы, кез келген қазақ тілін түсінетін адам көк сөзінің мағынасы заттардың түсі екендігін, *қара* мен *ақтан* өзгеше екендігін түсіндіріп бере алады (Қайдаров 86). Сондықтан да түр, түсті, заттардың түрлі формасын, көлемін, т. б. білдіретін сөздерде денотаттық мағына жоқ деу дұрыс емес. Бірақ сын есімдердің барлығында да денотаттық мағынаның бола бермейтіндігі шындық. Мысалы, *жақсы* мен *жаман* сияқты сын есімдердің лексикалық мағынасында түрлі заттардың қасиетін білдіретін мағыналық элемент болғанымен, денотаттық мағына жоқ. Бұл жердегі мағына заттардың түрлі қасиеттерін салыстыру арқылы анықталып, оған баға беру негізінде қалыптасқан. Сондықтан да кейбір сын есімдердің лексикалық мағынасында индивидуалдылық басым болып, бір заттың өзі түрлі адамға түрліше эмоция туғызуы мүмкін. Салыстырыңыз: кейбір түстер біреулерде жағымды эмоция оятса, екінші біреулер оны жақтырмауы мүмкін. Шындығында да *жақсы*, *жаман*, *тар*, *кең*, *ауыр*, *жеңіл*, *сараң*, *мырза*, *жуас* сияқты сын есімдерде денотаттық мағынаға негіз болатын мағыналық элемент, гнесиологиялық бейне жоқ. Сондықтан Е. М. Вольф есімдердің барлығында экстенционал мағына жоқ деп қорытынды шығарған (Вольф 78,3).

Эмоцияның өзі индивидуалдылық сипатқа ие болса да, сөздердегі эмоционалдық мағына әлеуметтік сипатқа ие. Мұның себебі адамдардың әлеуметтік ортаның жемісі болғандығында жатыр. Екінші сөзбен айтқанымызда, адам белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүреді, солардың ортасында тәрбиеленіп, балнғатқа жетеді. Жеке адамның қалыптасуында тек биологиялық жағдайдың болуы жеткіліксіз, коллектив немесе қоғамдық орта жеке адамның табиғи дарыны мен тәрбиесі сияқты толып жатқан нәрселерде әсер етеді. Осы қоғамдық орта сол қоғам мүшесінің көзқарасының қалыптасуына, дүниені түсініп өзінше баға беруіне жағдай жасай-

ды. Айналасындағы болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, түрлі қарым-қатынастарға баға бергенде осы қалыптасқан көзқарас шешуші қызмет атқарады. Сондықтан да эмоция мен экспрессия индивидуалдық сипатқа ие болғанымен эмоциялық мағына сол тілде сөйлеушілердің барлығына түсінікті, жалпы болады.

Интенционал, экстенционал терминдері логикадан тіл біліміне өткен. Н. И. Кондаков интенционалды мән, мағына (смысл) деп көрсетеді де (Кондаков 75, 203) *, экстенционалды көлем, аумақ сөзінің баламасы ретінде түсіндіреді (Кондаков 75, 681). Тіл білімінде болса, бұны ұғым мен денотаттық мағыналық элементтермен салыстырады. Салыстырыңыз: Экстенционал... тіл элементтерінің номинативтік жағы, тілдік контекстерде сөздердің жеке адамдарға байланысты болмайтын жағы (Ахманова 66, 524) *. деген түсінік берілсе, экстенционал мағынаға «сөйлеу кезінде белгілі бір контексте білдірілетін мағына»,— деп О. С. Ахманова анықтама береді (Ахманова 66, 164). Интенционал терминіне «Сөздердің не терминдердің мағынасын, сигнификатациясын жасайтын сипат пен түрлі белгілер деп анықтама берген (Ахманова 66, 179). Ал интенционал мағына дегеніміз тіл элементі ретіндегі сөздердің мағынасы деп анықтама берген (Ахманова 66, 162). Сөздіктерде берілген анықтамалардың өздері-ақ интенционал мен экстенционалдың арасында айырмашылықтың барлығын көрсетеді. Ал тіл білімінде тіл материалдары негізінде интенционал мен экстенционалды зерттеген ғалымдар олардың айырмашылығын сәл басқашалау түсіндіреді. Мысалы, С. Д. Кацнельсон сөз мағынасының логикалық мазмұнын интенционал деп атайды да, белгілі бір заттардың тобын (класс предметов) ажыратып алуға негіз болатын қасиеттері деп есептейді (Кацнельсон 72, 136) *. Осыған жуық анықтаманы М. В. Никитин де берген. «Лексикалық мағынадағы интенционал логикадағы ұғым (понятие) түсінігіне өте жақын. Бұл белгілі бір денотаттардың барлығына сөзсіз қажетті болатын семантикалық белгілердің жиынтығы» (Никитин 83, 24) *. Олар экстенционал терминіне Н. И. Кондаков берген анықтамамен ғана шектелген. Демек интенционал мен экстенционал мағыналық элементтер сөз мағынасына жат құбылыс емес. Бір ескеретін жағдай сол — интенционал да, экстенционал да сөз мағынасындағы денотаттық мағынаны жоққа шығармайды, керісінше, денотаттық және адамдардың интеллектуалдық қызметі негізінде туатын мағына элементтерінің толық болуын қамтамасыз етеді. Әрине сөз мағынасы айналамыздағы заттарды тек атап қана қоймайды, сонымен бірге бір заттың екінші бір заттан ажыратып тұратын белгілерін де көрсетеді. Айталық, *сүзбе* мен *құрт*. *Сүзбе* де, *құрт* та айраннан жасалынатын тағам атауы. Айырмашылығы *сүзбе* — жұмсақ, белгілі бір форма қабылдамаған, айранды қалтаға салып, сүзу нәтижесінде пайда болған қоймалжың зат. Ал, *құрт* — сүзбені белгілі бір формаға келтіріп (домалақтап келтіру нәтижесінде жасалынған тамақ. Бұл айырмашылықтарға қосымша — *құрт* ұзақ сақтауға келетін, бұзылмайтын, суға салса езілетін т. б. қасиеттерге де ие. Міне осындай заттардың қасиеттері сөз мағынасының

интенционал, экстенционал мағыналық элементтері арқылы беріледі.

Тіл білімінде де экстенционал мен интенционалдың айырмашылығы барлығын ескереді. Интенционал мағына түрлі заттардағы сәйкес келетін қасиеттері негізінде топтастырылған семантикалық топты анықтаса, экстенционал сол интенционал арқылы топтастырылған семантикалық қасиеттердің варианттарын қарайды да олардың өзара айырмашылықтарын белгілейді. Демек интенционал белгілі бір топтағы сөздердің мағынасында анықталған жалпы қасиеттерді өз ішіне алады, ал экстенционал жеке сөздердің мағынасын есепке алады да олардың негізгі және қосалқы қасиеттерін анықтайды. Екінші айырмашылығы — интенционал сөздерді мағынасына қарай топтастырады, жинақтайды; басқаша қасиетке ие болған сөздерді ажыратып тұрады. Экстенционал болса, керісінше, интенционалдық топқа енген сөздердің арасындағы мағыналық сыбайластықтарды да, айырмашылықтарды да есепке алады. С. Д. Кацнельсон экстенционалды соңғы қасиетін анықтау үшін *алма* сөзінің мағынасына талдау жасайды. Алманың түсі алқызыл болғандықтан да оны қызыл заттардың қатарына қосамыз, оның жейтін зат екендігін ескеріп тамақ қатарына қосамыз (Кацнельсон 72, 139) *. Сондықтан да С. Д. Кацнельсон «Экстенционал деп интенционал арқылы бөлінген, ойда бейнеленген заттардың тобын (класс объектив) айтамыз. Экстенционалда белгілі бір топ туралы, оның құрамы мен қасиеттері туралы минимум хабар болады», — деп жазады (Кацнельсон 72, 131).

Сын есімдердің экстенционал мағынасының бар, жоғына қайта ораламыз, бірақ біз түсінгендей интенционал мен экстенционалды түсінетін болсақ, эмоционалды-экспрессивті сөздерде интенционал да, экстенционал да бар. Айналадағы дүниеде болып жатқан құбылыстар мен амал-әрекеттерге баға бергенде, салыстырғанда олардың түрлі белгісін анықтау, жалпылау процестері арқылы іске асатындықтан берілген баға интенционал қызметін әр сөздегі жеке-жеке қасиеттер экстенционал қызметін атқарады. Салыстырыңыз: *аусар, алаңғасар, дөкір, о жар, есерсоқ, даңғой, әңгүдік, дарақы, жынды* сияқты сөздердің әр қайсысының өздеріне тән жеке-жеке мағынасы бар. Бірақ олардың барлығының басын біріктіріп тұрған интенционал мағына — жек көру, ұнатпау мәні де бар. Эмоциялық-экспрессивтік сөздердің аумағы кең емес. Олар заттар мен құбылыстарға баға беріп салыстырғанда мағынаны анықтамайды, айтушы не жазушының сол затқа не құбылыстарға берген бағасын анықтайды. Ол екі параметр негізінде іске асады, яғни не ұнатады, не ұнатпайды, жақсы не жек көреді т. б.

Эмоционалды-экспрессивті мағына сын есімдерде сөздің лексикалық мағынасының негізі ретінде (номинативтік) бой көрсетсе, зат есімдер мен етістіктерде номинативтік мағыналарға үстеме мағына (коннотативтік) ретінде не денотаттық мағынаның бір көрінісі ретінде белгілі болады. Мысалы, *едірей, барпылда, безірей, бажыраңда, далбалақта, далбаңда, тыржи, ыржаңда* сияқты сөздердің барлығында да адамның бір амал-әрекетін, көзқарасын

білдіретін мағыналық реңк бар. Осы мағыналық реңк оның негізгі мағынасына қосымша болып тұрады. Мысалы, *бақши* етістігінің негізгі мағынасы қарау, бірақ ол сөздің мағынасы тек қарау семасымен ғана шектелінбей бақырая, жақтырмай қарау мағынасы да бар. *Өкіл мен Досқожа үйге кіріп шам жақты. Көрпені ашқанда кемпір бақшыып басын көтерді* (Б. Майлин), т. б.

Тілдің сөздік құрамындағы эмоционалды-экспрессивтік мәнді білдіретін сөздерді эмоционалды-экспрессивті лексика деп атау бар. Олардың саны басқа тематикалық топтардай көп болмағанымен, тілде белгілі дәрежеде орын алатындығы белгілі. Бірақ күнделікті практикамызда эмоция мен экспрессивтікті беру тек түбір сөздер арқылы берумен шектелініп қалмайды. Тіпті эмоция мен экспрессивтікті қосымшалар арқылы да, сөздердің мағына шекарасынан шығып, сөйлем арқылы берілетіндігі де, сөздердің стильдік қолданылуы арқылы берілетін жағдайының бар екендігі де ғылымда сыр емес. Жалпы сөздердегі эмоция мен экспрессивтік төрт түрлі жол арқылы беріледі. 1. Сөздердің тура номинативті мағынасы ретінде. 2. Көп мағыналы сөздердің бір мағынасы ретінде. 3. Түбірге қосымшалар қосу арқылы. 4. Тұрақты сөз тіркестері арқылы. Кей еңбектерде сөздердің белгілі бір тіркес арқылы, стильдік қолданылулар арқылы берілген эмоциялық-экспрессивтік мағынаны да сөз мағынасы ретінде бөліп көрсету бар (Узбек 81, 161) *. Стилистік амал-тәсілдер арқылы берілген эмоция мен экспрессия тұрақты болмағандығы үшін, сол тіркестен басқа тіркестерде ол мағына берілмейтіндігі үшін біз оларды сөз мағынасы ретінде қабылдай алмаймыз.

Сөздердің түбір формасы арқылы, номинативтік мағына ретінде, эмоциялық-экспрессивтік мағына беру жолы сөздік құрамдағы эмоциялық-экспрессивтік лексиканы жасайды. Бұл лексикалық топтың құрамына енген сөздер, әдетте, нейтраль лексикаға қарсы қойылады да адамдардың психологиялық қалпын, амал-әрекетін, сондай-ақ, табиғаттағы заттар мен құбылыстарға айтушының көзқарасын білдіру үшін қолданылады. Мысалы, *Батырдан барымташы туар даңғой, Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой* (Абай). *Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзімен айдындырамын, «мына кәбірден кісі шошитұғын-екен» дегіздіріп айдындырайын деп айтып отырған құр дамбытпасы болып, босқа қорқытып отырса, соны не дейміз* (Абай). *Миың болса жолама, Бос желігіп шапқанға* (Абай). Жоғарыда келтірілген үш мысалымызда қолданылған *даңғой, дарақы, желік* сөздерінің негізгі лексикалық мағынасының өзі эмоциялық экспрессивтік мағына, айтушының ұнатпауын, жек көруін көрсетіп тұр. *Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиынынан қиыстырар ер данасы* (Абай). *Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда, жырақтан атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, жарықтық соны өлгенше айтып жүруші еді* (Абай). Соңғы екі мысалымызда қолданылған *дана, жарықтық* сөздері жақсы көру, ұнату мағынасында қолданылып тұр.

Жоғарыда біз В. А. Звегинцев пен Д. Н. Шмелевтердің сөздерде эмоциялық, экспрессивтік мағына болмайды дегенде кей авторлардың көңіл-күйі, адамдардың психологиялық қалпын білдіретін сөздерді де эмоциялық-экспрессивтік лексиканың қатарына қосып жіберетіндігін ескерткен болатынбыз. Шындығында да ондай сөздер барлық тілдерде кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде *қайғы, қуаныш, жылау, күлу, шаттану, өлім* сияқты сөздердің барлығы анық. Жалпы олардың мағынасында эмоцияны білдіретін семаның барлығы да анық, бірақ олар сөздің лексикалық мағынасына негіз болып тұрған жоқ. Сондықтан да В. А. Звегинцев пен Шмелевтердің *қайғы, қуаныш, ашу, араз* сияқты сөздерде эмоциялық-экспрессивтік мағына жоқ деп оларды нейтрал лексикалық қатарына қосқаны дұрыс. Сонымен бірге эмоционалды-экспрессивті сөздер мүлде жоқ деу дұрыс емес. Қазақ тілінің материалдарының көрсетуінше негізгі түбір арқылы да, туынды түбір сөздер арқылы да эмоциялық мағына беріледі. Мысалы, *Ал, Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жаман сықағын тыйыңызшы* (М. Әуезов). *Әрбір жаман кісінің жаман қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғандықтан күл* (Абай). *Ақ көңілді жақсыдан, Аянбай салыс ортаға, Ақылы, ары тапшыдан, Қу сөзін алма қолқаға* (Абай) деген сөйлемдердегі *жақсы, жаман* сөздерінің мағынасында эмоция (баға беру) бар. Сонымен бірге эмоциялық ұғым атауын білдіретін сөздердің эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіру үшін қолданылуы ғажап емес. Тек эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіретін *жалқау, жағымпаз, паракор, кінәмшіл, милау, сыпсыңдау, көйту, ыржақ, жеңілтек, ұшқалақ, бөспе, бадырай, едірей, жосу, жөңку, ақымақ, есалаң, есер, ауыш, тырбық, мәстек, мықыр, алаңғасар, аңғырт, аңқау, жымысқы, қомағай, ашқарақ, тамақсау, обыр, әккі, қақсал, жырынды, әуей, әуселе, сылбыр, самарқау, майпаңдау, бәйпектеу, ыбылжу, былжырау, кәззап, сүмеңдеу, жансабил, алжу, жексұрын, сұмырай, сұмпайы, зұлым, жылпос* сияқты сөздердің барлығы шындық.

Сын есімнің мағынасында заттардың түр-түсін, табиғатын, ішкі қасиетін білдіретін мағыналық элементтердің болуымен бірге, оған баға беріп, айтушының көзқарасын білдіретін мағыналық реңктер де бар. Сондықтан сын есімдерге байланысты сөз болғанда осы екі мағынаны ажырату керек. Әрине бұл жерде контекстің де қызметі болатындығын естен шығаруға болмайды. Мысал ретінде *жақсы, жаман* сөздерін алып көрелік. Х. Нұрмұқанов *жақсы, жаман, пысық* сөздерімен байланысты сөз қозғайды да оларды барлық кезде эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіру үшін қолданылатын сөздердің қатарына енгізеді (Нұрмұқанов 72, 119—120) *. *Жаз жайылымдағы жақсы суат пен қыс айларында қарапайым да болса құрылықпен қамтамасыз ету керек жылқы фермасын* (Ж. Тілеков). *Көріскенше күн жақсы* (сөйлеу тілінен). *Мүбәрәк үйіндегілер — той думанға жиналған ауылдың бос белбеу, кең балақ ауылдың еріккендері емес, жаман шапан, жыртық етік кедейлері* (І. Есенберлин) деген мысалдарымыздағы *жаман* сөзінде тек санын көрсету ғана бар да, эмоция жоқ.

И. Р. Гальперин ағылшын тілінің стилистикасын зерттей отырып, эмоционалды-экспрессивті сөздерді жеке топ ретінде бөліп алуды ұсынады да, эмоциялық мағына мен эмоциялық мағыналық ренкті, сөздердегі эмоциялық бояуды ажыратады (Гальперин 58, 118) *. Шындығында да эмоционалды-экспрессивті мағыналы сөздердің негізгі лексикалық мағынасы ретінде эмоцияны алу керек те, ондай сөздерде эмоция-экспрессия контекстен тыс та, контексте де берілуі керек. Мысалы, *жексұрын* сөзін қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жеккөрінішті, сұмпайы, сүйкімсіз деп анықтама берген. *Сұлтанмахмұт туберкулездің мұндай жексұрын жебір сырларын білісімен сақтануға ойланды* (Д. Әбілов) (КТТС 4, 54) *. Сондықтан да бұл типтес сөздердің лексикалық мағына ядросының өзі адамның көңіл-күйімен, бағасымен, қысқасы эмоциясымен тікелей байланысты болады. Эмоциялық мағыналық реңк болса, сөздің лексикалық мағынасымен қабаттаса жүреді де, қосымша мағына ретінде өмір сүреді. Мысалы, қазақ тіліндегі *азына* — желдің қатты соғуымен байланысты қолданылатын сөз. *Ауа райы күрт бұзылып, аспанды сірескен қара бұлт басып кетті, азынап жел тұрды* (Б. Соқпақбаев). Мысалымызда қолданылған *азына* тек желдің қатты соғуын ғана көрсетіп қоймастан, жағымсыз, денені түршіктіретін, тондыратын желдің соғуын көрсетіп тұр. Сондай-ақ, *адақтау* тек аралау, шарлау мағынасын білдіріп қоймастан, мақсатсыз бос сандалуды білдіріп эмоциялық ренкті де қоса беріп тұр. *Өзге мекемелерді адақтап, енді алдыңа келгені ғой!* (Т. Ахтанов).

Денотаттық мағына мен эмоциялық мағынаның қабаттасуының екінші бір жағы да бар. Мысалы, кез келген эмоциялық мағыналы сөз одағайлар сияқты таза эмоцияны білдіре бермейді, объектив дүниедегі амал-әрекетті, заттар мен заттар арасындағы байланысты, қарым-қатынастарды да білдіреді. Бірақ денотаттық мағынадан айырмашылығы сол — олар жеке адамның (айтушы не жазушының) немесе белгілі бір қоғам мүшелерінің көзқарасын да, сол заттар мен құбылыстарға берген бағасын да білдіреді. Салыстарыңыз: жебір сөзінде не болса да соны талғамай жей беретін деген мағынасымен бірге ұнатпайтын мағыналық реңк те бар. Жақсы эмоциялық мағынада жебір сөзі қолданылмайды. *Жеп қойды-ау торғайды, Жебір мысық расында* (М. Әлімбаев). Эмоциялы-экспрессивті сөздердің кейбіреулерінде эмоциялық мағына бірінші орынға шығады да денотаттық мағына соған қосалқы мағына ретінде қолданылады. Мысалы, *далбаңда* етістігі қозғалысты білдіреді. Бірақ оның негізгі мағынасы (номинативтік) бейнелік мағына, сондықтан да ол жүгіруді де, ұшуды да, жай қозғалуды да білдіреді. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде *далбаңда* сөзіне екі түрлі мағына беріп: 1) далп-далп ету, 2) алды-артына қарамай далақтау, мәз болу деп түсініктеме берген (КТТС 3, 40) *. *Лашын жармаса кеткен құс қанаты талып құлаған сияқтанып далбаңдап төмен қарай құлдия жөнелді* (С. Мұқанов). *Солдат бермейміз деп азамат атқа мінгенде менің қарғатайым да атқа мініп далбаңдап шауып жүрді* (Ғ. Мүсірепов). Демек түбір сөздер арқылы эмоция-

лық-экспрессивтік мағына бергенде сөздердің мағынасы екі түрлі болады. Бірінші топқа одағай және тек эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіретін сөздер енсе, екінші топқа зат, амал-әрекеттер мен заттардың түрлі сый-сипаттарына берілген бағалармен байланысты болған эмоцияны, экспрессияны білдіретін сөздер енеді.

Эмоциялы-экспрессивті сөздердің екінші тобына көп мағыналы сөздер де енеді. Әрине көп мағыналы сөздердің барлық сыр-күпиясын ашып, табиғатын жан-жақты анықтау күрделі еңбекті талап етеді. Сонымен бірге барлық көп мағыналы сөздер эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіру үшін қолданыла да бермейді. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *бас* сөзінің 15 мағынасы барлығын көрсеткен, бірақ бір де бір мағынасында эмоциялық мағына не мағыналық реңк жоқ (КТТС 2, 111—112) *. Сондай-ақ *жи* етістігінде 16 мағына барлығы көрсетілген. Оның да мағынасында эмоциялық-экспрессивтік мағыналық реңк білдіретіндігі көрсетілмеген (КТТС 4, 118—119). Қолдағы бар материалдардың көрсетуінше, сөздердің көп мағыналық қасиеті мен ауыспалы мағынада қолданылуы арқылы да эмоциялық мағына беруге болады. Мысалы, *былтылда* етістігінің негізгі мағынасы жұмсау, былбырау. Бірақ ол сөйлеу етістігі мағынасында қолданылып, сөздің майын тамызу, шешен сөйлеу сияқты жағымды эмоцияны да білдіреді. *Қызыл тілі қылтылдап, Сөзі жібек былтылдап, Сонда түлкі сөйлейді* (О. Тұрманжанов). *Ал енді шіркін көмей былтылдасын, Сөзімді әшекейсіз кім тыңдасын* (С. Сейфуллин).

Эмоциялы-экспрессивтік мағынаны берудегі өнімді жолдың бірі — сөздердің метафоралы қолданылуы. Әрине метафора жолымен мағынасын ауыстырған сөздердің барлығы бірдей эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіре бермейді (Хасенов 66) *. Мысалы, *Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі* (Абай) деген сөйлемдегі *кілт* сөзі метафоралы мағынада қолданылып тұр; ашқыш құрал мағынасын білдірместен шешілетін түйіні, шешуі деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, *сөздің төркіні, мәселенің төркіні; ағаштың көзі, бұлақтың көзі, істің көзі* деген мысалдардағы *төркін, көз* сөздері де метафоралы мағынада қолданылып тұр, бірақ мағыналарында эмоциялық-экспрессивтік реңк жоқ. Ал, *Хан емессің — қасқырсың, Қара албасты басқырсың... Хан емессің — ылаңсың, Қара шұбар жылансың, Хан емессің — аянсың, Айыр құйрық шаянсың* (Махамбет) деген мысалымыздағы *қасқыр, жылан, шаян* сөздері метафоралы мағынада қолданылып, мағынасында эмоциялық мән беріп тұр.

Сөздер метафоралы мағынада қолданылғанда ол сөздің номинативтік мағынада қолданылған кездегі мағынасының бір элементіне — семасына негізделінеді. Мысалы, *Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең* (Абай). *Есік* сөзінің номинативтік мағынасы үй мен бөлменің, ауланың т. б. ашып-жауып, кіріп-шығатын орны. Демек үйдің есігі дегенде біз үйге кіретін, енетін бірінші шекараны түсінеміз. Осы бірінші меже, ары қарай үйдің іші басталынатындығын білдіретін мағыналық элемент (сема) дүние сөзімен байланысып (төрт жағы дуалмен т. б. заттармен

қоршалынбаса да) бастау, араласатын бірінші меже мағынасында қолданылып тұр. Метафоралы қолданылу арқылы эмоциялық-экспрессивтік мағына білдіргенде де осы қасиет сақталынады. Жоғарыда Махамбеттен келтірген мысалымызда қолданылған *қасқыр* жаман мағынаны білдіріп тұр. Нақ сол тіркесте қасқырдың жабайы андығы, түсінің сұр болуы, т. б. есепке алынбастан, жыртқыштығы, тойымсыздығы метафоралы *қасқыр* сөзінің мағына ядросын жасап, жағымсыз эмоцияда қолданылып тұр. Қазақ тілінде, керісінше, төрт түлік малдардың төлдерінің атауы метафоралы мағынада қолданылып, жағымды мағынаны білдіреді. Салыстырыңыз: *Ана қатарынан ұмтылған қос қозысын бауырына басып, ыстық беттерінен кезек-кезек сүйіп жатыр* (Саржайлау). *Баяғы анасы: — Сенің ажарыңнан айналайын ботам, — деп, тағы да құшағын жайды* (А. Лекеров).

Қазақ тіліндегі мынадай сөздер метафоралы мағынада қолданылып, эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіре алады.

1. Құс атаулары метафоралы мағынада қолданылып жағымды не жағымсыз мағынаны білдіреді. Мысалы, *лашын, қаршыға, сұңқар* сияқты қыран құстардың атаулары, *бұлбұл, сандуғаш* сияқты құс атаулары жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, *сауысқан, қарға, күшіген, тоты, құзғын, байғыз* сияқты құс атаулары жағымсыз мағынаны білдіру үшін қолданылады.

2. Төрт түлік атауларынан *қозы, лақ, бота, құлын* сияқты төл атаулары жағымды эмоцияны білдіру үшін қолданылса, үй жануарларының үлкендерінің атауларынан *азбан, есек, өгіз, теке, ешкі* сияқтылары жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылады. Шошқа, доңыз, мегежін сияқты қазақтар асырамайтын үй жануарлары да жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылады.

3. Жыртқыш аң атауларынан *қасқыр, түлкі* (біреуі қорқау, тойымсыз мағынасында, екіншісі ку мағынасында) метафоралы мағынада қолданылып жек көруді білдіреді. Ал *аю* қопал, дөрекі мағынасында қолданылса, *арыстан, жолбарыс, қабылан* сөздері жүректі, батыр мағынасында қолданылады.

4. *Ит* — үй хайуаны, жыртқыш емес, бірақ метафоралы мағынада қолданылғанда жаман, оңбаған мағынасын білдіреді. Мысалы, *Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі* (Абай). Бірақ күнделікті өмірде ит сөзі қатар өскен құрбы-құрдастар арасындағы жеңіл әзіл, өзімсініп еркелеу (жағымды) мағынасында да қолданылады. Мысалы, *Исахмет иттің ауызы не деген салымды еді* (М. Сүндетов).

5. Жабайы аңдардан *елік, құралай* сияқты нәзік, әдемі түстілері метафоралы мағынада қолданылғанда жағымды мағына береді. Мыс.: *Өте ме сұм өмірдің тепкісінде, Бота көз Күләнда атты құралайың* (Ж. Саин). *Ақ сәулеге бойы үйренген елігім, Қара түннен шоши ма деп қорқамын* (С. Жиенбаев).

6. Құрт-құмырсқа атаулары да метафоралы мағынада қолданылып жаман, жек көру мағынасын білдіреді. Мысалы, *Ажар, Ажар деп ауыздарыңнан тастамай әулие аспан ғып жүргендерің сұр жы-*

ланның өзі болып шықты (С. Жүнісов). *Ер бойында дерт едің, Ер мойнында бит едің, Жұрт үстіне жайылған* (І. Жансүгіров).

7. Тірі жәндіктерге, жан-жануарларға байланысты қолданылатын *мал, мақұлық, аң* сияқты жалпы атаулар да метафоралы қолданылып жек көру, ұнатпау сияқты эмоцияны білдіреді. Мысалы, *Қандай ортада, қалай өскен екен бұл екі аяқты мақұлықтар* («Қаз. әдебиеті» газеті). *Оның өзі айтқанға көнбейтін, айдауға жүрмейтін мал екен* т. б.

8. Кейбір өсімдік атаулары да метафоралы мағынада қолданылғанда жағымды, жағымсыз мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы, *гүл* — сұлулықты, пәктікті білдірсе, *ақ қайың* — сымбаттылықты, нәзіктікті білдіреді. Ал *бәйтерек, шынар* — күштілікті, алыптықты білдірсе, *тікенек* — қара дүрсіндікті, жамандықты білдіретін мағынада қолданылады. Мысалы, *Осынау сәтте жүздері алуан түрлі құбылып: — Білеміз бұны біз дейді.— Орнынан екі гүл тұрып* (М. Ниеталиев). *Мұхит тағы да ән салды, қойшы, не керек, жиынның гүлі болды* (М. Дүйсенов). *Кеткенімде сәулем-ай, Алма жүзің алаулап* (Б. Тәжібаев) т. б.

9. *Ай, күн* сияқты планета атаулары да метафоралы мағынада қолданылып жағымды эмоцияны білдірсе, *бұлт, дауыл* сияқты табиғи құбылыс атаулары жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылады.

10. *Дерт, ауру* атаулары метафоралы мағынада қолданылып жағымсыз эмоцияны білдіреді.

Метафоралы мағынада қолданылған сын есімдер де, етістіктер де, эмоциялық мағынаны білдіреді.

Қазақ тілінде эмоциялық-экспрессивті мағынаны берудің бір жолы — тұрақты сөз тіркестері болып саналады. Бірақ бұдан барлық тұрақты сөз тіркестері бірдей эмоционалды-экспрессивті мағына білдіреді екен деген қағида шығармау керек. Мысалы, *ат ізін салмау, жұмған аузын ашпау, таяқ жеу, жүрек жалғап алу, арам тер болу, бетке шіркеу салу, жаны ашымау, жаны алқымға келу* сияқты тіркестердің мағынасында эмоция да, экспрессия да жоқ, тек басқа сөздің мағынасына тең, атауы болатын мағынаны білдіріп тұр. Яғни *ат ізін салмау* — келмей қою; *жұмған аузын ашпау* — сөйлемей; *жүрек жалғап алу* — жеңіл тамақтану сияқты мағынаны білдіріп тұр. Сонымен бірге көпшілік тұрақты тек екінші бір сөздің баламасы ретінде қолданып қана қоймастан, оған эмоциялық-экспрессивтік те мағына үстеп отырады. Жалпы фразеологиялық тіркестердің дүниеге келуінің бірден бір себепшісі болмағанымен, ең негізгі себепшісінің бірі — осы адам ойының бейнелі, әсерлі етіп жеткізу талабы (Шмелев 77, 291) *. Сондықтан да көпшілік ғалымдар фразеологиялық тіркестердің эмоциялық-экспрессивтік мағынада қолданылатындығын мойындайды. Қазақ тілі фактілері де бұл пікірдің дұрыстығын көрсетеді. Мысалы, *төбе шашы тік тұрды* — тек қорыққандықтан көрсетіп тұрған жоқ, өте қатты қорқуды, *төбесі көкке жету* — қатты қуануды, т. б. білдіреді. Бұл сияқты эмоционалды-экспрессивті мағына білдіретін фразеологиялық тір-

кестерді кез келген тілдерден мындап мысал ретінде алып көрсетуге болады (Кенесбаев 77; Шмелов 77) * т. б.

Эмоционалды-экспрессивті сөздермен байланысты басы ашылуы қажетті болған нәрсе — олардың объектив дүниемен байланысы мәселесі, семантикалық үш бұрыштың қай бұрышынан орын алатындығын анықтау. Әрине, эмоция денотаттық мағынамен тікелей байланыспайды, сигнификатпен байланысады. Сондықтан да оларды ұғыммен, оймен байланыстыру қажет. Себебі ой да, эмоция мен экспрессия да жеке адамға, индивидуалдық сипатқа ие, жеке адамдарда болатын, әлеуметтік жағдайлармен байланысатын процестер. Айырмашылығы сол — ой объектив дүниені, объектив дүниедегі заттармен, заттардың түрлі қарым-қатынасы негізінде, заттардың амал-әрекеті мен табиғи құбылыстардың түйсік арқылы берген информацияларына сүйене отырып, объектив дүниені нақ өзіндей етіп бейнелеуге әрекет етсе, эмоция мен экспрессия сол түйсіктер арқылы қабылданған информацияға негізделініп заттар мен құбылыстарға баға береді, өздерінің көзқарасын білдіреді. Ойлау мен эмоцияның гнесиологиялық негізі бір (Додонов 78, 24—29) *. Ойлау процесінің негізі және түпкі мақсаты объектив дүниені танып-білу, объектив дүниенің субъектив бейнесін жасау, олар туралы дұрыс бағдар жасап, заңдылығын ашу. Эмоция болса сол субъектив бейнелер негізінде, адамдар жасаған ортаға негізделіп айналадағы дүниеге баға беру жатады. Бірақ эмоция кейде дүниені дұрыс тануға себі тисе, кейде оған тосқауыл да болады.

Эмоциялы-экспрессивті мағыналы сөздердің лексикалық мағынасында тікелей денотаттық мағынамен байланыстың болуы қажет, онсыз эмоция өмір сүре алмайды. Тіпті одағай сөздерде де сигнификаттық мағынамен байланыс болады. Одағайлардағы сигнификат нейтраль лексиканың элементтеріндегі сигнификаттан сәл өзгешелеу характерге ие. Мысалы, *жексұрын* ұнатпауды білдіреді. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде оған «жеккөрінішті сұмпайы, сүйкімсіз» деп анықтама берген (КТСС 4, 54). Ең алдымен бұның мағыналарын бірнеше семаларға бөлуге болмайды. Екіншіден, затқа, амал-әрекеттерге баға бергенде оның қасиеттері басқа заттың қасиеттерімен салыстырылады, кейін ғана баға беріледі. Демек заттардың белгілері, қасиеттері дерексізденеді. Мұнда ойдың, ойлау процесінің қызметі барлығы сөзсіз. Бұл өз жолымен сигнификаттық мағынаның қалыптасуына алып келеді.

Психолог-ғалымдар рационалды ойлаумен бірге эмоционалды ойлаудың да болатындығын мойындайды (Проблемы 64, 137—159) *. Рационалды ойлау объектив дүниені тура, дұрыс тануға бағытталады да жеке адамдардың эмоциясы мен түрлі сезімдеріне байланысты болмайды. Ал эмоциялық ойлау болса жеке адамдардың ішкі дүниесімен, оның білімі мен табиғи талғамына, әлеуметтік көзқарасына байланысты болады. Кейде эмоция адамдардың ұлттық және жас ерекшелігімен де байланысты болады деген қағида да бар. Қысқасы адамдардың ішкі дүниесін толқытатын, эмоциясына қозғау салатын бірнеше себептер бар. Эмоция қаншалықты индивидуалды сипатқа ие болмасын оларда әлеуметтік мән болады.

Адамзат эмоциясында тарихи-әлеуметтік сипат болатындығын бір оқиғаның белгілі бір кезде ұнамды, жағымды эмоцияны білдірсе, екінші бір әлеуметтік жағдайда жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылатындығынан да байқауға болады. Мысалы, Ұлы Октябрь революциясынан бұрын *ақсаусақ, төре, манап, мырза, ақсүйек* сөздері құрметтеу, жақсы көру мағынасында айтылса, қазіргі күнде жағымсыз эмоцияны білдіру үшін қолданылады. Сондай-ақ Совет үкіметінің алғашқы жылдарында *белсенді* сөзі жағымды эмоцияны туғызған болса, қазір асыра сілтеуді білдіріп, жағымсыз эмоция туғызады.

Кез келген заттар мен құбылыстар, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынастардың барлығы бірдей эмоция туғыза бермейді. Эмоция туғызу үшін жеке адамның ынтасы, оларды танып-білудегі мақсаты да болу керек. Сондықтан да кей адамға эмоциялық ықпал еткен жағдайлар екінші бір адамға ондай сезім туғызбауы мүмкін. Бұл, әрине, адамның табиғи ерекшелігіне де, өмір сүрген ортасына да, көңіл-күйіне де, т. б. байланысты болады. Мысалы, көп балалы үйде жасайтын адамға үйдегі айқай-шу ешқандай эмоция туғызбайды, оның оған көңіл бөлмеуі заңды, себебі ол оның дағдылы тіршілігі. Егер баласы жоқ, жеке жасайтын адамның үйінде айқай-шу шықса жағымсыз эмоция туғызатыны, жақтырмайтындығы анық. Сондықтан да қазақта «Диірменде туған тышқан айқайдан қорықпайды» деген мақал бар. Біздіңше, кез келген эмоцияның индивидуалдық негізі болса да ол қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие болады, сол қоғам мүшелеріне түсінікті болады.

Қ. А. Левковская эмоциялық-экспрессивті сөздердің семантикалық құрылымын көрсету үшін семантикалық үш бұрыштан пайдаланбастан ромбиктен пайдалануды ұсынып мынадай схема берген. Схеманың көрсетуінше, дыбысталу мен ұғым аралығындағы эмоционалдық зона бар. Автор бұны арнайы көрсетіп, эмоционалды-экспрессивті лексикалардың бір ерекшелігі деп белгілейді (Левковская 62, 162) *. Эмоционалды-экспрессивті лексикалардың мағыналарында ондай элементтердің барлығы анық, сондықтан оларды жеке топ ретінде бөліп алғанбыз. Бірақ барлық эмоционалды-экспрессивті сөздер Қ. А. Левковская көрсеткен схемаға семантикалық құрылымы жағынан сәйкес келе бермейді. Мысалы, *малғұн, топас, кеше* сияқты сөздердің мағынасының өзі эмоциядан ғана тұратын сөздер болғандықтан оларды семантикалық құрылымы жағынан екі қабаттан (эмоционалдық элемент пен ұғым) құралмайды. Г. В. Колшанский «Эмоциялық мағынаға ие болған сөздердің мағынасын екі қабатты (ұғым — эмоция — мағына) деп көрсетуге негіз жоқ, себебі ондай сөздердің семантикасының өзі эмоциялық, адамның объектіге қарым-қатынасын көрсететін сипатқа ие», — деп жазады (Колшанский 67, 197) *. Автор бұл пікірлерін екінші бір еңбегінде толықтырып:



«Егер тілдің мағыналық жағынан басқа, адамның санасына ықпал жасамай тікелей эмоция мен сезімге әсер ететін жасырын күш болса, онда тілдің эмотивтік қызмет атқаратындығын логикалық жақтан мойындау керек. Бірақ тілде бұндай екі жақтылық (дуализм) табиғатын жақтау ешқандай ғылыми фактімен дәлелденбеген. Бұл материалистік көзқарастағы ғылым мойындамайтын тіл мен санадағы рационалдық пен иррационалдықтың өзі ғана»,— дейді (Қолшанский 63, 9) *. Г. В. Колшанскийдің пікірлерінің кей жерлеріне қосылып, кей жерлеріне қарсы дау айтуға болады.

Шындығында да эмоционалды-экспрессивті сөздердің мағынасы екі қабаттан тұрмайды ма? *Малғұн, топас, мешкей, сұмырай, жалқау, есуас* сияқты сөздердің лексикалық мағынасының өзі осы жалаң эмоциядан тұратындығы анық. Сондықтан олардың мағынасын Г. В. Колшанский айтқандай екі қабатқа бөлуге негіз жоқ. Ал *далбалақта, арсалаңда, пәлеқор, батырсымақ, қомағай* сияқты сөздер мен ауыспалы мағынада қолданылып эмоциялық мағына білдірген сөздерде әрі амал-әрекет не заттық мағына болумен бірге айтушының не жазушының көзқарасын, эмоциясын білдіретін мағыналық қабаттың барлығы анық. Сондықтан да К. А. Левковскаяның схемасы соңғы топтағы сөздердің мағына құрылымына сәйкес келеді. Эмоциялық мағына да, бейнелік (отражательный) заттық мағына да түйсік арқылы адамның сезім мүшесі қабылдап, сезімнің көмегімен сөз мағынасының құрамына енеді. Демек сезім арқылы қабылданған танымдық бейне сөз мағынасының денотаттық мағынасын жасайды. Бұл деген сөз — адам санасының, ойының қызметі арқылы адамға түйсік туғызбайтын заттардың түрлі қасиеттері де, өзара қарым-қатынастары да сөз мағынасының құрамына енеді деген сөз. Тікелей түйсік туғызбайтын белгілерді сөз мағынасына алып келетін сигнификат. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда: «Адамның санасы объектив дүниені тек бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге оны жасайды» (Ленин 29, 202) *. Эмоцияны да солай ойлау керек. Эмоция тікелей түйсіктерден тумайды, демек, эмоция танымдық бейнемен бірге пайда болмайды. Қабылданған информация дерексізденіп, өмір тәжірибесімен, жеке адамның мүддесі негізінде бағаланып барып, жағдайға байланысты эмоция пайда болады.

ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ТІЛДІК СИСТЕМАМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Тіл элементтерінің ішкі құрылымдық мағынасы

Жоғарыдағы тарауларда сөз болған денотаттық, сигнификаттық, эмоционалды-экспрессивтік мағына элементтерінің барлығы да сөз мағынасының құрамына еніп, оның семантикалық ядросын жасаса да, олар тіл заңдылығына бағынбайтын, гнесиологиялық процестің, ойлаудың не адамзаттың психологиясының қалпымен байланысты туатын категориялар. Сондықтан да сөз мағынасын денотаттан, не сигнификаттан, не адамдардың эмоциялық, психологиялық қалпымен байланысты ғана туады дейтін болсақ, онда сөз мағынасы тілдік категория болмастан философиялық, не психологиялық категория болған болар еді. Біздіңше, сөз мағынасын Г. Шпет, А. А. Реформатский сияқты тілдік категорияның қатарынан шығарып тастауға негіз жоқ (Шпет 27, 14; Реформатский 68, 114) *. Совет тіл білімінде проф. А. И. Смирницкий 1955 жылдың өзінде-ақ «...сөз мағынасы қайда — сөздің ішінде ме, жоқ сыртында ма?» деп сұрау берген болатын (Смирницкий 55, 81) *. Автор сол мағынаның өзінде-ақ сөз — не қауашақ, не жаңғақ, не болмаса, соларға ұқсас зат болмағандықтан оның іші не сырты туралы сөз болудың өзі аңғырттық деп бағалаған еді. Қазіргі кезде (әсіресе 60—70-жылдарда жарық көрген еңбектерде) семантика туралы еңбек жазған кей ғалымдар сөз мағынасы тілден тыс тұрған категория деп көрсетуге әрекет еткендігін, сөз мағынасы тілдік категория емес дегендерін жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен бірге сөз мағынасын тек тілдік категория ретінде қарап, ол сыртқы дүниемен байланыспайды, тілдік системадан ғана туады деген пікірді қолдаушылар да бар. Мысалы, Прага тіл үйірмесінің тезисінде: «Сөздің мағынасы, ең алдымен, оның басқа сөздермен қарым-қатынасынан, яғни оның лексикалық системадағы орнымен анықталады; сөздің лексикалық системадағы орны сол системаны зерттеген соң анықталады»,— деген сөйлем бар (Звенищев 65, 138) *. Тілдің системалы құбылыс екендігіне ешкім де дау айтпайды, бірақ система өзінен-өзі мағына жасайды деу де дұрыс емес. Тіл — адамдардың аса маңызды қатынас құралы болғандықтан да (В. И. Ленин) белгілі бір информацияны екінші біреуге жеткізуі керек. Ол үшін айтылған информацияның объектив сипатқа ие болатындығын, сыртқы дүниедегі заттармен сәйкес келетін элементтерінің барлығын мойындау керек. Демек сөз мағынасының құрамындағы экстроллингвистикалық және интерлингвистикалық элементтердің барлығын мойындау шарт.

Сөз мағынасының күрделі екендігін, олардың бірнеше элементтерден құралатындығын, мағына құрамында грамматикалық мағынамен бірге сыртқы дүниемен байланысып жататын мағыналық элементтердің барлығы туралы ерте кезден бері айтылып келе жатса да, олардың элементтері саналып көрсетілген емес. Бұл типтегі жұмыстар соңғы кездерде ғана жасалып жатыр. Мысалы, Н. А. Слюсарева сөз мағынасының екі элементтен, лингвистикалық мағына мен бейнелік мағынадан құралатындығын ашып айтып, мақала жариялайды (Слюсарева 73, 15) *. Бұдан сәл бұрын Л. М. Васильев сөз мағынасындағы реляцион (структуралық) мағынаның барлығын көрсеткен болатын. Сондықтан да ол сөз мағынасын: 1) құрылымдық, 2) сигнификаттық, 3) денотаттық үш элементтен құралады деп есептейді (Васильев 66, 20) *. Слюсарева мақаласында Францияда жарық көрген Ж. Мунэн мен Италияда жарық көрген Т. де Маураның еңбектеріне талдау жасай отырып, «Сөзсіз (бұны екі кітап та, соңғы кездерде жарық көрген басқа еңбектер де) лингвистикалық семантика мен философияның, логика мен психологияның, т. б. пәндердің объектісі болатын бейнелік (отражательное) семантиканы ажырататын күн келді»,— деп жазады (Слюсарева 66, 20). Автордың мұндай қорытындыға келуіне бірнеше себептер де бар. Біріншіден, белгілі бір зат туралы адам санасында жиналған түсініктің барлығы бірдей сөз арқылы беріле де бермейді. Сондықтан да сөз мағынасы сол зат не құбылыс туралы бар түсінігіміздің белгілі бір бөлшегі ғана болып есептелінеді. Бұны өз кезінде А. А. Потебня байқап, сөз мағынасын алыс және жақын мағына деп екіге бөлген болатын. А. А. Потебня көрсеткен адамдардың өзара түсінісулері үшін қажетті болған мағына сөздің семантикасына сәйкес келеді. Екіншіден, адамдардың объектив дүниені үздіксіз танып-білуі арқылы оның белгілі бір зат не құбылыс туралы түсінігінің өзгеріп отыратындығы анық, сондай-ақ сөз мағынасы да өзгеріп отыратындығы да шындық. Бірақ сөз мағынасының өзгеруі ұғымға қарағанда баяу, шабан болады. Мысалы, Абай дәуірінде (М. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша) отырықшылықты (жатақтарды), егін салуды ар көрген болсақ, қазір көшпенділікті басқаша бағалаймыз. Бірақ бұл дәуірдің ішінде (бір ғасыр ішінде) отырықшылық, көшу, егін салу сөздерінің мағынасы өзгерген жоқ, тек номинативтік мағынаға қосалқы мағына ретінде (коннотативтік) өмір сүретін эмоциялық-экспрессивтік мағыналық реңк қана өзгерді. Сондықтан да сөз мағынасы мен адамдардың түсінігі, ұғымы арасындағы теңдіктің жоқ екендігі анықталып, екі категорияның арасы ашыла бастады. Соңғы жағдайды негіздей отырып Н. А. Слюсарева: «...біздің пікірімізше, мағына қай дәрежеде мазмұнның (содержание) құрамына енеді деген мәселе тек жарым-жартылай ғана лингвистикалық мәселе болады, тіл қалай адамзаттың білімін жинақтап, сақтап, басқа біреулерге жеткізеді деген мәселе толығымен бейнелік семантиканың мәселесі болады да, лингвистиканың аясына енбейді»,— деген қорытынды шығарған (Слюсарева 73, 15) *.

Н. А. Слюсареваның сөз мағынасын бұлай екіге бөлу практика-

сын барлық тілшілер бірдей қабылдай қойған жоқ. Мысалы, Р. А. Будагов сөз мағыналарын арнайы талдауға арналған мақаласында Н. А. Слюсареваның пікіріне тоқталады. Бірінші ескертін нәрсе сол — Р. А. Будагов сөз мағынасын түсінікпен тең деп есептейді. Оның ойынша ұғым — тіл категориясы ретінде танылғанда тілдік мақсатта ғана бағаланады. «Ең алдымен ескертерім, бұдан кейін сөз мағынасын түсіндіргенде мен оны белгілі тілдік система арқылы, оның призмасы арқылы өзгертілген ұғым деп түсіндіремін. ...Ұғым әр халықтың ойлау дәрежесіне байланысты болса да жалпы адамдарға бірдей категория. Сөз мағынасы болса, керісінше, белгілі бір тілге ғана тән категория, бәрінен бұрын сол тілдік система шеңберінде ғана өмір сүреді», — деп ескерту жасайды (Будагов 76, 95) *. Осы позицияда тұрып ол басқа көзқарастарға талдау жасайды. Н. А. Слюсареваның мақаласына келгенде, тілдік семантика мен бейнелік семантиканың жеке-жеке категория ретінде танылуына қарсы шығады. «Тілдік семантика бейнелік семантикаға сүйенбесе, өлі болады», — деп қорытынды жасайды (Будагов 76, 107).

Р. А. Будагов тілдік семантика мен бейнелік семантиканы бөліп алушыларға үш пункттен тұратын дау айтады. Біріншіден, неліктен тілдік семантика тек сөздерде ғана болу керек. Мағына категориясы тек сөздерде ғана болмастан, ол синтаксисте де, морфологияда да, фразеология мен стилистикада да бар. Екіншіден, тілдік семантика мен бейнелік семантиканы ажырату дұрыс-ақ, егер осы екі мағынаның өзара байланысын, айырмашылығын, байланысу жолдарын тапса ғана. Егер олар табылмаса, онда тілдік семантика тұйықталған, өз ішінде ғана қалатын нәрсе болады. Тілдік семантика қалайша, ненің көмегімен адамның ойын, сезімін басқа біреуге жеткізе алады, объектив дүниемен қалай байланысады? Үшіншіден, ұғым қаншалықты жалпы, дерексізденген болса, онымен байланысты болған нақтылы заттардың сезімдік бейнесі соншалықты аз болады. Ұғымның жалпылаушы қасиеті өскен сайын ұғым мен сөз мағынасының арасындағы байланыс өте тығыз, жақын бола бастайды. Үшінші пункттен автор сөз мағынасы дерексізденген, жалпыланған, сондықтан ол ұғыммен тең түседі дейді. Әрине, Р. А. Будаговтың көрсеткен үш пунктін үшеуі де тіл білімінде ертеден сөз болып келе жатқан мәселелер.

Н. А. Слюсареваның пікірін қолдап, лингвистикалық семантика мен бейнелік семантиканы бөлу қажеттігін көрсеткен ғалымның бірі — С. Г. Бережан. Бірақ ол лингвистикалық семантика мен бейнелік семантиканың зерттеу объектісін сәл басқашалау түсінеді. «Лингвистикалық семантика, бейнелік семантика дегенде біз психологиялық категорияны түсінеміз. Яғни тіл білімін және басқа пәндердің (философия, логика сияқты) салаларын түсінеміз. Көрсетілген пәндердің тараулары, сөзсіз, өздерінің зерттеу объектісіне ие: біріншісі (лингвистикалық семантика) тілдік семантикамен (басқаша айтқанда тілдік мағынамен) яғни тіл элементтерінің мағынасын ерекше назарға алса, екіншісі (бейнелік семантика) тілдік элементтерден тыс жатқан семантикамен (яғни тілдік болмаған

мағыналармен) немесе айналадағы объектив дүниедегі заттардың адам ойында бейнеленген жалпы мазмұнымен байланысты болады» (Бережан 79, 5) *. Берілген үзіндінің көрсетуінше, С. Г. Бережан тіл элементтері (сөз, морфема, синтагма т. б.) берілген мағынаның барлығы лингвистикалық семантика, адам ойындағы заттардың, табиғаттағы құбылыстардың бейнесі (біздің терминіміз бойынша гнесиологиялық бейне) бейнелік семантика деп түсіндіріледі. Н. А. Слюсаревада болса бұл терминдер басқаша түсіндірілген. Біздіңше, лингвистикалық семантика да, бейнелік семантика да тіл элементтерінің мағына құрамына енеді. Тіл элементтерінен тыс жатқан мағына туралы сөз болудың өзі артық. Бірақ тіл ойдың тек жарыққа шығу формасы ғана болып саналмастан, ойдың өмір сүру формасы да екендігін ойдан шығармау керек. Сондықтан да Н. А. Слюсарева бейнелік мағына адамдардың білімі, өмір тәжірибесі негізінде жинағандарын ойда сақтау, жинақтау деп түсіндіргенде осы тілдің екінші функциясын ойға алған. Ой элементтері бейнелік мағына болып саналмайды. Тілдің коммуникативтік, когнитативтік, эмоционалдық-экспрессивтік қызметі де осы мағыналар негізінде іске асады (Слюсарева 81, 16—17) *.

Лингвистикалық және бейнелік мағыналардың бар екендігін ашып көрсетпесе де, сөз мағынасының құрамында таза объектив дүниемен байланысып жататын элементтердің және тілдік системалардың негізінде туатын мағыналық элементтердің барлығын көрсеткен пікірлер Ю. Д. Апресян, О. Н. Турбачев пен О. Н. Селиверстовалардың еңбектерінде де бар. Мысалы, Ю. Д. Апресян сөз мағынасына: «Тілдік таңбаның семантикасында заттар, құбылыстар және оның қасиеті мен амал-әрекеті туралы әлсіз, қарапайым (наивный) ұғымын ғана бейнеледі»,— деп анықтама бере отырып (Апресян 74, 56) *, сөз мағынасын анықтауда тіркестің (сочетаемость) де қызметі мол екендігін ескертеді. «Сөздердің семантикалық ерекшелігі не сөздердің мағыналық ерекшелігі ретінде, не тіркесу ерекшелігі ретінде талданылады»,— деп жазғанда және орыс тіліндегі *воля, качество, темперамент* сөздерін талдағанда осы тіркес негізінде анықталатын (автор оны пайда болған деген) мағынаның берілу заңдылығын көрсету, қолданылу ерекшелігін көрсетуге әрекет еткен (Апресян 74, 56—65). Ю. Д. Апресян Ф. де Соссюр мен Ч. Морристердің теорияларын салыстыра отырып, сөздер таңбаланушы мен таңбаланушыдан басқа синтактика мен прогматикалық қасиеттердің де ықпалы болатындығын көрсетеді. Синтагматика деп сөздің (автордың терминінше таңбаның) басқа сөздермен байланысу қағидасы, нормалары туралы информация түсінілсе, прогматика деп айтушының не информация бағытталған адамның айтылған информацияға көзқарасын түсінеді (Апресян 74, 56). Демек Ю. Д. Апресян тіл элементтерінің мағынасында минимум заттық бейне, синтагматикалық және парадигматикалық элементтер болады деп есептейді.

О. Н. Турбачев сөз мағынасына этимологиялық зерттеулер негізінде талдау жасай келіп, сөз мағынасында ажыратушы белгілер (дифференциальные признаки) және бір нәрселер туралы ха-

бар беретін мағыналық варианттар болады деп есептейді. Бұл екі элементке қосымша семантикалық инвариантты да көрсетеді (Турбачев 76, 157) *. Автор айырушы белгілерге талдау жасай отырып Н. А. Слюсареваның бейнелік мағына теориясына толық қосылуға болады дейді де С. Г. Щурдың еңбегіне сілтеме жасайды.

С. Г. Щур индоевропа тілдерінің материалын негізге ала отырып, лексиканы тематикалық топтарға бөлген, осы мақсатта сөз мағыналарына талдау жасаған еңбектің авторы екендігі анық. С. Г. Щурдың көрсетуінше, сөз мағынасын құрылымдық элементтерге бөлуге арналған еңбектер біздің ғасырымызың басында-ақ басталған, бірақ олар жалпы қағидаларды ғана сөз еткен. Мысалы, А. Л. Кребер 1909 жылы жазған мақаласында туысқандық терминіне талдау жасай отырып, олардың жас ерекшелігіне, қандық, туысқандық, т. б. белгілеріне байланысты ажыратылып жататын қасиеттері барлығын көрсеткен (Щур 74, 28—29) *. С. Г. Щур да Н. А. Слюсарева сияқты сөз мағынасындағы лингвистикалық және экстроллингвистикалық элементтердің барлығын мойындайды. Бірақ С. Г. Щур бұл пікірін сөз мағынасын компоненттік анализ ету нәтижесінде айтпай, сөздерді тематикалық топқа бөлу принциптерін анықтау үстінде айтқан.

Тіл білімінде тематикалық топ және лексико-семантикалық топ деген екі терминнің қатар өмір сүретіндігі анық. Көпшілік зерттеушілер тематикалық топқа топтастыруда лингвистикалық принцип негізге алынбайды, заттардың табиғи белгілері, объективтік қатынастары, т. б. алынады дейді. Ал лексико-семантикалық топ сөздердің лексикалық мағынасына негізделеді, яғни сөздерді антонимдік, синонимдік не ұштас мағыналары есепке алынады. Мысалы, *қол, аяқ, көз, тірсек* сияқты сөздер өзара ешқандай семантикалық байланысқа ие емес, бірақ олар адамның дене мүше атаулары. Ал *кел, кет, бар, жүгір, жел, шап, зыт, кір, шық*, т. б. деген етістіктердің арасында семантикалық байланыс бар. Бұлардың барлығының лексикалық мағына құрамында бір орыннан екінші орынға өту, қозғалуды білдіретін мағыналық элемент (сема) бар. Сонымен бірге олар синоним, антоним не ұштасып жататын мағыналық қасиетке ие. Салыстырыңыз: *кел* мен *кет*, *кір* мен *шық* антонимдер, *кет*, *жоғал*, *зыт*, *және* сияқты сөздер өзара синонимдік қатар жасайды.

С. Г. Щур тематикалық топтарға сөздерді топтастырғанда өріс (поле) теориясын қолданып, оған сөздердің парадигмалық қатынасын негіз етіп алған (Щур 74). Бірақ автор тематикалық топтың (автордың терминінше өрістің) құрамына енген сөздер семантикалық ерекшелігіне қарай бір ізді болмайтындығын ескертеді. «Бір жағынан синонимдік қасиетімен, екінші жағынан белгілі бір затты білдіруімен анық көрінеді. Бірінші жағдайды (шамада, семантиканы), дәстүр бойынша, лингвистикалық деп қарасақ, екіншісін — экстроллингвистикалық деп қараймыз», — деп қорытынды жасаған (Щур, 74, 30). Әрине қорытындыда айтылған пікір дұрыс. Синоним болсын, антоним болсын сөздердің ара қатынасынан туады, ол заттардың өзіндік белгісімен ғана емес тілдік заңдылықтармен де,

калыптасқан дәстүрмен де байланысып жатады. Мысал ретінде қазақ тіліндегі *жүгір* мен *шап* етістіктерін алайық. *Жүгір* етістігінің лексикалық мағынасы аяғын жылдам басып, бар пәрменімен зымырау болса, *шап* етістігінің мағынасында көлікпен (атпен, есекпен, түйемен т. б.) байланысты мағына элементі болады. Яғни қазақ тілінде *атқа міне сала жүгірді* не *атпен жүгіре жөнелді* деген тіркестер қолданылмайды. Сөзсіз бұл мағыналық компонент *шап* етістігінің мағына құрамына ену керек. Сондықтан да қазақ тілі түсіндірме сөздігінде *шап* етістігіне *атпен құйғыта жорту, ызғыту* деп анықтама берген (ҚТТС 10, 138) *. Бірақ олар адамға байланысты қолданылғанда синонимдік сыңар ретінде *бала үйіне қарай жүгіре жөнелді, бала үйіне қарай шаба жөнелді* болып қолданыла береді. Орыс тілінің синонимдік сөздігінде *ходить* сөзіне *расхаживать, шагать, похаживать, таскаться, бродить, шататься, болтаться, шляться, слоняться, трепаться, мотаться, шлендаться, шастать* сөздерімен синоним деп көрсеткен (Александрова 75, 581) *. Бұлар ортасында мағыналық байланыстың барлығы анық, сондай-ақ айырмашылықтардың барлығы да рас. Салыстырып көрелік: орыс тілінің нормасы бойынша *я пойду к тебе домой* деу норма болса, *я хожу к тебе домой* деу тілдік норма болып саналмайды. Сондықтан да С. И. Ожегов *ходить* сөзіне анықтама бергенде, бірінші мағынасы ретінде, *идти* сөзінің 1, 2, 3, 10, 14, 15 — мағыналарымен сәйкес келетіндігін көрсеткен. Ал *идти* сөзіне болса 26 мағына берген (Ожегов 73, 219—220, 795) *. Демек *ходить* сөзі *идти* сөзімен тек 6 мағынада ғана сәйкес келеді де, қалған 20 мағынада онымен синоним бола алмайды. Бұл екі сөздің көпшілік мағынасын қазақ тіліне аударғанда *жүру, бару* (кей мағынасын келу) сөзі арқылы береміз. Қазақ тілі үшін *жүру* мен *бару* — мағына жағынан ешқандай сәйкес келмейтін, синонимдік мәнде қолданылмайтын сөздер.

Н. А. Слюсарева сөз мағынасының құрамындағы лингвистикалық мағына мен бейнелік мағынаны ажырату мәселесіне соңғы кезде жарық көрген еңбектерінде де қайта оралған. Бірақ соңғы еңбектерінде ол бұл мәселеге тіл функциясымен байланысты сөз қылады, терминдері де басқа. Әрине тілдің негізгі қызметі белгілі бір информацияны екінші біреуге беру, білдіру. Ол үшін сөздер (қосымшалы, қосымшасыз болсын) сөйлем құрамына еніп, белгілі бір қызмет атқаруы, сөйлемдегі айтылатын пікірдің жарыққа шығуына өз үлесін қосуы керек. Тіл білімінде функция терминіне түрліше анықтама беріп, оның мағына көлемін түрліше анықтау бар, бірақ тіл элементтерінің функциясы дегенде біз оның сөйлемдегі ойды білдіру кезіндегі атқаратын қызметін түсінеміз. Н. А. Слюсарева болса, функция мен мағынаны салыстыра зерттеп, бір-біріне қарама-қарсы қояды. «Тіл элементтерінің семантикасы мен функциясын яғни мағынасы мен функциясын ажыратып және мынаған көңіл бөлеміз. Яғни мағына тіл элементтерінің системадан тысқа бағытталынуы, объектив дүниенің бейнесі не сол бейнелеу процесінің қорытындысы ойлау ретінде, ал функция — тілдік система элементтерінің ішкі қасиеті, олардың қолданылу

мүмкіндігін көрсететін элементтердің (сөздің — О. М.) қарым-қатынасы» (Слюсарева 86, 32) *). Н. А. Слюсареваның бұл еңбегінен сәл бұрынырақ жарық көрген екінші бір еңбегінде осы тіл элементтерінің функциясына байланысты сөз мағынасына талдау жасай отырып, «К внутренней стороне значимых единиц относятся значение и ценность (значимость, Valeг — по Соссюру), которые в их совокупности составляет то, что приятно именовать «означае-мым», а в более современных терминах — «планом содержания», — деп жазған болатын (Слюсарева 81, 246) ¹.

Тіл білімінде значение, значимость (ценность) терминдеріне анықтама бір ізді берілмейді, тіпті кей ғалымдар оларды ажыратып қолданылуына қарсы да (Будагов 76, 99) *. Мағына (значение), мән (значимость) Н. А. Слюсареваның еңбектерінде ерекше мән беріліп, ажыратылады. Мән (значимость, ценность) тіл системасының ішінде болады. «Бұның бәрі мәннің өзіндік қасиеттері ішкі системалық қатынастарына негізделеді деп қорытынды шығаруға негіз бола алады. Бірақ мән тілдік системадан тыс та қалыптасады, пайда болады да сөйлемдердің бөлшектерінде, хабарлау үстінде системаға негізделеді, соған бекітіледі де оның ажырамас бір бөлшегі ретінде өмір сүреді», — деп мәнді тілдік системадан шығарады (Слюсарева 86, 247) *. Ал, мағына болса, тілдік системадан тыс өмір сүреді деген. Осы екеуінің қосындысы тілдің ішкі жағын, мазмұнын жасайды. «Мазмұн (содержание) мен таңбалаушы, өз жолымен, екі бөлімнен тұрады: мағына мен мән. Мағына ақыл-парасат арқылы ойлаумен байланысады. Оны біз ұғым деп түсінеміз. Ал, мән болса, таңбаның системадағы орны арқылы анықталады, яғни оның басқа таңбалармен қатынасын және оның реляциялық (салыстырмалы, толық болмаған — О. М.) қасиетін білдіреді», — деп түсініктеме берген (Слюсарева 77, 108) *. Л. А. Новиков та осыған жақын анықтама берген (Новиков 82, 97) *.

Н. А. Слюсареваның соңғы пікірімен байланысты пікірімізді жинақтайтын болсақ, біріншіден, сөздің (жалпы мағыналы тілдік элементтердің) мағынасы екі элементтен тұрады: бірі — мағына, екіншісі — мазмұн; екіншіден мағына мен мазмұн тең емес, мазмұн тілдік системадан, тіл элементтерінің системадағы орнымен байланысты анықталса, мағына тіл системасынан тыс, адам ойымен, ұғыммен байланысты анықталады. Үшіншіден, Н. А. Слюсарева қолданған мағына (значение) термині мен оқулықтарда қолданылып жүрген мағына терминдері бір мағынаға ие емес. Біздің түсінігімізше, сөз мағынасы әрі интерлингвистикалық элементті, әрі экстралингвистикалық элементтерді қамтуы керек. Онсыз тіл қатынас құралы, сөз оның негізгі құрылымдық элементі қызметін атқара алмайды.

¹ Цитатаны орыс тілінде беруімізге себеп — көп терминдердің қазақ тілінде баламасының болмауы, бар болса да орыс тіліндегі мағынасымен толық келмейтіндігі. Әрине, значимость — мән, означае-мый — белгілеу, план содержание терминін мазмұн деп алуға болар еді, бірақ бұл терминдер қазақ тілінде әлі қалыптаспаған және орыс тіліндегі мағынасын толық бере алмайды.

Тіл — қатынас құралы қызметін тек сөйлесу не жазу процесі негізінде ғана атқара алады. Сөйлесу процесінде сөздер өзара байланысады, нақтылы бір мағынаға ие болып, бір қырынан көрінуі керек. Кез келген сөз бір тіркесте өзінің барлық мағыналық «қырын» толық көрсетіп бере алмайды. Мысалы, орындыққа отырды дегенде орындық сөзінің мағына құрамындағы барлық сема бірдей түсіндіріле бермейді. Яғни орындықтың 4 аяғы, арқасында сүйеніші барлығы, бір адамға арналғандығы, отыратын жиһаз екендігі бірдей түсіндірілмейді, тек отыруға арналған жиһазға отырғандығы түсіндіріледі. Егер арқалы орындықты табуреткамен салыстыратын болсақ, арқасында сүйенетін бөлшегі барлығы көз алдымызға келеді. Сондықтан да кей тілшілердің сөз мағынасы осы сөйлесу кезінде тыңдаушысы түсінген информацияға тең деп те айтушылар бар. Бірақ бұл жерде екінші бір сұрауға жауап беру керек сияқты. Сөздер тіркеске түсіп белгілі бір синтагмалық қатынаста қолданылғанда жаңа мағынада қолданылады ма? Бұл сұрау сөздердің полисемантикалық қасиетін анықтаумен байланысты көбірек беріледі. Біздіңше, сөздердің сөйлеу процесінде берілген информациясы мен тіл элементі ретінде сақталынған мағыналарының көлемі тең емес, соңғысының көлемі кең. Сондықтан да қажетті жағдайда айтушы сөз мағынасының бір қырын ғана негіз етіп (басқасы сол мағынаның көлеңкесінде) алады да, өз мақсатында қолданады. Осы тіл элементі ретінде қолданылған сөздің мағынасы арасында теңдіктің болмауы, тіл элементтерінің мағынасында артықша семалардың болуы сөздердің полисемантикалық қасиетке ие болуының бірден-бір негізгі себепшісі болып саналады. Сонымен бірге тілдегі өзгеру осы сөйлесу процесіндегі ауытқулардан басталынады да біртіндеп тілдік системаға еніп, нормаға айналады.

Сөз мағынасының құрамындағы интерлингвистикалық және экстроллингвистикалық немесе лингвистикалық және бейнелік элементтердің барлығын мойындаумен бірге біз олардың өте тығыз байланысты екендігін де естен шығармаймыз. Сөзсіз синонимдік, антонимдік қабаттағы сөздердің мағынасын ажыратуда экстроллингвистикалық элементтердің ролі мол болады. Олардың мағыналарына анықтама бергенде осы экстроллингвистикалық (бейнелік) мағынаға сүйенеміз. Салыстырыңыз: *ақ*, *боз*, *шаңқан* сөздері *ақ* түсті білдіреді. Әрине *ақ* түс — адамдардың дүниедегі заттардың түсі негізінде қабылданған субъектив бейнесіне негізделінген. Бірақ *ақ*, *боз* сөздері бірдей мағына білдірмейді. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде *ақ* сөзіне 7 мағына берсе, *боз* сөзіне 4 мағына берген, ал *шаңқан* сөзіне бір-ақ мағына берген. Бұлардың номинативтік мағыналарының өздерінде де ерекшеліктің барлығы анық. Мысалы, *боз* — ақшыл қылаң түс. *Шаңқан* — ақ, сүттей аппақ (КТТС 2, 135). Бұл анықтамалар тілдік системаларға байланысты берілмеген. Ал олардың қолданылу ерекшелігіне байланыстырып анықтама берсек, тілдік заңдылықтарға сүйенеміз. Мысалы, *ақ* — атқа, жылқыға байланысты қолданылмайды, *шаңқан* — адамның түсіне байланысты қолданылмайды. Әрине бұлар *ақ*, *боз*, *шаңқан*

сөздерінің мағынасын дифференциация жасайтын белгілері. «Фонемалар сияқты сөз мағынасында да дыбыстық және грамматикалық жағынан қалыптасқан белгілі бір тілдік системада микросистемада, сөздердің тобында пайда болады, бекітіледі, өмір сүреді» (Уфимцева 86, 15) *.

Бейнелік мағына мен лингвистикалық мағынаны (мағыналық элементтерді) ажырата отырып ескеретін екінші бір жағдай да бар. Сөздер тіркеске түсіп те, системада белгілі бір орын иелеп те өздерінше бейнелік мағынаға сүйенбей мағына да, мән де жасай алмайды. Керісінше, бейнелік мағынаға сүйене отырып өзара байланысады, сұрыпталып системада өз орнын белгілейді, лингвистикалық (интерлингвистикалық) мағыналық элементтерге ие болады. Бейнелік мағына барлық кезде толық көрінбейді, лингвистикалық мағына — сөзсіз болатын ажыралмас серігі. Сондықтан да сөз мағынасын екіге бөлгенде ғылыми зерттеу мақсатында ғана бөлеміз, ал күнделікті өмірде қолданылғанда олар бөлінбейді, жеке-жеке өмір сүрмейді.

Лингвистикалық мағына екі жол арқылы беріледі: 1) парадигмалық мағына арқылы, 2) синтагмалық мағына арқылы.

Парадигмалық мағына

Лингвистикалық еңбектерде парадигма, синтагма терминдері бұрыннан қолданылып келе жатқандығы, оның лексиканы системалы құбылыс деп түсінумен байланысты қолданылатындығы анық. Сондықтан да тіл білімінде парадигма, синтагмалық мағына терминдерімен бірге парадигмалық байланыс, синтагмалық байланыс терминдері де қолданылады. Бұлардың арасында байланыс болса да, екі түрлі түсінікпен байланысты ғылыми термин екендігін естен шығаруға болмайды. Сол үшін де парадигмалық, синтагмалық және иерархиялық байланыс тілдік системаға байланысты сөз болады да (Солнцев 77; Оразов 83) *, бұл тарауда біз парадигмалық, синтагмалық мағыналық элементтер туралы өз пікірімізді білдіреміз.

Сөздік құрамдағы сөздер сөздердің қалай болса солай жинақталына салынған жиынтығы емес. Объектив дүниедегі заттар өзара байланысып, сұрыпталынса, сөздік құрамдағы сөздер де солай сараланып жатады. Әрине заттар арасындағы байланыс пен сөздер арасындағы байланыс тең түсетін байланыс деуге негіз жоқ. Мысалы, су ағып жататын жерде көп шөп өсетіндігі, салқын болатындығы күнделікті өмірден анықталынған нәрсе. Бұлардың арасында табиғи байланыс бар, ал су сөзінің мағынасы мен *көк, шөп, салқын* сөздерінің мағынасының арасында ондай байланыс жоқ. Керісінше *су* сөзі *лимонад, квас, сыра* сияқты сөздермен мағына жағынан байланысты. Олардың басын біріктіріп, өзара байланыстырып тұратын мағыналық элемент — сұйықтық. Сұйықтық семасы тек *су, квас, лимонад* сөздерінде ғана емес басқа сөздерде де кездеседі. Мысалы, *айран, сорпа, шай, сүт, қымыз, шалап, қымыран, көже, сөк* т. б. Бұлардың бәрін тіл білімінде бір тематика-

лық топқа біріктіріп, мағыналық байланысы бар сөздер деп көрсету бар. Сөздерді ортақ мағыналық элементтер (бұдан кейін семалар) арқылы өзара байланыстырып, белгілі бір топ ету тек зат есімдерде ғана емес, басқа сөз таптарынан да байқауға болады. Мысалы, *кел, кет, жүр, жүгір, шап, зыт, жорғала, еңбекте, сырғы, зымыра* т. б. етістіктерді қозғалу етістіктері; *отыр, тұр, жатыр, жүр, жанбаста, қисай, жүреле, етпетте, шынтақта, шалқала, тізеле, шөкеле* сияқты етістіктерді қалып етістіктері; *ал, бер, ат, лақтыр, шымшыла, сипа, тұрт, теп, ұр, нұқы, істе, жаз, сыз* сияқты етістіктерді амал-әрекет етістіктері; *сөйле, айт, жеткіз, сыбырла, сыпсыңда, айқайла, күңкілде, мыңқылда, отта, былжыра* сияқты етістіктер тобын сөйлеу етістіктері деп алғанда мағыналарына, олардың байланысқан семаларына негізделгенбіз (Оразов 83) *. Сын есімдерді де, үстеулерді де осындай топтарға бөлуге болады. Бұлар өзара топ жасағанымен оларды тек лингвистикалық мағыналарына қарай топтастырылған деуге болады ма?

Д. Н. Шмелев орыс тіліндегі дене мүше атаулары, аяқ киім атауларын мысал ретінде келтіре отырып, олар сөздердің семантикалық белгілеріне қарай топтастырылған дейді (Шмелев 73, 104) *. Егер тілдердегі сөздерді мағынасына қарай топтастыратын болсақ, қандай болар еді деген сұрау қойсақ, жауабы қалай болар еді? Біз бұл жерде бұрын ескертіп кеткен бір терминді қайталап айтып кеткіміз келеді. Н. А. Слюсарева ұсынған лингвистикалық мағына өздігінен өмір сүрмейді, бейнелік мағына негізінде, солармен байланысып қана өмір сүреді, қатынас құралы болатын тілдің бір элементі ретінде бой көрсетеді. Тіл элементтері белгілі бір система құрамына еніп, өзара қатынасып екінші не үшінші мағына жасайды деу шындыққа жанаспайды. Бұл жерде К. Маркстің «Заттар арасындағы қатынас затты жасамайды, сол қатынастар арқылы заттың қасиеті анықталады» деген қағидасын (Маркс 23, 67) * ескерген жөн. Бірақ тіл білімінде ондай пікір айтушылардың бар екендігін жасыруға болмайды. Мысал ретінде А. А. Реформатскийдің сөз мағынасы туралы айтқан пікірін ескертсек те жетіп жатыр.

Парадигма деп тілдік бірліктің тілдік система элементі ретінде бір-біріне сыбайлас не қарсы келетін қасиеттерімен адам санасында жинақтаған, яғни тіл элементтерінің сол тілді пайдаланушы адамның санасында жинақталуын айтамыз (Ахманова 66, 310) *. Демек парадигма тек сөздер аралығында ғана болмай, тілдің барлық элементтері арасында болады. Сондықтан да дыбыстардың парадигмасы, морфемалардың парадигмасы, сөздердің парадигмасы, сөйлемнің парадигмасы деген түсініктер бар. Олардың әр қайсысының өз қызметі, өз қасиеттері бар. Лексикалық мағынамен байланысты парадигма семантикалық парадигма деп аталады да сөздер аралығында болады.

Семантикалық парадигма дегенде біз белгілі бір топтағы сөздердің өзара мағыналық жақындығымен, сыбайластығымен (синонимдік, антонимдік, ұштас мәндес болуымен) байланысты топтастырылып, араларындағы семантикалық байланысты белгілеуді

айтамыз. Мұны парадигмалық, синтагмалық оське салатын болсақ, семантикалық парадигмаға енетін сөздер осьтің тік сызығы бойына орналасады (ОД). Олар тең дәрежелі тіл элементтерінің іштей өзара байланысына негізделеді. Алғаш рет тіл элементтері аралығында бұндай байланыстардың бар екендігін көрсеткен Ф. де Соссюр болатын.

Ф. де Соссюр тілдің барлық элементтерін системалы құбылыс деп есептейді де, тіл элементтері аралығында екі түрлі байланыстың (синтагмалық, ассоциациялық) барлығын көрсетеді. Бірақ автор бұл екі байланыстың біреуі (ассоциациялық байланыс) тіл элементтеріне тиісті болса, синтагма сөйлеу (речь) элементтеріне тиісті деп есептейді (Соссюр 77, 155) *. Совет тіл білімінде Ф. де Соссюрдың ассоциациялық байланыс деген терминінің орнына парадигмалық байланыс термині қолданылып жүр де, синтагма де Соссюр қолданылған мағынада өзгертілмей қолданылып жүр. Автордың көрсетуінше адам ойында өзара белгілі бір байланысы бар сөздер топ-топ болып сақталынады. Сөйлеу кезінде адамдар осы мағына жағынан байланысты сөздердің ішінен біреуін таңдап алып (айтушының мақсатына байланысты) қолданады. Осы әр адамның ойында сақталған, өзара ұштасып жатқан мағыналары бойынша топ-топ болып жатқан сөздердің өзара байланысын ассоциациялық байланыс (біздіңше парадигмалық байланыс) деп атайды. Ал осы байланыс негізінде анықталатын мағыналық элементті біз парадигмалық мағына (не мағыналық элемент) деп атаймыз. Ф. де Соссюр парадигмалық мағына терминін қолданбаған, мән (мұны кей авторларымыз значимость, кей біреулері ценность деп аударып жүр) терминін қолданған. Ол мәнді сөздердің қатынасынан шығарады. «Синтагма мүшелері не өздерінің алдындағы, не соңындағы, не екі жағындағы сөздермен қатынасы негізінде мәнге ие болады»,— деп жазады (Соссюр 77, 155).

Парадигмалық байланысты тең дәрежелі тіл элементтерінің арасындағы байланыс дедік. Бірақ тіл элементтерінің барлығы бірдей мағына білдіре бермейді. Сондықтан парадигмалық байланыс бар жердің барлығынан мән (значимость) іздей беру де дұрыс болмайды. Мысалы, тілдердегі дауысты дыбыстар өзара парадигмалық байланыс жасайды. Әрине дауысты дыбыстар түрлі белгілеріне қарай (ерін мен езудің қалпына қарай, ауыздың ашылу қалпына қарай, тілдің қалпына қарай) парадигмалық белгісін анықтауы мүмкін, бірақ олар тікелей мағына білдірмейді. Сондықтан олардың арасынан семантикалық парадигма іздеу бос әурешілік болар еді. Рас, семантикалық парадигма морфемалар, сөйлемдер аралығында бар. Бір ескертетін нәрсе сол — морфемалар арасындағы семантикалық парадигма, негізінен, грамматикалық мағыналармен не лексико-грамматикалық мағыналар арасында болса, сөйлемдер арасындағы парадигмалық байланыс күрделі оймен, пайымдаумен байланысты болады. Лексика элементтері



арасындағы семантикалық парадигма сөздердің лексикалық мағынасымен байланысты болады, соған сүйенеді.

Сөздердің объектив дүниедегі заттардың, құбылыстардың не түрлі ұғымдардың атауы болатындығы, объектив дүниенің бір ұшпағын сәулелендіретіндігі туралы жоғарыда айттық. Бірақ олар тек объектив дүниемен не ұғыммен шектелініп қоймайды, оны тілдік ойлау (языковое мышление) негізінде қайта сұрыптау процесі де болады. Мысалы, бізден 10—15 шақырым жердегі заттарды тек алыстағы зат деп қана атаймыз, *ұзақтағы, ит өлген жердегі, жырақтағы*, т. б. деп атай аламыз. Бұлардың беретін ұғымы бір, бірақ мағыналары басқа-басқа. Әрине түрлі түсіндірме, аударма сөздіктерде бұл сөздерге берілген анықтамалар бір-біріне өте жақын болуы мүмкін. Салыстырыңыз: қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *алыс* сөзіне *шалғай, жақын емес* деп анықтама берген (КТТС 1, 243) *. *Қашық* сөзіне *алыс, жырақ, шалғай* деп анықтама берсе (КТТС 6, 183) *, *жырақ* сөзіне *шалғай, алыс, қашық* деп (КТТС 4, 319) *, *шалғай* сөзіне *алыс, қашық, қиыр шет* деп (КТТС 10, 109) * деп анықтама берген. Егер осы анықтамаларға сүйенетін болсақ, онда бұл сөздердің мағыналарында айырмашылық жоқ, бірінің орнына бірі үздіксіз қолданыла беретіндей көрінуі сөзсіз. Біздіңше ондай айырмашылық бар. Салыстырыңыз: егер бұл сөздерді ұзындық өлшеміне байланысты қолданатын болсақ, араларындағы айырмашылық онша анық байқалмайды. Ал, мезгілмен, уақыт өлшемі ретінде қолданылса, онда алшақтық анық байқалынады. Мысалы, *Кітап оқып ұзақ отырып қалдым* дудің орнына *кітап оқып шалғай* (немесе *алыс, қашық* т. б.) *отырып қалдым* деп айтпаймыз. Бұл жердегі мағына тіркеспен байланысты болып тұр.

Сөздердің арасындағы мағыналық байланыстарды анықтауда тематикалық топтар мен лексико-семантикалық топтарға бөлу үлкен қызмет атқарады. Сөздерді тематикалық топқа бөлу мен лексико-семантикалық топқа бөлу арасында айырмашылық бар. Мысалы, жоғарыда біз тематикалық топқа семантикалық байланысы жоқ, тек объектив дүниедегі заттардың өзара қатынасы негізінде топтастырылған сөздер енеді деген болатынбыз. Мысалы, *қол* мен *көз, құлақ* пен *аяқ, бас* пен *қабырға* дегендер бір тематикалық топқа енеді де бір система жасайды. Әрине бұл жерде парадигмалық мағынаны табу қиындау, себебі олар экстроллингвистикалық мағынаға негізделген. Осы экстроллингвистикалық мағына негізінде ұштас мағына (коррелятив) анықталады да парадигмалық байланыс осы мағынаға негізделеді. Семантикалық системаның құрамына еніп, сөздер парадигмалық байланыстар арқылы өзара байланысқанда, оның өзіндік (экстроллингвистикалық) бейнелік мағынасын осы байланыстан шығармаймыз. Бұл жерде тілдік системамен байланысып жатқан екінші мәселе — сөздердің дербестігі мәселесі бар.

Парадигмалық мағына лексикалық мағынадан басқа мағына ретінде жеке өмір сүрмейді. Олар, сонымен бірге, тілдің ішкі элементі ретінде қабылданады, себебі парадигмалық мағына белгілі

бір топқа енген сөздердің лексикалық мағынасының барлығына бірдей ортақ мағына элементіне негізделінеді. Д. Н. Шмелев мұндай ортақ мағыналық элементті семантикалық тема деп атайды (Шмелев 73, 107) *. Осы семантикалық тема парадигмалық мағынаның қалыптасуына, өмір сүруіне жағдай жасайды. Лексико-семантикалық топтың құрамына енген сөздер өздерінің дербестігін жоғалтпайды десек, олар бірі екіншісімен тек жалпы жақтарымен ғана байланысып жатпастан, жеке ерекшеліктерімен өзара ажырасып та жатады. Сондықтан да Ф. де Соссюр тілде тек өзгешеліктер, айырмашылықтар ғана бар дегенде соңғы жағдайды есепке алған. Ал сөз мағыналарының жалпы, ортақ жақтары барлығын есепке алмаған.

Семантикалық тема бөлек-бөлек өмір сүрмейтіндіктен оны анықтау үшін лексико-семантикалық топқа енген сөздердің мағыналарын салыстыру, олардың ара қатынасын анықтау қажет болады. Сондықтан Ф. де Соссюр синтагмалық қатынас пен парадигмалық (авторша ассоциациялық) қатынасты салыстыра отырып: «Синтагмалық қатынас әрқашан да *in praesentia* (анық, нақты — О. М.). Ол бірінен кейін бірі келетін кемінде системаның екі мүшесінің қатынасы. Керісінше, ассоциациялық байланысқа түскен мүшелер ойдағы қабаттар: мүшелері әрқашан *in absentia* (жасырын — О. М.) деген болатын (Соссюр 77, 156) *. Демек парадигмалық байланыс сөздерді ойда топтастыру, жинақтау, мағыналарын саралау арқылы жасалады. Осы қасиетін ескере отырып Л. А. Новиков мәнді (парадигмалық қатынас негізінде жасалынған) сөз мағынасындағы сигнификатпен салыстырады, сигнификаттың бір элементі ретінде көрсетеді (Новиков 82, 97) *. Әрине мәнді біз де сөздің лексикалық мағынасындағы экстралингвистикалық немесе бейнелік мағынадан бөліп алып, тілдің ішкі қасиеттерімен байланысты мағыналық компонент деп көрсеткенбіз. Сол үшін де мән сигнификаттық мағынаның бір элементі де, не нақ өзі де бола алмайды. Автор сөз мағынасын тек «қатынастардан шығару», пайда болады деу барып тұрған структурализмге алып келеді деп дұрыс қорытынды шығарған.

Біз де парадигмалық мағына тілдік система мүшелерінің өзара қатынасынан пайда болады, оның басқа негізі жоқ деген пікірден аулақпыз, тек мағына осы қатынастар негізінде анықталынады деген пікірді жақтаушылардың біреуіміз. Пікіріміздің дәлелі ретінде кез келген лексико-семантикалық топтардың мүшелерінің мағынасын компоненттік талдау әдісі бойынша семаларға бөліп шығып, олардың арасындағы байланыстарды көрсетуге болады (Гак 72; Оразов 74) *. Мысал ретінде қозғалу етістіктерін талдап көрелік. *Кел, кет, бар, жақында, алыста, жүр* етістіктері — қозғалу етістіктері. *Кел* етістігінде 1) қозғалған заттың не адамның бір орыннан екінші орынға өткендігін білдіретін, 2) құрылықта болған қозғалысты, 3) бағытты қозғалысты, 4) белгілі бір объектіге жақындауға бағытталған қозғалысты білдіретін сема бар. *Кет* етістігінде *кел* етістігінен бөлектеніп жататын бір ғана — қозғалысқа түскен заттың не адамның белгілі бір объекіден алыстауын біл-

діретін семасы бар. Демек *кел, кет* етістіктері қозғалысқа түскен заттардың орнын өзгертуін білдіретін семалары арқылы бір лексико-семантикалық топтың элементі (мүшесі) ретінде сыбайласып, бір парадигмалық байланысқа түссе, қарама-қарсы бағыттағы қозғалысты білдіретін семалары арқылы антонимдік мағыналық байланысқа түсіп, екінші семантикалық парадигмалық мүшесі ретінде бой көрсетеді. Ал *бар* етістігі болса, 1) қозғалған заттың не адамның орын өзгерткендігін, 2) құрылықта болатын қозғалысты білдіретін, 3) әйтеуір бір бағытқа бағытталған қозғалысты білдіретін, 4) бұрынғы тұрған орнынан ұзақтауды, алыстауды білдіретін семалары бар. Бұл етістіктің *кел, кет* етістіктерінен айырмашылықтары — бір бағытқа бағытталған қозғалысты білдірмейді. Мысалы, *Бар деген соң бар, мазамды енді алма,— деді Белгібай Пахриддинге* (М. Сүндетов) дегендегі *бар* етістігі *кет* етістігімен синоним болып, алыстау, ұзақтау мағынасын білдірсе, *үйге бар, жолдасының қасына барды* деген мысалдарда бір объектіге жақындау, келу мағынасын білдіреді. Рас, *бар* сөзі келу, жақындау, жуықтау мағынасында көбірек қолданылады. *Кел* мен *бар* етістіктерінің арасында да айырмашылықтар бар. Мысалы үшін мына сөйлемді салыстырып көрелік: *Салған жерден алға түсіп, күміс шалулы қара таяғын шалт сермей, бұрынғыдан да гөрі қаттырақ ақсаңдап басып бара жатады* (С. Мұқанов). *Толық денелі болса да жас әйел Игіліктің күтіп тұрғанын көрсе де, асықпай баяу басып келеді* (Ғ. Мүсірепов). Бұл мысалдарымызда *кел* мен *бар* антонимдес мағынада қолданылып тұр. Ал, *Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Онан да шықты жаңғырық* (Абай), *Келді де бір жартасқа түсе қалды, Азық артқан маяны жарып салды* (Абай) деген мысалымыздағы *бар* мен *кел* етістіктері мағына жағынан жақындау, жуықтау сөздерімен байланысып жатады. Бұлардан соңғы мысалымызда да аздап мағыналық айырмашылығы барлығы анықталады. *Жартасқа бардым* дегенде, біріншіден, қозғалушы адам өзінен алыста тұрған объектіге жақындағандығын білдіреді, екіншіден, бір объектіден не орын, жайдан алыстап екінші бір объектіге жақындау мағынасы бар. Сондықтан да *ауылға бардым* дегенде мен ауылда тұрғанда айтпаймын, басқа бір жерде тұрғанда ғана *ауылға бардым, қалаға бардым, үйге бардым* деймін. *Кел* етістігін қолдағанда (*ауылға келдім*) менің ауылда болуым мүмкін. *Ташкенттен Алматыға келдім* дегенде мен Алматыда боламын. Ал, *Алматыдан Москваға бардым* десек, сөйлемнің мазмұнының көрсетуінше, айтушы сол кезде Москвада болуы шарт емес. Келтірілген мысалымыздағы *бар, кел* етістіктерінің екінші мағыналық айырмашылығы — *бар* етістігі *кет* етістігінің мағынасын өзіне теліп, қозғалған заттың ұзақтығы объектіге бағытталғандығын білдірсе, *кел* етістігі айтушыға жақын тұрған объектіге (не өзіне) бағытталғандығын білдіреді. Осы сияқты *кет* пен *алыста, кел* мен *жақында* етістіктерінің мағыналары арасында да байланыс бар.

Парадигмалық қатынас лексико-семантикалық топтың мүшелерінің арасында болады да, олар біздің топшылауымызша, үш

түрлі байланыста болады. Олар синонимдес, антонимдес және үш-тас мәндес (коррелятив) мағыналық қатынастар болып саналады. Бұл үш қатынастың үшеуі де бір лексико-семантикалық топтың құрамында кездесіп, өзара байланысып та жатады. Алдын ала ескертетін нәрсе сол — бұл үш мағыналық байланыстың табиғатын, ішкі заңдылықтарын ашып беру біздің жұмысымыздың мақсатына енбейді, тек тіл элементтерінің ішкі — лингвистикалық мағынасын ашу мақсатымен байланысты сөз етеміз¹.

Синонимдер тіл-тілдердің барлығында да кездесетін кең таралған және ең көп қолданылатын тілдік категория. Көпшілік ғылыми еңбектерде синонимдер туралы сөз болғанда олардың мағыналары өзара жуық болатындығын, бірінің орнына екіншісі қолданыла беретіндігін бірінші белгісі етіп көрсетеді. Мысалы, қазақ тіліндегі синонимдер туралы арнайы зерттеу жасап, күрделі еңбек жазған Ә. Болғанбаев «Синонимдер сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Яғни бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен олар синоним болып табылады», — деп анықтама берсе, одан сәл ғана бұрынырақ жарық көрген М. Белбаеваның оқулығында: «Мағынасы жуық, өзара мәндес сөздер синоним деп аталынады», — деп анықтама берген (Болғанбаев 79, 49; Белбаева 76, 30) *. Бұл екі оқулықтан да бұрынырақ жарық көрген жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықта да осыған жуық анықтама берілген. Салыстырыңыз: «Әр түрлі айтылса да, жалпы мағыналас болатын, бірақ сәл ғана ерекшелігі бар сөздер синоним деп аталынады». (Қазіргі 54, 27) *. «Синоним дегеніміз мағыналары жақын болғандықтан белгілі контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздер» (Кенесбаев 75, 66) *. Нақ осыған жуық анықтамалар басқа түркі тілдерінің материалдары негізінде жазылған оқулықтарда да кездеседі, олар орыс тіліне арналған оқулықтарда да бар. Салыстырыңыз: қарақалпақ тілшілері «Дыбысталуы әр түрлі, мағынасы жағынан бір-біріне жақын сөздер синоним делінеді», — десе (Бердимуратов 79, 202) *, өзбек тілшілері «Синоним денотаттық мағынасы бар, конататтық (қосымша мағыналық реңк, стильдік бояу) және басқа қасиеттерімен ажыратып жататын сөздер», — деп анықтама берген (Хожиев 85, 75) *. Әр кездерде жарық көрген оқулықтардағы анықтамаларда айырмашылықтардың болатындығы анық. Сондықтан да оларды талдап, авторларының бағытын анықтау арнайы зерттеуді талап ететін, жұмыстың көлемін көбейтетін нәрсе. Синоним сөздердің денотаттық мағыналары тең түсіп жатады, не бір ұғымның атауы, не мағыналары жақын деген сияқты анықтамалардың (тіпті бірінің орнына бірі қолданылады деген де) негізінде шындық бар. Салыстырыңыз: Ә. Болғанбаев *жауын, жаңбыр, нөсер* сөздерін синоним деп берген. Егер талдап қарайтын болсақ, *жауын* сөзінің білдіретін мағынасына тек *жаң-*

¹ Антоним, синонимдер туралы жазылған бірнеше еңбектер бар. Қараңыздар: Болғанбаев 70; Очерки 66; Лексическая 72; Брагина 66; Феворин 53; Новиков 73; Введенская 71; Шукуров 77*, т. 6.

быр ғана емес, қар да, бұршақ та енеді. Ал нөсер тек жаңбыр ғана емес, қатты, шелектеп құйған жаңбыр. Бірақ бұлар мағынасы жақын, синонимдік парадигмаға (ұштас мағынасымен) енетін сөздер. Сондай-ақ үй мен там сөздерінің денотаттық мағыналары бір. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде үй сөзіне «адам тұратын, мекендейтін баспана» деп анықтама берсе (КТТС 9, 526), там сөзіне «шатырлы және тоқал үй» деп анықтама берген (КТТС 8, 574) *. Бірақ Ә. Болғанбаев бұларды синоним деп көрсетпеген. Өзбек тілінің лексикологиясын жазған авторлар синонимді ұғым бірлігі арқылы да анықтау барлық кезде дұрыс бола бермейді деген пікір айтады. Сондықтан да синонимнің басын біріктіріп тұрған қолданылудағы мағына жақындығы. Сөйлеуші не жазушы адам сөз қолданғанда өзінің мақсатына қарай парадигмалық топтағы (темадағы) сөздердің біреуін алып қолданады. Мысалы, *сөйледі, сайрады, айтты, жеткізді, сыпсыңдады* дегендердің барлығы да бір ортақ семаға ие сөздер. Айтушы тек баяндау мақсатын, хабарлау мағынасын білдіруді ойласа, онда *айтты* не *сөйледі* етістіктерінің біреуін қолдағаны; егер эмоциялық мән беріп, жақтырмауды қоса білдіргісі келсе *сайрады, сыпсыңдады, жеткізді* сөздерінің біреуін қолданады. Әрине бұл қолданудағы мағыналық реңктер, стилистикалық бояулар, тілдік нормаларды да есепке алады (Болғанбаев 70, 33—39) *. А. А. Брагина синоним сөздердің лексикалық мәнін негіз етіп алу керек дей отырып, нәзік мағына айырушылық қызметін бірінші орынға шығарады (Брагина 86, 8) *. Шындығында да мұндай салыстыру негізінде анықталынған мағына сөйлеу процесінде адам ойының нақтылы болуын, сөздердің тіркесу қабілетінің өсуіне, сөздердің көп мағыналы қолданылуына жол салады. Жоғарыда мысалға келтірген сөйлеу етістіктерінің барлығы да бірінің орнына екіншісінің қолданылу мүмкіндігіне не, бір дистрибуциялық позицияда (шенде) қолданыла алады.

Компонентті анализ қағидасы бойынша сөз мағыналарын кіші семаларға бөліп, талдап көрсетуге болады. Көпшілік сөздердің мағыналарын семалар арқылы көрсетуге болатындығын мойындаған жөн, бірақ барлық сөздердің мағына бөлшектері семаларға сәйкес келе бермейді. Сөз мағынасының құрамындағы семаларды жалпылаушы (архисема), айырушы (дифференциалды) семалардың (кей ғалымдар үшінші семалардың түрінің — потенциалды семалардың барлығын да көрсетеді) жиындысына не қосындысына тең деген түсінікке келмеуіміз керек. Пікірімізге *бар, кел* сөздерінің мағына айырмашылығын көрсету үшін берген мысалдарымыз дәлел бола алады. Жалпы синонимдік қатарға (топқа) енген сөздер өзара, кемінде екі түрлі байланысқа түсуі керек. Бірінші байланыс — денотаттық, сигнификаттық мағыналарының арасында болса, екінші байланыс — тіркес аралығында болады. Бұл оның екі түрлі қызметіне (біріншісі — гнесиологиялық, екіншісі — коммуникативтік) байланысты.

Тілдердегі семантикалық парадигманың бір көрінісі — антонимдік қатарлар. Оқулықтарда болсын, күрделі монографиялық зерттеулерде болсын, шағын мақалаларда болсын антонимді сино-

нимге қарама-қарсы қойып, қайшы мәндес сөздер деп анықтама береміз. Қарама-қарсы қою тек тілдік категория болып саналмайды, бұл гнеснологиялық категория да болып саналады. Дүниені танып-білуде, оның қасиеттерін анықтауда заттардың түрлі қасиеттерін салыстыру, қарама-қарсы қоюдың қызметі мол. Сондықтан да В. И. Ленин «Ойлаушы парасат (ақыл) әр түрлі нәрсенің мұқалған айырмашылығын, түсініктердің қарапайым айырмашылығын, түсініктердің қарапайым әр түрлілігін мәнді айырмашылыққа дейін, қарама-қарсылыққа дейін анықтайды»,— деп, дүниені танып-білудің бір сатысы ретінде қарама-қарсы қоюды көрсеткен (Ленин 29, 133) *. Әрине дүниедегі заттардың түрлі белгісі, түсі мен қасиеттері арасындағы айырмашылықтар анық көрініп жатпайды, оны адамзат ойлау нәтижесінде, сол қасиеттерді ойша салыстыру нәтижесінде анықтайды. Семантикалық элемент ретінде қарама-қарсылық сөз мағынасының бір компоненті болып оның құрамына енбейді. Мысалы, жас, қарт. Бұл екі сөздің антоним екендігінде дау жоқ. Егер қарама-қарсы қою олардың мағына компонентіне енген болса, онда олар барлық мағыналарында да өзара антоним болған болар еді. Шындығында, жағдай басқашалау. Салыстырыңыз: *Жас баланың жаудыраған көздері қандай әдемі* («Қаз. әдебиеті» газ.). *Желк-желк еткен жас шалғын, Суық желмен майысып* (І. Жансүгіров). *Жақсылап пісірілген жас балыққа аңсары ауып кетті* (Ә. Нұрпейісов). Келтірілген мысалдарымыздың үшеуінде де жас сөзі қолданылып тұр, бірақ мағынасы бірдей емес. Бірінші мысалымыздағы *жас* (жас бала) жаңа туған, сәби мағынасында, екінші мысалымыздағы *жас* (жас шалғын) жаңа шыққан, буыны қатпаған, курамаған сөздерімен мағыналас болса, үшінші мысалымызда жаңа, қатпаған сөздерімен мағыналас болып тұр. Осы үш мағынаның екеуінде ол *кәрі* сөзімен антонимдес болмастан, тек бірінші мысалымызда ғана антонимдік қатар жасай алады.

Семантикалық парадигма мүшелерінің мағынасы ретінде антонимдік мағынаны мойындағанымызда, біріншіден, антонимдер сөздердің системадағы орнын белгілеуде, екіншіден, экстралингвистикалық мағынаның семантикалық категория ретінде қалыптасуына, үшіншіден, тілдің негізгі қызметі — коммуникацияның тиімді болуына жағдай жасайды. Сондықтан да антоним болатын сөздер бірін — екіншісі мүлде жоққа (мағына жағынан) шығармауы керек, немесе антонимдік қатынас бірі болымды, екінші сыңарының болымсыз мағынада болуымен тынады деу дұрыс емес. Тіпті тілшілер арасында *бар — барма, кел — келме* сияқты түбірлес сөздер (болымсыз қосымшалар арқылы) арқылы берілген қарама-қарсы мағынаны антоним деп атау, атамау мәселесі де даулы екендігін ескерту керек.

А. Н. Новиков К. Маркстің «Север и юг — противоположное определение той же сущности, различия одной сущности на высшей ступени ее развития... Истинными, действительными крайностями были бы плюс и не — плюс, человеческой и не — человеческий род. В данном случае различие есть различие существования, в дру-

гом — различие между сущностями, различие двух сущности», — деген (Маркс 1, 321) * пікіріне сүйене отырып қарама-қарсы қоюдың екі түрі барлығын (1) бір құбылыстың ішінде болатын, 2) екі не бірнеше құбылыстардың арасында болатын) көрсетеді. Автор антонимді бірінші топтағы қарама-қарсылықтардың қатарына жатқызады (Новиков 82, 234) *. Сондықтан да қарама-қарсы қою бір заттың не құбылыстың түрлі қасиеттері аралығында болатын құбылыс. Осы қасиеттер өмірде жеке-жеке бой көрсетсе де оны ойлау негізінде адамдар теңестіріп бірін екіншісіне қарсы қояды. Антонимдер осы қарама-қарсы қоюдың тілдегі көрінісі ретінде қалыптасады да тілдік система ғана анықталады.

Тіл материалдарын салыстырып қарайтын болсақ, сөздердің антонимдік мағынада қолданылуында бір ізділіктің болмайтындығына көз жеткізуге болады. Мысалы, *жақсы* мен *жаман*, *өлі* мен *тірі* сөздерінің арасындағы антонимдік қатынастар тең емес. *Жақсы* мен *жаман* бір қасиеттің екі шеті, оның орталық (центральный) өлшемі де бар. Бұл сын есімдерді қарама-қарсы қойып тұрған, антоним етіп тұрған салыстыру процесі емес, бағалау. Ал *өлі* мен *тірі* бір заттың екі түрлі қалпы ғана. Онда орталық шек те, бағалау да жоқ, тек салыстыру ғана бар. *Осы біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатындығы қалай* (Абай)? *Мен — өлі жан, ешкімді талғамаймын, Рахымсыз билеріңді қорғамаймын* (Абай). Ал, *от пен мұз* сөздерінің арасындағы антонимдік қатынас мүлде басқа қатынасқа негізделген. Бұл екі зат есім тура мағынада қолданылып өзара антоним бола алмайды, бірақ ауыспалы мағынада қолданылып *от — ыстық, жалын; мұз — салқын, суықтық* мағынасын білдіріп, бірі екіншісіне антоним бола алады. Салыстырыңыз: *Мұз жүрегім май секілді, Еріп от боп күйді жан* (Абай).

Қазіргі кезде антонимдерді мағыналық байланыстарына қарай топтастыруға әрекет етушілер де бар. Мысалы, А. А. Новиков сөздердің мағынасының антонимдік байланыстарының түрлеріне қарай оларды үшке бөледі. 1. Контрарлық (лат. *contrarius* противоположный, противный) қарама-қарсылық. Бұл топқа қосылатын антонимдердің бірі — екіншісіне мүлде қарама-қарсы болса да, олардың орталық деңгейін белгілейтін сөздер болады. Мысалы, *жас* < *қарт емес, жас емес, орта жасар қарт*; *суық* < *жылы, салқын* > *ыстық* т. б. Бұл типтегі антонимдер қазақ тілінде де бар, бірақ олар сындық мағынаны білдіретін сөздер (сын есімдер) мен үстеулерден болған антонимдер арасында ғана байқалады. 2. Комплементарлық (лат. *complementum* — средство пополнение) қарама-қарсылық. Бұл топтағы антонимдердің бірінші топтағы антонимдерден айырмашылығы — орталық мағыналық өлшемнің болмауында. Мысалы, *тірі* мен *өлі*, *шын* мен *өтірік*, *бірге* мен *бөлек*, т. б. 3. Векторлық қарама-қарсылық (лат. *vector* везущий, несущий). Бұл топтағы антонимдер белгілі бір бағытқа байланысты бірі екіншісімен антонимдік парадигмалық қатынасқа түседі. Мысалы, *төмен* мен *жоғары*, *кіру* мен *шығу*, т. б. (Новиков 82, 245—246). Бұл типте антонимдерді топтастыру барлық кезде де сәтті

шыға бермесі анық. Сондықтан да біздіңше, антонимдерді семантикалық топтармен байланыстыра қараған жөн сияқты. Егер тіл материалдарын салыстырып қарайтын болсақ, антонимдік қатынаста қолданылатын сөздердің ең көбі — сын есімдер де, басқа сөз таптары сирегірек қолданылады. Сондай-ақ антонимдес сын есімдер мен антонимдес етістіктердің өзара байланыстары тақ емес. Тіпті бір сөз табынан жасалған антонимдердің қатынастары да бір өлшемге сыймайды. Мысалы, *батыр* мен *қорқақ*, *өтірік пен шын* — антонимдес сын есімдер. Бұлардың мағыналарында орта жеңе жоқ. Ал *жақсы* — *орта* — *жаман*, *алыс* — *орта* — *жақын* деп *жақсы* мен *жаманның*, *алыс* пен *жақынның* аралығына орта жеңе қойып айтуға болады. Кейбір сөздер бір ғана сөзбен антонимдік қатар жасап қана қоймастан, екі не үш, төрт, т. б. сөздермен де антонимдік қатынаста бола алады. Салыстырыңыз: *оң* — *сол*, *оң* — *теріс*; *ұзын* — *қысқа*, *ұзын* — *шолақ*; *ұзақ* — *жақын*, *ұзақ* — *тез*, *ұзақ* — *қысқа*, т. б. *Бір ағашқа қонды да, Асықпай жемек болды да, Мазатсып қарады, Оңына, солына* (Абай). *Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда, Ісі жоқ теріс пе, оң ба* (Абай). *Роза үстіне алабажақ, әлеміш, шолақ ақ көйлек киген* (Т. Ахтанов). *Ұзын қара бешпетті, ұзын шашты, Жамағатты итеріп бір жол ашты* (Абай). *Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік. Екі алма кеудесінде қисаймайды. Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды* (Абай), т. б.

Сөздерді антонимдік қатарына қарай тек белгілі бір семантикалық топтың аясында бөліп, сол топпен байланыстыра қараған жөн. А. А. Новиков көрсеткен үш түрлі парадигмалық байланыс осы топ элементтерінің арасында ғана анықталады. Оның көрсеткен антонимдерінің түрлері бір өлшемге негізделінбегендіктен (бірінші мен екінші топ қатарға байланысты элемент санымен байланысты болса, үшіншісі семаларының қатынасына қарай) көпшілік лексикологтар оны қабылдамай да жүр. *Түн* мен *күн*, *бәрі* мен *ешкім*, *бас* пен *аяқ*, *айқайла* мен *сыбырла*, *күлкі* мен *қайғы* сияқты антонимдердегі мағыналық байланысты семантикалық топтың басқа мүшелерімен байланыстырып қана анықтауға болады. Егер семантикалық топтағы басқа мүшелермен байланысын үзсе, онда олар басқа мағынада қолданылып, басқа бір лексико-семантикалық топтың мүшесі болып саналады. Салыстырыңыз: *түсі суық*, *түсі жылы*, *тілі жүйрік*, *көзі өткір*, *қоңыр күз*, *қоңыр салқын*, *ащы дауыс*, *қып-қызыл жанжал*, *қара дауыл* сияқты тіркестердің құрамында қолданылып тұрған сын есімдер өз мағынасында қолданылып тұрған жоқ. Сондықтан да *түсі суық*, *түсі жылы* тіркестерінде қолданылып температураны көрсетпестен жағымды, жағымсыз мағынасында қолданылып тұр. *Жүйрік* сөзі өзінің тура мағынасында тұрып қозғалыстың темпіне, қарқынына байланысты мағына білдіреді. — *Ей, орыс тіліне менен гөрі сен жүйрік шығарсың* (Ғ. Мүсірепов) дегендегі *жүйрік*; *Бізге қарағанда көзі ашық, көкірегі жүйрік* (Б. Тілегенов) деген мысалымыздағы *жүйрік* сөзі қолданылу қарқынымен байланысты сынды көрсетіп тұрған жоқ, қозғалу етістігі деп есептейміз.

Антонимдерді мағынасына қарай топтастырғанда, ең кемінде, мына үш нәрсеге аса көңіл аудару шарт. Біріншіден, сөздер антонимдік қатардың сыңар ретінде қолданылған кезде тура (номинативтік) мағынасында тұр ма, ауыспалы (келтірінді, контексті) мағынада қолданылып тұр ма деген сұраудың басын ашып алу керек. Бұл — антонимдер туралы жазылған еңбектерде біраз пікір таласына себепші болып жүрген мәселелердің бірі. Мысалы, туысқандық терминдерін алып қарайық. Бір топ ғалымдар *ата-ана*, *ұл-қыз*, *еркек-қатын* (сондай-ақ *қабан-мегежін*, *әтеш-тауық*, *төбет-қаншық*, *еркек-ұрғашы*, *бұқа-сиыр*, *қошқар-саулық* т. б.) сияқты зат есімдерді антоним деп есептесе, екінші бір топ ғалымдар оларды антоним деп санамайды. (Клюева 56; Колесников 72; Мирзаев 66; Гельбу 69; Введенская 71; Шукуров 77; Новиков 73) *. Қазірше соңғы пікірді қолдаушылардың саны көп. Осы жолдың авторы да *ата-ана* антоним болмайды деген пікірді қолдайды, бірақ күнделікті өмірде олар бірі екіншісіне қарама-қарсы қойылып айтылатындығын да жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, *Қылайын көп ұзатпай сөзді қысқа*, *Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста*. *Аты ұрғашы демесең қарындастың*, *Адамның артығы екен осы тұста* (Айтыстар) деген мысалымыздағы *ұрғашы* сөзі еркек сөзіне қарсы мағынада қолданылып тұрғандығы анық. Ал, *Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға*, *Сөйлейтін сені қазақ балап ұлға* (Айтыстар) деген мысалымызда *ұл* сөзін *қыз* сөзіне қарсы қойып ақын Сараны айтып отыр. Мұндай шендестіре қарсы қою тек жыныстық белгісімен ажыратылып жататын туысқандық атауларын ғана емес, басқа тематикалық, лексико-семантикалық топтың мүшелері арасында да қолдануға болады. Мысалы, *бас* пен *аяқ*, *есік* пен *төр*, *гүл* мен *тікен*, *май* мен *мұз*, т. б. Сонымен бірге көп мағыналы сөздердің бір мағынасы (барлығы емес) басқа сөздің мағынасымен (не көп мағыналы басқа сөздің бір мағынасымен) антонимдік қатынаста болуы мүмкін. Бұны да есепке алу керек.

Екіншіден, антоним болатын сөздердің тұлғалық құрамына да көңіл аудару керек. Көпшілік антоним туралы жазылған еңбектерде тек түбір сөздер туралы сөз болады да, туынды түбірлер туралы аз сөз болады. Тіпті кейде бір түбірден жасалынған туынды түбір сөздер де антоним болмайды деген пікір де айтылып жүр (Новиков 73, Шукуров 77). Шындығында бұл нәрселер ойлануды қажет етеді. Мысалы, қазақ тілінің антонимдерін арнайы зерттеген Ж. Мусин *бақытты*, *бақытсыз* сөздерін антоним деп санамайды (Мусин 70, 21—22) *. 1. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтардың оқулықтарында да (тарауды жазған Ғ. Мұсабаев) *келді—келмеді*, *ақылды—ақылсыз* сияқты сөздерді антоним деп санамау керек деген сөйлем бар (Кеңесбаев 75, 65) *. Бірақ соңғы кезде жарық көрген Ә. Болғанбаевтің оқулығында сын есімдердің сөз тудырушы өнімді жұрнағы *-лы*, *-лі*, *-ты*, *-ті*, *-ды*, *-ді* және *-сыз*, *-сіз* қосымшалары арқылы жасалынған түбірлес туынды сөздерді антоним деп қарайды. Мысалы, *Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз*; *Арғымақ кейде жалды, кейде жалсыз*, т. б. (Болғанбаев 79, 66—67) *. Орыс тілшілерінің көпшілігі *надежда—безнадежность*, *счастье—несча-*

стве, вредный—невредный, безвредный сияқты сөздерді антоним деп санайды (Новиков 73; Введенская 71; Львов 80) *. Орыс тілінің антонимдерін талдауға арналған еңбектерде *ходить—не ходит, читать—не читать* сияқты сөздердің ара қатынасы туралы да сөз қозғалған, сөздіктерде антоним деп көрсетпейді. Сонда олар антонимді ажыратқанда нені басшылыққа алған деген сұраудың тууы заңды. Бұл сұрауға өте көлемді (290 беттік) антонимдер туралы еңбек жазған А. А. Новиков та жауап бермеген. Біздіңше *бақытты—бақытсыз* сөздерін антоним деп қараған дұрыс, себебі сөз тудырушы жұрнақ жаңа сөз жасайды да лексико-грамматикалық категорияның құрамына енеді. *Келді—келмеді, барды—бармады* дегендеріміз антоним бола алмайды, себебі *-ма, -ме* сөз түрлендіруші. *Бар—барма* дегендер екі сөз емес, бір сөздің екі түрлі тұлғасы.



Р. Шукуров антонимге байланысты жазған еңбегінде антонимдердің үстіртін талданылған, толық зерттелінбеген мәселесі осы туынды түбірлердің, етістіктің болымды, болымсыз түрлерінің мағыналары арасындағы байланыс екендігін біліп, өзінше анықтамақышы болған. Ол мұны мағынаның тұтастығы негізінде анықтайды, ал мағына тұтастығын анықтау үшін оның басқа тілдердегі аудармасын алуды ұсынады. Мысалы, *бақытты-бақытсыз* сөздері басқа тілдерге (орыс тіліне) бір сөздің мағынасы ретінде берілгендігі (*счастливый, удачливый—несчастливый, неудачливый*) үшін антоним болса (Шукуров 70, 9), *дәптерлі-дәптерсіз, радиолы—радиосыз* сөздерінің мағынасы басқа тілге сөз тіркестері арқылы (*имеющий тетрадь, с тетрадью, не имеющий тетради, без тетради; имеющий радио, не имеющий радио, без радио*) берілгендіктен мағына бүтіндігіне ие болмайды, сондықтан ол сөздер антоним болып саналмайды деп қорытынды жасайды (Шукуров 77, 11) *. Мысалға келтірген сөздердің мағына тұтастығы Р. Шукуров айтқандай ма? Неге *бақытты* сөзін орыс тіліне *имеющий счастье, бақытсыз* сөзін *не имеющий счастье* деп аударуға болмайды? Егер *бақытты, бақытсыз* сөздерін орыс тіліне соңғы жолмен аударатын болсақ, мағына тұтастығы болмағаны ма? Егер *бақытты—бақытсыз* сөздерін антоним деп алатын болсақ, онда *радиолы—радиосыз, балалы—баласыз, атты-атсыз, малды—малсыз* деген сөздерді де антоним деп алуымыз керек, болмаса барлығы да өзара антонимдік сыңар бола алмайтын сөздер деп мойындауымыз керек. Бір тілдің заңдылықтарын екінші бір тілдің заңдылықтары, көріністері арқылы анықтау дұрыс қорытындыға алып келмейді.

Туынды түбір сөздерді антонимдік қатарларға жатқызу, жатқызбау мәселесін анықтаудың негізі ұғым мен сөз мағынасында, қарама-қарсы қоюдың сипатында жатыр. Қарама-қарсы қою тек тілдік категория болып саналмастан гнесиологиялық та, психологиялық та категория. Қарама-қарсылық категориясының (категория противоречие) табиғаты философияда антикалық дәуірден бастап сөз болып келе жатыр, қазір де бұл сөз болып келеді (Горбач 72) *. Қарама-қарсылық категориясы туралы айтылған пікір-

лерді жинақтайтын болсақ, біріншіден, ол бір құбылыстың (заттың) ішінде не екі заттың, құбылыстың аралығында болады, екіншіден, қарама-қарсылық бір жақты болмайды, екі жақты болады да бірі екіншісін шақырып отырады, үшіншіден, қарама-қарсылық категориясы өзгермелі, салыстырмалы қасиетке ие болады, төртіншіден, қарама-қарсылық тек ұғымда ғана болмайтын құбылыс, ол табиғатта да, қоғамда да болатын, объективтік сипаты бар, бесіншіден, қарама-қарсылық өсіп, сандық қарама-қарсылықтан сапалық қарама-қарсылыққа өтуі мүмкін. Тіл элементтері арасындағы қарама-қарсылық сәл басқашалау сипатқа ие, ол ұғыммен, оймен байланысып жатады.

Логикадағы қарсы қою объектив дүниедегі құбылыстарды жете тануға, оның құпия сырын терең үйренуге, адамға тікелей түйсік туғызбайтын түрлі қасиеттері мен сол қасиеттер арасындағы байланысты анықтауға жағдай жасайды. Әрине ұғымда қарама-қарсы қоюдың өз заңдылықтары, қалыптасу жолдары бар (Кондаков 75, 486—495) *. Сөз мағынасындағы қарама-қарсылық (антонимдік қасиет) формаль логикадағы екі ұғымға: 1) қарама-қарсылыққа (противоположность), 2) қайшылыққа немесе үйлеспеушілікке сәйкес келеді. А. А. Новиков антонимдерді мағынасына қарай топтастырғанда осы логикадағы қарама-қарсы қоюдың бірінші және екінші топтарын тілге көшіріп қоя салған болатын. Салыстырыңыз: А. А. Новиков антонимдердің бірінші тобына антоним сөздердің сындық қарама-қарсылықты (антонимы выражающие качественную противоположность) білдіретін антонимдер деп атайды да, оған *легкий, трудный, красивый, безобразный* сөздерін мысал ретінде келтірген. Бұл топқа енетін антонимдер өздерінің тобындағы сөздермен сатылай байланысады да соңғы сатыдағы сөз бен жоғарғы сатыдағы сөз антоним болады. Мысалы, *легкий* (простой, пустяковый) *нетрудный, средней трудности, нелегкий, трудный; красивый* (изящный, очаровательный, восхитительный), *симпатичный* (привлекательный, миловидный), *невзрачный* (непривлекательный, неприглядный, несимпатичный...), *безобразный* (уродливый) (Новиков 82, 251—252) *. Бұл топтағы антонимдердің екінші бір ерекшелігі ретінде не приставкасын (сөз алды қосымшасын) қабылдаумен байланыстырады. Яғни *молодой — не молодой — старик*. Егерде не қосылған сөз антонимдік қатардың соңғы нүктесі болса, онда ол антонимдік қатар жасайды. Мысалы, *удачный — неудачный*. Егер ол орта басқыштағы антонимдік сыңардың бір басқышы болса (*молодой — не молодой — старик*) антонимдік қатар жасай алмайды деген қорытынды шығарады. Н. И. Кондаковтың сөздігінде нақ осыған жақын ұғымды противоположные (контрарные) понятие (қарама-қарсы ұғым) деген терминмен берген. Қарама-қарсы ұғымдар (контрарлық) деп сыйыспайтын ұғымдарды, олардың ортасында бірін-бірі тек жоққа шығарып қана қоймастан қайта толықтырып тұратын орта, үшінші буын да болады», — дей отырып мынадай схема берген (Кондаков 75, 486) *. А. А. Новиков антонимдік байланыстың екінші түрін компрементарлық байланыс деп көрсетеді. Бұл антонимдер-

дің арасындағы байланыс сатылай байланыс болмайды. Яғни аралық, үшінші саты болмайды. Олар арасындағы мағына біреуіндегі мағынаны жоққа шығарса, екіншісі ұғынылады. Мысалы, *үйленген — бойдақ, көретін — соқыр* т. б. Н. И. Кондаков сөздігінде ұғымның бұған сәйкес келетін түрін «противоречашие (контрадикторные) понятие» деген терминмен берген де «бірін-бірі жоққа шығаратын, аралықтарында орталық, үшінші саты жоқ, сыйыспайтын ұғымдар деп анықтама береді. Мысал ретінде *белый — не белый* сөздерін береді де мына схеманы көрсеткен (Кондаков 75, 487). Бұл ұғымның екеуі де сөз мағыналары арасындағы антонимдік байланыстар арқылы берілетіндігін және сөз мағынасындағы антонимдердің басқаша қатынастары да болатындықтарын жоғарыда ескерткенбіз.



Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде еске алатын нәрсе — сөздердің лексико-семантикалық сипаты. Екінші сөзбен айтқанда, кез келген сөз табына енетін сөздер антонимдік топ жасай бермейді, сондай-ақ синонимдік те топ жасамайды. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексико-семантикалық топтың құрамында ғана өмір сүреді. Демек, кез келген сөздердің арасынан антонимдік сыңар іздеу — бос әурешілік. Сондай-ақ бір сөз табына кіретін сөздердің барлығы да өзара антонимдік топ жасап, антонимдік қатар элементі бола бермейді. Қолда бар материалдардың көрсетуінше, антонимдік қатарға көбінше қолданылатын сын есімдер, одан соң үстеулер, кейінгі орындарда етістіктер мен зат есімдер. Көп қолданылатын сын есімдердің өздері де тек бір лексико-семантикалық топтың көлемінде ғана антонимдік қатар жасайды. Мысалы, заттың түсін білдіретін сын есімдер: *ақ — қара*; заттың көлемін білдіретін сын есімдер: *тар — кең, үлкен — кіші, жуан — жіңішке*; заттың салмағын білдіретін сын есімдер: *ауыр — жеңіл*, заттың ішкі сипатын түрлі қасиеттерін білдіретін сын есімдер: *жақсы — жаман, сараң — мырза, қу — ақымақ, жуас — асау, қорқақ — батыр*; заттардың дәмін, иісін білдіретін сын есімдер: *дәмді — татымсыз, тәтті — ащы*; адамның көңіл-күйіне байланысты қолданылатын сын есімдер: *қуанышты — қайғылы*, т. б. Біз сын есімнің тематикалық топтарын санап өтуді мақсат етпедік, бірақ келтірілген мысалдарымыздың өзінен-ақ антонимдік қатар әр семантикалық топтың өз мүшелерінен ғана жасалатындығына көз жеткізуге болады. Ешқашан да салмақты білдіретін сын есімдер түсті білдіретін сын есімдермен бірге антонимдік қатардың сыңары ретінде қолданылмайды. Рас, сын есімдер кейде ауыспалы мағынада қолданылып, басқа лексико-семантикалық топтың мүшесі ретінде қолданылуы мүмкін. Соңғы жағдайда олар қай семантикалық топтың мүшесі ретінде қолданылса, сол сөздердің тобымен бір антонимдік топтың сыңары болуы мүмкін. Мысалы, *қатты* сөзі заттардың табиғи қасиеттерін білдіріп *жұмсақ* сын есімімен антонимдік қатар ретін-

де қолданылады. Бірақ үстеудің мағынасына сәйкес мағынада қолданғанда жұмсақ сөзіне антонимдік сыңар ретінде қолданыла алмайды. Салыстырыңыз: *Қартаң бай қатты сақ бол тілге көнсең, Мүйіз шығар қатынның сөзіне ерсең* (Абай). *Қайта келер есікті, Қатты серппе жарқыным-ау, Жетіссең де, жетсең де Керек күні бір бар-ау* (Абай). Нақ осындай қасиетті басқа сөз таптарынан болған антонимдік қатарлардан да байқауға болады.

Тіл элементтерінің синонимдік, антонимдік байланысының анық көрінетінін, сыртқа шығатын кезі — оның қолданылуы. Сондықтан да синонимдер де, антонимдер де белгілі бір текспен байланысты анықталып, оларға критерий белгілейміз. Кейбір сөздердің тіл элементі ретінде өзара антонимдік, синонимдік қатарлардың сыңары ретінде қолданылулары даусыз болғанмен, сөйлеу кезінде ондай байланысқа түспеуі, бұл семантикалық парадигманың аясына түспеуі таң қаларлық құбылыс емес. Сөздердің бұл сыңарының құпиясы сөздердің қолданылуында, ауыс (келтірінді, контекстік) мағыналарында жатыр. Бірақ контекстерге де артықша баға беріп жіберуге де болмайды.

Тілдік мағынаны анықтайтын парадигмалық байланыстың бір түрі — ұштас мағыналы сөздер аралығында болады. Бұл синонимдік, антонимдік байланыстарға қарағанда кең таралған, көп сөздердің ара қатынасын қамтитын семантикалық құбылыс. Бірақ түркі тілдерінің материалы негізінде күні бүгінге дейін ұштас мәндес сөздерге семантикалық талдау жасалынған жоқ, олардың өзіндік ерекшеліктерін белгілейтін принциптері анықталынған емес. Қазірше бір нәрсе анық — ұштас мағыналы сөздер синонимдермен, антонимдермен бірге бір лексико-семантикалық, сондай-ақ тематикалық топтардың мүшелері арасында ғана өмір сүреді. Соңғы екеуінен ұштас мағыналы сөздердің айырмашылығы — олар өзара тек бір не екі мағыналық элементтері (семалары) арқылы байланысып жатады. Ұштас мағыналы сөздердің құрамында бір тектес (кейде тең дәрежелі) сөздердің тіркесін (синтаксистік валенттілік) талап еткенімен, синоним сөздердей бірінің орнына екіншісі қолданылып, мағынасы жағынан тең түсіп жатпайды. Сондай-ақ бір дистрибуциялық жағдайда қолданылып, бірі екіншісінің мағынасын жоққа шығармайды. Олар бір тектес зат не ұғым арасында ғана өмір сүреді. Сондықтан да Ф. П. Филин антонимдерге «бір құбылыстың қарама-қарсы қасиетін білдіретін, қарама-қарсы мағынаға ие болған сөздер» деп анықтама берсе, синонимдерге «бір ұғымды түрлі жақтан ажыратып көрсететін мағынасы жақын сөздер» деп анықтама берген (Филин 82, 222) *. Ал ұштас мағынада сөздер аралығында мұндай мағыналық сәйкес келу де, жоққа шығару да болмайды, тек олар бірін-бірі мағына жағынан толықтырып қолданылатын екі түрлі мағыналы сөздер. Салыстырыңыз: *қызыл, сары, көк, қара, қоңыр* т. б. сөздер өзара синоним де, антоним де емес. Олардың бастарын қосып, мағыналарын байланыстырып тұрған заттың түсін білдіретін сема ғана.

Жалпы ұштас мағыналық байланыс тематикалық топтардың мүшелері арасында кең таралған құбылыс. Тіл білімінде тематик-

калық топ және лексико-семантикалық топ деген екі термин қатар қолданылады. Бір топ ғалымдар бұл екі терминнің арасында онша көп алшақтық жоқ, сондықтан синоним ретінде қолданыла берсе болады десе, екінші бір топ ғалымдар екі терминнің арасына мағыналық айырмашылықтар беріп, тематикалық топ сөздердің тек денотаттық мағыналарына (кейде объектив дүниедегі заттардың өздеріне) негізделсе, лексико-семантикалық топ сөздердің лексикалық (әрі денотаттық, әрі сигнификаттық, әрі ішкі лингвистикалық) мағынасына негізделген деп бөліп қолданады (Оразов 80, 8—15). Ұштас мағына жоғарыда аты аталынған екі топтың мүшелері арасында да қолданылады. Егер лексико-семантикалық топтың өздері де белгілі бір тематикалық топтың аясына енетіндігін ескерсек (айырмашылықтары бола тұрса да), онда ұштас мағыналық байланыс үшін олардың бөлініп жатуының қажеттілігі шамалы. Бірақ тематикалық топтың кейде шекарасы жайылыңқы болып кетеді де, мүшелері арасындағы байланыстар үзіліп те қалуы мүмкін. Мысалы, А. Н. Тихонов орысша-өзбекше тематикалық сөздігінде орыс тіліндегі сөздерді бары-жоғы 16 тематикалық топқа бөлген де, бір топқа зат есімдерді де, сын есімдерді де, етістіктерді де ендіре берген (Тихонов 75) *. Ал, зат есімдер мен етістіктер, сын есімдер мен зат есімдер тікелей семантикалық байланысқа ие болмайды, олар арасындағы байланыс деривациялық (сөз тудырушы жұрнақтар мен негіз арқылы) ішкі формалар арқылы болады, не тарихи-этимологиялық байланысқа ие болады. Сондықтан да ұштас мағыналық байланысты кіші тематикалық топтардың, лексико-семантикалық топтардың мүшелері арасынан іздеген дұрыстау болады. Ф. П. Филин көпшілік ғалымдардың тематикалық топ деп жүрген сөздерін (мал шаруашылығына байланысты терминдер, басшылыққа (пчеловодство) байланысты сөздер, аңшылыққа байланысты сөздер, т. б.) лексико-семантикалық топ деп те атайды (Филин 82, 231). Бірақ автор лексико-семантикалық топ тематикалық топтан көлемі жағынан кішкентай болатындығын, олардың мүшелері арасындағы байланыс лексикалық мағынаға негізделінетіндігін ескертеді. Лексико-семантикалық топқа анықтама бергенде де осы лексикалық мағынаға негіздей отырып: «Лексико-семантикалық топ дегеніміз екі не одан көп сөздердің мағынасына қарай топтастырылған тобын айтамыз», — дейді (Филин 82, 230).

Кіші тематикалық топтардың да, лексико-семантикалық топтардың мүшелері арасында ортақ семалары болады да, мағыналық сыбайластыққа негізделеді. Мысалы, туысқандық атаулары мен қозғалу етістіктерінің құрамындағы сөздердің мағыналарын салыстырып көрелік. Туысқандық атауларына мына сөздер енеді: *ата, ана, бала, әже, баба, перзент, қыз, аға, іні, қарындас, әпке, жезде, немере, шөбере, шөпшек, жиен, бөле, жиеншар, бай, қатын, қалыңдық, күйеу, қайын, балдыз*, т. б. Бұл сөздердің барлығы да өзара бірдей семантикалық байланысқа ие, оларды байланыстырып тұрған семалары тең деп айта алмаймыз, бірақ олардың барлығына ортақ бір мағыналық элемент — сема бар, ол туыс-

қандық атауы болуымен байланысты. Бұл сөздерді ары қарай мағына сыбайластығына қарай бөле беруге болады, кіші топқа бөлінген сайын мүшелері арасындағы байланыс күшейе түседі. Мысалы, туысқандық атауларын қандық туысқандық және некемен байланысты туысқандық атаулары деп екіге бөлуге болады. Қандық туысқандыққа: *ата, ана, әже, баба, перзент, бала, ұл, қыз, іні, аға, сіңлі, қарындас, немере, шөбере, шөпшек, жиен, нағашы, бөле, көке, әке* сияқты сөздер енеді. Бұлардың өздерін тікелей қандық туысқандық және сатылай қандық туысқандық деп екіге бөлуге болады. Бірінші топқа: *ата, ана, перзент, ұл, қыз, аға, іні, сіңлі, қарындас* сияқты сөздер еңсе, екінші топқа: *әже, баба, нағашы, немере, шөбере, жиен, бөле* сияқты сөздер енеді. Тікелей туысқандық атаулары өзара тығыз байланыста болады да, олардың бірін екіншісімен салыстырып, шендестіріп қолдана береміз. Мысалы, *ата-ана, аға-қарындас, ұл-қыз*, т. б. *Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің* (Шеш. сөздер) *Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар* (Шеш. сөздер) Бұл сөздердің басын біріктіріп тұратын архисемалардың болуымен бірге, оларды ажыратып, жеке сөз ретінде мағына жағынан бөліп тұратын айырушы семалары да болады. Мысалы, *ата* мен *ананың* айырушы семасы жыныстық белгісін білдіретін семасында; *аға* мен *қарындасты* ажыратып тұратын сема 1) жас мөлшерінде, 2) жыныстық белгісінде т. б.

Некемен байланысты туысқандық атауларын да осы сияқты бірнеше кіші лексико-семантикалық топтарға бөлуге болады. Мысалы, бұлар ең алдымен, күйеу жақтағы және қалыңдық жақтағы туысқандық атаулар болып екіге бөлінеді. *Балдыз* деп біз қалыңдық жақтағы кіші туысқандарды айтамыз, ал *абысын* дегенде күйеуімен туысқан үлкен адамдардың әйелдерін айтамыз. Бір ескертетін нәрсе сол — некеге байланысты туысқандық атаулардың көбі екі жақтағы туысқандармен байланысты айтыла береді. Мысалы, *құда, құдағи, құдаша, құда бала*, т. б.

Қозғалыс етістіктерінің құрамына енетін сөздер өзара бір не екі семалары арқылы байланысып жатады. *Бар, кел, кет, өт, секір, жылжы, атта, шап, жорғала, сырғы, сырғана, ауна, жет*, т. б. етістіктердің барлығының мағына құрамында қозғалған заттың орнын өзгерткендігін білдіретін семалар арқылы байланысып жатады. Осы мағыналық элементіне қарай біз оларды қозғалыс етістігі деп атағанбыз. Бұл топтағы сөздерді де екінші бір мағыналық элементтерінің байланысына қарай белгілі бір бағытты білдіретін қозғалыс етістіктері, бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер, қозғалыстың темпіне (тездігіне) байланысты мағына білдіретін қозғалыс етістіктері, баяу қозғалысты білдіретін қозғалыс етістіктері сияқты бірнеше кіші семантикалық топтарға бөлуге болады. Сонымен бірге етістіктердің синонимдік, антонимдік қатарлары да осы лексико-семантикалық топтың аясында болатындығын естен шығармау керек. Мысалы, *кір-шық, шық-түс, кел-кет, алыста-жақында, алыстау-ұзау, жырақтау-қашықтау, жақындау-айналшақтау, -төңіректеу*, т. б.

Парадигма мен синтагма тілді системалы құбылыс деп анықтаумен байланысты да система мүшелерінің арасында анықталады. Мағына құрамындағы парадигмалық элемент пен система мүшелерінің арасындағы байланысты анықтайтын парадигмалық байланыс бірі екіншісіне қарсы келмейтін, керісінше, бірі екіншісін толықтырып, анықтық беріп тұратын категориялар. (Бұл туралы кейінірек тағы да сөз болады). Бұл екі парадигманы (сондай-ақ синтагмаларды да) бөліп алудағы мақсатымыз семантикалық парадигма (синтагма да) сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналарының қалыптасуына, системаға енуіне жағдай жасайтындығын көрсету болса, система мүшелері байланысындағы парадигма мен синтагма сол мүшенің системадағы орнын көрсетуге, системаның байланысу шегін, түрлерін көрсетуге байланысты ролін анықтау. Сондықтан да парадигма терминін қолданғанда көпшілік еңбектерде семантикалық парадигманы есепке алмай, тек тілдік системадағы парадигманы есепке алады.

Синтагмалық мағына

Сөз мағынасының қалыптасуында парадигмалық мағынамен бірге синтагмалық мағынаның да үлкен қызметі бар, олар бірі екіншісімен байланысып жатқан категориялар болып есептеледі. Егер парадигмалық мағыналық элемент бір деңгейдегі лексико-семантикалық не тематикалық топтағы сөздердің арасында болып, сол сөздерді салыстыру негізінде анықталса, синтагмалық мағыналық элемент сөздердің сөйлеу не жазу кезінде бірінен кейін екіншісінің келіп байланысуы негізінде анықталады. Сөз мағынасының құрамындағы қайшылық та осы екі мағыналық элементтер арасынан келіп шығады. Біздің түсінігімізше, сөз мағынасының құрамындағы элементтер (денотаттық, сигнификаттық, эмоциялық-экспрессивтік, парадигмалық, синтагмалық) жеке-жеке бір-біріне байланыспай өмір сүреді деу дұрыс емес. Әрине сөз мағыналары осы элементтерден құралатындығы анық, бірақ ол мағыналық элементтердің арифметикалық қосындысы емес. Олардың біреуі мағынаны қалыптастыруда шешуші қызмет атқарса, екінші біреуі сөздің (сол сөздің) мағынасындағы айырушы сема қызметін атқарады. Басқа бір сөздің мағынасында екінші бір мағыналық элемент лексикалық мағынаның ядросын жасауы мүмкін. Тіпті бір сөздің аясында да мағыналық элементтер өзара әрекетте болып, сөздің мағынасының өзгеруіне себепші де болады. Сондықтан да түсіндірме сөздіктерде берген мағына сол сөздің қолданылғандағы, контекст ішіндегі мағынасымен тең түсе бермейді. Мысалы, *Демеңдер өнбес іске жұбаналық, Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық* (Абай) дегендегі *мал* сөзі тек төрт түлікке байланысты қолданылып тұрған жоқ. Осы *мал* сияқты жаңа мағынада қолданылу синтагмалық мағынаның үлесіне тиеді.

Синтагмалық мағынаның табиғатын түсіну, парадигмалық мағынаға қарағанда, қиындық туғызатындығы анық. Сөздер арасындағы антоним, синоним, ұштас мағыналық байланыстар ортақ

семалары арқылы байланысып жататын, бір қатардың элементтері арасында болатын болса, синтагмалық мағына әр текті тіл элементтері арасындағы горизонталь байланысынан, бірінен кейін екіншісі келіп байланысуынан анықталады. Соңғы қасиет сөздердің системалы байланысы ретінде қарауға да, сөздің мағыналық элементі ретінде қарауға да жағдай жасайды. Жалпы синтагма кең түсініледі. Мысалы, тіл білімінде фонетикалық синтагма, морфологиялық синтагма деген түсініктер де бар. Ал сөздердің байланысының өзінен де екі түрлі синтагма шығарамыз. Б. А. Плотников синтагма терминін орыс тіліндегі сочетаемость (үйлесу, сәйкес келу) терминімен тең санап: 1) грамматикалық (синтаксистік), 2) лексикалық бар екендігін көрсетеді (Плотников 84, 40) *.

Кез келген сөз белгілі бір текст ішінде келгенде өзара тек синтаксистік қағидаға негізделгендей көрінеді. Шындығында да сөздер әрі синтаксистік, әрі семантикалық жақтан байланысады. Байланысқа түскен сөздердің тым болмағанда бір семасы өзара сәйкес келуі не екінші бір сөздегі бір семаменен байланысқа түсу мүмкіндігі болу керек. Мысалы, *көр* етістігі көздің қызметімен байланысты амал-әрекетті білдіреді де көзге түсетін заттармен байланысты қолданылады. *Шаттың аузын бекіткен алтын қорған, Қақпасы бекітулі көзі көрді* (Абай). Бұл мысалымызда *көр* етістігі *қақпа* сөзімен байланысып тұр. *Қақпа* көзге түсетін, түйсік туғызатын зат есім болғандықтан *көр* етістігімен байланысып (номинативтік мағынасында), объектив қатынасты білдіріп тұр. Егер *қақпа* сөзінің орнында көзге түйсік туғызбайтын басқа бір зат не ұғым атауы тұрса, онда *көр* көзінің мағынасында өзгеріс болады. Салыстырыңыз: *Балалық өлді, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе? Кәрілікке көндің бе?* (Абай) дегенде *көр* етістігі көзге түйсік туғызатын зат не ұғым атауы болатын сөзбен байланыспай, түйсік туғызбайтын процесс атауымен байланысып тұр. Сондықтан да бұл мысалымыздағы *көр* етістігі көру етістігі мағынасында қолданылмай, білу, сезіну етістігі мағынасында қолданылып тұр. Демек парадигмалық мағына да өзгерген.

Сөздердің контексте, текст құрамында келіп қолданылуын, олардың тілдік система мүшелері арасындағы қатынасын анықтау синтагмалық байланыс негізінде анықталынса, сөздердің контексте, текстте қолданылып, мағынасында болатын өзгерістерді анықтау синтагмалық мағынамен байланысты болады. Әрине сөз мағынасы құрамындағы синтагмалық элементтер тіркеске, контекстке түскенде ғана пайда болмайды, керісінше, контексте анықталады. Кей ғалымдар контекстке артықша баға беріп, мағына жасайтын контекст, сөздер жеке тұрып лексикалық мағынаға не болмайды деген пікір де айтқан болатын. «Кейбір таңбалардың лексикалық мағынасы,— деп жазған болатын Л. Ельмслев,— арнайы бөлініп алынған контекстік мағына не жасанды қайта айту ғана. Басқа сөздермен байланыспаған таңба ешқандай мағынаға не болмайды; кез келген мағына контексте ғана пайда болады» (Ельмслев 60, 303—304) *.

Синтагмалық мағына сөздердің көп мағыналылығы, ауыспалы мағынада қолданылуы, метафора, метонимия сияқты семантикалық категориялармен де байланыста байқалса, синтагмалық қатынас сөз аралығындағы байланыстармен, сөздердің валенттілік қасиеттерімен қатысты болады. Синтагмалық мағына семантикалық категория ретінде сөздердің мағынасындағы экстронгвистикалық элементтер мен оның сөз мағынасындағы көріністерінің (қолданылудағы) сәйкес келуінен туады. Сондықтан да адам санасындағы сақталынған, тіл элементтері ретінде, сөздің мағынасы мен сол сөздің белгілі бір контексте қолданылған мағынасы тең түсе бермейді дейміз. Мысалы, *мал* дегенде біз төрт түлік үй жануарларын түсінеміз. Бірақ малдың түрлері, түстері, төрт аяқты болатындығы, адамның сөзіне түсіне бермейтіндігі, өз пайдасын, пайда мен зиянды түсінбейтіндігі, келешегін болжай алмайтындығы, ойлау қабілетінің жетілмегендігі сияқты толып жатқан қасиеттері барлығы анық. Бірақ, *Мал ішінен айланып, Көңлі жақсы жайланып, Бай да келер ауылға* (Абай). *Жалқауға мал құралмас, Жатқанға жан жуымас* (Мақал) деген мысалдарымыздағы мал сөзі тек үй жануарлары мағынасында қолданылып тұрса да, оның түрлі қасиеттері туралы мәлімет беріп тұрған жоқ. Қажет болған жағдайларда ғана сол қасиеттің біреуін белгілі бір тіркестерде, айтушының мақсатына байланысты, негізгі информациялық ядро ретінде бас көтеруі ғажап емес. Салыстырыңыз: *Бәрімізді малға санады. Жұрт көзінше ішкілікке салынды, бейқамдық жасады* (Е. Оразақов). *Ол айтқанға көнбейтін, айдауға жүрмейтін малдың өзі* (С. Мұратбеков). Бірінші мысалымыздағы *мал* сөзі ойланбайтын, түкті білмейтін мағынасында, екінші мысалымызда *топас, надан* мағынасында қолданылып тұр. Қазақ фабрика салып, кен қазып байлық арттырған халық емес. Ол байлықты төрт түлік малмен есептеген. Сондықтан да біреудің байлығын көрсеткісі келсе, пәленшеге пәленбай мың жылқы, қой не түйе біткен деп дәріптеу бар. Мысалы, *Бөрібай деген бай шықты, Тоқсан мың екен қарасы, Мұрындық, ноқта тимеген, Түйешілер мінбеген, Сексен мың екен маясы* (Батырлар жыры). *Албанның сен байлығын білуші ме ең, Бір аулың жүз қысырақ тай байлаған ба?* (Айтыстар). *Жеті мың қой қорада шулап жатыр, Бес мың құлын желіде тулап жатыр* (Айтыстар). Келтірілген мысалдарымызда *мал* байлық ретінде, саны болса мөлшері ретінде беріліп тұр. Демек *мал* байлық ретінде де түсінілген. Соңғы *мал* сөзінің байлық, табыс мағынасында да қолданылуына жағдай жасаған. Мысалы, *Маған бітсе осы мал, Жанымды неге қыстар ем* (Абай). *Малым—арымның садағасы* (Мақал).

Синтагмалық мағына да парадигмалық мағына сияқты өздігінен өмір сүреді, бірақ арнайы ғылыми талдау болмаса анық көрінбейді. Тіпті айтушы да, тыңдаушы да, күнделікті дағды бойынша, оның түп-төркініне қарамай қолдана береді. Дегенмен де синтагмалық мағына тіркеске түскен, сөздердің барлығында да бар, кездеседі. Бірақ олардың мағынаның қалыптасуына, өзгеруіне тигізетін ықпалы бірдей болмайтындығы анық. Мысалы үшін сөз-

дердің белгілі бір текст құрамында келіп, өзара байланысып келуіндегі синтагмалық байланыстың қызметі бір басқа да, сөздердің мағынаға еніп контекстің көмегімен анықталынатын синтагмалық элемент екінші басқа қасиетке ие. Синтагмалық мағына полисемантикалық сөздердің, сөздердің ауыспалы мағынада қолдануының, метафора мен метонимияның, табу мен эвфемизмнің, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюінің, тұрақты тіркестер мен контекстік қолданулар кезінде сөз мағынасының өзгеруімен байланысы барлығы анық.

Тіл элементтері аралығындағы системалық қатынастар

Сөз мағынасы мен лексиканы системалық құбылыс деп танудың арасында байланыс бар. Егер сөз семантикасымен байланысты айтылған пікірлерге шолу жасайтын болсақ, Ф. де Соссюрден кейін өмір сүрген көрнекті тілшілеріміздің біразы сөз мағынасын анықтауда системаға белгілі дәрежеде орын береді. Мысалы, көрнекті совет тілшісі акад. В. В. Виноградов «Сөздің ішкі бірлігі олардың тек фонетикалық және грамматикалық тұтастығымен ғана анықталынбайды, олардың мағыналық семантикасының бірлігімен де белгіленеді, ол өз жолымен, тілдің жалпы семантикалық системасының заңдылығымен анықталады»,— деп жазған болатын (Виноградов 72, 17) *. Ал, структуралды тіл білімінің өкілдерінің көпшілігі парадигмалық, синтагмалық қатынастан тыс (яғни тілдік системадан тыс) сөздер мағынаға ие болмайды деген пікірді уағыздайды (Лайонз 78, 90) *. Сондықтан да сөз мағынасының табиғатын толық түсіну үшін тілдік системаның табиғатын түсінген, анықтаған жөн.

Үстіміздегі ғасырдың 30—50 жылдарынан бастап ғылымда босын, техникада болсын системалы зерттеу, мәселеге системалы қарау керек деген түсінік кең құлаш жая бастады. Нәтижеде ғылымда система, структура, мүше (элемент) сияқты түсініктер пайда болып, барлық пәндердің құрамына ене бастады. Бұдан ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін ғылымда системалы зерттеу болмаған екен деген түсінік тұмауы керек. Біздіңше, кез келген пән белгілі бір объектінің заңдылығын тексеретін болса, системалы зерттеулердің нәтижесінде ғана белгілі бір табысқа қолы жетуі мүмкін. Системасыз зерттеудің нәтижесі де онша бай бола алмайды. Сондықтан да Ч. Дарвиннің, И. М. Сечновтың, И. В. Павловтың, К. Маркс пен Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің еңбектерінде системалы зерттеулер жоқ деп кім айта алады? Д. И. Менделеев, Л. И. Лобачевский, Ч. Дарвин, И. М. Сечнов, И. В. Павловтар табиғи пәндердің, К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Лениннің қоғамдық пәндердің системалы заңдылықтарын ашқандығын, олардың элементтерінің системалық табиғатын ашқандығын, структурасына ғылыми талдау жасағандығын тек айтып қоя салу жеткіліксіз. Олар ашқан жол, көрсетіп берген қатынастар өздерінен кейінгі системалы зерттеулерге методологиялық негіз болатындығы, бо-

лып жүргендігі құпия емес. Бірақ олардың пәнге қосқан үлесі, зерттеу методтарының ролін анықтау өз алдына басқа мақсаттағы зерттеу жұмысын талап етеді. Дегенмен де аттары аталған данышпан ғалымдарымыз система, структура туралы арнайы зерттеу жұмыстарын жасамаған, белгілі бір пәннің системасын, структурасын анықтауды мақсат та етпеген.

Тіл біліміндегі жағдайды да жалпы пәннің даму дәрежесінен бөліп алуға болмайды. Саналы не санасыз (интуитивно) түрде болсын тіл элементтерінің белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысып жататындығын, оларды сол байланыстар арқылы білуге, топтастыруға болатындығын ғалымдар ерте кездің өзінде-ақ айтқан болатын. Мысалы, көне үнді тіл білімдерінің өкілдері (біздің эрамызға дейінгі V ғасырда) сөздерді 4 түрлі сөз таптарына (имя, глагол, предлог, частицы) бөлген болса, Аристотель (біздің эрамызға дейінгі IV ғасыр) өзінің «Поэтикасында» үш сөз тобы (имя, глагол, союз) бар деп көрсетеді. Ал Пор-Рояль (общая и грациональная грамматика) грамматикасының екінші бөлімінің 24-тарауы тек морфологиялық элементтерді талдауға арналған. Демек олар сөздерді ұқсас белгілеріне қарай топтастырып, араларындағы байланыстарды анықтай алған. Салыстырыңыз: Аристотель өзінің «Поэтикасында» «Имя есть звук сложный, значащий, без (признака) время и такой, части по себя незначащи (в самом деле, даже в составных словах мы не пользуемся (частями их) как самостоятельно значащими: в (именем) Федор (слов) «дор» (то есть дор), значение не имеет)». «Глагол есть звук сложный значащий, с (признаком) времени и такой, части которого сами по себе незначащий, как и в именах» (Аристотель 83, 668) *. Демек Аристотель есімдер мен етістіктерді ажыратқан. Оларды ажыратудағы негізгі критерий уақытты білдіру, білдірмеу болып саналады. Уақытты білдірген сөздер, осы ортақ белгісіне қарай, бір топқа (етістіктерге) енсе, ал егер білдірмесе екінші топқа (есімдерге) енетін болған. Біздің кезге қаншалықты жақындаған сайын ғалымдарымыз анықтаған фонетикалық, семантикалық, грамматикалық категорияларының саны нақтыланып (бастапқы кезден көбейіп), олардың ара қатынасын, байланысын дәлелдеу айқындала түскен. Тек қарапайым қарым-қатынастар ашылып қоймастан, күрделі байланыстар да анықталынған. Бұл айтылғандардан тіл элементтері арасындағы барлық қатынастар бірдей анықталған екен деген қорытынды шығаруға болмайды. Тіпті тіл элементтерінің барлық қатарындағы қатынастардың бірдей болмайтындығы, олардың өзіндік ішкі заңдылықтарының барлығы күні бүгінге дейін анықталған деуге толық негіз жоқ. Сондай-ақ барлық қатарлардың элементтері арасындағы байланыстар да бір ізді, бір дәрежеде зерттелінген емес. Мысалы, фонетика мен грамматиканың элементтері анықталып, олардың арасындағы қатынасты зерттеу ерте кезден басталынса, лексиканың элементтерін анықтап, олардың ара қатынасын анықтау, зерттеу (бүтін бір система ретінде), не соларды белгілеуге әрекет ету үстіміздегі ғасырдың жиырмамыншы- отызыншы жылдарының үлесіне тиеді. Бұған

лексиканың ішкі қатынастары, заңдылықтары да себепші болған сияқты.

Біріншіден, фонетика мен грамматиканың элементтерінің саны аз, олар арасындағы байланыстарды санап көрсетуге болады. Ал лексиканың элементтерінің саны көп, сан-санақсыз. Тіпті қазіргі күнге дейін қазақ (не өзбек, орыс, татар, т. б.) тілінде нақты қанша сөз қолданылады, олардың қаншасы актив, қаншасы пассив лексиканың қатарына енеді, қолданылып жүрген лексикалық элементтердің қаншасы диалектілік сипатқа ие деген сияқты толып жатқан сұрауларға жауап бере алмаймыз. Екіншіден, фонетика мен грамматиканың элементтері арасындағы байланыстар бір жақты болғанымен сараланып, ашылып жатады, оларды топтастырып алуға негіз болатын белгілер ашық көрініп тұрады. Мысалы, дыбыстарды дауысты және дауыссыз деп бөлгенде ауыз қуысында фонациялық ауаның кедергіге ұшырау, ұшырамауы; дауысты дыбыстардың ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік деп бөлінуінде негіз етіп алынатын белгілер анық көрініп тұрады. Ал лексиканың элементтері арасындағы байланыстар жоғарыдағыдай ашық, айқын көрініп жатпайды. Тіпті сөздерді (лексикалық системаның элементі ретінде) қай белгісіне қарай топтастыруға болады деген сұрауға дәл жауап берудің өзі де қиын. Сөздердің этимологиялық төркіні жағынан, стилистикалық қолданылу ерекшелігі жағынан, парадигмалық, синтагмалық байланыстары жағынан, ішкі формасы жағынан т. б. топтастыруға болады. Бірақ олардың барлығы да зерттеуші адамның өзіне тікелей байланысты, қай белгіні негіз етіп алуына қарай, интуитив қасиетке ие болған критерийлермен өзгертіп те отырады. Мысалы, *қуану*, *шаттану*, *жылау* сияқты етістіктерді бір топ ғалымдар көңіл-күй етістіктері ретінде топтастырса, екінші бір топ ғалымдардың оларды қалып (психологиялық қалып) етістіктері деп топтастыруына негіз бар. Төртіншіден, лексиканы системалы категория деп тану лексикалық мағынамен тікелей байланысты. Ал лексикалық мағынаның күрделі екендігі, оның әлі де болса зерттелуі, анықталуы керек болған жақтары бар екендігі жоғарыда айтылды. Сөз мағынасының негізгі белгілері анықталынбай, оның элементтері арасындағы байланыстарды ажыратпай жатып оның элементтері арасындағы байланыстарды анықтау мүмкін емес. Бесіншіден, лексиканы лексикалық система деп анықтап, оның мүшелері арасындағы байланыстарды белгілеу үшін сол тілдің сөздік құрамын зерттеу, тіл байлығын анықтау қажет еді. Ол үшін, ең алдымен, сөздіктер жасалынып, сөздіктерде сөздерге семантикалық талдаулар жасалынуы қажет еді. Әрине сөздіктер бұрынғы ғасырларда да жасалынған, бірақ олар жан-жақты ғылыми талқылауға түспеген, тіл байлығын толық қамти алмаған еді. Бұл кемшіліктер түркі тілін зерттейтін — түркологияға да тән кемшіліктер болып саналады. Орыс тілінің сөз байлығын толық қамтуға әрекет еткен В. Дальдің «Толковый словарь живого великорусского языка», Д. Н. Ушаковтың басшылығымен жарық көрген 4 томдық «Толковый словарь русского языка» және СССР Ғылым Академиясы

бастырған 17 томдық түсіндірме сөздіктер лексиканы системалы категория ретінде зерттеуге жағдай жасады. Нақ осындай жағдай қазіргі түркі тілін зерттеуші ғалымдар үшін де жасалынған. Мысалы, қазір түркі тілдерінің көпшілігінде түсіндірме, аударма (екі тілді) сөздіктер жасалынып, сөздік құрамдағы сөздердің көпшілігі ғылыми електен өтті. Қазақ тілінің сөз байлығы 1959, 1961 жылдары І. Кеңесбаев басшылығында жарық көрген 2 томдық түсіндірме сөздік пен 1974—1986 жылдар арасында А. Ысқақов басшылығында жарық көрген 10 томдық (жалпы көлемі 709,7 баспа табақ) түсіндірме сөздіктерде қамтып, сөз мағынасына ғылыми талдаулар жасалынды. Сондықтан да қазақ тілінің лексикасын системалы құбылыс деп, лексико-семантикалық, тематикалық топтарға топтастырып, әр топтың құрамындағы мүшелерінің арасындағы байланыстарды анықтап зерттеуге жағдай жасалынды.

Ғылымда қолданылып жүрген система терминіне бірнеше анықтама беріліп, әр пән өз мақсатына қарай бейімдеп жүр (Кубрякова 72, 18—24) *. Системалар теориясында болсын, тіл білімінде болсын системаларға берілген анықтамалар бар, олардың өзіндік категориялары да анықталған. Системаларға берілген барлық анықтамаларға (тіпті тіл біліміндегі талдау жасау жұмысымыздың мақсатына енбейді. Система дегенде біз өзара белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысқан бірнеше элементтерден құралған бір бүтін категорияны түсінеміз (Мальчук 70; Кубрякова 62; Солнцев 77) *. Анықтаманың көрсетуінше система болу үшін олар бірнеше элементтерден (мүшеден) құралады. Мысалы, қазақ тіліндегі фонетиканы (басқа тілдерде де) системалы категория деп есептейміз. Себебі олар өзара байланысқан бірнеше элементтерден тұрады, яғни олар дауысты және дауыссыз дыбыстардан құралады. Ал дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың өздері де бірнеше элементтерден тұрады. Анығырағы дауыссыз дыбыстар (қазақ тілі үшін) жиырма бес болса, дауысты дыбыстар — 12. Міне осы дыбыстардың әр бірі дыбыстар системасының мүшесі болып саналады. Яғни *о* — бір мүше, *а* — екінші мүше, *ы* — үшінші бір мүше, *і* — системаның төртінші бір мүшесі, т. б. Система мүшелерінің саны нақты — 25 не 50 болуы шарт емес, тек бірі екіншісіне оппозициялық сыңар жасайтын кемінде екеу болса жетіп жатыр.

Система құрамындағы элементтер қалай болса солай жинақталына салынбайды. Ол элементтерді бір система құрамына енгізу үшін олар өзара белгілі бір заңдылық бойынша байланысып жатуы керек. Мысалы, дыбыстарды қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар системасының құрамына енгізу үшін мынадай жалпы белгілері: 1) буын жасай алуы, 2) екпін қабылдай алуы, 3) жасалынғанда фонациялық ауа ауыз қуысында кедергісіз шығуы шарт. Осы типтес жалпы белгілер дауыссыз дыбыстарда да бар. Бірақ дауысты, дауыссыз дыбыстарды да іштей жеке белгілеріне қарай да ара кішкентай бөлшектерге бөлуге болады. Мысалы, тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке (тіл алды,

тіл арты) дауыстылар, ерін мен езудің қалпына қарай еріндік және езулік деп, ал ауыздың ашылу қалпына қарай ашық және қысаң деп бөлу дәстүрі бар. Демек кез келген элементтердің жиынтығы система бола алмайды, өзара белгілі бір заңдылықтар арқылы байланысқан элементтер ғана система жасай алады. Сондықтан да біз белгілі бір заңдылықтар бойынша байланысып структуралық қатынасқа түскен тіл элементтерін тілдік система деп атаймыз.

Тілді система деп танудағы қиындық туғызатын нәрсе системаны құрайтын элементтер мен структураның қалай аталуында емес, олардың ара қатынасының қалай бағалануында. Біз система элементтері бар екендігін мойындаумен бірге, оның дербестігін, автономиялық қасиеті барлығын да мойындаймыз. Осы элементтердің арасындағы байланыс, қарым-қатынасты (структураны) система құрамына енгізгенімізбен, олардың объективтігін, бізге байланыссыз өмір сүретіндігін мойындаймыз. Бұл біздің тіл система дегендегі сүйенетін бірден-бір таянышымыз. Егер бұдан сәл ауытқитын болсақ, тілдің табиғатын анықтауда қатеге жол беруімізге себепші болады. Салыстырыңыз: тілшілер сөз мағынасы дегеніміз сөздердің басқа сөздермен байланысымен анықталады деп системаның (байланыстың) қызметін көтеріп, элементтердің дербестігін мойындамаған. Нәтижеде сөз мағынасы объектив дүниемен байланысынан ажырап, сөздердің тіркесі нәтижесінде туатын түсінік болып қалады.

В. М. Солнцев системалардың екі түрі болады деп дұрыс көрсеткен (Солнцев 77) *. Автордың көрсетуінше, бірінші система объектив дүниедегі заттар, заттардың қасиеттері, қозғалыстары арасында болады. Бұны шартты түрде, материалды система деп атауға болады. Дүниедегі материалды заттар арасындағы байланыс өте көп болғандықтан да, оның элементтері бірі екіншісімен түрлі қасиеттерімен, түрлі табиғатымен байланысады. Екінші сөзбен айтқанда материалды системаның элементтері де, элементтері арасындағы байланыстарының түрі де көп. Сондықтан да оларды түрлі системаның құрамына енгізуге болады. Екінші жағынан табиғат құбылыстарының кей заңдылықтары, байланыстары әлі ашылып, сырлары толық анықталған да емес. Бұл жағдай біз мойындаған материалдық системаның әлі толық аяқталыпбағандығын да көрсетеді. Дегенмен де материалдық системалар да іштей сұрыпталып жатады. Мысалы, материалды системаның бір тобы біркелкі заттардың (элементтердің) байланысы негізінде жасалынады. Автоколонна система деп саналынса, оның элементтері бір текті (автомашина, трактор, комбайн емес) бірнеше автомобиль болады да, олар бірі екіншісімен белгілі бір қарым-қатынаста болады. Олар не бір мекемеге тәуелді болады, не белгілі бір мақсатта біріктіріледі, т. б. Кейде материалды система күрделірек болады, яғни олардың элементтері бір текті болмастан әр түрлі болады да, өзара белгілі бір қатынаста болады. Мысалы, транспорт система деп танылатын болса, оның мүшелері түрлі заттар болуы мүмкін. Транспорттың түрлеріне ат, машина, поезд, само-

лет, пароход, т. б. енеді. Бірақ олар өзара байланысты — бір жерден екінші бір жерге жету құралы, көлігі.

Қарапайым система мен күрделі системаны салыстырып қарайтын болсақ, олардың элементтерінің де, структурасының да араларында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қарапайым система бір текті элементтерден құралса, күрделі система әр текті элементтерден құралады. Бір айта кетерлік нәрсе сол — материалдық системаның әр элементі жеке өздері тұрып та дербес мәнге ие болады. Мысалы, жеке автомашинаның да өзіндік белгісі, құралатын элементтері бар. Оның өмір сүруі сол автоколоннадағы екінші автомашинамен байланысты емес. Сондай-ақ жеке автомашинаны құрастырып тұрған бөлшектері бар: руль, дөңгелек, карбюратор, поршень, аккумулятор, т. б. Оның өз формасы, түсі, т. б. қасиеттері бар. Бұл қасиеттердің бөлшектердің барлығы жиналып автомашинаны жасайды, олар машинаның мазмұнына енеді.

Екінші айырмашылығы сол — қарапайым система элементтерінің бірнеше белгілері, қасиеттері, заңдылықтары арқылы өзара байланысып жатады. Мысалы, автоколоннадағы автомашиналар құрылысы жағынан да (моторлары бар, жерде қозғалатын, қозғалу дөңгелектердің көмегімен болатын, т. б.), мақсаты жағынан да байланысып жатады. Себебі кез келген жолда шұбап өтіп жатқан машиналар автоколонна болып саналмайды. Ал күрделі материалдық система элементтерінің арасында ондай жан-жақты байланыс байқалынбайды, тек белгілі бір қатынастары арқылы ғана система құрамына енеді. Салыстырыңыз: *ат* — көлік, қозғалу, бір жерден екінші бір жерге жету құралы. Нақ осындай көлік қызметін автомобиль де, самолет те, пароход та, поезд да атқара алады. Айырмашылығы сол — *ат* — тірі зат, *автомобиль* — дөңгелектердің көмегімен қозғалатын көлік, *самолет* — ауада ұшатын көлік, *пароход* — суда қозғалатын көлік, т. б. Бұлардың басын қосып бір системаның аясына ендіріп тұрған көліктік қасиет. Бұл топқа басқа да заттарды (мотоцикл, велосипед, арба, т. б.) да қосуға болады.

Материалды системаға қарама-қарсы идеалды система тұрады. Идеалды система деп адам ойындағы элементтердің (ұғым, түсінік, пайымдау) өзара қарым-қатынасқа түскен, белгілі бір байланыстағы бүтін бір жиынтығын айтамыз. Сондықтан да идеалды система ойдың, ұғымдардың, тіпті ғылыми абстракцияның системасы болып саналады. Материалды системадан бұның айырмашылығы сол — идеалды системаның элементтері өздігінен мағынаға, мәнге ие бола алмайды. Сондай-ақ олар арасындағы байланыс (структура) та нақтылық негізде болмастан, жалпылау нәтижесінде туған байланыс болып саналады. В. М. Солнцев сондықтан да «Идеалдықтың материалдықтан айырмашылығы — олар сыртқы дүниенің бейнелену формасы ретінде өмір сүреді де дербес өмір сүру қасиеті болмайды», — деген болатын (Солнцев 77, 18). Демек материалдық система мен идеалды системаның ара қатынасын таным теориясымен ғана байланыстыруға болады. Осы негізде ғана идеалды системаның элементтері белгілі бір мағына-

ға не болады, ал идеалдық система болса белгілі бір заттар не объектив дүние туралы информацияға не болады.

Қазіргі кездегі структурализм ағымының кей өкілдерінің қолданып жүрген анықтамасы — «Тіл — таңбалар жүйесі. Тілдік таңба екі жақты, бірақ оның екі жағы да психикалық құбылыс» деген теорияның идеалистік негізінің өзі осы материалдық система мен идеалдық системалардың ара қатынасын дұрыс түсінбегендіктен, олардың біреуін мойындамағандықтан туып отыр. Егер структурализмнің бұл пікірін дұрыс дейтін болсақ, онда бұл екі системаның арасында байланыс бар деген пікірден бас тартқан боламыз. Біздіңше, ондай байланыс бар, бірақ бұл екеуі тең, бірі екіншісінің көшірмесі деуге болмайды. Идеалды система материалдық системаға өте жақын, дәл келерліктей ұқсас бола алады, бірақ нақ өзі емес. Бұндай дәл келмеудің сырын объектив дүниенің ішкі, біз танымаған, сыры, көп қырлы қасиеті мен таным теориясының заңдылығы және ойлау процесінің ерекшелігінен іздеген дұрыс.

Материалдық система мен идеалды системаның екінші ерекшелігі сол — бірінші система екіншіге тәуелді емес, идеалды система болса адамға тәуелді. Ол адамдардың таным теориясына негізделінеді де адам миында болады. Олардың өмір сүру, қалыптасу формасы тіл болады. Сондықтан да идеалдық система белгілі дәрежеде өзінің қасиеттерін тіл элементтеріне береді. Тілдік система идеалдық системаның қалыптастырушысы қызметін атқарады. Тілдік системаның материалдық системамен де, идеалдық системамен де әрі байланысы бар, әрі айырмашылығы бар. Негізгі байланысы идеалдық система да, тілдік система да материалдық системаны өздерінде сәулелендіреді; материалдық системамен сәйкес келетіндей бейнесін жасауы керек. Айырмашылығы сол — жоғарыда аты аталынған үш системаның үшеуі де бір-бірімен ешқашан да жүз процент сәйкес келіп, тең түспейді. Идеалдық система да, тілдік система да өз заңдылықтарына негізделе отырып материалдық системаны сәулелендіреді.

Материалдық система да, тілдік система да адамдардың санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүреді, объектив сипатқа не. Бірақ олардың да айырмашылығы бар. Материалдық системаның элементтері өзінен-өзі тұрып-ақ белгілі бір мәнге (значимость) не болса, тілдік система элементтері өздігінен тұрып мағынаға не бола алмайды. Тілдік системаның элементтері мағынамен, мағына арқылы ұғыммен байланысып қолданылады да, сол мағынаның (информацияның) өмір сүру, екінші біреуге жеткізу формасы болып саналады. Сондықтан да материалдық система ешнәрсеге тәуелсіз болады. Оның осы қасиеті материалдық системаның бірінші материалдық система деп аталуына негіз болып жүр. Тілдік система элементтері болса, таңбалық қасиетке не болады да, материалдық системамен, объектив өмірмен тікелей байланыспағандығы үшін алдыңғымен тенесе алмайды. Бұл тілдік системаны кей ғалымдарымыздың екінші материалдық система деп атауына негіз болып жүр. Екінші ерекшелігі — тілдік система тек адамдар арасында,

солардың қызметі негізінде ғана өмір сүреді. Сондықтан да олардың қызметі де, өмірде атқаратын функциясы да өзгеше.

Материалдық система объектив өмірдегі заттардың өмір сүру формасының бірі болып есептелінсе, тілдік система таңбасының бірі болып есептелінсе, тілдік система таңбалардың өмір сүру формасы емес. Тілдік система — адамдардың қатынас жасау мұқтажығын қанағаттандыру негізінде ғана туған система. Сондықтан да тілдік система бірнеше функция (қызмет) атқарады. Біріншіден, тілдік система белгілі бір информацияны білдіреді де қатынас құралының қызметін атқарады. Екіншіден, идеалдық системаның материалдық формасы болып саналады. Тілдік системаның элементтері бір мағынаны екінші мағынадан ажырату үшін де қолданылады. Сондықтан да тілдік система элементтерін екі жақты қасиетке ие (таңба және мағынаға ие) деп атаған жөн. Материалдық системаның элементтері де, идеалдық системаның элементтері де бір жақты ғана қасиетке ие.

Системалық зерттеулердің ішіндегі ең қиыны — система элементтері арасындағы байланысты, қарым-қатынастарды белгілеп тұратын заңдылықтарды анықтау. Ең алдымен, жоғарыда аты аталынған үш системаның элементтерінің байланыстары да тең түсіп жатпайтынын айту керек. Бұл тең түспеудің негізін әр системаның өзіндік ерекшелігі мен ішкі заңдылықтары арқылы түсіндіруге болады. Екінші сөзбен айтқанымызда, материалдық система адам пайымында сәулелендіргенде тек көшірмесін беріп қана қоймайды. Адам ойының творчестволық қызметі арқасында тікелей система ретінде, оның структуралы байланысы ретінде байқалынбайтын қасиеттері де анықталады. Нәтижеде идеалды системада материалды системаның біршама толық схемасы пайда болады. Бірақ ойлау процесінің өз заңдылығы, таным процесінің өз заңдылығы бар екендігін еске алатын болсақ, онда таным мен ойлау процестері идеалдық системаға өз үлестерін қосатындығы анық. Яғни идеалдық система элементтері дерексізденген, жалпыланған, өзінің материалдық негізінен айырылған. Демек материалдық система элементтерінің байланысы табиғи байланыс, ал идеалдық система элементтерінің байланысы табиғи байланысқа жуықтаған, сәйкес келетін бейне мен адамдардың ойлау процесі негізінде жасалынған жалпылану, дерексізденуден құралатын байланыс. Сондықтан да көпшілік ғалымдар система құрамында элемент терминімен бірге субстанция терминін де қолданады (Общее 70, 119; Солнцев 77, 32—49) *.

Тілдік система элементтерінің байланысы, структурасы материалдық системадан да, идеалдық системадан да басқашалау. Жоғарыда тіл элементтері екі жақты (мағына мен формадан) қасиетке ие деген болатынбыз. Осының тек мағына жағының құрылымы, оның элементтерінің байланысы идеалдық системаның элементтерінің байланысымен (структурасымен) біршама сәйкес келеді. Ал оның формалық жағы мүлде басқа заңдылыққа бағынады. Бұл тіпті семиотикалық таңбалардың элементтерінің байланысынан өзгешелеу. Тілдік системаның бір ізді болуын, әр тілде

әр түрлі болуын сол тілдің ұзақ жылдар бойына қалыптасқан тілдік нормасы белгілеп те отырады. Демек тілдік системаның күрделі болатын орны да бар. Сондықтан да тілдік системаның структурасы арнайы тоқталуды талап етеді.

Тілдік система, кейбіреулердің пікірінше Ф. де Соссюрден басталған десе де оның кейбір қағидалары Ф. де Соссюрден бұрынғы ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Дегенмен Ф. де Соссюр — тіл элементтерін таңба деп танып, тіл дегеніміз таңбалар системасы деген пікірді дәйекті қорғаған адам. Ф. де Соссюрдың таңбалар системасында өзіндік мақсат, өзіне тән талдаулар да жоқ емес. Қазіргі күнде тіл элементтерін таңба деп танушылар да, тілді система деп танушылар да кездеседі. Кей ғылыми еңбектерде «тіл — системалар системасы» деген анықтамаларды да кездестіруге болады. Ал, кей ғалымдар тілді система деуге қарсы да шығады. Мысалы, В. А. Звегинцев «Тілдің өмір сүру формасында даму жатқандықтан, тілге система деп анықтама беру жеткіліксіз, ...Тілдің негізгі табиғатын анықтау үшін оған система арқылы анықтама беру сыңаржақтық, сенімсіз, толық болмайды», — деген болатын (Звегинцев 62, 64) *.

Тіл системалы құбылыс дегенде біз тіл элементтері өзара белгілі бір заңдылықтар негізінде байланысады да үлкен бір тұтас категория ретінде өмір сүреді деген пікірдеміз. Басқа системалар сияқты тіл системалары да бірнеше элементтерден (сөздерден, сөз тіркестерінен, фонемалардан, морфемалардан, т. б.) құралады. Тілдік системаның элементтері де басқа системалардың элементтері сияқты өзара белгілі бір байланыста болады (бір жақты не екі жақты, салаласқан не сабақтасқан, бір текті не сатылы, т. б.). Тілдік структура бір тұтас категория ретінде өздерінің жеке элементтеріне байланысты болса, элементтері де сол тұтас категорияға байланысты болады. Демек тілдік системаның құрылысында басқа системалар да бар (материалды, идеалды системалар да) категориялардың барлығы да бар. Бірақ тілдік системаның басқа системалардан айырмашылығы да жоқ емес.

Материалдық система да, идеалдық система да өзінің объектісімен тікелей байланысатын, сол объектінің ішкі, сыртқы қасиеттерімен сыбайласып жататын система. Тілдік система — системалар системасы. Тілдік системаның соңғы қасиетін екі түрлі түсіну керек. Біріншіден, тіл элементтері (сөздер, морфемалар, сөз тіркестері) тек дыбыстардан ғана құралмайды, оның мағыналық (идеалды) жағы да бар. Материалдық және идеалдық системалармен байланысып, сәйкес келетін тіл системасының элементтері де осы мағыналық жағы. Ал оның екінші жағы — өмір сүру формасы, материалдық жағы басқа системалармен байланыспайды. Оның өзі де материя, төк өзінің ішкі жағы болып саналатын мағынамен ғана байланысады. Басқа системалардың элементтері арасындағы байланыстан айырмашылығы — тіл элементтерінің екі жағы өзара шартты байланысқа ие. Бұл жағынан Ф. де Соссюрдің таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы байланыс жоқ, еркін дегеніне сәйкес келеді, бірақ біз байланыс бар екендігін,

оның шартты байланыс екендігін баса көрсетеміз. Демек тілдік система элементтеріндегі бірінші системалық қасиет мағынасында болса, екінші системалық қасиет элемент формаларының байланысы (сөз бен сөздің байланысы, түбір мен қосымшалар арасындағы, дыбыстар арасындағы, т. б.) негізінде болады.

Тілдік системалардың элементтері арасындағы байланыс басқа системалар элементтерінің арасындағы байланыстармен сәйкес келмейді, басқа заңдылықтарға бағынады. Жалпы әр системаның құрылымы түрліше, өзгеше болатындығы анық. Жоғарыда біз де түрлі системалар арасында байланыс бар дегенде, сәйкес келеді дегенде олардың бірі екіншісіне тең дәрежеде болады деген пікірден аулақ болатынбыз. Сөздердің сөйлем құрамында қолданылып басқа сөздермен байланысуын, септік, көптік, тәуелдік, т. б. жалғауларын, есімше, көсемше, т. б. жұрнақтарды қабылдауын, түбір мен қосымшалар арасындағы буын, дыбыс үндестіктерін гнесиологиялық заңдылықтармен дәлелдеуге болмайды. Тілдік норма тіл элементтерінің өзара қарым-қатынасын бағдарлап тұрады.

Екіншіден, тілдің әр қатары (фонетика, лексика, грамматика) өз ішінде екі жақты системаға ие болады. Бір ескертетін жағдай сол — тіл системасының әр қатарының системалық құрылымы бір-біріне ұқсамайды. Ең алдымен тілдік системаның басын біріктіріп тұратын фонема, лексема, морфема, синтагма сияқты үлкен-үлкен «элементтерді» ажыратып көрсету керек. Бұл элементтің арасында сатылай болса да байланыс бар. Екінші сөзбен айтқанда, фонема морфемалардың құрылымдық элементтері, ал морфема болса сөздердің ең кіші мағыналық бөлшегі, сөз болса сөз тіркесінің бір элементі, т. б. Аты аталынған элементтер тіл қатарына сәйкес келетін түсінік. Салыстырыңыз: дыбыстар фонеманың, морфемалар морфологияның, сөздер лексиканың, сөз тіркестері синтаксистің зерттеу объектісі. Бұлар арасында байланыстар бар екендігі айтылып, санап көрсетіліп те жүр. Біздіңше бұлар әлі де зерттеліне түсуі, араларындағы байланыстардың сырлары ашыла түсуі керек сияқты. Тіпті тіл системасының элементтерінің арақатынасы, элементтерінің байланысу тәсілдері, түрлері толық ашылуы былай тұрсын, оларды зерттеу енді ғана басталынған десек жаңылыспаймыз. Сондықтан да Р. А. Будаговтың «Бұдан да қиынырақ басқа проблема бар: белгілі бір тілдің грамматикалық системасын жасайтын жеке грамматикалық парадигмалар немесе қарама-қарсы қойылатын формалар қанша? Бұл мәселені софизмнің құмдар жиындысы туралы белгілі қағидасымен салыстыруға болады: қанша құм жиылып құм жиындысын жасайды? Немесе басқаша, қанша құм жетпесе құм жиындысы жасалынбайды? Тіл тіпті басқаша жасалынған система болғанымен, элементтерінің жай жиындысы болмағанымен бұлай салыстыру мүмкін. Сөзсіз лексикалық системаны жасайтын элементтер грамматика мен фонетиканы система ретінде құрастыратын элементтерден әлде қайда көп», — деген пікірі шындыққа бір табан жақын (Будагов 71, 32) *.

Біздің пікірімізше, тілдік система көп қатпарлы, көп сатылы, әр текті байланыс негізінде жасалынатын сияқты. Тіл системаларының элементтері де бір текті емес, әр қатардың өзіндік ішкі системасы, өзіндік элементтері мен элементтерінің байланысу тәсілдері бар. Әр тіл қатарындағы системалардың элементтері өзара іштей байланысып қана қоймастан басқа тілдің қатар элементтерімен де байланыса алады. Мысалы, септік жалғаулары морфологияның элементтері болғанымен сөз бен сөзді байланыстырып синтаксистік қызмет атқарады. Ал септік жалғауларының түбір сөзге қосылып түрлі грамматикалық мағыналарды үстеуі, бір грамматикалық категорияның құрамында келіп, бір ізді түбір сөзге қосылуын ішкі байланыс (морфологиялық) деп көрсетуге болады. Бір ескерте кетерлік жағдай қатар ішіндегі система элементтерінің байланысы барлығында да бірдей бола беруі шарт емес, көп жағдайларда олар түрліше болады. Мысал ретінде есім сөздердің ара қатынасы мен етістіктердің ара қатынасын салыстыруға болады. Система мүшелерінің (элементтерінің) байланысының түрліше болуын элементтерінің санымен байланыстыруға болмайды, элементтерінің табиғатымен байланыстыру керек. Етістіктер заттардың амал-әрекетін, қозғалысын, қалпын, қимылын, т. б. қасиеттерін білдіргені үшін мезгіл, мекен мағынасымен тікелей байланысты болады, кеңістік пен уақыттан тыс қозғалыстың өзі де болмайды. Соңғы жағдай етістіктерде шақ категориясының болуын талап етеді. Екінші талап (кеңістік) етістіктердің сөйлем ішінде келіп субъектілік, объектілік, т. б. қатынастарда қолданылуын қамтамасыз етеді (Уфимцева 74, 337) *. Зат есімдердің ондай қасиеттері жоқ. Олар сөйлемнің талабына қарай түрлі формада келіп, басқа сөздермен байланысады да басыңқы сыңардың талабына қарай қосымша қабылдайды.

Жалпы мағына, семантикалық мән — тілдік системаның (семантикалық системалардың да) басын құрастырушы бірден-бір элемент. Мағынамен байланыспаған, тек формалар системасы — бос сөз. Тіл білімі тарихында ондай бағыттың болғандығы да шындық (Общее 72, 19) *. Тіпті мағынамен байланысы жоқ фонемалар да тек мағынамен байланысқанда ғана белгілі бір системаның мүшесі бола алады. Мысалы, қазақ тілінің заңдылығы бойынша дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң және үнді болып бөлінеді. Себебі *t* мен *d*, *m* менен *b* мағынаны ажыратуға себі тиеді. *Дана* деген мен *тана* дегендер екі сөз. Егер дыбыстардың мағынамен байланысы болмаса, онда оларды коррелятив жұп ретінде ажыратпаған болар едік, тілдік системаның жеке элементтері ретінде қабылдамаған болар едік. Салыстырыңыз, орыс тілінде дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішке болып келуін есепке алып, коррелятив жүк ретінде көрсетсек, қазақ тілінде дауыссыздардың жуан, жіңішке болып келуі есепке алынбайды. В. М. Солнцевтің көрсетуінше қытай тілінде дауыссыздардың қатаң, ұяң болып келуі мағынаға ықпал етпейді, сондықтан оны ажыратпастан қолдана береді (Солнцев 77, 24) *.

Лексиканың да, морфологияның да, синтаксистің де элементтерін система мүшесі ретінде санау үшін мағына мен форманың

бірлігін есепке алу шарт. Егер бұл қағида сақталынбаса, тек дыбыстар тізбегі, жалаң формалар да система жасайды екен деген қорытындыға келуге болар еді. Бірақ тіл — адамдардың пікір алысатын қатынас құралы. Қатынас жасау деген сөз екінші бір адамға өз ойын, пікірін не белгілі бір информацияны жеткізу. Сондықтан да тіл элементтері өз бойында белгілі бір мағынаны, информацияны сіңдіруі керек. Кез келген дыбыстар тізбегінің сөз бола алмайтындығы да осыдан. Грамматикалық мағыналарды топтастыру, бірін екіншісінен ажырату мағынамен байланысты екендігін де жасыруға болмайды. Көптік жалғауы деп көптік мағынаны білдіргені үшін, тәуелдік жалғауы деп белгілі бір заттың екінші бір затқа тән екендігін білдіргені үшін бөліп алғанбыз. Олардың грамматикалық көрсеткіші бірін екіншісінен ажыратушы ғана. Синтаксистік категорияларды да осы негізде бөлеміз. Мысалы, *Ағаштың жапырағы түсті* дегенде бірінші екі сөздің тізбегін (*ағаштың жапырағы*) сөз тіркесі деп, екінші сөздердің тізбегін (*жапырағы түсті*) сөйлем деп алғанда осы мағынаға негізделгенбіз. Біріншісінде аяқталған ой болмаса, екіншісінде біршама аяқталған ой бар. Әрине сөйлем мен сөз тіркестерін ажыратуда басқа да (грамматикалық) белгілердің болуы заңды, бірақ олар да мағынамен ұштасады, т. б.

Мағына қаншалықты күрделі болмасын жалаң, тек өздері ғана өмір сүрмейді. Мағынаны көзбен көруге, қолмен ұстауға болмаса, олардың арасындағы байланыстарды да адамдардың сезім мүшесі тікелей қабылдай алмайды. Мағынаның өмір сүру формасы сөз болса, мағыналардың арасындағы түрлі байланыстарды, қарым-қатынастарды сөздер арқылы, сөздердің байланыстары арқылы беруге болады. Бірақ ол байланыстар қандай формада беріледі деу мәселенің екінші жағы. Объектив дүниедегі заттар да бірнеше қасиетке ие болып, сол қасиеттер іштей байланысып жатады. Бірақ ол байланыстар да адамдардың сезім мүшелеріне барлығы бірдей түйсік туғыза бермейді. Сондықтан да адамдар заттардың түрлі қасиеттерін, белгілерін ойша салыстырып, араларындағы байланысты іздейді. Ойлау процесіндегі анализ, синтез жасау қызметті атқарады. Демек, заттардың түрлі қасиеттері заттар арасындағы қатынастан тумайды, заттардан тыс өмір сүрмейді.

Лексика элементтері арасындағы парадигмалық қатынастар

Сөздердің мағына компоненттері құрамындағы парадигма мен тіл элементтері арасындағы парадигмалық қатынас аралығында тікелей байланыс бар. Сондай-ақ сөздердің мағына компоненттеріндегі синтагмалық элементтер мен тіл элементтері арасындағы синтагмалық қатынас арасында да байланыс бар. Мысалы, тілдік семантика тілдік заңдылықтың негізінде туып, сөз мағынасының қалыптасуына себепші болса, сол мағынаның анық көрінуі, берілген информацияға қосқан үлесі сөздердің тіркесінде, сөйлем құрамында қолданылуында анық көрінеді. Сондықтан да синоним, ан-

тоним сияқты тілдік категорияларды талдағанда олардың (кемінде екі сөздің) семаларын салыстырып, сәйкес келетін семаларымен сәйкес келмейтін семаларын анықтаумен бірге олардың белгілі бір контексте бірінің орнына екіншісінің қолданылу мүмкіндігін де көрсеткен болатынбыз.

Тіл элементтері арасындағы байланыс парадигмалы және синтагмалық қатынас негізінде болады деп екіге бөліп көрсету Ф. де Соссюрден басталатындығын жоғарыда айтқан болатынбыз. Тіл білімінің қазіргі даму сатысында сөздер арасындағы байланыстың екі түрі барлығын көпшілік ғалымдарымыз мойындайды. Тіпті В. М. Солнцев «Тілді таңба деп алушылар да, оның таңбалық қасиетін мойындамаушылар да тілді системалық құбылыс деп есептейді»,— деп дұрыс көрсеткен (Солнцев 71, 10) *. Бірақ системаны тілшілер түрліше түсіндіретіндігін де мойындаған жөн. Салыстырыңыз: А. А. Реформатский «Система — өзара байланысқан біртекті заттардың байланысы»,— деп анықтама берсе (Реформатский 67, 31) *, Г. С. Щур «Белгілі бір заттың белгілерінің жиынтығы структура деп аталынады. Ал осы структураның элементтері арасындағы байланыс система деп аталынады»,— дейді (Щур 64, 16) *. Бұл типтес ауытқулар шет ел тілшілерінің еңбектерінде де кездеседі. Дегенмен де тілді система деп атау үшін олардың бірнеше элементтерден құралатындығын, элементтер арасында өзара бір заңдылыққа негізделген байланыс болатындығын көп тілшілер мойындайды.

Егер система теориясына тереңірек бойлайтын болсақ, тіл өздігінен система жасайды ма, жоқ объектив дүниедегі заттар мен құбылыстар арасындағы системаға негізделеді ме деген сұрауларға жауап беруге мәжбүр боламыз. Бұл сұрауға жауап беру үшін Н. А. Слюсарева көрсеткен тілдік система мен бейнелік системаның ара қатынасын анықтаудан бастауымыз керек. Лексикалық мағынаның қалыптасуында бейнелік мағынаның ролі қандай болса, тілдік системаның қалыптасуында (біздің зерттеуіміздегі семантикалық системаның) да материалдық системаның да ролі сондай жетекші қызмет атқаратындығы анық. Объектив дүние заттардың қалай болса солай жинақталына салынған қоймасы емес. Заттар өзара байланысып, белгілі бір заңдылықтар, тәртіптер бойынша ұштасып жатады. Бірақ бұл байланыстар жай көзбен көре салуға, анықтауға бола бермейтіндігі, оларды анықтауда ғылыми талдаудың да керек болуы мүмкін. Нақ осындай сөздер де сөздік құрамда қалай болса солай жинақталына салынған емес, олар да өзара байланысып, жүйе-жүйе болып жатады. Бұл екі сараланудың арасында байланыс бар. Ол туралы жоғарыда айтылған. Дегенмен де объектив дүниедегі заттар арасындағы байланыс түрліше қасиетке ие болса да өз дербестігін сақтайды. Мысалы, столдың үстінде жатқан көп алманың өзіндік түсі (біреуі қызыл, біреуі сәл қызылдау, үшіншісінің бүйірі қызыл, төртіншісі — сары т. б.), формасы (біреуі доп-домалақ, екіншісі сәл сопақтау, үшіншісі жалпақтау, т. б.), иісі, т. б. қасиеттері болады. Әрине бұл белгілер тек алмаға ғана тән болмастан басқа заттардан да табылуы заң-

ды. Қанша ерекшеленгенмен де алманың түсі, дәмі, иісі оның негізгі белгілері болып саналады. Сөйлескен кезде де алманың осы қасиеттерін ойымызға алып, оны әңгелектен, алмұрттан, бекеден, т. б. ажыратамыз. С. Д. Кацнельсон сөз мағынасын анықтауда заттардың осындай ерекше белгілеріне негізделетін ұғымға сүйеніп «Шын мәнінде лексикалық мағына дегеніміз бейнеленген затты танып-білуге жететін кіші (минимум) мәлімет»,— деген болатын (Кацнельсон 72, 131) *.

Дүниедегі заттар қатып қалған, өзгермейтін заттар емес. Сондықтан Ф. Энгельс «Мир состоит ни из готовых законченных предметов, а представляет собой совокупность процессов»,— деп айтқан болатын (Маркс 21, 302) *. Ф. Энгельстің осы пікіріне сүйене отырып С. Д. Кацнельсон шындық дүниедегі заттар белгілі бір территорияда, уақытта, оқиға, процесс, факт ретінде ғана өмір сүреді. Олар тіл элементтері, сөйлем арқылы басқа біреулерге беріледі дейді (Кацнельсон 72, 141) *. Әрине дүниедегі заттар, құбылыстар және амал-әрекеттері, белгілері түйсік арқылы адамның ми қабығына жеке-жеке информацияларды береді де, араларындағы байланыс, сыбайлас жақтар ойлау арқылы анықталады. Э. Бюссанстың «Система санада қалыптасады» дегені де осыдан (Будагов 72, 53) *. Совет тілшісі Ю. Д. Апресян антонимдердің мағынасына талдау жасай отырып, дүниеде антонимдік амал-әрекеттер өмір сүрмейді, бірақ оларды адамдар ойлау арқылы анықтайды дейді. Антонимдердің жалпылығы олардың өздерінің семантикалық қасиетінен шығады, олар атауы болған заттар мен құбылыстардан емес, себебі «заттар мен құбылыстарда қарама-қарсылық» болмайды»,— дегенде осы жалпылық пен қарама-қарсылықты заттардың белгісі ретінде өмір сүрмейтіндігін, ойлау процесі негізінде анықталатындығын көрсету мақсат етілген (Апресян 73, 326—327) *. Адам ойының құдіреті де осыдан. Түйсік арқылы берілмеген жалпы қасиеттерді, заттардың жеке белгілерін жалпылау, салыстыру арқылы анықтайды. Заттар мен құбылыстардың белгілерін, амал-әрекеттерін жалпылау, олардың өздеріне тән белгілерін анықтаудың өзі олар арасындағы байланыстарды ашу деген сөз. Сондықтан да сөз арасындағы байланыс негізінде объектив дүниедегі заттарда өмір сүретін жеке-жеке белгілер, қасиеттер жатады.

Совет тілшілері арасынан да тілдік системаны бейнелік (идеялық) системадан ажыратқан да екеуінің арасында байланыс жоқ, не объектив дүниедегі заттардың белгісі тіл үшін ешқандай маңызы жоқ деп есептеушілер де табылады. Мысалы, «Тіл элементтері тікелей тілден тыс тұрған болмыс туралы информация бермейді, сондықтан ол болмыс тіл үшін ешқандай маңызға ие емес», «Тілден тыс жатқан болмысқа негізделінетін тіл семантикасын зерттеу тиімсіз»,— деп жазады И. Ф. Вардель (Вардель 73, 19) *. Егер И. Ф. Вардельдің пікірін дұрыс деп мақұлдайтын болсақ, онда сөз мағынасындағы денотаттық мағыналық элементті жоққа шығарып, сөз мағынасын сөйлем ішінде не сөздердің лексико-семантикалық топтары арасынан, олардың қарым-қатынасынан

туады деген көзқарасты қорғаған боламыз. Бұл қағида, белгілі дәрежеде, Ф. де Соссюрдың «тіл білімінің бірден-бір, нағыз объектісі өз ішінде, өзі үшін ғана қолданылатын тіл болып саналады»,— деген «Жалпы тіл білімі курсына» берілген қорытындыны қолдау болып табылады (Соссюр 77, 269) *. Біз сөз мағынасының құрамында объектив дүниемен байланысып жатқан элемент бар, бірақ ол объектив дүниемен тең түсетін не нақ соның өзі болмайды, содан хабар беретін, белгілі дәрежеде сәйкес келетін бейне деген пікірді қолдаймыз (Турбачев 76, 159) *. Сондықтан да объектив дүниедегі бар заттар арасындағы байланыс адамдардың таным процесі арқылы ойға келіп, сараланып, байланысы анықталып системаға түседі де сөздер арасындағы байланысқа да өз ықпалын тигізеді (Будагов 72, 49) *.

Лексиканы системалы құбылыс деп санау не санамаудағы негізгі принциптің бірі — лексикалық элементтердің (сөздердің) дербестігін мойындау не мойындамау болып табылады. Сондықтан да Ю. Н. Караулов: «Лексико-семантикалық система деп нені түсінеміз, олар қандай элементтерден тұрады, оларда қандай байланыс басым болады деген мәселені түсіндіруде бірнеше бағыт, мектептер бар. Бұл мәселені түсіндірудегі көзқарастарды жинақтап екі топқа бөлуге болады: — Сөздердің дербестігін, басқалардан бөлінетіндігін, тұтастығын мойындайды ма; контекске қандай қызмет жүктейді»,— деп көрсеткен болатын (Караулов 76, 5) *. Шындығында да тек шет ел тілшілері арасында ғана емес, совет тілшілері арасында да сөздің лексикалық мағынасын анықтауда сөздердің системадағы орнын анықтау мен контекстің қызметін белгілеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мәселенің дұрыс шешілуі даулы болып келе жатқан көп мәселелердің шешілуіне көмегі тиері анық. Егер сөздердің дербестігін мойындайтын болсақ, онда әрбір сөз өз алдына мағынаға ие болып, екінші бір сөзге тәуелді болмайды деген көзқарасты қолдаған боламыз. Сөз дегеніміз ұғым не заттарға, түрлі құбылыстарға берілген шартты әлеуметтік байланыс тарихи деген типтес анықтамалар сөздердің дербестігіне негізделініп берілген анықтама. Сөздердің дербестігін мойындау контекстің, тілдік системаның қызметін жоққа шығару деген сөз емес. Контекстің қызметі сөз мағынасын тиянақтау, көп мағыналы сөздің бір мағынада қолданылуына жағдай жасаса, сөздердің тілдік системадағы орны сөздердің дұрыс қолданылуына (сөйлеушінің не жазушының мақсатына байланысты) мүмкіндік жасайды.

Жеке сөздердің дербестігін мойындамау — сөздер жеке өздері тұрып дербес лексикалық мағынаға ие болмайды, олардың білдіретін мағынасы контексте не системадағы тіл элементтерінің орнына беру, не тілдік системалар арасындағы түрлі байланыстарға тәуелді ету. Соңғы қағида шет ел тілшілері арасында пайда болса да совет тілшілерінің еңбектерінде де кездеседі. Мысалы, Д. М. Шмелев *үлкен, жақсы* сөздерінің мағынасы *кішкентай, жаман* сөздері болғандығы үшін ғана бар дей отырып», «Кез келген мағына өздігінен, басқа мағыналармен байланыспай өмір сүрмей-

ді»,— дегенде, осы қағиданы қолдады (Шмелев 73, 141) *. Ол сөз мағынасы туралы айтқан пікірлерін жинақтап «Қазіргі тілшілердің ешқайсысы да кез келген тілдік элемент (сөз) өзіндік лексикалық мағынаны басқа тілдік элементтермен байланысып барып қана қабылдайтындығына күмән туғызбайды»,— дегенде сөздердің дербестігін жоққа шығарған (Шмелев 73, 141). Егер сөздер мағынаны контексте ғана, басқа сөздермен байланысқанда ғана қабылдайтын болса, онда сөздердің байланысқа түспей, сөйлем құрамына енбей тұрғандағы мағынасы туралы сөз етудің өзі дұрыс болмас еді. Екінші бір көрнекті тілші, семантикаға байланысты жарық көрген көптеген еңбектердің авторы В. А. Звегинцев Н. Д. Шмелевтен де ары терендеп: «Таза лингвистикалық тұрғыда сөз мағынасы оның басқа сөздермен байланысу мүмкіндігімен, лексикалық валенттілігімен байланысты анықталады»,— деп жазады (Звегинцев 67, 123) *. Егер Д. Н. Шмелевтің пікірін қолдайтын болсақ, сөз мағынасы өздігінен өмір сүрмейді, оның объектив дүниемен байланысы болмайды, тек сөздердің системадағы орнымен ғана анықталады да парадигмалық қатынас сөз мағынасын жасайтын болып қалады. Жоғарыда біз сөз мағынасының құрамында тілдік мағынаның элементі бар дегенде ол жеке өздері сөздің лексикалық мағынасын жасайды, лексикалық мағына объектив дүниемен байланыспайтын басқа бір нәрсе деген пікірді айтқан жоқпыз. Шындығында да тілдік семантика объектив дүниемен тікелей байланысты болғанымен, оның бейнесі ретінде қабылданбағанымен объектив дүниедегі заттардың байланысына, өзара қарым-қатынасына сүйенеді. И. В. Арнольд пен Н. Н. Буга «Система дегенде тәртіпке түскен және өзара іштей байланысқан объектіні түсінеміз. Жалпы теориялар системасы объектінің физикалық табиғатының абстракциясы ретінде қабылданады, өзара және сыртқы орта мен жалпы қасиеттері арқылы қалыптасқан, бірнеше элементтердің жиындысы ретінде танылады. Тілдің лексикасы таңбалардың ерекше системасы деп есептелінеді»,— деп, осы екі система арасындағы байланысты көрсеткен болатын (Арнольд 81, 3) *. Ал В. А. Звегинцевтің пікірін дұрыс дейтін болсақ, онда сөз мағынасы тек сөздердің тіркесінде пайда болады да валенттіліктің аясында қалып қояды. Алдын ала айтылатын нәрсе сол — сөз тіркесі мағына жасамайды, керісінше сөз мағынасының сөйлемде қолданылуына, нақты болуына жағдай жасайды. Бұл екі пікір тілдік системаның екі саласына негізделінеді де екеуіне ортақ нәрсе — екеуі де сөздердің дербестігін жоққа шығарады.

Сөздердің дербестігін мойындамау кейбір тілшілердің ғана емес, ол структуралды тіл білімінің көпшілік өкілдеріне тән пікір болып саналады. Бұл пікірдің бастамасы Ф. де Соссюрдің «...тіл системасының мүшесіне тек әйтеуір дыбысталу мен әйтеуір бір ұғымның қарапайым бірлігі деп қарау үлкен жаңысушылық. Система мүшесіне бұлай анықтама беру — өзі мүше болған системадан бөліп қояды, бұл қате пікірге алып келеді»,— деген пікірінен басталады (Соссюр 77, 146). Ф. де Соссюрдың бұл пікірін акад. В. В. Виноградов та қолдағаны анық. Шындығында да Соссюр

Н. Д. Шмелев сияқты *жақсы* сөзінің мағынасын *жаман* сөзі болғандығы үшін ғана деп есептемейді. «Бір тілдің құрамында бірін-бірі шектеп жақын ұғымды білдіретін синоним сөздер бар. Мысалы *gedouter* (қауіптену) — *crainde* (қорқу, үрку), *avoig* (қорқу). Бұл сөздер өзара қарама-қарсы тұрғандығы үшін ғана мағынаға ие болады, егер *gedouter* (қауіптену) болмаса, онда оның мағынасы онымен қатынаста болған басқа сөзге өтіп кеткен болар еді»,— деген пікір айтқан (Соссюр 77, 148). Шындығында да тілдік системаларда ондай жағдайдың болатындығын байқауға болады. Салыстырыңыз: өзбек тілінде *бинафша* сөзі заттардың түсін көрсету үшін қолданылады. Қазақ тілінде ондай сын есім жоқ, сондықтан да бұл сөздің мағынасын қазақ тіліндегі *көк*, *көкшіл* сөздері арқылы береміз (өзбек тілінде бұл екі сын есімдер де қолданылады). Бірақ структуралистер Ф. де Соссюрдің соңғы пікірін есепке алмастан тілдік системаның ролін өте жоғары көтеріп жібереді де мағынаны тек системамен байланысты қарайды, не мағынаны тіл біліміне мүлде қажетсіз түсінік деп қарайды. Мысалы, Прага тіл үйірмесінің тезистерінде: «Сөз мағынасы, ең алдымен, оның басқа сөздермен қарым-қатынасынан анықталады, яғни лексикалық системадағы орнымен, ал сөздің лексикалық системадағы орнын анықтау тек сол системаның құрамын анықтағаннан кейін ғана болады»,— деген пікір бар (Звегинцев 65, 138) *. Бұл пікірді даниялық ғалым Л. Ельмслев ары қарай дамытқан. Ол «Егер тілді структура деп мойындайтын болсақ, онда традициялық тіл білімінде қабылданған, оны мағына мен дыбыс арқылы анықтауға еткен әрекеті қанағаттанарсыз болады»,— деп жазады (Звегинцев 65, 109). Сонда тілді структура деп санайтын тіл білімдерінің өкілдері нені зерттеу керек деген сұраудың туатындығы анық. Автор бұл сұрауға: «Өзінің ертеректегі бір еңбегінде проф. Карнап структура түсінігіне мен қандай анықтама берсем, ол да сондай анықтама беруге әрекет еткен, яғни таза форма және таза қатынас деген»,— дейді (Звегинцев 65, 108). Демек Л. Ельмслевтің пікірі бойынша, сөз не тіл элементтері дыбыс және мағынамен байланысты болмайды, сондықтан да тіл білімі тек форма, не формалардың қарым-қатынасын ғана зерттеуі шарт дейді. Осы типтес пікірлер совет тілшілерінің арасында да бар. Мысалы, А. Г. Волков тіл біліміндегі таңба мен мағына мәселесіне арнайы тоқтала отырып: «Біздің пікірімізше, қазіргі мағына туралы жалпы пікірлер мынаған негізделінуі керек: мағына өзінің табиғаты жағынан тілдік категория емес, ол ойлаудың арнайы орындалатын бір функциясы не оның бір материалдық процесі»,— деп жазады (Волков 68, 61) *. Автор бұл пікірін екінші бір жерде қайталайды да мағынаны логикалық элемент деп есептейді (Волков 68, 69). Шындығында да тілді система деп есептеуде мағынаны мүлде есепке алмау, тек формалар арқылы система, структура, функция, мән терминдеріне анықтама беру, олардың арасындағы байланыстарға анықтама беру мүмкін болмайды. Кей ғалымдар сөздегі мағынаны тіл білімінің объектісінен куудың негізгі себебі деп тілдік элементтерді таңба деп танудан дейді (Будагов 78, 63—68) *.

Сөздердің дербестігін мойындау олардың басқа сөздермен байланысын мойындамау екен деп түсіну дұрыс емес. Керісінше, сөз дербестігін мойындағанда оның өзіндік мағынасы, формасы барлығын, олар басқа тіл элементтерімен байланыста болатындығын ескеруді қажет етеді, сол байланысқа негізделіп сөздерді біз лексико-семантикалық топтың қатарына енгіземіз. Сондықтан да *көру, көзге түсу, байқау* деген етістіктерді көру етістіктеріне, *сөйлеу, айту, сыбырлау, жеткізу, сарнау, мыңғырлау* сияқты етістіктерді өзара мағыналық байланысы болғандықтан бір топтың құрамына енгіземіз. Сөйлеу етістігінің құрамына енген етістіктердің барлығы да белгілі бір информацияны екінші біреуге дыбыстық тіл арқылы жеткізу мағынасымен өзара байланысса, туысқандық атаулары (*ата, бала, ана, қарындас, іні, немере, т. б.*) қандық не некелік туысқандықты білдіретін мағынасымен байланысады. *Қызыл, ақ, қара, көк, сары, сұр, жирен, боз* сияқты сөздерді заттардың түсін білдіретін ортақ мағыналары болғандығы үшін бір лексико-семантикалық топқа енгіземіз. Демек, лексикадағы системалық сөздердің дербестігін, оның мағынасының басқаға тәуелсіздігін жоққа шығармайды, керісінше олардың тіркестен тумайтындығын, мағына арқылы өзара байланысып, бір күрделі системаның мүшесі ретінде өмір сүретіндігін көрсетеді.

Лексико-семантикалық топ лексикалық системаның парадигмалық қатынасына негізделінеді де олар сол системаның элементтерінің тең дәрежелі байланысына сүйенеді. Лексико-семантикалық топтың әрбір мүшесі өзіндік мағыналық дербестікке ие болып, сол системада белгілі бір қызмет атқарып, системада өз орнын белгілеп тұратындығы анық. Лексикадағы синоним, антоним деп аталынатын категориялар осы семантикалық байланысқа ие болғандығы үшін ерекшеленіп алынып жүр. Шындығында *жақсы* сөзін айтқанда *жаман* сөзін, *үлкен* сөзін айтқанда *кіші* сөздерін ойымызға алатынымыз анық. Бұл сөздердегі мағыналық байланыс заттардың ішкі табиғаты мен формасына байланысты болғанымен, олар арасында екінші байланыс та бар. Ол — заттарды салыстыру, бағалау арқылы анықталатын байланыс. Ескерте кететін жағдай сол — синонимдер мен антонимдер арасындағы байланыс бір өлшемге негізделінбеген. Салыстарыңыз: *жақсы* мен *жаман* антоним. Өзара салыстырылған не теңестірілген екі зат осы қасиеттің біреуіне ие болуы керек, бірақ бір өлшеммен өлшенетін зат бір уақыттың ішінде әрі *жақсы*, әрі *жаман* болуы мүмкін емес. Ал синоним болатын сөздер болса, басқаша қасиетке ие. *Жақсы, тәуір, оңды, келісті* деген сөздер синонимдер, сондықтан да олар бірінің орнына екіншісі қолданылып, бір ұғымды білдіретін қасиетке ие болады. Екінші ескертетін нәрсе — сөздердің мағынасына байланысты, олар заттардың табиғатынан тумайды, ойдың абстракциялық қызметі негізінде заттардың түрлі қасиеттерін салыстырады да парадигмалық байланысқа түсіреді. Ю. Д. Апресян: «Антонимдердің жалпылық қасиеті олардың семантикалық қасиетінен ғана шығады, олар атауы болған заттар мен құбылыстардан тумайды, себебі қарама-қарсы заттар мен құбылыстар өмір сүрмейді», — деп

жазған еді (Апресян 73, 326—327) *. Әрине антонимдер де, синонимдер де бір лексико-семантикалық топтың ішінде, солардың мүшелері арасында анықталатын өмір сүретін байланыс. Сондықтан да *сөйле, айт, үндеме* дегендер бір лексико-семантикалық топтың мүшесі болып саналады.

Жоғарыда мысалға келтірілген үш етістіктің араларында мағыналық байланыс болумен бірге араларында айырмашылық та бар. Мысалы, *үндеме* етістігі сөйлеу процесінің болмағандығын, дыбыстық сигналдар арқылы екінші біреуге информацияның берілмегендігін білдірсе, *сөйле, айт* етістіктері дыбыс толқындары арқылы бір информацияны екінші біреуге жеткізетіндігін білдіретін мағына бар. Соңғы екі етістіктің мағыналары арасында да айырмашылықтар бар. *Айт* етістігі тыңдаушы адамның сөйлесу кезінде болу, болмауына байланысты болмайтын мағынаны білдірсе, *сөйле* етістігі әрі тыңдаушының, әрі сөйлеушінің сөйлесу кезінде нақты болуын талап етеді. Мысалы, *Асанға айт* дегенде сөйлеу кезінде Асанның сол жерде болмаған болуы мүмкін. Ал, *Асанға сөйле* дегенде Асанның сол жерде болуы шарт. Нақ осы негізде *Барсаң сәлем айта бар Қаламқасқа* деген сияқты тіркесті қолдансақ та, *Барсаң сәлем сөйлей бар Қаламқасқа* деген тіркесті қолданбаймыз. Екінші айырмашылығы, *сөйле* етістігі жеке адамға да, көпшілікке қатысы бар информацияны хабарлау мәнін білдірсе, *айт* етістігі көпшілікке хабарлау мағынасын белгілі бір стилдік талапқа байланысты ғана білдіреді. Соңғы жағдайда айтылатын информацияның мазмұны анық болуы шарт. Мысалы, *Арызыңды халқыңа айт*. Ал, *Жиналған жұртқа сөйледі* дегеннені, не туралы сөйлегендігін білдіретін информация жоқ. Үшінші айырмашылығы сол — *сөйле* етістігі айтылған информацияның бастауын, адресін білдірсе; *айт* етістігінде ондай қасиет жоқ. Салыстырыңыз: *Алматыдан сөйлейміз*. Ал, *Алматыдан айтамыз* деу қазақ тілі үшін тілдік норма емес (Қырым татарлары үшін *Ташкенттен айтамыз* — тілдік норма). Төртінші айырмашылығы — *-ша, -ше* қосымшасы арқылы жасалынған туынды түбір үстеулермен *сөйле* етістігі тіркесе береді, *айт* етістігі ол сөздермен тіркеспейді. Ал сол үстеулерге *-ла, -ле* жұрнағы қосылу арқылы жасалынған көсемше формалы туынды түбір етістіктермен *сөйле* етістігі де, *айт* етістігі де тіркесіп қолданыла береді. Салыстырыңыз: *орысша сөйледі, орысшалап сөйледі, орысшалап айтты*, т. б.

Сөздердің дербестігін мойындауда тематикалық топтағы сөздердің арасындағы байланыстарға талдау жасау, анығырақ қорытынды жасауға жағдай жасайды. Ең алдымен, тематикалық топтағы сөздер өздерінің лексикалық мағынасының сыбайластықтарына негізделінбей, өздері атауы болған заттар мен құбылыстарға негізделінетіндігін естен шығармау керек. Егер сөз мағынасы тек системадағы орны не байланысы арқылы анықталады дейтін тезисті қолдайтын болсақ, онда тематикалық топтың мүшелерінің барлығы да мағынасыз сөздер болған болар еді. Салыстырыңыз: *қарағай, шырша, қайың, терек, арша* сияқты сөздер ағаш атаулары ретінде бір тематикалық топ жасайды. Бірақ олар өзара сино-

ним де, антонимдік қатар да жасай алмайды. Бұл жердегі сөздер бірін екіншісі талап етіп те тұрған жоқ, бірақ әрқайсысының да өзіндік мағынасы бар. Тіпті кей тематикалық топқа енетін сөздер бір тілде болып, екінші тілде болмауы да мүмкін, не басқа мағынада қолданылатын жағдайлары да кездеседі. Салыстырыңыз: өзбек тілінде *хола*, *амаки*, *амма* сөздері туысқандық атаулары ретінде қолданылады, бірақ қазақ тілінде ол сөздер қолданылмайды. Ал *жиен* өзбек тілінде әрі ағасының не інісінің балаларын, әрі қарындасының не апасының балаларына байланысты қолданылса, қазақ тілінде тек қыздың балаларына байланысты қолданылады.

Демек, сөздерді белгілі бір парадигмалық қатынаста деп лексико-семантикалық топтың қатарына енгізгенде: біріншіден, сөздердің дербестігін мойындаймыз, екіншіден, сол семантикалық топқа енетін сөздердің өзара байланысып жатқан семантикалық белгілері болумен бірге, оларды жеке сөз етіп тұратын өзіндік ерекше семантикалық элементтердің де барлығын мойындаймыз, үшіншіден, лексикадағы парадигмалық қатар сөздердің лексикалық мағынасына сүйенеді, төртіншіден, сөздердің системадағы қатынасы, байланысы мағынаны белгілемейді, керісінше, мағына системадағы байланысты белгілейді.

Лексика элементтерін парадигмалық қатынастарына негіздеп топтастыруда ең кең құлаш жайған әдіс — лексико-семантикалық топтарға бөлу. Рас, тіл білімінде лексико-семантикалық топ терминімен бірге тематикалық топ, семантикалық өріс терминдері де қолданылады. Тематикалық топ сөздердің тек парадигмалық қатынасына негізделінбейді, олар әрі парадигмалық, әрі денотаттардың арасындағы байланыстарға сүйенеді. Екінші сөзбен айтқанда, тематикалық топтың көлемі парадигмалық қатардан да, лексико-семантикалық топтың көлемінен де кең болады. Қазіргі күнге дейін дәстүр бойынша қалыптасқан әдіс бойынша тематикалық сөздік жасаушылар етістіктерді де, зат есімдерді де бір тематикалық топтың құрамына енгізіп, топтап жүр. Ал лексико-семантикалық топқа болса, лексикалық мағынасы жағынан байланысқан бір сөз табына енетін сөздер ғана топтастырылып жүр. Салыстырыңыз: Орысша-болгарша тематикалық сөздікте табиғат деп аталынатын тематикалық топқа *экватор*, *меридиан*, *градус*, *рельеф*, *ландшафт*, *оазис* сияқты зат есімдермен бірге *северный*, *южный*, *восточный*, *западный* сияқты сын есімдер, *потеплела*, *жечь*, *полить*, *свежит*, *холоднеет* сияқты етістіктерді де енгізген (Бабов 61, 616—625) *. Орысша-өзбекше тематикалық сөздікте де сөздерді жоғарыдағы сөздік сияқты топтастырған. Мысалы, соңғы сөздікте табиғат деп аталынатын тематикалық топқа *поверхность*, *почва*, *слой*, *гора*, *вершина*, *долина* сияқты зат есімдер, *северный*, *южный*, *туманный*, *светлый* сияқты сын есімдерді де енгізген (Тихонов 75) *. Орыс тіліндегі тематикалық топтарды арнайы зерттеген Ю. Н. Караулов хабарлау деген тематикалық топқа *сообщать*, *докладывать*, *доложить*, *излагать*, *сообщение*, *сведения*, *объявление*, *известие*, *слух*, *доклад* сияқты етістіктер мен зат есімдерді енгізген (Караулов 76, 295) *.

Үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап батыс еуропа тіл білімінде семантикалық өріс (семантическое поле) термині қолданыла бастады. Оның өзі физикадағы өріс терминін тіл біліміне байланыстыра қолданылу болатын. Бұл терминді тіл білімінде алғаш қолданғандар И. Трир, В. Порциг, Г. Ипсен, т. б. болды. Олар өздерінің теорияларының негізі етіп В. фон Гумбольдтың «ішкі формасын» алады да сөздерді топтастыруда лексикалық мағынаға сүйенбестен, объектив дүниедегі заттардың өздеріне не таза ойға, ұғымға ғана сүйенген (Уфимцев 61, 30—63) *. Сондықтан да олардың көзқарастарының негізінде В. фон Гумбольдтың идеалистік көзқарасы жатыр.

Лексико-семантикалық топ сөздердің өзара лексикалық мағынасының жуықтығына, байланыстылығына, ортақ семаларына қарай топтастырылады. Ф. П. Филин: «Лексико-семантикалық топ екі не бірнеше сөздердің лексикалық мағынасына қарай топтастырылуын айтамыз»,— деп лексико-семантикалық топқа анықтама береді (Филин 57, 524) *. Демек лексико-семантикалық топтың көлемін, оған енетін сөздердің санын парадигмалық мағына мен парадигмалық қатынас арқылы анықтаймыз. Бірақ сөздің лексикалық мағынасы күрделі екендігі, бірнеше қат-қабаттардан тұратындығы, оларды тілшілер түрліше түсініп, түрліше талдайтындықтарын жоғарыда айтқан болатынбыз. Тематикалық топ пен лексико-семантикалық топтың арасын ажыратуда да осы лексикалық мағынаны негіз етіп алу көпшілік ғалымдарымыз арасында да кең таралған. Егер салыстырып қарасақ, тематикалық топтың құрамына енген сөздің де, лексико-семантикалық топтың мүшелері де объектив дүниедегі заттар мен құбылыстармен байланысқан, олар арасындағы байланысқа сүйенетіндігі анық. Бұл тематикалық топ пен лексико-семантикалық топтың арасында байланыс бар деген сөз. Бірақ бұлар арасында айырмашылықтар да жоқ емес. Мысалы, тематикалық топқа енген сөздер өздері атауы болған объектив дүниедегі заттардың тікелей байланысына, қарым-қатынасына негізделінгенін, бірі екіншісіне тәуелді болмайтындығын ескерсек, онда тематикалық топтың бір мүшесі түсіп қалса, не жаңа сөз қосылса ол оның басқа мүшелерінің мағынасына әсер етпеуі мүмкін. Тематикалық сөздердің тарихы бұл пікіріміздің дұрыстығын дәлелдеп бере алады. Мысал ретінде ауыл шаруашылық құралдарының атауларын алайық: *жерағаш, мойынтұрық, соқа, тырма, мойынша, оқ, тіс, күрек, айыр, кетпен*, т. б. Қазіргі күнде *жерағаш, тіс, оқ* сөздері қолданылмайды не пассив сөздердің қатарына өткен, бірақ осы сөздердің есебіне *соқа* не басқа сөздердің мағынасы кеңейе қойған жоқ. Сондай-ақ *кесе, шәйнек, тостаған, зере, ваза, шара, мес, шөміш, қасық, шанышқы, кәпкір, стақан, фужер, графин, тарелка, леген* сияқты сөздер ыдыс-аяқ атауларына жатады. Егер осы тематикалық атауларды барлап қарайтын болсақ, *кесе, шәйнек, тостаған, зере, қасық, астау, шара* сияқты сөздер болмаса, көпшілігі жаңадан, кейінірек сөздік қорға енген сөздер. Бірақ бұлардың ықпалынан *кесе, қасық* сөздерінің

мағынасы тарылған жоқ. Бұл типтес мысалдарды басқа тематикалық топтардың мүшелері арасынан да байқауға болады.

Ал лексико-семантикалық топтың мүшелері болса, өзара лексикалық мағынасы жағынан байланысады, тематикалық топтардың мүшелеріне бұл шарт емес. Сондықтан да *бас* сөзі мен *қол* сөздерінің тікелей лексикалық мағыналары жағынан байланысы жоқ, тек адамның дене мүшелерінің атауы болғандығы үшін бір топқа енгізілген. *Кел, кет, өт, шап, секір, бар, жорғала, атта, сырғана, еңбекте* сияқты етістіктер бір лексико-семантикалық топтың құрамына енгенде қозғалысқа түскен адам не заттың бір орыннан екінші орынға өткендігін, орын ауыстырғандығын білдіретін мағына сыбайластығымен байланысты біріктірілген. Ал, *сөйле, айт, де, жеткіз, өсекте, сыбырла, сыпсыңда, мысқылда, мақта* сияқты етістіктердің мағына құрамында да мағыналық байланыс болғандықтан біз оларды сөйлеу етістіктерінің қатарына қосқанбыз. Тематикалық топ пен лексико-семантикалық топтың арасындағы екінші айырмашылық — лексико-семантикалық топтың мүшелері арасында белгілі оппозициялық байланыс болады. Егер лексико-семантикалық топтың құрамына бір сөз енсе не шығып қалса оппозициялық байланыс өзгереді; лексико-семантикалық топтың бір мүшесінің мағынасы не тарылады, не кеңейеді; не бір мүше орнын жаңа келген сөз басады. Сол үшін де Ф. де Соссюр *қорқу, қауіптену, сескену* сияқты синоним сөздердің біреуі қолданылудан шығып қалса, қалған мүшелерінің мағынасында өзгеріс болады деп дұрыс айтқан болатын (Соссюр 77, 148) *. Мысалы, Абай шығармаларында *арыс* сөзі қолданылған. Мағынасы — ру, тайпа, ел. Бұл сөз басқа ақындардың шығармаларында да бар. Мысалы, *Бас қосылса арысқа, кім шабады намысқа* (Абай). Бұл сөз үстіміздегі ғасыр басында да қолданылған. Мысалы, *Біздің Адай халқы сегіз арыс ел болады* (Айқап). Ал, қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды, оның есебіне *тайпа* сөзінің мағынасы кеңейіп, *арыс* сөзінің орнына да қолданылып жүр. Егер бұл типтес сөздерді туыстас тілдер материалдарымен салыстырсақ, жоғарыда айтқан пікіріміз өте айқын болады. Мысалы, өзбек тілінде парсы-тәжік тілдерінен алынған *гапирмоқ* етістігі қолданылады да, мағынасы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі *сөйле, айт* етістіктерімен мәндес болады. Сонымен бірге өзбек тілінде *сөйлеу* етістігі де бар. Өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде *сузламоқ, сузланилмоқ, сузлашмоқ* етістіктерінің барлығын да көрсеткен (УТИЛ—2, 94—95) *. Сөздікте бұл екі сөздің мағынасында айырмашылық барлығын көрсеткен. *Гапирмоқ* етістігі бейтарап лексикасының қатарынан орын алады да көп қолданылады. Ал *сузламоқ* етістігі кітаби лексиканың элементі ретінде қолданылады да, күнделікті өмірде сирек қолданылады (Кучқартаев 77, 90) *.

Лексико-семантикалық топ мүшелері арасында болған өзгерістер сол топтағы сөздердің барлығына бірдей әсер ете бермейді, белгілі бір мүшелеріне ғана әсер етеді. Мысалы, қазақ тілінде *жалыну, өтіну, сұрау, тілеу, жалбарыну* сияқты етістіктер бір кіші лексико-семантикалық топ жасайды. Әрине бұл сөздердің мағына

құрамында өздеріне ғана тән болған, басқаларында кездеспейтін мағына элементтерінің болатындығы анық, себебі олар жеке-жеке сөз. *Сұрау* етістігінің мағынасында біреуден бір нәрсені қалау, өтіну, жауап күту, жалбарыну сияқты мағыналық элементтер бар. Ал, *тілеу* етістігінде біреуден өтіну, жалбарыну, жалыну мағынасы бар. *Сұрау* етістігінің мағынасында талап ету ренкі болса, *тілеуде* жалыну, өтіну ренкі басым (талап ету мүлде жоқ). Бірақ *тілеу* етістігі Абай шығармаларында талап ету мағынасында да қолданылған. Мысалы, *Ақыл айтсаң біреуге, Ішің еріп, егіліп, Ұялмас ақы тілеуге, Бермесек қалар түңіліп* (Абай). Қазіргі қазақ тілінде *ақы тілеу* тіркесі қолданылмайды, *ақы сұрау* тіркесі қолданылады. Демек *тілек* сөзі Абай дәуіріне қарағанда өз мағынасын тарылтса, *сұрау* сөзі мағынасын кеңейткен. Бірақ бұл мағыналық өзгерістер *өтіну, жалыну, жалбарыну* сөздеріне ықпал етпеген.

Тематикалық топтардың мүшелерінің арасында мүлде мағыналық байланыс жоқ екен деген түсінікке де келуге болмайды. Мысалы, туысқандық атауларын білдіретін *ата, ана, бала, ұл, қыз* сияқты сөздер өзара мағыналарының ұштасып жатуы (коррелятив мағынасы арқылы) арқылы байланысып жатады. Олар да лексико-семантикалық топтың мүшелері сияқты өз дербестіктерін сақтай отырып, өзара байланысып, ұштас мәндес заттар не түсінік атаулары ретінде қабылданады. Сондықтан да кез келген зат не түсінік атаулары бір тематикалық топтың мүшесі бола алмайды. Сонымен бірге олар арасында тікелей оппозициялық қатынас жасайтын мағынаны талап ету де дұрыс болмайды. *Ата* мен *қыз, қалыңдық* пен *жиен, бала* мен *құданың* арасында тікелей мағыналық байланыс болмағанымен, *қалыңдық* пен *күйеу, нағашы* мен *жиен, ана* мен *сіңлі* сияқты сөздердің арасында ондай байланыс бар. Соңғы байланыс *жақсы* мен *жаман, алыс* пен *жақын, тату* мен *араз, кел* мен *кет, жақында* мен *алыста* сөздерінің арасындағы қатынасты антонимдік қатынаспен тең деп болмайды. Шындығында да қалыңдық болмаса күйеудің болмайтындығы, жиені болмаса нағашы аталынбайтындығы анық. Бірақ бұл сөз семантикасындағы байланыс емес, логикалық байланыстар. Сөздерді тематикалық топтарға топтастырғанда, сөзсіз, олар арасындағы бір байланыс негіз етіп алынады. Сондықтан да туысқандық атауларын білдіретін сөздер: а) қандық туысқандықты (*ата, бала, қыз, немере*, т. б.) және ә) некемен байланысты атаулар (*келін, құда, балдыз, қайын*, т. б.) деп бөлуге болады. Кейде тематикалық топқа тектің түрге қатынасын білдіруіне қарай да топтастырылады. Мысалы, орысша-өзбекше тематикалық сөздікте есімдік деп аталынатын тематикалық топқа 1) өсімдік (*ағаш, шөп, жапырақ, бұтақ, өзек, тамыр*, т. б.); 2) орман (*шынар, қайың, арша, шырша, терек*, т. б.); 3) бау (*алма, алмұрт, алыс, жаңғақ, жүзім, анар*, т. б.); 4) бақша (*картон, сәбіз, қызылша, пияз*, т. б.); 5) егістік (*мақта, бидай, арпа, сұлы, күріш*, т. б.); 6) гүлдер (*райхан, еңлікгүл, қызгалдақ*, т. б.) сияқты сөздерді енгізген (Тихонов 75, 33) *. Бұл сөздерді ары қарай соза беруге болады. Мысалы, ағаштың түріне

енетін тал, арша, самырсын, қарағай, шырша, бал қарағай, шырнар, қайың, терек, жыңғыл, тобылғы, т. б. сөздерін енгізіп, олардың өздерін де жеке топ ретінде көрсетуге болады. Барлап қараған адамға *шырша* мен *қарағай* сөздерінің арасында тікелей байланыс жоқ, сондықтан бірінің тілде қолданылмауы екіншісіне әсер етпейді. Нақ осындай өзбек тілінде *шырша* сөзі қолданылмайды да *қарағай* сөзінің беретін мағынасы қазақ тілінде қолданылатын *қарағай* сөзінің мағынасымен тең. Сондай-ақ өзбек тілінде *анжир* сөзі қолданылады. Оның өзі бойы онша биік болмайтын, жеміс беретін тал (оның жемісін де анжир деп атайды). Қазақ тілінде ондай ағаш атауы да, жеміс атауы да жоқ, бірақ бұдан *өрік, алма, жиде, алша* сияқты жеміс атауларының мағыналарында болған өзгеріс байқалмайды.

Тематикалық топ пен лексико-семантикалық топты салыстыра отырып мынадай қорытындыға келуге болады. Ф. П. Филин кез келген лексико-семантикалық топ әйтеуір бір тематикалық топтың құрамына еніп, соның бір элементі болады деп дұрыс айтқан болатын (Филин 82, 233) *. Екіншіден, тематикалық топ та, лексико-семантикалық топ та объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды, оның амал-әрекеттерін, түрлі қасиеттерін бейнелейді. Осы негізде кез келген лексико-семантикалық топтың тематикалық топтың кіші бір тобымен тең түсуіне жағдай жасайды. Үшіншіден, тематикалық топқа сөздерді топтастыру сөздердің лексикалық мағынасына негізделінбей, тікелей заттың өздеріне не ұғымға сүйенеді. Ал лексико-семантикалық топқа енген сөздер өздерінің лексикалық мағынасының сыбайластығына, ортақ семантикалық байланысқа ие болғандықтан, олардың бірінің екіншісіне тигізер ықпалы бір текті болмайды, кейде араларындағы байланыс байқалынбайды да. Ал, лексико-семантикалық топтың мүшелері өзара тығыз семантикалық байланыста болғандығы үшін біреуінің мағынасы өзгерсе, екіншісіне ықпал етеді.

Лексико-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигмалық байланысты анық көру үшін тілшілер компонентті анализ әдісін көбірек пайдаланады. Бұл әдіс бойынша сөз мағыналары бірнеше майда элементтерден-семалардан құралады деп есептейді. Семалар тек лексикалық мағынаның құрамында ғана болып қоймастан грамматикалық мағыналар құрамында да кездеседі (Степанова 68, 142—143) *. Мысалы, етістіктің шақ категориясы, біріншіден, адам — әрекетпен не қозғалыспен қатысты болады, екіншіден, белгілі бір уақытпен байланысты мағынаны, үшіншіден, амал-әрекеттің аяқталыну, аяқталынбауымен не басталыну, басталынбағандығымен байланысты, т. б. мағынаны білдіреді. Жалпы семалық талдау сөз семантикасымен байланысты алып барылады да, объектив дүниедегі заттардан қабылданған сигналдармен тең түседі. Сондықтан да сема — экстроллингвистикалық элементтердің сөз семантикасындағы көшірмесі (белгілі дәрежеде сәйкес келетін) деп түсінуге болады. Сондықтан да сөз дегеніміз заттың, құбылыстың атауы деушілер сөз мағынасын осы семалардың қосындысы деп есептегенінде де оғаштық жоқ. Шындығында

да сөз мағынасы семалардың қосындысына тең бе? Кез келген сөздердің мағыналарын семаларға ажыратып, талдап көрсетуге болады ма? Әрине бұл теориялық жағынан мүмкін болғанымен де тілдегі жағдай сәл басқашалау. Ең алдымен, тіл тек система болып саналмастан системалар системасы болатындығын да естен шығармау керек. Сондықтан да сөз мағынасында адамның сезім мүшелері арқылы қабылданылмайтын, адам ойының қызметі негізінде жасалынатын мағыналардың да бар екендігін есепке алған жөн. Соңғы жағдай барлық сөз біткендерді семалық талдау жасауға мүмкіндік бермейді, бірақ семалық талдауларға түскен сөздердің мағына құрылымына оңай түсінік беруге болады (Степанова 68; Гак 72) *.

Тіл білімінде сема терминімен бірге семема, мемема, семантикалық көбейткіш (семантический множитель), мағыналық компонент сияқты терминдер де қолданылады. О. С. Ахманова семема (Semema) терминіне екі түрлі мағына берген. 1. Парадигмалық қатар мүшелерінің мағыналық системасының ең кіші элементі. 2. Сөз мағынасы, оның заттық мазмұны. Ал сема терминіне 1) системаның варианты (альтернаты); 2) синтагмалық қатарға түсіп басқа сөздермен байланысатын мағынаның ең кіші элементі. Семантема, семантикалық көбейткіш терминдері де осыған жуық мағыналармен анықталады. Демек О. С. Ахманова семаға анықтама бергенде, біріншіден, сөз мағынасының ең кіші, ары қарай бөлінбейтін бөлшегі және екінші, сөздің объектив дүниемен байланысатын мағыналық элементі деп есептейді (Ахманова 66, 401—402) *. Бірақ сөз мағынасын компонентті анализ әдісі бойынша талдау жасаған ғалымдардың көпшілігі семема сөз мағынасының майда элементі деп санамастан, сөздердің мағынасымен тең деп те анықтама беріп жүр (Васильев 81, 21) *. Өзбек ғалымы И. Кучқартаев болса, семема объектив дүниедегі заттар мен құбылыстардың адам санасындағы бейнесі деп те есептейді (Кучқартаев 77, 49) *. Әдебиеттерде сема мен семемаларға берілген басқа да анықтамалар, түсініктемелер бар, бірақ біз бұл екі терминді мағына жағынан ажырата қолданушылар жағындамыз. Яғни сема термині сөздің ең кіші мағыналық бөлшегі деген мағынада, семема термині болса сөз мағынасына жуық мәнде қолданамыз. Сема мен семеманы, семема мен сөз мағынасын ажыратқанда мына нәрселерге көңіл аудару керек сияқты. Біріншіден, сема мен семема сөз мағынасына байланысты болса да, ешқашан толық мағына арқылы берілмейді, олар имплициттік сипатқа ие болады. Екіншіден, семема семалардың қосындысынан жасалынбайды. Яғни семемалар айтушының, жазушының мақсатына, білім дәрежесіне, мұқтажына байланысты (ситуацияға байланысты) өзгеріп отырса, семалар ондай өзгеріске түспейді. Үшіншіден, семалар объективті дүниелерден түйсік арқылы қабылданған информациялармен байланысты болса, семема сол информацияларды қабылдап, адам ойындағы жалпылау, дерексіздену қасиетімен байланысты болады. Ал, сөз мағынасында адам ойының жалпылаған, дерексізденген объектив дүниенің бейнесі болумен бірге тілдік

системамен байланысты мағыналық элементтер де болады. Сондықтан да көп мағыналы сөздер дегенде осы қолданылу процесіндегі семалардың біреуінің бір тіркесте, екіншісінің екінші бір тіркесте шешуші позицияға шығуын, сөз мағынасы ретінде бой көрсетуін айтамыз. Сондықтан да біз сөздің қолданғандағы мағынасы мен адам ойындағы ұғымның көлемі сәйкес келе бермейді деген тезисті қолданғанбыз. Төртіншіден, сема мағынаның ең кішкентай бөлшегі; ары қарай майда бөлшектерге бөлінбейді. Сондықтан да сөз мағынасын компонентті анализ әдісімен талдап қарайтын болсақ, онда сөз мағыналарын бір не бірнеше семаларға бөлуге болатындығына көз жеткізуге болады. Мысалы, *жүр* етістігін алып көрелік. Бұл етістіктің лексикалық мағына құрамында, біздіңше, мынадай семалар бар: 1) қозғалу қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші бір орынға өткендігін білдіреді, 3) қозғалу жерде болады, 3) бағытсыз қозғалысты білдіреді, 5) қозғалыстың темпісінің баяу (жүгіруге қарама-қарсы) болғандығын, 6) процестің созылыңқылығын, т. б. білдіреді. Ал, *түс* етістігінде болса, 1) қозғалыс қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткендігін білдіреді, 3) қозғалыстың жоғарыдан төмен қарай болғандығын білдіреді, 4) қозғалыстың темпісіне нейтраль болады, 5) қозғалған заттың белгілі бір жерге, территорияға бағытталғандығын білдіреді, т. б. Жоғарыдағы мысалдарымыздан кез келген сөздердің мағынасы майда семалардан құралады, немесе сөздердің мағынасын майда семаларға бөлуге болады деген қорытынды шығаруға болады. Бірақ сөздер тіркесте келіп, белгілі бір мақсатта қолданылуымен байланысты сөз мағынасымен байланысты болған семалардың барлығы бірдей сөздің сол тіркестегі мағына компоненттеріне енбеуі де мүмкін. Салыстырыңыз: *Сол әскер суды өрлеп талай жүрді, Судың басы бір құзар шатқа кірді* (Абай). *Сонан соң арқаныңды тасқа байла, Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла* (Абай) деген мысалымызда қолданылған *жүр*, *түс* сөздері жоғарыда көрсеткен семаларды толық қамтуға әрекет еткен. Ал, *Бет алды жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа* (Абай). *Өзге қара жұрт жақсы-жадан жүре береді екен* (Абай) мысалдарымызда *жүр* етістігінде жоғарыдағы мысалдарда қолданылған семалардың барлығы бірдей қатысып тұрған жоқ. *Қорлық жүрмес* тіркесіндегі *жүр* сөзі көндіру, айтқанын істету мағынасына жуық мәнде қолданылып тұр. Сондай-ақ қазақ тілінде *билік жүргізу, әмір жүргізу, сөзі жүру* сияқты тіркестер де қолданылады, бәрінде жоғарыдағы көндіру, мойындату семасы бар. Екінші мысалымызда *жүр* етістігі *өмір сүру, жасау* мағынасында қолданылып тұр. Бұл жерде ол *жүр* етістігінің қозғалу және созылыңқылықты білдіретін семасына негізделіп тұр. *Түс* етістігі де қазақ тіліндегі көп мағыналы етістіктердің бірі. Олардың да әр мағынасында *түс* сөзінің мағынасын құрайтын семалардың біреуі жетекші орынға шығып, мағынаны белгілесе, кейде бір мағынасына негізделініп басқа бір бейнелік не ауыспалы мағына жасалынады. Салыстырыңыз: *Алматыдан келген қонақ үйге түсті* дейтін болсақ, қонақтың үйге келгенде аспаннан түспейтіндігі анық. Қазіргі

қазақ тілінің деңгейінде қарайтын болсақ, *жоғарыдан жерге түсті* деген тіркестегі *түс* сөзінің мағынасы мен *қонақ үйге түсті* дегеннің арасында мағыналық байланыс жоқтай көрінеді. Шындығында ондай байланыс бар. Ол 1) территориямен, 2) тарихи мағынасы жағынан байланысып жатыр. Себебі ұзақтан келген қонақтың көлікпен келетіндігі анық. Ал қазақ тілінде *аттан түсу, машинадан түсу* сияқты тіркестің қолданылатындығы анық. Сонымен бірге *аттан*, көліктен түскен адамның біраз болса да аялдайтындығы, тоқтайтындығы да белгілі. Соңғы мағынадан *қону, түнеу* мағынасы да өрбіген. Ал *баласы оқуға түсті* дегенде *түс* етістігі белгілі бір территорияға ену, кіру мағынасымен байланысты жаңа мағынада қолданылып тұр. Осы соңғы мағынамен *ой түсу, есіне түсу* сияқты тіркестердегі мағыналар байланысып жатады.

Семалардың табиғатын анықтауда тілшілер арасында бір ізділік жоқ. Мысалы, В. Г. Гак семантемалар мен семаларды ажыратады. Бірақ автор семантема терминіне мағынаның құрамындағы түрлі заттардың, құбылыстардың сәулеленуі, сема болса соның түрлі жеке элементтерінің сәулеленуі деп анықтама береді (Гак 72, 370) *. Автор бұл пікірін екінші бір еңбегінде де қайталайды. В. Г. Гак семалардың мағынаны қалыптастырудағы ролін ескерте отырып, оларды үш түрге бөлген: 1) архисема, 2) дифференционалды сема, 3) потенциалды сема (Гак 72, 371; Гак 77, 14) *. И. Кучқартаев та өзбек тіліндегі етістіктерге талдау жасай отырып, сема мен семемаларды ажыратады. Сема, автордың көрсетуінше, сөздердің майда мағыналық бөлшегі, семема болса сөздің мағынасымен тең (Кучқартаев 77, 29) *. И. Кучқартаев та сөздердегі семаны үшке бөледі: 1) идентификациялық сема, 2) дифференциялық сема, 3) қосымша сема. Негізгі мәселе семалардың санына не түрлеріне байланысты емес, мәселе оларға қандай мағына беруінде. Егер семема семалардан тұрады дейтін болсақ, онда семема семалардың жиынтығы болып шығады. Н. В. Цветков семемалар кемінде екі семадан құралады деп есептейді (Цветков 84, 62) *. В. Г. Гак сәл басқашалау түсіндіреді. Семантема сөздердің лексикалық мағынасымен тең түседі, сема болса морфемалардың мағынасына сәйкес келеді. Автор өз пікірін түсіндіру үшін орыс тіліндегі *приходить* сөзінің мағынасын алады да, *при* префиксының мағынасы (жақындау) семемаға сәйкес, *ход* морфемасының мағынасы (жаяу жүру) семантеманың мағынасымен тең деп түсіндіреді (Гак 72, 370). Нақ осындай мазмұнда Л. М. Васильев те сема, семема (семантема) терминдеріне түсініктеме берген. «Семема термині (бұл мағынада семантема термині көп қолданылады) сөз формасының мағынасымен тең болғандықтан да біз бұдан кейін мағына терминін қолданамыз», — деп ескерту жасаған (Васильев 81, 21) *.

Семалардың мағынасын анықтағанда, әрине, сөз мағынасына негізделген дұрыс. Ең алдымен, сөз мағынасындағы сема объектив дүниемен байланыстырушы элемент деп санайтын болсақ, онда оны тіл білімі категориясы ретінде қарауға негіз де жоқ. Семалардың адамның сезім мүшелері арқылы объектив дүниені

түйсініп қабылдаған солардың түрлі қасиеттері мен белгілері екендігін мойындаумен бірге оның сөз мағынасының ең кіші элементтері екендігін де естен шығармау керек. Сондықтан да сезім мүшелері арқылы қабылданған сыртқы дүние туралы информациялардың барлығы сөз мағынасының элементі бола бермейтіндігі анық, бірақ сөз мағынасын тереңірек түсінуде семалардың қажет болатындығы да шындық. Мысал ретінде терминдерге берген түсіндірме сөздіктердегі анықтамаларды келтіруге болады. Салыстырыңыз: адам күнде көріп жүрген нәрсеміз (Адамның бірі өзіміз), бірақ адам сөзіне анықтама бергенде оның екі аяқты, екі қолды, тік жүруі сияқты белгілерін анықтамаға кіргізбей тастаған. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде адам сөзіне: «Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралын өндіре алатын және сол құралдарды қоғамдық еңбек процесінде пайдалана алатын жан иесі, кісі»,— деп анықтама берген (ҚТТС 1, 62) *. Басқа тілдердің түсіндірме сөздіктерінде де адам сөзіне анықтама бергенде оның 1) сөйлей алатындығын, 2) ойлай алатындығын, 3) құрал жасай алатындығын, 4) құралдардан пайдалана алатындығын негіз етіп анықтама берген. Сонымен бірге бұл белгілер адам сөзінің лексикалық мағынасының құрамына да енген. Егер байыптап қарасақ, бұлардың кейбіреулері өте қатты жалпылаудан туған белгілер, олар адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызбайды. Мысалы, адамдардың ойлау қабілеті сезім мүшелерімізге түйсік туғызбайды. Демек тек түйсік арқылы қабылданған информациялар ғана сема жасап қоймастан, ойлау арқылы жасалынған, анықталған белгілер де сема жасай алады. Екіншіден, сөз мағыналарының өзі бір түрлі емес, соларға байланысты семалар да бір түрлі болмайды. Мысалы, компонент талдау әдісі бойынша тілшілер көбінесе туысқандық терминдерді талдап көрсетеді. Бұның сыры сол — туысқандық терминдері семаларға оңай бөлшектенеді. Салыстырыңыз: *бала* сөзінде 1) қандық, 2) тікелей туысқандық, 3) жасы кіші, 4) еркек кіндік; жиен сөзінде 1) қандық туысқандық, 2) тікелей ұрпақ емес, 3) жыныстық белгілерін көрсетпейтін сияқты семалар бар. Бірақ тілдегі сөздердің барлығы бірдей мұндай семаларға оңай бөліне бермейді. Мысалы үшін сын есімдерді алып көрелік. *Ақ, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, қарагер, торы, құла, күрең, жасыл* сияқты сын есімдер заттың түр-түсін білдіреді. Әрине бұл сөздердің әр бірінің өзіндік мағынасы барлығы, бірі екіншісінен ажыратылып жататындығы анық, бірақ оларды семаларға бөлу дәстүрі жоқ. Сондай-ақ сан есімдерді (бірлік сандарды) семаларға бөлу тіпті қиын.

Кей ғалымдар сөз мағынасының құрамындағы семалардың қызметін нақтылы анықтау үшін сөз мағынасының элементі мен мағына қатынасын ажыратуды, анықтауды ұсынады (Цветков 84, 66) *. Әрине бұл талап дұрыс. Сөздің лексикалық мағынасының компоненті болған семалардың өзара қатынасы және мағына жасаудағы қызметі бар да лексико-семантикалық топтың мүшелерін анықтауды сөздердің семаларының қызметін анықтау бар. Бірінші қасиет бір сөздің ішінде болады да мағынаның құрылымдық эле-

менті болып саналады, екінші қасиет семалардың қарым-қатынасын анықтау болады да тілдік системадағы сөздердің орнын белгілейді. Автор сұрау қойса да өзі жауап бермеген. Тек автор семантикалық компоненттердің «жағымды, жағымсыз сезім», «сезімнің интенсивтілігі (әлсіз; күшті және өте күшті), «сезімнің пайда болу характері» (қысқа және ұзаққа созылуы) сияқтыларды мысал ретінде беріп, тырнақша ішіндегі компонент жақша ішіндегі семантикалық белгі деп есептейді. Н. В. Цветков бұл жерде семантикамен байланысты екінші мәселеге өтіп кеткен. Семантикалық белгі де, семантикалық компонент те сөз мағынасын қалыптастыруда өз үлестерін қосатындығын естен шығаруға болмайды. Мысалы, *айтты, ескертті, мыжыды* сөздерін алып көрелік. *Айтты* сөзінің мағынасында эмоция жоқ, тек бір нәрсені баяндағаны туралы ғана хабарлап тұр, ал *ескертті* дегенде бір нәрсені айтқанды білдірумен бірге арнайы тоқталғандығын көрсетеді. *Мыжыды* етістігінде әрі көп сөйлеу, әрі мезі қылу мағынасы бар. Демек *айтты* етістігі мен *ескертті* етістігінің арасында амалдың орындалу тәсілімен байланысты, ал *мыжыды* етістігінде болса, алдыңғы екеуінен, әрі эмоциялық, әрі созылыңқы амалды білдіруімен бөлшектеніп тұрғандығы анық. Біз бұларды бір сөздің лексико-семантикалық варианттары да демейміз, синонимдік қатар жасайтын сөздер де демейміз. Олар бір лексико-семантикалық топтың мүшелері.

Сөздердің лексикалық мағыналарын анықтауда семаларға сүйенуге болады, бірақ мағынаны қалыптастыруға қатысқан семалардың барлығы да сөйлемде қолданылғанда бой көрсете бермейтіндігін ескерткен жөн. Сондықтан семалардың қызметтерін анықтаған, талдаған жөн. В. Г. Гак семаларды үшке бөліп көрсеткенде олардың осы қызметтеріне сүйенген. Бірақ тілшілер бұл мәселеде де бір ізді көзқараста емес. Мысалы, В. Г. Гак архисема сөздерді өзара байланыстырып тұратын, оларды белгілі бір лексико-семантикалық топқа біріктіруде негіз болатын сема деп есептесе, дифференциалды семаны сөздердің лексикалық мағынасына негіз болып, бір сөзді екінші бір сөзден ажыратып тұратын сема деп көрсетеді. Мысалы, *кел, кет, алыста, айнал, өт*, т. б. етістіктерінің барлығына да ортақ архисема — қозғалған заттың бір орыннан екінші бір орынға өтуі, орын ауыстыруы. Сонымен бірге олар бірінен екіншісіне ажыратып жататын семаларға-дифференциалды семаларға ие. *Кел* мен *кет* қарама-қарсы бағыттағы қозғалысты білдірсе, *алыста* етістігі *ұзау, қашықтау* мағынасымен басқалардан бөлшектеніп тұр. *Айналу* етістігі бір заттың төңірегінде болған қозғалысты білдірсе, *өт* етістігі түрлі кедергілерге байланысты болған қозғалысты білдіретін семасымен ажыратылып тұрады. Потенциалды немесе салыстырмалы сема екінші дәрежелі мағынамен байланысты сема деп көрсетілген (Гак 77, 14—15) *. Жалпы сөз мағыналарын семаларға талдап көрсетушілердің көпшілігі үшінші бір семаның барлығын, әр түрлі атаса да, мойындайды. И. Кучкартаев полисемантикалық сөздер туралы айта отырып, оларда үш түрлі семаның барлығын — 1) идентификациялаушы сема, 2) дифференциялаушы сема, 3) қосымша (екінші дәреже-

лі) — көрсетеді (Кучқартаев 77, 29). В. Г. Гак пікіріне толық талдау жасап қарасак, ол да үшінші сема етіп көрсеткен семаны салыстырушы (вертуэмы) семасы да көмекші семаларға жуық деп есептеген. Айырушы (дифференция жасаушы) сема туралы айта отырып, олар объектінің өзгешелігін көрсетеді дейді. Кез келген заттың екі түрлі қасиеті бар. Бірінші қасиеті оның түйсік арқылы қабылданатын сыртқы көрінісіне (формасына, көлеміне, құрылымына, т. б.) байланысты сипатталынатын қасиеті болса, екіншісі сол заттардың екінші бір заттармен қарым-қатынасын анықтайтын (неге арналғандығын, орнын, қызметі, т. б.) қасиеті. Мысалы, *автобус* сөзінің дифференциялық семасы оның транспорттың бір түрі екендігі, жерде қозғалатындығы (самолеттен өзгешелігі), рельссіз қозғалатындығы (поезд бен трамвайдан өзгешелігі), мотордың күшімен қозғалатындығы (троллейбустан өзгешелігі), төрт дөңгелегі барлығы (мотоциклден өзгешелігі), т. б. Бұл ерекшеліктерді автобустың өзіне тән болған негізгі ерекшеліктері деп көрсетуге болады. Сонымен бірге оның қосымша белгілері де: қала ішінде (белгілі бір маршрутпен) жүретіндігі, билетке төлейтіндігі (жеке меншік машиналардан өзгеше), көлемі үлкендігі (таксиден өзгешелігі), т. б. (Гак 77, 15). В. Г. Гак сөздердегі соңғы көрсетілген белгі сияқтыларды негізгі белгісі емес дейді. Біздің түсінігімізше, негізгі белгілер мен қосалқы белгілердің болатындығын жоққа шығарып болмайды, бірақ сөз мағынасында оларды бұлай анықтау мүмкін болмайды. Қолданылу ерекшелігіне қарай қосалқы мағыналық элемент деп жүргендеріміздің өзі лексикалық мағынаны белгілеуші (негізгі) сема ретінде де қолданылу мүмкіндігі бар. Салыстырыңыз: В. Г. Гак қозғалу етістіктеріне байланысты айта отырып, олардағы көмекші сема ретінде қозғалыстың темпін білдіретін семаны көрсетеді. Мысал ретінде орыс тіліндегі *идти, бежать, лететь, ползти* сөздерін келтіреді. Яғни *идти* сөзінде қозғалыстың темпін білдіретін сема жоқ, сондықтан орта темптегі, бір қалыпты қозғалысты *идти* (жүр) деп атаймыз. *Бежать* пен *лететь* жылдам қозғалысты білдірсе, *ползти* өте баяу қозғалысты білдіреді дейді (Гак 77, 15). Автордың мысалды талдауында мағыналарындағы өзгешеліктерді көрсетуінде қателік жоқ. Бірақ шығарған қорытындысына келісуге болмайды. Біздіңше, *жүр, шап, еңбекте* сөздерін бірін екіншісінен ажыратып тұрған мағыналық элементтің өзі осы қимылдың тездігімен байланысты екендігін жасыруға болмайды.

И. Кучқартаев өз пікірін дәлелдеу үшін өзбек тіліндегі *бузоқ* (бұзау) сөзін алып талдайды. Автордың көрсетуінше, *бұзау* сөзінде сиыр және жас деген екі жетекші сема, аңқау, сенгіш сияқты қосымша семалары бар. *Аңқау, бос, әр нәрсеге сене бергіш* сияқты мағына *бұзау* сөзінің көп мағынасының бірі екендігін өзбек тілі материалына негізделініп жазылған сөздіктерде де берілген. Мысалы, 1959 жылы жарық көрген өзбекше-орысша сөздікте *бұзау сөзіне* екі мағына берген. Бірінші мағынасы — теленок, екіншісі — постак, постофиля (УзРС, 88) *. Егер сөйлеу процесін есепке алатын болсақ, онда ауыспалы мағынада қолданылғанда оның

номинатив мағынасы тек ішкі форма ретінде ғана сақталынатындығы анық. Сондықтан да, *Амманнинг бузоғи* дегенде сиырдың төлі мағынасы мүлде ойға алынбайды; *жуас, момын, бос* семалары негізгі мағына жасайтын семалары орнында қолданылып, информацияға негіз болып тұр. Егер семалық талдаулардың сәтті шығуын қалайтын болсақ, онда сөздердің номинативтік мағынасы мен келтірінді мағыналарын, атауыш сөздер мен көмекші сөздердің мағыналарындағы ерекшеліктерді есепке алу керек. Жоғарыда біз грамматикалық мағыналарда да семалар бар деген тезисті қолданған болатынбыз. Бірақ грамматикалық мағына құрамындағы сема мен лексикалық мағына құрамындағы семаларды теңестіруге болмайды.

Соңғы кездерде жарық көрген еңбектерде семалардың төртінші түрі — интеграль сема бар деушілер де көріне бастады (Селиверстова 76, 130) *. Интеграль семаны анықтауда, қазірше, ауытқулар жоқ, сонымен бірге оған берілген анықтамаларда да анықтықтар жоқ. Дегенмен кей кездерде сондай семаларды көрсету мұқтажы туып та қалады. Интеграль сөзінің өзі латынның *integer* (мағынасы бүтін, қалпына келтіру) сөзінен алынған, сондықтан интеграль семаның анықтамасын сөздердің ортақ семасынан іздеген дұрыс. Мысалы, сөйлеу етістіктерінің басын құрайтын сема — белгілі бір информацияны екінші біреулерге жеткізу. Бұл — сөйлеу етістіктерінің архисемасы. Сонымен бірге бұл етістіктер іштей ары қарай жіктелініп кіші семантикалық топ жасайды. Мысалы, сөйлеу етістігі, сұрау-жауап етістіктері, хабарлау етістіктері, көңіл-күймен байланысты (эмоциялы) сөйлеу етістіктері, сөйлесу етістіктері, т. б. Бұлардың әр қайсысының құрамына бірнеше етістіктер еніп, олар да өзара байланысып жатады. Салыстырыңыз: хабарлар етістігінде белгілі бір информацияны жеткізу семасы негіз болып, басқа етістіктерді біріктіріп тұр: *айт, сөйле, жеткіз, білдір, дерек бер, хабар бер*, т. б. Сөйлесу етістігінде процеске түскен адам біреу болмай, кемінде, екеу не одан көп болатындығын білдіретін семасы арқылы ерекшеленіп жатады: *әңгімелесу, сөйлесу, әзілдесу, айтысу*, т. б. Сұрау-жауап мәнді етістіктерде де екі адам қатынасады; біреуі сұрау берсе, екіншісі жауап беру семасымен ажыратылады: *сұра, жауап бер, жауап қайтар*, т. б. Осы соңғы кіші топқа сөздерді біріктіруші семаны интегральсема деп атап жүр. Шындығында да бұл жерде екі түрлі семамен байланысты сөз жүргізіп тұрғанымыз жоқ, тек бір түрлі семаның екі түрлі көрінісімен ғана бетпе-бет келіп тұрмыз.

Семалардың түрлері туралы пікірімізді жинақтайтын болсақ, онда сөз мағынасындағы семалардың тек екі түрін ғана ажыратуға болады. Интегралды сема, салыстырмалы семалар сөздердің лексикалық мағыналарын талдауда жеңілдік туғызғанымен, мағынадағы орны тиянақты болмайды, өзгеріп отырады. Интегралды сема өз қасиеттері жағынан архисемаға жақын болса, салыстырмалы сема дифференциалды семаға жақын тұрады. Зерттеушілердің мақсатына қарай олар бірде архисеманың құрамында, бірде жеке бөлініліп алынуы мүмкін. Салыстырмалы сема да нақ

осындай бірде дифференциялы сема ретінде, бірде жеке сема ретінде бөлініп алына береді. Егер архисема дегенде біз бірнеше сөздердің мағынасына ортақ, сөздерді белгілі бір лексико-семантикалық топқа біріктіруге себепші болатын сема деген В. Г. Гактың анықтамасын дұрыс дейтін болсақ, онда архисема мен интеграль семаларды ажыратудың қажеті болмайды. Ф. П. Филин лексико-семантикалық топтың құрамына екі не одан көп сөздердің енуі мүмкін деген болатын және олар өзара мағыналары жағынан байланысып жатуын шарт етіп көрсеткен. Жоғарыда келтірілген мысалдарымызда интеграль сема бойынша топтастырылған кіші семантикалық топтың құрамында бес не онан да көп етістіктердің енгендігі анық. Олай болса, олардың өздері де бір лексико-семантикалық топ. Сондықтан да біз архисема (жалпылаушы сема) бірнеше сөздерге ортақ сема болып саналады да сөздерді белгілі бір лексико-семантикалық топқа топтастырып тұрады; ал дифференциалды сема жеке сөздердің өздеріне тән болады да, оны сол лексико-семантикалық топтың басқа мүшелерінен ажыратып тұратын, сөздердің жеке дербестігін қамтамасыз етіп тұратын сема деген қағиданы қолдаймыз.

Қолымызда бар материалдардың көрсетуінше, сөздердің лексикалық мағынасының құрамында кездесетін ортақ семалар біреу ғана болмайды. Мысалы, қалып-сапа етістіктерін алып көрелік. Қалып-сапа етістіктері не *отыр, тұр, жатыр, жүр, қартай, жасар, үлкей, кішірей, аз, семір* сияқты сөздер енеді. Бұл етістіктердің барлығы да заттардың не адамдардың белгілі дәрежедегі қалпын көрсететін семасы бар. Сонымен бірге оларда қимылдың созылықтылығын білдіретін ортақ сема да бар. Сондықтан да бұл етістіктерді классификация жасағанда осы екі семаға негізделінген. Егер бұл семалар болмаса, ол сөздерді қалып-сапа етістіктерінің құрамына енгізбеген болар едік. Салыстырыңыз: *Оқушылар партаға отырды* дейтін болсақ, оның мағынасында семасы да, қимылдың созылықтылығын білдіретін сема да жоқ. Ал, *Оқушы үстелде отыр* дейтін болсақ жоғарыда аты аталынған екі семаның екеуі де бар. Сондықтан да бірінші мысалымыздағы *отыр* етістігін амал-әрекет етістігі құрамына, екінші мысалымыздағы *отыр* сөзін қалып-сапа етістіктерінің құрамына енгіземіз. Кейде архисема бір сөздің мағынасында бірнешеу болып, оның сатылай (иерархиялы) байланысуына жағдай жасайды. Мысалы, қалып-сапа етістіктері осы сатылай байланысқан архисемаларына қарай іштей бірнеше семантикалық (лексико-семантикалық топ терминінен бөліп алу мақсатында семантикалық топ терминін қолдандық) топқа бөлінеді. Оларға: 1) статистикалық (созылық) қалып етістіктері, 2) жаспен байланысты қалып етістіктері, 3) физиологиялық қалып етістіктері, т. б. енеді. Бірінші семантикалық топтағы архисема амал-әрекеттің созылықтылығын білдірсе (*отыр, жүр, жатыр, тұр*, т. б.), екінші топтағы етістіктердің архисемасы адамдардың жас ерекшелігімен байланысты қалыпты білдіреді (*жасар, қартай, ер жет, егде тарт*), үшінші топтағы етістіктер адамның не жан-жануарлардың физиологиялық қалпын білдіре-

тін семаларымен байланысып жатады (*семір, аз, арықта, жүде, майлан*, т. б.) Демек архисеманың өзі түрлі дәрежедегі семантикалық топтың топтастырылуына себепші болады. Тіпті, кейде, бір сөздің бірнеше лексико-семантикалық топтың құрамына енуіне де себепші болады. Салыстырыңыз: *қуану, шаттану, жылау*, т. б. етістіктерін біреулер қалып-сапа етістіктерінің құрамына енгізсе, екінші біреулер көңіл-күй етістіктерінің құрамына енгізеді. Теория жағынан ол екі адамның екеуі де дұрыс шешім жасаған.

Дифференциалды семаның да бір сөз мағынасында біреу не бірнешеу болуы мүмкін. Бірақ бұдан сөз мағынасының құрамындағы семалардың саны мүлде көп екен деген қорытындыға келмеу керек. Егер сөзді лексикалық және грамматикалық мағыналардың жиынтығы дейтін болсақ, онда сөздің мағынасында кемінде екі не одан көп семаның болуы қажет. Орыс тілінің етістіктеріндегі семалардың қатынасын арнайы зерттеген Л. М. Васильев семаларға талдау жасай отырып, «Қозғалу етістіктеріндегі сипат (вид — О.М.), етіс, рай, жақ, шақ сияқты грамматикалық оппозициялармен бірге, бағытты, бағытсыз қозғалысты (идти — ходить, лететь — летать), бір бағытты, көп бағытты қозғалысты (идти в город — ходить в город), амал-әрекет етістіктері үшін — объектілік; объектсіздік (работать — делать, учительствовать — учить), психологиялық физиологиялық етістіктері үшін де объектілік, объектсіздік және нәтижелі, нәтижесіздік семалары оппозициясы, физиологиялық, эмоциялық қалып етістіктері үшін бұрыннан бар, жаңа қалыптасқан (бодриться — взбодриться, волноваться — взволноваться) семалары арқылы оппозиция жасайды», — деп көрсетеді (Васильев 81, 35) *. Осы берілген цитатаның өзінен-ақ көрініп тұрған нәрсе сол семалардың саны біршама көп, бірақ түрлі лексикалық мағыналардың санына қарағанда аз. Дифференциалды сема осы мағыналардың ішінде болып, оның саны бірнешеу бола алады. Оны анықтау үшін сол сөздің өзі мүше болған лексико-семантикалық топтың басқа мүшелерімен салыстыру керек. Өте жақын семантикалық қатынаста болған парадигмалық қатардың мүшелері арасында да дифференциалды сема болады, бірақ басқаларға қарағанда аздау болады. Мысалы, *кел* мен *кет* етістіктерінің арасында бір ғана сема (бағыттық) дифференциалды сема қызметін атқарып тұр. Яғни *кел* дегенде қозғалысқа түскен адам не заттың белгілі бір нүктеге жақындағанын білдіретін мағына аңғарылса, *кет* дегенде алыстауды білдіреді. *Ата* мен *ана* сөздері де бір ғана семалары арқылы ажыратылып жатады. Салыстырыңыз: *ата* сөзінде 1) қандық туысқандық, 2) тікелей туысқандық, 3) жасы үлкен, 4) еркек жынысты сияқты семалары бар. Ал *ана* сөзі *ата* сөзінен бір сема арқылы бөлектеніп жатады, *ата* еркек жынысты болса, *ана* әйел жынысты. *Ата* мен *келін* сөздерін салыстырып қарайтын болсақ, онда бір ғана архисема бар да, бірнеше айырушы сема бар.

Сөз мағынасының қалыптасуында қай сема негізгі қызмет атқарады деген сұраудың тууы заңды. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе әлі арнайы зерттеу объектісі бола қойған жоқ. Орыс тіл

білімінде бұған Л. М. Васильев арнайы тоқталған. Ол сөздердің мағынасын майда элементтерге бөле отырып, оны 1) өте қажетті болған семалар, 2) қосалқы (факультативтік) қызмет атқаратын семалар деп екіге бөледі. Қажетті семалар сөздің мағына құрамына енуі қажет және ол сөздің сигнификаттық мағына элементтерімен байланысты болады. Ал қосалқы сема сөздердің денотаттық мағыналарымен байланысты болады да сөз мағынасының құрамына толық енуі шарт емес. Соңғы типтегі семалар сөйлеу процесі кезінде анықталады (Васильев 81, 25) *. Сондықтан да сөйлеу кезінде қосалқы деген сема хабарлайтын информацияға тиісті сөздің мағынасының ядросын жасауы мүмкін. Нақ осындай сөз мағынасының құрамындағы семаларды негізгі және қосалқы деп екіге бөлу шартты болу керек. Бірақ жөке алғанда сөздердің семаларын олай екіге бөлу толығымен мүмкін. О. Н. Селиверстова орыс тіліндегі *холостяк* сөзіне семантикалық талдау жасай отырып: 1) адам, 2) ер жеткен, 3) еркек жынысты, 4) бұрын да, қазір де некеде тұрмаған семалары бар, олардың соңғысы шешуші деп көрсетеді (Селиверстова 76, 131) *. Қазақ тіліндегі сөздерді де семантикалық жақтан семаларға бөлгенде оларды да осылай екіге бөлу мүмкін. Мысалы, *жорғала* етістігінде 1) қозғалу, 2) жылдам қозғалу, 3) жерде қозғалу, 4) бағытсыз қозғалу, 5) қозғалғанда өте жайлы, қозғалғаны білінбеу сияқты семалары бар. Бұл семалардың ішінде жайлы, қозғалғаны білінбеу семасы — негізгі мағынаға ядро болып тұрған сема. Кейде семалардың екеуі бірдей мағынаның ядросын жасап тұруы мүмкін. Мысалы, *ата* сөзінде еркек жынысты және жасы үлкен семасы, *бала* сөзінде ұрпақ және еркек кіндікті семалары негіз болып тұр. Басқа семалар сөз мағынасының құрамына енгенмен сөз мағынасының ядросын жасай алмайды, мағынаны толықтырып тұрушы қызметін атқарады. Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек сияқты. Семалар объектив дүниедегі заттардың, көбінше, түйсік арқылы берілген информациясына негізделінеді дедік, бірақ сөз мағынасын талдағанда сол семалардың барлығы бірдей анықталына бермейді. Екінші сөзбен айтқанда, сөздің мағына құрамындағы сема мен сол сөзді туғызған түйсік арқылы қабылданған информация тең түсе бермейді; не кең болады, не аз болады. Мысалы, *нан* дегенде біз әйтеуір тамақтың бір түрін көз алдымызға келтіреміз, бірақ арнайы көңіл аудару керек болмаса оның формасына, түсіне, дәміне мән бермейміз. Егер бұл басқа (тамақ атауы болмай) мағынада қолданылса, оның басқа семалары барлығын да көруге болады. Салыстырыңыз: *Ынсапсызға не керек, Істің ақ пен қарасы, Нан таппаймыз демейді, Бүлінсе елдің арасы* (Абай).

Жалпылаушы семалар мен айырушы семалар сөздің лексикалық мағына құрамына енуі керек, бірақ сөз мағынасын семалардың қосындысы не жиындысына тең деп қарау дұрыс болмайды. Ситуацияға байланысты бір сема жетекші сема, екінші бір семалар оған қосалқы, көмекші, толтырушы сема қызметін атқаруы, негізгі мағынаның ядросын жасап тұрған семаны толықтырып тұруы шарт. Қай сөздің мағынасында семалардың саны көп бол-

са, сол сөздің мағынасы жайылыңқы, абстракты, көп мағыналы сипатқа ие болады. Сөздің мағынасының құрамына, тым болмағанда А. А. Потемня айтқан жақын мағынаға енбей қалған семалар қолданумен байланысты информациялық мәнге ие болуы мүмкін. Мұндай семалардың барлығын басқа ғалымдарымыз да мойындайды. Мысалы, О. Н. Селиверстова В. Г. Гактың көрсеткен салыстырмалы семасының барлығын мойындаса да, оларды сөздің лексикалық мағынасының құрамына ендірмейді (Селиверстова 76, 130). Біздіңше, сөздердің көп мағыналы қасиетке ие болуы сөздердің номинативтік (термин В. В. Виноградовтікі) мағынасының құрамына енбей қалған семалардың жанданып, жаңадан мағынаның ядросын (жетекші сема ретінде) жасауында жатыр. Мысалы, *Хан емессің қасқырсың... Хан емессің жылансың.* (Махамбет) дегендегі *қасқыр* мен *жылан* сөздерімен салыстырсақ пікірімізге дәлел бола алады. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде *қасқыр* сөзіне ит тұқымдас жыртқыш аң, бөрі деп анықтама берген. Ал *жылан* сөзіне «бауырымен жорғалаушылар тобына жататын омыртқалы жәндік» деп анықтама берген. Біз келтірген мысалымызда ол сөздер аң да, жәндік те мағынасында қолданылмастан жексұрын, жауыз мағынасында қолданылып тұр. Егер *қасқыр* сөзінің мағынасын семалық талдауға салып қарайтын болсақ, 1) жабайы аң, 2) жыртқыш, 3) ит тұқымдас сияқты семаларға ие болады. Оның а) тойымсыз, ә) аяушылықты білмейтін, б) күші жеткенді аямайтын сияқты семалары негізгі семалары болып саналмайды, тек тіркестерде қолданылуымен байланысты анықталатын көмекші семалары. Ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылғанында біз көрсеткен негізгі семалар өз орнын көмекші семаларға беріп, басқа мағынада қолданылуына жағдай жасап тұр. *Жылан* сөзінде де жетекші (негізгі) сема ретінде, 1) бауырымен жорғалаушы, 2) түсі суық, 3) шағатын семаларын көрсетуге болады. *Хан емессің — жылансың* дегенде осы негізгі семалардың бірде біреуі қатыспастан, оның қосалқы (көмекші) семасы — уландыратын, жамандық қана істейтін негізгі сема ретінде қолданылып, жаңа мағынаға ие болып тұр. Кейде мұндай семалардың ауысуы тіркестік мағынаға да сүйенеді. Мысалы, *Сен жаралы жолбарыс ең, Мен киіктің лағы ем* (Абай) деген мысалымыздағы *жаралы жолбарыс, киіктің лағы* тіркестері жаңа мағынада (ашынған, өшіккен, нәзік, әлсіз) қолданылып тұр. Олардың мағынасының көшуіне негіз болған бір сөздің семасы емес, тіркес негізінде туған мағына.

Бірнеше сөздердің барлығына ортақ болған семалардың барлығын жалпылаушы сема деп атай беруге де болмайды. Мысалы, *торай, күшік, бала, бота, лақ, қозы, құлын* сияқты сөздерде жас мөлшерін білдіретін (сәби, жас) сема барлығына да ортақ, бірақ олар бір лексико-семантикалық топтың мүшелері емес. *Бала* деген зат есімді *қыз, ұл, ата, ана* сияқты сөздермен бірге бір туысқандық атауды білдіретін тематикалық топқа енгізгенбіз. Олардағы жалпылаушы сема — туысқандық атауы болуы. *Торай, бота, лақ, қозы* дегендерде туысқандықты білдіретін мағыналық элемент жоқ,

олар үй жануарларының атаулары және төл атаулары деген сияқты семаларымен ажыратылып жатады.

Жалпылаушы сема тематикалық, лексико-семантикалық топтарға сөздерді топтастыруға негіз болады, ал айырушы сема сол топтың мүшелерінің жеке-дербес жасауына жағдай жасайтын сема болып есептелінеді. Жеке сөз таптарын лексико-семантикалық топтарға бөлу дәстүрі басқа тілдерде қалыптасқан болса да, түркі тілдерінде әлі толық ондай топтарға бөлініп зерттелінген жоқ. Рас соңғы кездерде кейбір тематикалық топтар мен лексико-семантикалық топтардың табиғатын ашуға әрекет еткен еңбектер жарық көріп жүр, бірақ олар әлі жеткіліксіз. Сондықтан да қазақ тілінің материалдары негізінде кей сөз табының тематикалық топтары мен лексико-семантикалық топтарынан үлгі көрсетуді жөн деп есептейміз.

Қазақ тіліндегі етістіктерді жалпылауыш семаларына қарай мынадай лексико-семантикалық топтарға бөлуге болады (Оразов 83) *.

I. Амал-әрекет етістіктері. Бұл топтағы етістіктер белгілі бір объектіге бағытталған амал-әрекетті білдіретін жалпылауыш семаларымен байланысты топтастырылған. Оларды төмендегіше семантикалық топтарға бөлуге болады. 1. Қоректенуді білдіретін етістіктер: *іш, же, ұртта, аса, дәм тат, сорапта, жалма*, т. б. 2. Жасау, өндіру етістіктері: *жаса, соқ, жарат, тік, сал, құрастыр, қабы*, т. б. 3. Қирату, бүлдіру етістіктері: *қират, бүлдір, бұз, сындыр, күл талқан ет, күлін көкке ұшыр*, т. б. 4. Бөлу, ажырату етістіктері: *бөл, екше, ажырат, айыр, сұрыпта*, т. б. 5. Өлшеу етістіктері: *метрле, қарыста, білемде, литрле, адымда*, т. б. 6. Белгілі бір құралмен орындалатын амал-әрекетті білдіретін етістіктер: *балтала, бауызда, бұрғыла, пышақта*, т. б.

II. Қозғалу етістіктері. Бұл топтағы етістіктердің жалпылауыш семасы қозғалысқа түскен заттардың не адамның орыннан екінші бір орынға өткендігін, орын ауыстырғандығын білдіреді: *жүр, шап, кел, кет, бар*, т. б. Қозғалу етістіктерін мынадай семантикалық топтарға бөлуге болады. 1. Жердегі қозғалысты білдіретін етістіктер: *жүр, кел, еңбекте, сырғана, жорғала*, т. б. 2. Судағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *жүз, сүңгі, малты, жалда*, т. б. 3. Ауадағы қозғалысты білдіретін етістіктер: *ұш, самға, қалықта, шүйгі*, т. б. 4. Белгілі бір бағытқа қаратылған қозғалысты білдіретін етістіктер: *кел, кет, бар, жақында*, т. б. 5. Бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер: *арала, шарла, кез, қыдыр*, т. б. 6. Объекіден алыстауды білдіретін етістіктер: *кет, алыста, ұза, без*, т. б.

III. Қарым-қатынас етістіктері. Бұл топтағы етістіктер заттар не адамдар арасындағы түрлі қатынастарды білдіретін семаларымен байланысты топтастырылады. Олар мынадай семантикалық топтарға бөлінеді: 1. Теңестіру мәнді етістіктер: *қос, теңестір, салыстыр, бала*, т. б. 2. Меншіктеу, тәуелдеу етістіктері: *иемде, меншікте, жіп тақ, ие бол*, т. б. 3. Амандасу, қоштасу етістіктері: *амандасу, сәлемдесу, көрісу, танысу, қоштасу, қайырласу*, т. б. 4. Құрметтеу, қадірлеу етістіктері: *құрметте, қадірле, ізетте, құрмет*

көрсету, т. б. 5. Бастыру, бағындыру етістіктері: *басқар, әмір жүргізу, сөз өткізу*, т. б. 6. Бағыну етістіктері: *көну, бас иіу, ырқына көну (жүру), бағыну*, т. б.

IV. Сезіну етістіктері. Бұл топтағы етістіктер сезім мүшелерінің қызметімен байланысты жалпылауыш семаға ие болады. Олар мынадай семантикалық топтарға бөлінеді. 1. Жалпы сезіну мәнді етістіктер: *сөз, байқа, абайла, аңғар, пайымда*, т. б. 2. Көру етістіктері: *көр, көз сал, үңіл*, т. б. 3. Дәм сезу етістіктері: *кермектену, ашқылтымдану*, т. б. 4. Иіс сезу етістіктері: *бықсы, мүңкі, аңқы*, т. б. 5. Терімен байланысты сезіну етістіктері: *сыздау, ашу, қышу, тызылдау*, т. б. 6. Есіту етістіктері: *тыңда, есіт, құлақ сал*, т. б.

V. Ойлау етістіктері. Бұл топтағы етістіктер адамның ойлау процесімен байланысты болады да сан жағынан онша көп болмайды. Оларға 1) жалпы ойлау мәнді етістіктер (*ойла, байымда, ой жүгірт*, т. б.), 2) жорамалдау, болжау етістіктері (*болжа, бағдарла, тұспалда, межеле*, т. б.), 3) қорытындылау етістіктері (*қорытындыла, шешімге кел, бел байла, тәуекел ет*, т. б.), 4) сенім етістігі (*сен, дос деп сана, дос көр, жақын сана*, т. б.), 5) еске сақтау етістіктері (*еске ал, зердеңде сақта, жадына алу*, т. б.) сияқты етістіктер енеді.

VI. Сөйлеу етістіктері. Бұл топтағы етістіктер дыбыс толқындары арқылы белгілі бір информацияны екінші біреуге жеткізу жалпылауыш семасы арқылы топтастырылған. Олар: 1) хабарлау етістіктері (*айт, жеткіз, хабарла*, т. б.), 2) сөйлеу етістігі (*сөйлесу, әңгімелесу, әзілдесу*, т. б.), 3) сұрау-жауап етістіктері (*сұра, жауап бер, жауап қайтар*, т. б.), 4) эмоционалды сөйлеу етістіктері (*мыңқылда, көкі, отта*, т. б.), сияқты бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді.

VII. Дыбыс-сес етістіктері. Бұл етістіктің тобына табиғаттағы заттар мен құбылыстардың шығарған дыбыстарына байланысты қолданылатын етістіктер енеді. Мысалы, *тарсылда, сатырла, тырс етті, гүрсілде*, т. б.

VIII. Эмоционалды етістіктер. Бұл топтағы етістіктер адамның көңіл-күйімен, психологиялық қалпымен байланысты болады да мынадай семантикалық топтарға бөлінеді. 1. Таңдану етістіктері: *таңдану, таңырқау, аузы ашылу*, т. б. 2. Қуану етістіктері: *шаттану, қуану, мәз болу*, т. б. 3. Қанағаттану етістіктері: *рахаттану, қанағаттану, көңлі толу*, т. б. 4. Қайғы-мұң етістіктері: *қапалану, қайғыру, қабырғасы қайысу*, т. б.

IX. Қалып-сапа етістіктері. Бұл топтағы етістіктер адамның не басқа заттардың табиғи күйін, қалпын білдіреді де бірнеше семантикалық топқа бөлінеді. 1. Созылыңқы амалды білдіретін етістіктер: *отыр, тұр, жатыр, жүр*, т. б. 2. Заттардың түсінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *қарай, сарғай, қызар*, т. б. 3. Заттардың көлемінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *шөк, тапалдану, мықыраю*, т. б. 4. Заттардың сандық мөлшерінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *азай, көбей, молай*, т. б. 5. Адамның не заттардың ішкі қасиеттерінің өзгеруімен байланысты қолданылатын етістіктер: *ірі, шірі, үгіл*,

тоз, т. б. 6. Әдеттенуге байланысты етістіктер: *әдеттену, үйрену, дағдылану*, т. б.

X. Өсіп-өну етістіктері. Бұл топтағы етістіктер туу, өсіп-өну процестерімен байланысты болады да сан жағынан онша көп болмайды. Оларға *ту, төлде, қозыла, ботала*, т. б. етістіктері жатады.

XI. Субъектив реңктерді білдіретін етістіктер. Бұл етістіктердің мағынасында эмоциялық реңк болады да айтушының не жазушының көзқарасын білдіреді. Оларға *кісімсі, адамсы, аспанда, баласын*, т. б. етістіктері енеді.

XII. Табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер. Бұлар табиғи құбылыстарға байланысты қолданылатын етістіктерді қамтиды: *азына, гуілде, борандату, найзағай түсу*, т. б.

Мұндай жалпылауыш семаларына қарай сөздерді топтарға бөлу зат есімдерге, сын есімдерге байланысты да қолданылады. Зат есімдердің тематикалық тобының саны өте көп, сондықтан мысал ретінде ғана азын-аулақ үлгі береміз.

1. Туысқандық терминдері: *ата, ене, ана, бала, қыз, қарындас*, т. б.

2. Дене мүше атаулары: *бас, көз, құлақ, қол, аяқ, бет, арқа*, т. б.

3. Киім-кешек атаулары: *тон, шапан, қалпақ, тақия, жейде, көйлек*, т. б.

4. Төрт түлік мал атаулары: *сиыр, қой, тоқты, саулық, тұсақ*, т. б.

5. Жабайы аң атаулары: *елік, киік, құралай, марал, құлан, жайран*, т. б.

6. Құс атаулары: *қаршыға, бүркіт, қарлығаш, үйрек, қаз*, т. б.

7. Ыдыс-аяқ атаулары: *пияла, кесе, зере, леген, шара*, т. б.

8. Ауру атаулары: *тұмау, көкжөтел, маңқа, лоққы, сүзек*, т. б.

Зат есімдерге қарағанда сын есімдердің тематикалық тобының саны аз, сондықтан сын есімдерді тематикалық топтарға бөлушілер өте аз. Сын есімнің мынадай тематикалық топтары бар (үлгі ретінде береміз).

1. Заттың түсін білдіретін сын есімдер: *ақ, көк, қара, торы, боз, күрең, шауқар, жирен, құла*, т. б.

2. Дәмді білдіретін сын есімдер: *тәтті, ащы, қышқыл, қышқылтым*, т. б.

3. Заттың көлемін білдіретін сын есімдер: *дәу, ірі, үлкен, кіші*, т. б.

4. Заттың салмағын білдіретін сын есімдер: *ауыр, жеңіл, зіл*, т. б.

5. Заттың табиғи күйін білдіретін сын есімдер: *қалың, сирек, жуан, жіңішке, селдір, қаба, ну, бітік, өсік, тықыр*, т. б.

6. Заттың ішкі қасиетін білдіретін сын есімдер: *жақсы, жаман, тәуір, жүйрік, алғыр, талантты, ынталы, жалқау*, т. б.

7. Заттың не адамдардың физиологиялық сипатын білдіретін сын есімдер- *семіз, арық, тырық, шолақ, ақсақ*, т. б.

8. Адамның не жан-жануарлардың мінез-құлқына байланысты сын есімдер: *асау, жуас, шадыр, бір бет, ұстамды, ашушаң, қорқақ, батыр*, т. б.

9. Заттың, ауаның температурасымен байланысты қолданылатын сын есімдер: *жылы, суық, салқын, дымқыл, ылғалды, ызғырық*, т. б.

10. Адамның не жан-жануарлардың жас мөлшеріне байланысты қолданылатын сын есімдер: *қарт, жас, кәрі, балғын, сәби*, т. б.

11. Заттардың сыртқы формасымен байланысты қолданылатын сын есімдер: *дөңгелек, сопақ, үшкіл, тегіс, жұмыр*, т. б.

12. Табиғи құбылыстармен байланысты қолданылатын сын есімдер: 1) *жарық, қараңғы, күңгірт*, т. б., 2) *жауынды, қарлы, боранды, желді, дауылды*, т. б., 3) *ашық, бұлтты, тұманды*, т. б.

13. Заттардың мөлшерлік сынымен байланысты қолданылатын сын есімдер: *аз, көп, шағын, қыруар, титтей, мардымсыз*, т. б.

14. Адамның тұрмыс жағдайымен байланысты қолданылатын сын есімдер: *бай, кедей, жарлы, кембағал, дәулетті, сіңірі шыққан*, т. б.

15. Дағдыланған әдетке байланысты қолданылатын сын есімдер: *жылауық, өтірікші, қашқақ, ұялшақ, сөзуар, тапқыр, бақырауық, ұйқышыл*, т. б.

16. Адамның қадірі, заттардың құнына байланысты қолданылатын сын есімдер: *қадірлі, құнды, қимас, ардақты, тегін, арзан*, т. б.

17. Адамның, жан-жануардың сыртқы сымбатына, көркіне байланысты қолданылатын сын есімдер: *сұлу, келісті, сымбатты, көріксіз, мыржық*, т. б.

Лексика элементтері арасындағы синтагмалық қатынастар

Тілді система деп тануда парадигмалық қатынасты мойындаумен бірге синтагмалық байланыстардың бар екендігін де мойындау керек. Синтагмалық байланыс сөздердің сөйлем құрамында келіп өзара байланысу негізінде жасалынады. Сондықтан да В. М. Солнцев «Синтагмалы қатынас деп сөйлеу кезінде ұзындық бойынша (бірінен соң бірі келіп — О. М.) өзара байланысқан тіл элементтерінің арасындағы барлық байланысты айтамыз» — деп анықтама берсе (Солнцев 77, 70), И. И. Ковтунова «Синтагмалық қатынас сөйлеу процесінде бірінен кейін бірі келу принципіне сүйенеді, бұл бір уақыттың өзінде екі элементтің қатар келуіне шек қояды», — дейді (Ковтунова 79, 288) *. Шындығында да сөйлеу кезінде сөздер бірінен кейін бірі келіп өзара тіркесіп қолданылады да, олар арасындағы байланыс белгілі бір заңдылыққа сүйенеді. Мысалы, *Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға* (Абай) деген үзіндінің құрамындағы сөздер бірі екіншісімен байланысып тұр. Бірақ бұл байланысты парадигмалық байланыс негізінде анықтау мүмкін емес, басқаша қасиетке не. Егер сөз табымен байланыстырып қарайтын болсақ, олардың барлығы бірдей бір сөз табына енбейтіндігі, олар өзара түрлену үлгісімен де, синонимдік, антонимдік мағына байланыстарымен де ұштасып жатпайды, бірақ араларында байланыс бар.

Қансонарда бүркітші шығады аңға дегендегі *шығу* етістігі басқа сөздермен түрлі грамматикалық формаларда келсе де байланыс-ды. Сондықтан да *бүркітші шығады, аңға шығады, қансонарда шығады* деген тіркестерін айта аламыз. Бұл тіркескен сөздердің табиғаты бір түрлі болмағанымен, бірі предикациялық қатынасты (*бүркітші шығады*), екіншісі объектілік қатынасты (*аңға шығады*), үшіншісі мезгілдік қатынасты (*қансонарда шығады*) білдіргенімен араларында ортақ белгі бар. Мысалы, олар өзара мағына жағынан әрі тұлға жағынан байланысып тұр. Екінші сөзбен айтқанымызда, атау тұлғалы туынды түбір зат есім — *бүркітші* сөйлемде айтылған ойға ие болып (амал-әрекетті орындаушы ретінде) бастауыш қызметінде қолданылып, өзіне етістіктен болған баяндауышты (*шығады*) белгілі бір жіктік жалғауында тұрып, өзімен қиылысуын талап етіп тұр.

Сөйлемді ұйымдастыруда бастауыштан гөрі баяндауыш актив қызмет атқарады. Әсіресе баяндауыштың ұйымдастырушылық қызметі етістіктен болған баяндауыштарда анық байқалады. Акад. В. В. Виноградов етістіктің мағынасының өте бай болуын оның синтаксистік қызметінің, конструкциялардың көптігінен, ұйымдастырушылық қызметін тікелей байланысты деген болатын (Виноградов 72, 341) *. Сөйлемнің бір грамматикалық белгісі предикация екендігі анық. Ал осы предикацияның негізі баяндауыштарда болатындығы тіл білімінде анықталған нәрсе (Белашапкина 77, 86) *. Егер түркі тілдеріндегі қай сөз табының баяндауыш болатындығы есепке алынса, онда ешқандай сөз табы етістіктің алдына түсе алмаған болар еді. Сондықтан да сөйлемді ұйымдастыруда, оған түрлі модальдік мән беруде етістік жетекші роль атқарады. Синтаксистік синтагманы зерттеген көпшілік тілшілердің етістікпен байланысты сөз қозғауы да осыдан.

Сөйлем құрамына еніп, сөз тіркесінің бір сыңары ретінде қолданғанда да етістіктер өзіне басқа сөздерді тіркеп қолданылады. Соңғы кездерде сөздердің сөйлем құрамында келіп басқа сөздермен байланысу мүмкіндігін сөздердің валенттілік қасиеті деп атап жүр. Валенттілік терминін, алғаш рет тіл білімінде Л. Терньер алып келіп, өзінің функционалды синтаксисіне байланысты еңбегінде қолданған болатын (Филичева 67) *. Қазіргі кезде бұл терминнің негізгі қағидалары анықталып, актанттарына орыс және басқа индоевропа тілдері материалы негізінде талдаулар жасалынған. Шет ел тілшілері болсын, совет тілшілері болсын сөздердің валенттілік қасиетін анықтау үшін өздерінің пікіріне дәлел ретінде етістіктерді ғана алады да, есім сөздерге жол-жөнекей тоқталады. Дегенмен де есім сөздерде де валенттілік қасиеттің барлығы анық, бірақ олар етістіктердегідей бай және ашық көріне бермейді. Ал, есім сөздердің валенттілік қасиеттері соңғы кездерде ғана зерттелініп жүр.

Сөйлем құрамына енген сөздер өзара, ең алдымен, екі жақты байланысқа түседі, яғни әрі грамматикалық категориялар арқылы байланысып белгілі бір грамматикалық формада тіркессе, әрі байланысқа түскен сөздер семантикалық жағынан да байланыса-

ды. Егер бұл екі байланыстың біреуі жоқ болса не сөйлемдегі айтылатын ой толық жеткізілілмейді не мүлде түсініксіз бір нәрсе болып шығады. Пікірімізді дәлелдеуге өтелік. *Асау атпен келген бала үйге кірді* (Ғ. Сланов). *Үйге кірді* деген тіркесте басыңқы сыңар *кір* етістігі өзінің бағыныңқы сыңары үй сөзінің барыс септігінде тұрып байланысуын талап етеді. Себебі айтушы қозғалысқа түскен субъектінің қозғалу бағытын көрсетуді мақсат етіп тұр. Әрине *кір* етістігі шығыс септікті зат есімдермен де тіркеске түсуі мүмкін, бірақ онда ол бағытты білдірместен, керісінше, қозғалыс амалының басталған орнын көрсеткен болар еді. Сонымен бірге *кір* етістігі үй сөзімен мағыналық жағынан да байланысып тұр. Себебі *кір* етістігінің мағына құрамында белгілі бір заттың арасына кіру, ену, арасы бос не іші қуыс заттардың ішіне енуді білдіретін семасы да бар. Біз *үй* дегенде адамдар жасайтын бөлмелерді түсінеміз, оның ішіне енуге, кіруге болады. Ондай арасына енуге, кіруге болмайтын заттар да бар, бірақ ондай сөздермен *кір* етістігі тіркеспейді. Мысалы, *Бала пышаққа кірді* деп айтпаймыз. Сөйлеуші адам грамматикалық және семантикалық байланысты әр сөйлемді құрастырғанда ойлап, тандап жатпайды. Ол өмірде бірнеше рет қайталанғандықтан тілдік нормаға түсіп қалыптасады да, механикалық түрде қолданыла береді. Мысалы, қазақ тілінде *асау, жеу, шайнау, ішу, жұту, сіміру, ұрттау, қарпу, жалмау, сору* сияқты сөздер амал-әрекет етістіктерінің бір семантикалық (қоректенуді білдіретін) тобын жасайды. Бұлар өзара синоним не ұштас мәндес сөздер болғанымен мағыналарында айырмашылық бар. Көпшілік жағдайларда бір лексико-семантикалық топтың мүшелері синтагмалық байланысы жағынан тең түсіп жатады, бірақ араларындағы мағыналық өзгешеліктер олардың байланысына ықпалын тигізуі мүмкін. Салыстырыңыз: *іш* пен *же* етістіктері қоректенуді білдіреді. Бірақ қазақ тілінің нормасы бойынша *нанды ішті, суды жеді* тіркесі қолданылмайды. *Іш* те, *же* де сабақты етістіктер, сондықтан олардың табыс септікті сөздерді тіркеп қолданылуы заңды. Ал, *іш* етістіктерінің сұйық тағамдармен, ішімдіктермен байланысты қолданылуы оның мағына құрамында *шайнау, тістеу* семаларының болмауымен байланысты. *Же* етістігінің мағына құрамында болса, *тістеу, шайнау, тіспен жаншу* сияқты семалары болғандықтан олар қою тамақ атауларымен (жеміс-жидек, бақша өсімдіктерімен де) тіркесіп қолданылады. *Нан, ет, қауын, алма*, т. б. жеді болады да, *су, сорпа, сыра, лимонад, көже*, т. б. ішті болады. Қою тамақ атауларымен бірге *мүжу, шайнау, асау, жалма* сияқты сөздер де қолданылады. Бұлардың синтагмалық байланыстарында айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, кейбір тіркестерде сәйкес келмейтіндей ауытқулар байқалады. Салыстырыңыз: *мүжі* етістігінің семантикалық мағынасында тісі өтпейтін қатты тамақты шетінен, біртіндеп *жеу* семасы болғандықтан сүйекті мүжіді тіркесі қолданылады. Қою тамақ болса да палауды, қамырды, помидорды мүжіді деп айтпаймыз. Бір ескертетін нәрсе сол — семантикалық синтагма барлық тілдерде сәйкес келе беруі шарт емес. Мысалы, Н. Д. Арутюнова орыс тіліндегі

пить сок, есть бульон деген тіркесті мысал ретінде келтіріп, шөлді қандыру үшін ішеді, тамақты тойдыру үшін жейді деп қорытынды шығарады (Арутюнова 76, 87) *. Қазақ тіліндегі *іш* пен *же* етістіктері сәл басқашалау мағынада қолданылады да жоғарыдағы орыс тілінен келтірілген тіркестің екеуінде *іш* етістігі арқылы беріледі. Тіпті кейде бұл екі етістіктің бір сөзбен байланысуы, синтагмалық қатынасқа түсуі де мүмкін. Мысалы, *тамақты жеу, тамақты ішу*. Бұл мысалымызда *іш* пен *же* етістіктерінің мағынасында өзгеріс жоқ, себебі тамақ әрі сұйық, әрі қою тағамдардың жиынтық атауы. Бұндай синтагмалық байланыстардың сәйкес келмеуі туыстас тілдер арасында да байқалады. Мысалы, өзбек тілінде *сузмоқ* етістігі тамақты кесе, табақтарға құю, салу мағынасында қолданылады. *Косаларга шурва сузмоқ; Гулноз ош сузишга чиқиб кетди; Қадиров пинигини бузмой чой сузишди давом қилди* (УТИЛ 2, 82) *. Сүз етістігі қазақ тілінде де бар, бірақ *сорпа сүзді, палау сүзді, шай сүзді* деп қазақ тілі нормасы бойынша қолданылмайды (*сорпа құйды, палау салды, шай құйды*). Қазақ тіліне ең жақын тілдің біреуі — қарақалпақ тілі. Қазақ тілі мен қарақалпақ тілдерін салыстырып қарасақ та сөздердің синтагмалық байланыстары тең түсе бермейтіндігіне көз жеткізуге болады. Салыстырыңыз: екі тілде де *басу* етістігі бар, ол екі тілде де көп мағыналы. Бірақ қарақалпақ тілінде *шөлін басу, қоныс басу, гүрең басу, жеделін басу* сияқты тіркестерде қолданылады. Қазақ тілінде бұл тіркестердің орнына *шөлін қандыру, қоныстану, сарғаю, екпінін төмендету* тіркестері қолданылады.

Сөздердің тіркесуінде тек мағына мен формалары ғана қатынасып қоймастан, тілдік нормалар да қатынасады. Кей ғалымдардың семантикалық валенттілікті анықтауда осы ерекшелікке баса көңіл аударуы тегін емес. Мысалы, *үркек ат, тебеген жылқы, сүзеген сиыр, қабаған ит*, т. б. Үрку тек атқа, биеге ғана тән қасиет емес, сондай-ақ үрку сиырға да, қойға да, түйеге де тән қасиет. Бірақ *үркек сиыр, үркек қой* деп айтпаймыз. Жабайы, қолға үйренбеген аң мен малға байланысты *асау* сөзін қолданылу мүмкіндігі бар. Дегенмен де қазақ тілінің нормасы бойынша асау жылқыға және қолға үйретілінбеген төрт түлік малға байланысты қолданылады (Адамға байланысты қолданғанда мағынасы өзгереді). Сондықтан да *асау мысық, асау тауық, асау шошқа*, т. б. тіркестер қолданылмайды. Сын есімдердің заттың сынын білдіретіні анық, бірақ сол сынның өзі тіркесетін зат есімнің мағынасымен, оның бір семасымен ұштасып, ортақтасып жатуы керек. Мысалы, *көк* сөзін алып қарайық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *көк* сөзіне үш түрлі мағына берген. 1. Ашық аспан тәрізді түс. 2. Қаулап өскен шөп, әр түрлі өсімдік. 3. Жеміс-жидек, көкөніс (ҚТТС 2, 118) *. Қолдағы материалдардың көрсетуінше, *көк* сөзінің жас, буыны бекімеген сияқты мағыналары да бар сияқты. Мысалы, *Масатыдай құлпырған көк шөп, бұйра толқын жасап...* (М. Сүндетов). Шөп зат есім болғандықтан да сын есімдермен қабыса байланысу мүмкіндігі бар. Сонымен бірге шөптің сарғаюы, қызыл түске енуі, т. б. болуы да мүмкін, бірақ түсіне қарап *сары шөп, қызыл шөп* деп

атамаймыз. Буыны қатпаған балауса жас шөптің көк болатындығы да анық. Көк сөзінің осы жас мағынасы оның басқа тіркестерінде де болуы мүмкін.

В. Г. Гак сөз тіркестерінің компоненттері өзара байланысу үшін олардың ортақ семалары болуы керек не біріне-бірі қарсы келетін семалары болмау керек дейді (Гак 86, 12) *. Бұл қазақ тілі үшін де қолданылуға болатын заңдылық. Мысалы, *Шөбін шабамын деген қонысқа бай ауыл қонып қойса, пішенсіз қалатын* (М. Әуезов). *Шабу* сөзінің *шөп* пен *пішен* сөздерімен байланысты қолданылатындығы, *ору*, *кесу* сөздерімен мағыналас екендігі анық. *Шабу* етістігінің мағына құрамында: 1) құралмен болатын амал-әрекетті, 2) сүйекті затқа (сұйық затты емес) бағытталған амал-әрекетті, 3) бөлу, кесу мағынасымен байланысты, 4) күшпен болатын амал-әрекетті білдіретін сема бар. Демек *шөпті шапты* деген тіркесте *шап* етістігін шөппен байланыстырып тұрған екінші сема. Сөйлеу процесінде, кейде, қалыптасқан сөздердің тіркесі өзінің дағдылы қалпынан айнуы мүмкін. Р. А. Будагов бұндай қасиеттің роман-герман тілдерінде де болатындығын көрсетеді (Будагов 76, 178) *. Біздің топшылауымызша, сөздердің дағдылы семантикалық синтагмасынан ауытқуы екі жағдайда кездеседі: Біріншіден, сөздер жаңа мағынада қолданыла бастаған кезде, екіншіден, тұрақты тіркестердің құрамына еніп қалыптаса бастаған кезде. Мысалы, *Гүлстанға айналдырды тақырды, Болат қолдар, алғыр милар ақылды* (Т. Айбергенов). *Жүрегіме жақын сенің есімің, Әкем десем анам десем несі мін* (Т. Айбергенов). Келтірілген мысалдардағы *болат қолдар, жүрегіме жақын* тіркестері осы тіркестерде жаңа мағынада қолданылып тұр. Ал, *Жақсы сөзді ел жаттар, Ел жаттар сөзде салмақ бар* (Жамбыл) дегендегі *салмақ* сөзі таразымен анықтайтын салмақ, ауырлық мағынасында қолданылмастан, мәнді, мағыналы сөздерімен мағыналас болып, *сөзі салмақты* синтагмасымен байланысты жасалынған. Тұрақты сөз тіркестерінде де кей сөздер тіркеске түсіп өзінің төл мағынасынан ауытқиды. Мысалы, *Өнер алды — қызыл тіл* (Макал) дегендегі *қызыл тіл* тіркесі түсті білдіріп тұрған жоқ, шешен мағынасын білдіріп тұр.

Синтагмалық байланысқа түскен тіл элементтерінің арасындағы семалық сыбайластықтар көп мағыналы сөздермен байланысты анық көрінеді. Мысалы, *қоңыр* сөзін алып көрелік, *Заттың түсін білдіретін қоңыр сөзі қоңыр күз, қоңыр салқын, қоңыр үн, қоңыр самал* сияқты тіркестерде қолданылады. Осы тіркестердің мағынасын салыстырып қарайтын болсақ, оларда бір ортақ мағыналық ренктің — орта дәрежелі, жағымды — бар екендігіне көз жеткізуге болады. Яғни *қоңыр күз* — күз айының өте суық та емес, өте жылы да емес жанға жайлы бір кезеңін көрсетсе, *қоңыр салқын* аса суық та емес, онша жылы да емес жағымды мағынасын білдіреді. Ал *қоңыр дауыс* (үн) дегенде ащы да емес, өте күшті де емес жағымды дауысты білдірсе, *қоңыр жел* (самал) тіркесінде де осы жағымды семасы бар. Бұлардың бәріне ортақ болған жағымды, орта дәреже түсті білдіретін *қоңыр* сөзінің өзінде де бар.

Ал кейбір сын есімдердің зат есімдермен тіркесіп синтагмалық қатынасқа түсуіне оның эмоциялық мағына элементтері де себепші болады. Бұған жоғарыда келтірген қоңыр сөзінің жағымды мағынасын мысал ретінде көрсетуге болады. *Ащы* сөзі — дәмді білдіретін сын есім, бірақ ол сөз *дауыс, айқай* сөздерімен семантикалық синтагма құрамына енеді де жағымсыз мағынадағы эмоцияны білдіреді. Салыстырыңыз: *Сөйткенше ащы үн шықты* (Ж. Молдағалнев). Бұл сөз *мысқыл, кекесін* сөз сияқты зат есімдермен тіркесіп келіп те жағымсыз эмоцияны білдіреді де зәрлі, уытты сөздерімен мағыналас болады. *Сырымның аузынан шыққан ащы сөзді мен айттырған жоқпын* (М. Әуезов). *Тәкежан айлалы қыр тауып, ащы мысқыл айтты* (М. Әуезов). *Ащы* сөзінің тура мағынасының өзінде де жағымсыз мағынаны білдіру бар. Сондықтан да қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ащы* сөзінің бірінші мағынасы ретінде «Тұзды, тұзы күшті, сор дәмі бар, тұщы емес» деп анықтама берген (ҚТТС 1, 534) *. Ауыспалы мағынада қолданылғанда осы дәм мағынаны (тілмен татып білетін) білдіретін сема жағымсыз деген мәндегі семаның (екінші дәрежелі) көлеңкесінде қалып, сөйлеушілер арасында ойға алынбайды. Өмірдің ащысында, тұщысында да көп көрдік (А. Хангелдин) деген мысалымызда ащы тұщы сөздері дәмді білдіріп тұрған жоқ.

Зат есімдер арасындағы синтагмалық байланыс олардың байланысу формасы мен синтаксистік қызметтеріне де байланысты. Әрине бұл жерде синтаксистік синтагмамен бірге тіркескен сөздердің категориялды мағыналары да негізгі қызмет атқарады. Пікірімізді дәлелдеу үшін екі мысал талдап көрелік. *Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғаш жұмыс істеген кезінде шикізаттан қорғасын, мырыш, мыс, күкірт қышқылы, кадмий, алтын, күміс металдарын шығарып еді* (С. Тәжіғұлов). — *Ал, мінезі бар ғой, қызға бергісіз, не керек, алтын адам, — деп бағалады бригадир Сабырды* (К. Қамбаров). Бірінші мысалымыздағы *алтын* сөзі сары түсті, қымбат бағалы металл мағынасында қолданылып тұр да, зат есімге тән категориялды мағына білдіреді. Сондықтан осы мағынада тұрып есептелініп, көптелініп, тәуелденіп өзінің заттық мағынасын сақтайды. Екінші мысалымыздағы *алтын* сөзі мүлде басқа мағынада қолданылып тұр. *Алтын адам* дегенде металдан жасалынған адам мағынасында қолданылмай, қымбатты, қадірлі, жақсы мағынасын білдіріп тұр. Бұл жерде заттық мағынадан ауысып, сындық мағынада қолданылып тұр, алтын сөзінің лексикалық мағынасының өзгеруімен бірге оның категориялды мағынасы да өзгерген. *Ал, темір жол, ағаш аяқ, тау теке* сияқты тіркестерде зат есімнің категориялды мағынасы сақталынса да, олардың синтагмалық мағынасы өзгеріп, сын есімге тән синтаксистік қызмет атқарып тұр.

Жоғарыда біз (грамматикалық мағынамен байланысты) *бала мысық, қозы қошқар, шөже қораз, қыз бала, ұл бала* сияқты тіркестерге тоқталған болатынбыз. Бұл мысалдардағы сөздер синтагмалық байланыс заңдылықтарынан тыс тұрған жоқ. Салыстырыңыз: *бала* сөзінің мағына құрамында: 1) ұрпақ, 2) жас, 3) адам-

зат перзенті деген сема бар. *Мысық* сөзімен тіркескенде тек жас семасы ғана қатынасып, *бала мысық* тіркесін жасап тұр. *Қозы қошқар*, *шөже қораз* дегендерде де осы жас семасы шешуші қызмет атқарады. Әрине жас мағынасында осы үш сөздің үшеуі де бірдей қолданылмай, біреуі ғана қолданылса болмас па еді деген сұраудың туатыны заңды. Бұл олардың әр қайсысының өзіндік семантикасымен байланысты. *Шөже* құстың (тауықтың) жас балапаны болса, *қозы* қойдың жас төлі, сондықтан қой, құс сөздерімен сыбайласып жататын сема олардың мағыналарында бар. Сол үшін де қалыптасқан норма бойынша, осы мағыналық сыңар есепке алынады да, *қозы мысық*, *шөже қошқар*, *бала қораз* тіркестері қолданылмайды. Жан-жануарларды жас мөлшеріне қарай бөлу бар, бірақ барлық жануарлар атауларына зат есімдер тіркесіп келіп жас мөлшерін анықтау шарт емес, кейбіреулері түбір тұлғада тұрып та ондай мағынада қолданыла береді. Салыстырыңыз: *күшік*, *балапан*, *шабақ*, *қозы*, *лақ*, *шыбыш*, *тоқты*, *тұсақ*, *құлын*, *тай*, *жабағы*, *тайлақ*, *бота*, *бұзау*, т. б. Сонымен бірге сөздердің қолданылуында қалыптасқан дәстүрдің де қызметі барлығы байқалынады. *Бала қаз*, *ата қаз* деген тіркестердің қолданылуын соңғы жағдаймен байланыстырып қана түсіндіруге болады. *Қаз* — құстың бір түрі. Егер мағынамен байланысты қарайтын болсақ, онда құстың жұмыртқадан жаңа шыққан ұрпағын *балапан*, *шөже* деу қажет еді.

Синтагмалық байланыстың белгілі бір халықтың тілдік дәстүрімен байланысты екендігін мойындау тілдерді салыстыра үйренуде тигізер пайдасы мол. Бір тілден екінші бір тілге текстерді тікелей аударғанда кей тіркестер сөзбе-сөз аударуға келмейді (тек тұрақты тіркестер ғана емес, еркін тіркестр де). Мысалы, қазақ тілінің синтагмалық заңдылығын білмейтін адамдар орыс тіліндегі *дом ломать*, *пуговица упала* деген тіркестерді *үйді сындырды*, *түймем құлады* не *түймем құлап түсті* түрінде аударуы таң қаларлық жағдай емес. Сондай-ақ туыстас тілдердегі сөздердің мағынасының тең түспеуі, сәйкес келмеуінің бір ұшы синтагмалық байланыста жатыр. Салыстырыңыз: өзбек тіліндегі *базарға тушмоқ*, *киноға тушмоқ*, *музда учмоқ* сияқты тіркестер бар. Қазақ тілінде *базарға түстім*, *киноға түстім*, *мұзда ұштым* деп ешкім де айтпайды. Түркмен тілінен мысал келтірелік: *Гиже — гүндиз гатнавы кесилмәнатлы гатнап дуряр* (А. Гавшудов) — *Кеше — күндіз қатынасуы үзілмеді, атпен қатынасып тұрды; Инди онуң эгни көйләгчә, башы болса, йүзүне сая салып дуран силең телпеклиди* (Совет әдабияти) — *Енді оның желкесінде көйлек, басында болса бетіне түсіріп тұратын сеңсең бөрік*. Түркмен тіліндегі *кес*, *сал* сөздері қазақ тілінде де бар, бірақ қазақ тілінде *қатынасу кесілді*, *көлеңке салды* тіркесі, түркмен тіліндегі мағынада қолданылмайды. Демек парадигмалық байланыс сияқты синтагмалық байланыс та сөздердің мағынасына негізделеді де, сол мағынаға қолданылуда ықпал жасайды. Парадигмалық айырмашылығы сол — синтагма әрі грамматикалық, әрі лексикалық мағынаға сүйенеді. Грамматикалық жақтан байланысқанда синтагмалық байланысқа түскен мү-

шенің біреуі басыңқы (өзекті) болады да, екіншісі бағыныңқы сынары болады. Басыңқы сыңар бағыныңқының белгілі бір грамматикалық формада тұрып, грамматикалық мағынамен байланысуын талап етеді. *Асан ауылдан атпен келді* дегендегі *ауылдан келді, атпен келді* тіркестерінің сыңарларының шығыс және көмектес септіктерінде келуі, біреуінің қозғалыстың басталған орнын білдіруі, екіншісінің құралдық мағынамен байланысуы грамматикалық байланысқа жатады. Ал семантикалық байланыстың грамматикалық байланыстан айырмашылығы материалдық формасында болмайды, оларды морфологиялық формамен де, тіркестермен де анықтау мүмкін емес. Сондықтан да семантикалық синтагма имплициттік сипатқа ие.

Сөздердің семантикалық байланысының екі түрі болатындығын валенттілік теориясымен айналысқан ғалымдар да көрсетеді. Мысалы М. Д. Степанова неміс және басқа индоевропа тілдері материалдары негізінде айтылған валенттілік теориясына байланысты пікірлерге шолу жасай отырып, валенттіліктің екі түрі бар деген қорытындыға келген. Бірінші ішкі валенттілік, екінші сыртқы валенттілік (Степанова 67) *. Автор ішкі валенттілік деп сөздердің ішкі элементтері арасында болатын байланысты көрсетеді. Мысалы, туынды түбір сөздердің құрамындағы морфемалардың, күрделі сөздердің элементтерінің өзара байланысы, т. б. Ал сыртқы валенттілікке сөздердің сөйлем құрамында келіп басқа сөздермен байланысуын түсінеді (Степанова 67, 13). Г. Хельбиг болса, неміс тіліндегі сөздердің валенттілігін логикалық, семантикалық және синтаксистік валенттілік деп үшке бөледі (Степанова 78, 154) *. Г. Хельбиг логикалық валенттілік адам ойында болады да универсалды қасиетке ие деп есептейді. Семантикалық валенттілік сөйлем құрамында келгенде сөздер өздерінің айналасында қолданылған сөздердің келуін және олардың белгілі бір мағынада болуын талап етуін түсінеді. Бұл байланыс екі нәрсеге: 1) тіркескен сөздердің мағынасының сәйкес келу, келмеуімен; 2) сөз мағынасындағы объектив дүниемен байланысқан элементімен байланысты болады. Ал синтаксистік валенттілік сөйлем құрамындағы кез келген сөздің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігін есепке алады. Н. Д. Арутюнова сөз тіркестері лексикалық жақтан және синтаксистік жақтан байланысады, бірақ олар арасындағы айырмашылық барлық кезде де анық байқалына бермейді,— деп көрсетеді (Арутюнова 76, 81). Тіл білімінде сөз тіркестерінің басқа да қасиеттері барлығы анықталған, бірақ оларды талдау жұмысымыздың мақсатына енбейді.

Оқулықтар мен ғылыми еңбектерде валенттілік сөз болғанда, негізінен, синтаксистік валенттілік туралы ғана сөз болады. Ал логикалық, семантикалық валенттілік әлі де зерттеу объектісі бола қойған жоқ. Оның объектив себептері де бар. Біріншіден, логикалық валенттілік те, семантикалық валенттілік те өздері жеке-жеке кездеспейді, олар синтаксистік валенттіліктің ішкі мазмұны ретінде ғана өмір сүреді. Екіншіден, логикалық валенттілік те, семантикалық валенттілік те сөз мағынасының құрамына еніп, көп

қатпарлы мағынаның бір элементі ретінде, тілдік нормамен байланысады. Ал тілдік норманы анықтауда, зерттеуде сөздердің валенттілік қасиеттері есепке алынбайды. Үшіншіден, семантикалық валенттілік те, логикалық валенттілік те жеке адамға (айтушы мен жазушыға) тәуелді емес, объективтік қасиетке ие. Сондықтан да ол даяр схемадай көрінеді де, семантикалық талдауға ашық түсе бермейді. Әрине бұл жерде логикалық валенттілік пен семантикалық валенттіліктің арасын ашу керек сияқты. Г. Хельбиг «Логикалық валенттілік тілден тыс ұғымның мазмұнының арасында болады, семантикалық валенттілік сөздердің байланысындағы мағыналық сәйкестікпен анықталады»,— деп жазған болатын (Степанова 78, 157). Сол үшін де логикалық валенттілік ой элементтері арасында болады да өз ықпалын семантикалық валенттілікке өткізу мүмкіндігі болады.

Сөйлеу кезіндегі сөздердің семантикалық валенттілігін анықтау синтаксистік валенттілікпен байланысты ғана іске асады. Жоғарыда сөздер байланысқа түсу үшін олардың құрамындағы бір семаның сәйкес келуі ортақ болуы керек деген болатынбыз. Осы мағыналық байланыс синтаксистік валенттілікті анықтайды да олар тіркесетін сөздердің саны валенттіліктің дәрежесін белгілейді. Ол үшін сөз тіркесіне түскен сөздердің біреуі екінші бір сөзді мағынасы жағынан сәйкес келуін талап етуі, мағына жағынан басым болуы қажет. Тіл білімінде ондай сөзді өзекті (опорный) сөз деп атау бар. Валенттілік теориясымен айланысқан ғалымдардың көпшілігі осы өзекті сөздің сөйлем құрамында келіп қанша сөзбен тіркесу мүмкіндігі барлығын есептей отырып, сөздердің валенттілік қасиетін анықтауға әрекет еткен. Мысалы, Г. Брикман неміс тіліндегі етістіктердің сөздермен тіркесу қабілетіне шолу жасай отырып, неміс тіліндегі етістіктер төрт валентті бола алады деген пікір айтады (Локштанова 71, 26—27) *. Осындай өзекті сөз қызметін қазақ тілінде (басқа түркі тілдерінде де) сөз таптарының бәрі де атқара алуы мүмкін, бірақ ол етістіктерде өте күшті болса, сын есім мен сан есімдерде әлдеқайда әлсіз. Екінші сөзбен айтқанымызда, етістіктердің валенттілік қасиеті анық байқалынады. Себебі етістіктер сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарып, сөйлемді құрастыруда негізгі қызмет ойнайды да айналасына басқа сөздерді жинақтайды, солармен байланысады.

Сөйлем құрамына еніп өзекті сөздермен тіркескен сөздерді тіл білімінде актанттар деп атайды. Актанттардың саны өзекті сөздің валенттік дәрежесін анықтауда бірден-бір өлшем болып саналады. Тілшілер арасында актанттардың барлығы бірдей валенттілік дәрежені анықтауға қатыса бермейтіндігін ескерту де бар. Мысалы, *Бүгін Бөжейлердің Құнанбаймен іштей суысуына себепші болған да осы Майбасар* (М. Әуезов) Бұл мысалымызда валенттілік шеңбер жасап тұрған үш өзекті сөз бар. Бірінші валенттілік шеңбер — *Бүгін Бөжейлердің Құнанбайлармен суысуына* деген тіркестер болса, екінші валенттілік шеңбер — *суысуына себепші болған*, үшінші валенттілік шеңбер — *себепші болған Майбасар*. Бірінші шеңбердегі өзекті сөз *суысуына* — *Бөжейдің суысуына* және

Құнанбаймен суысуына деген екі тіркес жасайды. Тіл білімінде бұл актанттар сөзсіз қажетті болған негізгі актанттар деп аталынады да, *бүгін, іштей* сөздерімен жасалынған тіркес қосалқы актанттар деп аталынады. Негізгі актанттардың саны өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтаса, қосалқы актанттар өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтамайды. Демек *суысу* етістігі екі валентті етістік. Қосалқы валенттілік жасайтын актанттар сөйлемдегі ойдың толық болуына себі тисе де, түсіріліп қалдырылса, айтылған ойға онша көп зияны тимейді. Салыстырыңыз: *Бөжейлердің Құнанбаймен суысуына себепші болған осы Майбасар*. Ал, қажетті валенттілік жасап тұрған актанттар түсіріліп қалдырылса, сөйлемдегі айтылған ой толық болмайды, текстен ол сөзді талап ету байқалып тұрады. Мысалы, *Бүгін Құнанбаймен суысуына себепші болған да осы Майбасар*. Соңғы сөйлемді анық түсіну үшін кімнің суысуына деген сұрауға жауап беру қажет болады. Егер, *Бүгін Бөжейлердің суысуына себепші болған да осы Майбасар* дейтін болсақ, онда кіммен суысуына деген сұрауға жауап іздеп, сөйлемді толықтыру қажет болады. Екінші валенттілік шеңбер — *суысуына себепші болған* аяқталынбаған сияқты. Дегенмен де бұл да бір валенттілік шеңбер жасап тұр. Өзекті сөз — *себепші болған*, актант — *суысуына*. Бұл мысалымызда валенттілік шеңбер сөз тіркестерімен тең түсіп тұр, бірақ кей жағдайларда олардың тең түспеуі де мүмкін. Мысалы, атауыш сөздер мен көмекші сөздердің арасындағы байланыс (*таудың басы, ауылға қарай*) валенттілік жасаса да сөз тіркесін жасамайды. Сондай-ақ, бастауыш пен баяндауыштардың арасындағы байланыс валенттілік жасаса, сөз тіркесін жасамайды. Сондықтан да сөйлем ішінде келген, өзара байланысқан сөздер, қазақ тілі үшін, кемінде бір валентке ие болады (Ноль валентті сөз қазақ тілінде жоқ. Оқшау сөздер тіркес жасамайтындықтан оларда валенттілік қасиет анықталмайды). *Себепші болған* сөзі *Майбасар* сөзімен тіркесіп екінші бір валенттілік шеңбер жасайды. Бұл жерде *Майбасар* өзекті сөз ретінде қолданылып тұр да *себепші болған* актант қызметін атқарып тұр. Демек кей сөздер бір валенттілік шеңберде өзекті сөз қызметінде қолданылса, екінші валенттілік шеңберде актант қызметін атқаруы да мүмкін: *суысуына себепші болған Майбасар*.

Валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттардың ара қатынасы барлық кезде бір ізді бола бермейді. Салыстырыңыз: *ит үреді, жігіт үйленеді, қыз ұзатылады, түйе боздайды*, т. б. дегендер мен *Асан келді, үйге келді, атпен келді, кітап оқыды*, т. б. Бірінші топтағы сөздер тек өзара (басқа сөздермен емес) тіркесіп қана қолданылады, басқа сөздермен тіркессе (егер қолданылса) мағынасы өзгереді. Салыстырыңыз: *Шатпай отыр, үрмей отыр! Бірдеңені көріп келдің бе, мәжнүн* (Б. Майлин.) Сонымен бірге бұларды тұрақты сөз тіркестеріне де қосуға болмайды. *Ит үреді* дегендегі *үру* тек *итке* қана тән (басқа заттарға емес) белгінің бірі. *Үйлену* жігітке ғана тән, дегенмен де *үйлену* процесінде амал-әрекет тек ұл баламен шектелінбейді, *күйеу* мен қалыңдық бар болған жағдайда ғана *үйлену* процесі іске асады. Бірақ қыздарға

байланысты *үйлену* сөзі қолданылмайды, *ұзатылды*, *күйеуге шықты*, *ерге шықты* сияқты тіркестер қолданылады. (Ұл балаларға байланысты да *ұзатылды*, *күйеуге шықты* тіркестері қолданылмайды). Сондықтан да мұндай тіркестерді шартты түрде меншікті тіркес деп атап, басқа тіркестерге қарсы қоюға болады. Ал екінші топтағы тіркестер өз мүмкіншіліктеріне қарай (айтушының мақсатымен) басқа сөздермен де синтаксистік синтагмалық қатынасқа түсе береді. Күнделікті өмірде *ит адамға үрді*, *түнде үрді*, *абалап үрді* сияқты тіркестерде қолданылатындығын жасыруға болмайды, бірақ олар қосалқы валенттіліктің аясында қалып қояды да, негізгі байланыс *ит үрді* сөздерінің арасында болады.

Әрбір актанттар өзекті сөзбен белгілі бір қатынаста болады. Бұл қатынас жалпы сөйлемнің мазмұнына ықпал жасайды да, өзара екі түрлі байланыста болады. Бірінші байланыс жеке сөздердің мағынасымен, екіншісі сөйлемдегі атқаратын синтаксистік қызметімен байланысты белгіленеді. Осыған негізделініп Г. Брикман валенттілік қатынасты бірнеше топқа бөлуге әрекет еткен. Мысалы, ол валенттілік қатынастың ең негізгісі бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс деп түсінеді. Автор ол валенттілікті агнес валенттілік деп атайды (Локштанова 71, 23) *. Агнес валенттілік дегенде тек бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс қана түсінілмейді, жалпы іс істеуші мен амал-әрекет арасындағы байланыс түсініледі. Мысалы, *Әкесі баласына кітап оқытқызды* дегенде екі агнес валенттілік байланыс бар. Бірі — *әкесі оқытқызды*, екіншісі — *баласына оқытқызды* (Ахманова 66, 31) *. Екінші валенттілік байланыс объектілік қатынаста (потенс), үшінші байланыс-адресат т. б. Г. Хельбиг көп валентті етістіктер семантикалық ерекшелігіне қарай бірнеше актанттық қатынастағы сөздермен байланысқа түсе алады деп дұрыс көрсеткен. Мысал ретінде неміс тіліндегі *беру*, *хабарлау* етістіктерін көрсетеді де оларды сөзсіз агнес, патенс және қабылдаушы болуын талап етеді дейді (Степанова 78, 53). Ю. Д. Апресян орыс тіліндегі сөздердің валенттілік қатынастарына талдау жасай отырып, актанттардың 25 түрлі мағыналық байланысын мысал ретінде көрсетеді (Апресян 74, 125—126) *.

Сөйлемдегі синтагмалық қатынас сөздердің лексикалық мағынасының қалыптасуына жағдай жасайды да, оның сөйлемдегі қолданылу нормасын белгілейді. Әрине синтагмалық байланыс, парадигмалық байланыс сияқты, сөздердің лексикалық мағынасына сүйенеді, сонымен бірге оның (лексикалық мағынаның) өмір сүруіне, қатынас құралының бір элементі ретінде қолданылуында шешуші факторлардың бірі болады. Сондықтан да валенттілік қатынасқа түскен өзекті сөз бен актанттар арасындағы байланыс өзгерсе, сөз мағынасы да өзгереді. Салыстырыңыз: *Жүрегім менің қырық жамау*, *Қиянатшыл дүниеден*, *Қайтып аман қалсын сау*, *Қайтқаннан соң әрнеден* (Абай).

Сондықтан да лексико-семантикалық топқа енген сөздер, көп жағдайда, валенттілік қасиеті жағынан тең түсіп жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі дәуір тіл білімінде сөз мағынасы жан-жақты зерттелініп жатқандығы анық, бірақ оның дау туғызатын, әлі де болса зерттелінуі қажетті болған жақтарының көп екендігі де анық. Ең алдымен, сөз мағынасын қалай түсінуге болады, оның құрылымдық элементтері бар ма, бар болса олар қандай элементтер деген сұрауларға жауап беру қажет еді.

Сөз мағынасы дегенде ойымызға лексикалық және грамматикалық мағыналары келеді. Бұл екі мағына өзара байланысты, екеуі де объектив дүниедегі заттар мен оның түрлі қасиеттерін, заттар арасындағы түрлі қатынастарды бейнелейді. Бірақ бұл екі мағынаны тең санап, араларында айырмашылық жоқ деген қорытындыға келуге болмайды. Оқулықтарда айтылып, жазылып жүрген айырмашылықтар лексикалық, грамматикалық мағыналардың белгілерін салыстырып көрсетуге көмегі тисе де олардың басты айырмашылығын көрсетіп бере алмайды. Олардың басты айырмашылығы деректі, дерексіз не тиянақты, тиянақсыз болуында ғана емес, берілу формаларында, мағыналарының дерексіздену дәрежесінде. Лексикалық мағына түбір морфемалар арқылы берілсе, грамматикалық мағыналар грамматикалық формалар арқылы беріледі. Бұл қағида түркі тілдерінің материалы негізінде жасалынған. Ал басқа тілдерде (мысалы, орыс тілінде) түбір морфемалардың барлығы да бірдей лексикалық мағынаға ие бола бермейді, бұл қағиданы қолдану мүмкін емес.

Сөз мағынасының көп қатпарлылығы оның құрылымынан да байқалады. Семасиологиялық зерттеулерде денотаттық мағына, сигнификаттық мағына, эмоциялық-экспрессивтік мағына, стилистикалық мағына сияқты бірнеше мағыналардың барлығы көрсетіледі. Шындығында да мұншама көп түрлі мағына жоқ, бұлар лексикалық мағынаның элементтері. Денотаттық мағына деп бөліп алғанда сөз мағынасындағы объектив дүниемен байланысты мағыналық элементті көз алдымызға келтіреміз, сигнификаттық мағына дегенде адам санасындағы, ойлаумен байланысып жатқан мағыналық элементті түсінеміз. Басқа зерттеулерде арнайы аталынып жүрген стилистикалық мағына сөздің лексикалық мағына құрамына енбейді, сөйлеуші сөйлеу не жазу үстінде сөзден не тілдік материалдардан өз мақсатына байланысты қолданудан туады. Сондықтан да оларды жеке мағыналық элемент деп санау-

ға болмайды. Біздіңше, стилистикалық мағына сөздердің парадигмалық, синтагмалық мағына элементтері мен эмоциялық экспрессивтік мағына мен сөйлемнің модалділігінен туады.

Лексикалық мағына бір жағынан объективтік дүниемен байланысып жатса, екінші жағынан адамның ойлау процесімен, оның ұлттық ерекшелігімен, білімімен, тілдік дәстүрімен байланысып жатады. Сондықтан да сөз мағынасынан, белгілі дәрежеде, жеке адамдарға тәуелсіз, ырқына бағынбайтын қасиеттерді табуға болады. Бұл оның денотаттық мағына объектив дүниенің бір бөлшегі бар екендігін көпшілік философтар, логик ғалымдар, тілшілер, психологтар мойындайды. Егер осы объективтік қасиет болмаса, онда тіл адамдардың қатынас құралы болу қызметін атқара алмаған болар еді. Объектив дүниедегі заттар сөз мағынасымен тікелей байланыста болмайды, ой элементтері арқылы байланысады. Сондай-ақ сөз мағынасы объектив дүниенің фото-көшірмесі де бола алмайды.

Сигнификаттық мағына болса түйсік арқылы қабылданған объектив дүниедегі заттар туралы информацияға негізделінеді, бірақ бұл екеуі де өзара тең түсіп жатпайды. Сигнификаттық мағына элементтерінде, біріншіден, түйсік арқылы қабылданған информация элементтері болады, екіншіден, сол информация негізінде жалпыланған гнесиологиялық бейне болады, үшіншіден, адам ойының творчестволық жемісі, қызметі болады, төртіншіден, жеке адамның өмір тәжірибесі, білімі, т. б. болады. Демек сигнификат психологиялық құбылыс ретінде қабылданылуы керек те субъективтік қасиетке ие болады. Сигнификативтік мағынаның жалпылаушылық қасиетімен бірге объектив дүниемен байланыстырушы да қызметі бар.

Денотаттық мағына мен сигнификаттық мағына элементтерімен бірге сөздерде эмоционалды-экспрессивті мағына элементтері де бар. Бір ескертетін нәрсе сол — эмоция сөздердің барлығының да мағына құрамында бола бермейді. Эмоцияның адамның психологиялық қалпымен, объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға адамның берген бағасымен, т. б. байланысты. Сондықтан да кей ғалымдар эмоцияны сөйлемге тән құбылыс деп санап, сөз мағынасы ретінде мойындамайды. Дегенмен кей сын есімдерде, одағай сөздердің мағынасында эмоцияның бар екендігіне күмән туғызуға болмайды.

Денотат та, сигнификат та, эмоция да тілдік категория емес. Егер сөз мағынасы тек денотаттан не денотат пен сигнификаттан ғана құралады дейтін болсақ, онда мағына тіл категориясы болып саналмаған болар еді. Шындығында да сөз мағынасы тілдік категория. Соңғы кездерде осы қасиеттерді ескеріп бейнелік (отражательное) және тілдік мағына деп мағынаны екіге бөлу әрекеті бар. Бұл көзқарасты қолдаушылар да, қарсы шығушылар да бар. Тілдік мағына деп тілдік система негізінде қалыптасқан мағына элементтерін түсінеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Маркс 1. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинение, 1-том.
Маркс 2. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңдамалы шығармалары, 2-том.
Маркс 3. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинение, 3-том.
Маркс 21. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинение, 21-том.
Маркс 23. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинение, 23-том.
Ленин 18. *Ленин В. И.* Таңдамалы шығармалары, 18-том.
Ленин 25. *Ленин В. И.* Таңдамалы шығармалары, 25-том.
Ленин 29. *Ленин В. И.* Таңдамалы шығармалары, 29-том.
Аброян 65. *Аброян Л. А.* Гнесиологические проблемы теории знаков. Ереван, 1965.
Азнабаев 83. *Азнабаев А. М., Псанчин В. Ш.* Историческая грамматика башкирского языка. Уфа, 1983.
Азнаурова 73. *Азнаурова Э. С.* Очерки по стилистики слов. Ташкент, 1973.
Азнаурова 77. *Азнаурова Э. С.* Стилистический аспект номинации слов как единицей речи.— Языковая номинация, М., 1977.
Александрова 75. *Александрова З. С.* Словарь синонимов русского языка. М., 1975.
Алекперов 83. *Алекперов А. К.* Лексическая семантика простых глаголов в современном азербайджанском языке. Баку, 1983.
Алекперов 77. *Алекперова Л. П.* Разграничение значение полисемантических глаголов на основе анализа их сочетаемости.— Современная русская лексикография. Л., 1977.
Аллендорф 65. *Аллендорф К. А.* Значение и изменение значения слов.— Уч. записки I МГПИИЯ., 32-том, М., 1965.
Андреев 82. *Андреев И. П.* Происхождение человека и общества. М., 1982.
Анофин 84. *Анофин П. К.* Эмоции — Психологии эмоций. М., 1984.
Античные 36. Античные теории языка и стиля. М.— Л., 1936.
Апресян 63. *Апресян Ю. Д.* Современные методы изучения значений и некоторые проблемы структурной лингвистики.— Проблемы структурной лингвистики. М., 1963.
Апресян 66. *Апресян Ю. Д.* Экспериментальное исследование семантики русского глагола. М., 1966.
Апресян 73. *Апресян Ю. Д.* Лексические антонимы и преобразование с ними.— Проблемы структурной лингвистики. 1972. М., 1973.
Апресян 74. *Апресян Ю. Д.* Лексическая семантика. М., 1974.
Аристотель 83. *Аристотель.* Поэтика.— Собр. сочинение, IV том, М., 1983.
Арнольд 66. *Арнольд И. В.* Семантическая структура слов в современном английском языке. М., 1966.
Арнольд 73. *Арнольд И. В.* Стилистика современного английского языка. Л., 1973.
Арнольд 81. *Арнольд И. В., Буга Н. Н.* Вопросы теории системных отношений в лексике и ее межсистемные связи.— Системные отношения германских языков. Выпуск 4. Л., 1981.
Арутюнова 79. *Арутюнова Н. Д.* Предложение и смысл. М., 1979.
Аханов 65. *Аханов К.* Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1965.
Аханов 78. *Аханов К.* Тіл білімі негіздері. Алматы, 1978.
Ахманова 66. *Ахманова О. С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966.

- Ахманова 61. *Ахманова О. С., Мельчук И. А., Подручева Е. В., Фрумкина Р.* О точных методах исследования языка. М., 1961.
- Әбдірахманов 75. *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология. Алматы, 1975.
- Бабкин 76. *Бабкин А. М.* Слова в контексте и в словаре.— Современная русская лексикография. М., 1976.
- Бабов 61. *Бабов К., Въргулев А.* Тематичен руско-болгарски речник. София, 1961.
- Балақаев 71. *Балақаев М., Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1971.
- Балақаев 87. *Балақаев М.* Об определенности и неопределенности.— Қазақ әдеби тілі. Алматы, 1987.
- Балли 55. *Балли Ш.* Общая лингвистика и вопросы французского языка. М., 1955.
- Балли 61. *Балли Ш.* Французская стилистика. М., 1961.
- Белбаева 76. *Белбаева М.* Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1976.
- Белошапкова 77. *Белошапкова В. А.* Современный русский язык. Синтаксис. М., 1977.
- Бенвенист 74. *Бенвенист Э.* Общая лингвистика. М., 1974.
- Бердимуратов 68. *Бердимуратов Е.* Хазирги заман карақалпақ тилинің лексикологияси. Нөкис, 1968.
- Бердимуратов 79. *Бердимуратов Е., Даулетов А.* Хазирги карақалпақ тили. Нөкис, 1979.
- Бережан 73. *Бережан С. Г.* Семантическая эквивалентность лексических единиц. Кишинев, 1973.
- Бережан 79. *Бережан С. Г.* О лингвистической и отражательной семантики.— Исследование по семантике, Уфа, 1979.
- Березин 75. *Березин Ф. М.* История лингвистических учений. М., 1975.
- Березин 79. *Березин Ф. М., Головин Б. Н.* Общее языкознание. М., 1979.
- Болғанбаев 70. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970.
- Болғанбаев 62. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы, 1962.
- Болғанбаев 79. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1979.
- Бондарко 74. *Бондарко Л. В., Зиндер Л. Р.* Исследование фонетики.— Основы теории речевой деятельности. М., 1974.
- Бондарко 77. *Бондарко Л. В.* Звуковой строй современного русского языка. М., 1977.
- Бондарко 76. *Бондарко А. В.* Теории морфологических категории. Л., 1976.
- Брагина 86. *Брагина А. А.* Синонимы в литературном языке. М., 1986.
- Будагов 54. *Будагов Р. А.* Из истории языкознания. М., 1954.
- Будагов 55. *Будагов Р. А.* Несколько замечаний о понятии отношения грамматики.— Вопросы грамматического строя. М., 1955.
- Будагов 72. *Будагов Р. А.* История слов в истории общества. М., 1972.
- Будагов 76. *Будагов Р. А.* Человек и его язык. М., 1976.
- Будагов 71. *Будагов Р. А.* Язык, история, современность. М., 1971.
- Будагов 78. *Будагов Р. А.* Борьба идей и направлений в языкознании нашего времени. М., 1978.
- Булаховский 53. *Булаховский Л. А.* Введение в языкознание. М., 1953.
- Вардуль 73. *Вардуль И. Ф.* Об изучении семантического аспекта языка.— ВЯ. 1973, № 6.
- Вардуль 67. *Вардуль И. Ф.* Основы описательной лингвистики. М., 1967.
- Варина 63. *Варина В. Г.* Проблема денотата и вопросы языкового значения.— Иностранные языки в высшей школе. Вып. II, Ростов, 1963.
- Васильев 80. *Васильев И. А., Плужный А. Л., Тихимиров О. К.* Эмоции и мышление. М., 1980.
- Васильев 67. *Васильев Л. М.* Проблемы лексического значения и вопросы семантики.— Лексическая синонимика. М., 1967.
- Васильев 81. *Васильев Л. М.* Семантика русского глагола. М., 1981.
- Васильев 83. *Васильев Л. М.* Значение как предмет современной лингвистической семантики.— Исследование по семантике. Уфа, 1983.
- Введенская 71. *Введенская Л. А.* Словарь антонимов русского языка. Ростов-на-Дону, 1971.
- Виноградов 72. *Виноградов В. В.* Русский язык. М., 1972.

- Виноградов 69. *Виноградов В. В.* О взаимодействии лексико-семантических уровней грамматики в структуре языка.— Мысли о современном русском языке. М., 1969.
- Ветров 73. *Ветров А. А.* Методологические проблемы современной лингвистики. М., 1973.
- Волков 66. *Волков А. Г.* Язык как система знаков. М., 1966.
- Волков 63. *Волков А. Г., Хабров И. А.* Знак и значении.— Проблема значения в лингвистике и логике. М., 1963.
- Вольф 74. *Вольф Е. М.* Грамматика и семантика местоимении. М., 1974.
- Вольф 85. *Вольф Е. М.* Функциональная семантика оценка. М., 1985.
- Вольф 78. *Вольф Е. М.* Грамматика и семантика прилагательного. М., 1978.
- Гайсина 75. *Гайсина Р. М.* Общая характеристика лексико-семантического поле отношения.— Исследование по семантике. Уфа, 1975.
- Гак 72. *Гак В. Г.* К проблеме семантической синтагматики.— Проблемы структурной лингвистики, 1971. М., 1972.
- Гак 76. *Гак В. Г.* Теоретическая грамматика французского языка. Морфология. М., 1976.
- Гак 77. *Гак В. Г.* Сопоставительная лексикология. М., 1977.
- Гак 86. *Гак В. Г.* Теоретическая грамматика французского языка. Синтаксис. М., 1986.
- Гальперин 58. *Гальперин И. Р.* Очерки стилистики английского языка. М., 1958.
- Гальперин 74. *Гальперин И. Р.* Информативность единиц языка. М., 1974.
- Гафуров 87. *Гафуров А.* Имя и история. М., 1987.
- Гельбу 69. *Гельбу Я. М.* К истории возникновения антонимной отношений.— Уч. записки Башкирского гос. университета. Вып. 28. серия фил. наук, № 11/15. Уфа, 1969.
- Гнесиологические 74. Гнесиологические проблемы диалектического материализма. М., 1974.
- Гноболин 76. *Гноболин Ф. Н.* Психология. Алматы, 1976.
- Головин 73. *Головин Б. Н.* Введение в языкознание. М., 1973.
- Горбач 72. *Горбач В. И.* Проблемы диалектического противоречия. М., 1972.
- Горский 61. *Горский Д. П.* Вопросы абстракции и образование понятия. М., 1961.
- Горский 74. *Горский Д. П.* Определение. М., 1974.
- ГРЯ 1. Грамматика русского языка. 1-том, М., 1952.
- Гужва 67. *Гужва Ф. К.* Современный русский литературный язык. Киев, 1967.
- Джанузаков 82. *Джанузаков Т.* Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982.
- Додонов 78. *Додонов Б. И.* Эмоция как ценность. М., 1978.
- Ельмслев 65. *Ельмслев Л.* Методы структурного анализа в лингвистике.— Звегинцев А. В. История языкознания XIX—XX веков в очерках и извлечениях. 2-часть, М., 1965.
- Ельмслев 60. *Ельмслев Л.* Прогломены к теории языка.— Новое в лингвистике. 1-вып, М., 1960.
- Жирмунский 58. *Жирмунский В. М.* О синхронии и диахронии в языкознании ВЯ. 1958, № 5.
- Завялова 69. *Завялова В. М.* Антонимы. М., 1969.
- Зализняк 67. *Зализняк А. А.* Русское именное словообразование. М., 1967.
- Засорина 74. *Засорина Л. Н.* Введение в структурную лингвистику. М., 1974.
- Звегинцев 62. *Звегинцев В. А.* Очерки по общему языкознанию. М., 1962.
- Звегинцев 67. *Звегинцев В. А.* Семасиология. М., 1967.
- Зиндер 79. *Зиндер Л. Р.* Общая фонетика. М., 1979.
- Зейналов 66—1. *Зейналов Ф. Р.* Послелогои как лексико-грамматическая категория.— Уч. записки АГУ им. С. М. Кирова, сер. языка и литература. № 3, Баку, 1966.
- Зейналов Ф. Р.* Служебные части речи в современных тюркских языках, АДД., Баку, 1966.
- Ибатов 61. *Ибатов А.* Қазақ тіліндегі есімдіктер. Алматы, 1961.
- Иванова 81. *Иванова И. П., Бурлакова В. В., Почепцев Г. Г.* Теоретическая грамматика современного английского языка. М., 1981.
- Икрамова 85. *Икрамова Р.* Узбек тилида отларнинг синтетик, аналитик ва функционал формалири. Тошкент, 1985.
- Калинин 71. *Калинин Л. В.* Лексика русского языка. М., 1971.

- Караулов 76. *Караулов Ю. Н.* Общая и русская идиография. М., 1976.
- Кацнельсон 72. *Кацнельсон С. Д.* Типология языка и языковое мышление. Л., 1972.
- Кацнельсон 86. *Кацнельсон С. Д.* Общее и типологическое языкознание. Л., 1986.
- Качеева 78. *Качеева А. А.* Об основных типах значения слов.— Фил. науки. 1978, № 6.
- Кеңесбаев 75. *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1975.
- Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
- Киекбаев 72. *Киекбаев Дж.* Введение в урало-алтайское языкознание. Уфа, 1972.
- КирРС. Киргизско-русский словарь. М., 1959.
- Клюева 56. *Клюева В. Н.* Проблема антонимов.— Уч. записки ИМГПИИЯ, IX том, М., 1956.
- Ковтун 55. *Ковтун Л. С.* О значении слов.— ВЯ. 1955, № 5.
- Ковтунова 79. *Ковтунова И. И.* Синтагматика.— Русский язык. М., 1979.
- Колесников 72. *Колесников Н. И.* Словарь антонимов русского языка. Тбилиси, 1972.
- Колшанский 63. *Колшанский Г. В.* О функции языка.— Иностранные языки в высшей школе. М., 1963.
- Колшанский 67. *Колшанский Г. В.* Семантика слов в логическом аспекте.— Язык и мышление. М., 1967.
- Колшанский 75. *Колшанский Г. В.* Соотношение субъективных и объективных факторов в языке. М., 1975.
- Колшанский 80. *Колшанский Г. В.* Контекстная семантика. М., 1980.
- Комиссаров 73. *Комиссаров В. Н.* Слово о переводе. М., 1973.
- Комлев 69. *Комлев Н. Г.* Компоненты содержательной структуры слова. М., 1969.
- Кондаков 75. *Кондаков Н. И.* Логический словарь — справочник. М., 1975.
- Кондрашев 79. *Кондрашев Н. А.* История лингвистических учений. М., 1979.
- Копнин 74. *Копнин П. В.* Гнесиологические и логические основы науки. М., 1974.
- Косиеру 69. *Косиеру Э.* Лексические солидарности.— Вопросы учебной лексикографии. М., 1969.
- Котелова 75. *Котелова Н. З.* Значение слов и его сочетаемости. М., 1975.
- Краткий 1975. Краткий очерк истории философии. М., 1975.
- КПС. Краткий психологический словарь. М., 1985.
- Крутецкий 80. *Крутецкий В. А.* Психология. М., 1980.
- Кубрякова 72. *Кубрякова Е. С., Мельников Г. П.* О понятиях знаковой системы и структура языка.— Общее языкознание, М., 1972.
- Кузнецов 52. *Кузнецов П. С.* Об основных понятиях фонологии.— ВЯ. 1952, № 2.
- Кунгиров 80. *Кунгиров Р.* Субъектив бохо формаларининг семантика ва стилистик хусусиятлари. Ташкент, 1980.
- Кучкартаев 77. *Кучкартаев И.* Суз маъноси ва унинг валентлиги. Ташкент, 1977.
- КТГ—1. Қазақ тілінің грамматикасы, 1-бөлім, Алматы, 1967.
- КТОС. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1978.
- КТДС. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.
- КТТС—1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1-том, Алматы, 1974.
- КТТС—2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-том, Алматы, 1976.
- КТТС—3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3-том, Алматы, 1978.
- КТТС—4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 4-том, Алматы, 1979.
- КТТС—6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 6-том, Алматы, 1982.
- КТТС—8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-том, Алматы, 1985.
- КТТС—9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-том, Алматы, 1986.
- Қайдаров 86. *Қайдаров А. Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. Т.* Сырға толы түр мен түс. Алматы, 1986.
- Қайдаров 87. *Қайдаров А. Т., Баратов Ш.* Русчо-уйгурчо тилшунаслик терминлерининг луғити. Алмута, 1987.
- ҚартТТС—1. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. 1-том. Нөкис, 1982.
- ҚартТТС—2. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. 2-том, Нөкис, 1984.
- Қойшыбаев 85. *Қойшыбаев Е.* Қазақтың жер-су атаулары. Алматы, 1985.
- Қордабаев 58. *Қордабаев Т.* Сөз және оның мағыналары.— Қазақ тілі мен әдебиеті. 1958, № 1.
- Қордабаев 75. *Қордабаев Т.* Тілдің структуралды элементі. Алматы, 1975.

- Кордабаев 83. *Кордабаев Т.* Жалпы тіл білімі. Алматы, 1983.
- Лайонз 78. *Лайонз Дж.* Введение в теоретическую лингвистику. М., 1978.
- Левковская 62. *Левковская К. А.* Теория слов, принципы ее построения. М., 1962.
- Лексическая 67. *Лексическая синонимия.* М., 1967.
- Леонтьев 81. *Леонтьев А. А.* Путешествие по карте языков мира. М., 1981.
- Леонтьев 75. *Леонтьев А. Н.* Деятельность, сознание, личность. М., 1975.
- Литвин 84. *Литвин Ф. А.* Многозначность слова в языке и речи. М., 1984.
- Локштанова 71. *Локштанова Л. М.* О валентности глагола в современных лингвистических исследованиях.— ИЯШ. 1971, № 1.
- Лотман 70. *Лотман Ю. М.* Структура художественного текста. М., 1970.
- Львов 80. *Львов М. Р.* Школьный словарь антонимов русского языка. М., 1980.
- Мальцев 63. *Мальцев В. Н.* Значение понятие.— Проблема значение в лингвистике и логике. М., 1963.
- Маслов 75. *Маслов Ю. С.* Введение в языкознание. М., 1975.
- Марр 36. *Марр Н. Я.* Избранные труды, 1-том, Л., 1936.
- Матусевич 76. *Матусевич М. И.* Современный русский язык. М., 1976.
- Мельников 78. *Мельников Г. П.* Системология и языковые аспекты кибернетики. М., 1978
- Мельчук 70. *Мельчук А. С.* Понятие системы и структура языка в свете диалектического материализма.— Ленинизм и теоретические проблемы языка. М., 1970.
- Мещанинов 75. *Мещанинов И. И.* Проблемы развития языка. М., 1975.
- Милославский 81. *Милославский И. Г.* Морфологические категории современного русского языка. М., 1981.
- Мирзаев 66. *Мирзаев М., Усманов С., Расулов Р.* Узбек тили, Тошкент, 1966.
- Мусин 70. *Мусин Ж.* Антонимы в казахском языке, АКД, Алма-Ата, 1970.
- Насиров 79. *Насиров Д. С. Бекбергенов А., Жоринбетов А.* Русша-каракалпакша лингвистикалык терминлер сөздиги. Нөкис, 1979.
- Никитин 74. *Никитин М. В.* Лексическое значение в слове и словосочетании. Владимир. 1974.
- Никитин 83. *Никитин М. В.* Лексическое значение слов. М., 1983.
- Новиков 73. *Новиков Л. А.* Антонимы в русском языке. М., 1973.
- Новиков 82. *Новиков Л. А.* Семантика русского языка. М., 1982.
- Новое 82. Новое в зарубежной лингвистики. 13-вып. М., 1982.
- Нұрмұқанов 72. *Нұрмұқанов Х.* Тілдегі эмоционалдылық пен экспрессивтілік туралы — Мұғалімдерге қазақ тілінен көмек, Алматы, 1972.
- Общая 77. *Общая психология,* М., 1977.
- Общая 70. *Общее языкознание.* М., 1970.
- Общее 72. *Общее языкознание.* М., 1972.
- Огден 27. *Ogden C. K., Richards I. A.* The meaning of meaning. New-York, 1927.
- Ожегов 73. *Ожегов С. И.* Словарь русского языка. М., 1973.
- Оразов 74. *Оразов М.* Сөздердің лексикалық және грамматикалық жақтары — Қазақ филологиясының мәселелері. Ташкент, 1974.
- Оразов 80. *Оразов М.* Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. Алматы, 1980.
- Оразов М. 83. *Оразов М.* Лексик система — Узбек тили ва адабияти, 1983, № 4.
- Оразов 83-1. *Оразов М.* Семантика казахского глагола. АДД. Алма-Ата, 1983.
- Оразов 85. *Оразов М.* Сөз теориясы. Ташкент, 1985.
- Очерки 66. *Очерки по синонимии современного русского литературного языка.* М., Л. 1966.
- Пелевина 63. *Пелевина Н. Ф.* О семантической системе.— Иностранные языки в высшей школе. 2-вып, Ростов, 1963.
- Петерсон 25. *Петерсон М. Н.* Русский язык, М., 1925.
- Пешковский 56. *Пешковский А. М.* Русский синтаксис в научном освещении. М., 1956.
- Пинхасов 68. *Пинхасов Я. Д.* Хозирги узбек адаби тили. Тошкент, 1968.
- Плотников 84. *Плотников Б. Н.* Основы семасиологии. Минск, 1984.
- Попов 56. *Попов С. П.* Звучание слов и понятие.— ВЯ. 1956, № 6.
- Потебня 58. *Потебня А. А.* Записок по русской грамматике, 1—2-том, М., 1958.
- Проблемы 64. *Проблемы мышления в современной науке.* М., 1964.
- Резников 58. *Резников Л. О.* Понятие и слово. Л., 1958.
- Реформатский 67. *Реформатский А. А.* Введение в языковедение. М., 1967.

- Реформатский 68. *Реформатский А. А.* Термин как член лингвистической системы языка — Проблемы структурной лингвистики 1967. М., 1968.
- Реформатский 73. *Реформатский А. А.* Лексические мересми и семантическая редукция — Проблемы структурной лингвистики. М., 1973.
- Розенталь 76. *Розенталь Д. Э., Теленникова М. А.* Словарь-справочник лингвистических терминов. М., 1976.
- Русская 74. Русская разговорная речь. М., 1974.
- Русский 79. Русский язык. Энциклопедия. М., 1979.
- Садикова 75. *Садикова М.* Фе"л стилистикасы. Тошкент, 1975.
- Селиберстова 76. *Селиберстова О. Н.* Об объекте лингвистической семантики и адекватности ее описания — Принципы и методы семантических исследований. М., 1976.
- Серебренников 55. *Серебренников Б. А.* К проблеме типов лексической и грамматической абстракций. — Вопросы грамматического строя. М., 1955.
- Серебренников 83. *Серебренников Б. А.* О материалистическом подходе к явлениям языка. М., 1983.
- Серебренников 88. *Серебренников Б. А.* Язык отражает действительность или выражает его знаковым способом. — Роль человеческого фактора в языке. М., 1988.
- Серебренников 70. *Серебренников Б. А.* К проблеме сущности языка. — Общее языкознание. М., 1970.
- Синонимы 74. Синонимы русского языка и их особенности. М., 1974.
- Слесарева 80. *Слесарева И. П.* Проблемы описания и преподавания русской лексики. М., 1980.
- Слюсарева 75. *Слюсарева Н. А.* Теория Ф. де Соссюра в свете современной лингвистики. М., 1975.
- Слюсарева 67. *Слюсарева Н. А.* Соссюр и сосюрианство — Философские основы зарубежных направлений в языкознании. М., 1967.
- Слюсарева 73. *Слюсарева Н. А.* Проблемы лингвистической семантики. — ВЯ. 1973, № 5.
- Слюсарева 81. *Слюсарева Н. А.* Проблемы функционального синтаксиса английского языка. М., 1981.
- Слюсарева 81-2. *Слюсарева Н. А.* О семантической и функциональной сторонах языковых явлениях. — Теория языка, методы его исследования и преподавания. Л., 1981.
- Слюсарева 86. *Слюсарева Н. А.* Проблемы функциональной морфологии современного английского языка. М., 1986.
- Смирницкий 55. *Смирницкий А. И.* Значение слов. — ВЯ, 1955, № 2.
- Смирницкий 52. *Смирницкий А. И.* К вопросу о слове — Вопросы теории и истории языка. М., 1952.
- Смирницкий 54. *Смирницкий А. И.* К вопросу о слове — Труды Института языкознания АН СССР, 1954, № 4.
- Смирницкий 56. *Смирницкий А. И.* Лексикология английского языка. М., 1956.
- Советское 67. Советское языкознание за 50 лет. М., 1967.
- Современный 81. Современный русский язык. М., 1981.
- Солнцев 74. *Солнцев В. М.* К вопросу о семантике или языковом значении — Проблемы семантики. М., 1974.
- Солнцев 77. *Солнцев В. М.* Языковой знак и его свойства — ВЯ, 1977, № 2.
- Солнцев 77-2. *Солнцев В. М.* Язык как системно-структурное образование. М., 1977.
- Сопоставительная 66. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Морфологии. Алма-Ата, 1966.
- Соссюр 77. *Соссюр Ф. де* Труды по языкознанию. М., 1977.
- Стеблн-Каменский 74. *Стеблн-Каменский М. И.* Спорное в языкознании. Л., 1974.
- Степанов 75. *Степанов Ю. С.* Основы общего языкознания. М., 1975.
- Степанова 67. *Степанова М. Д.* О «внешней» и «внутренней» валентности слова. — ИЯШ, 1967, № 3.
- Степанова 68. *Степанова М. Д.* Методы синхронного анализа лексики. М., 1968.
- Степанова 78. *Степанова М. Д., Хельбиг Г.* Части речи и проблемы валентности в современном немецком языке. М., 1978.
- Стернин 73. *Стернин И. А.* К проблеме диектических функций слов. АКД. М., 1973.

- Стернин 79. *Стернин И. А.* Проблемы анализа структуры значения слова. Воронеж, 1979.
- Суник 63. *Суник О. П.* О различии слова, основа, корня — Морфологическая структура слов в языках разных типов. М., 1963.
- Суперанская 73. *Суперанская А. В.* Общая теория имени собственности. М., 1973.
- ТТАС-1. Татар теленен анлатмалы сүзлеге, 1-том, Қазан, 1977.
- ТТАС-2. Татар теленен анлатмалы сүзлеге, 2-том, Қазан, 1979.
- ТТАС-3. Татар теленен анлатмалы сүзлеге, 3-том, Қазан, 1981.
- Тезисы 65. Тезисы Пражского лингвистического кружка — Звегинцев В. А. История языкознания XIX—XX веков в очерках и извлечениях. 2-часть, М., 1965.
- Теля 86. *Теля В. Н.* Конотативный аспект семантики номинальных единиц. М., 1986.
- Тихонов 75. *Тихонов А. Н., Хатамов Н., Емельянова С. А., Тихонова М. Ю.* Русско-узбекский тематический словарь. Ташкент, 1975.
- Тоскина 77. *Тоскина Е. Н.* О некоторых правилах толкового словаря — Современная русская лексикография. М., 1977.
- Топорцов 75. *Топорцов И. С.* Исходные моменты лексической объективации. — Проблеме ономонологии. Курск, 1975.
- Төлеуов 63. *Төлеуов Ә.* Қазақ тіліндегі есім категориясы. Алматы, 1963.
- ТДС. Түркмен дилиниң сөзлүги. Ашгабат, 1962.
- Турбачев 76. *Турбачев О. Н.* Этимологические исследования и лексическая семантика. — Принципы и методы семантических исследований.
- Труды 62. Труды Пражского лингвистического кружка. — Звегинцев В. А. История языкознания XIX—XX веков в очерках и извлечениях. М., 1962.
- Турсунов 65. *Турсунов У., Мухтаров Ж., Рахматуллаев Ш.* Хозирги узбек адаби тили. Тошкент, 1965
- ИТИЛ-1. Узбек тилининг изохла луғати, 1-том, М., 1981.
- УТИЛ-2. Узбек тилининг изохла луғати. 2-том, М., 1981.
- УзРС. Узбекско-русский словарь. М., 1959.
- Уфимцева 74. *Уфимцева А. А.* Типы словесных знаков. М., 1974.
- Уфимцева 77. *Уфимцева А. А.* Лексическая номинация. — Языковая номинация. М., 1977.
- Уфимцева 80. *Уфимцева А. А.* Семантика слов. — Аспекты семантических исследований, М., 1980.
- Уфимцева 86. *Уфимцева А. А.* Лексическое значение. М., 1986.
- Уфимцева 61. *Уфимцева А. А.* Теория семантического поля и возможности в применении словарного состава языка. — Вопросы теории языка в современной зарубежной лингвистики. М., 1961.
- Фаворин 53. *Фаворин В. К.* Синонимы в русском языке. Свердловск. 1953.
- Фарачов 69. *Фарачов Ә.* Изаһли дилчилик луғәти. Бақы, 1969.
- Филин 57. *Филин Ф. П.* О лексико-семантических группах слов. — Езиковедски исследования в честь на акад. Стефан Младенов. София, 1957.
- Филин 82. *Филин Ф. П.* Очерки по теории языкознания М., 1982.
- Филичева 67. *Филичева Н. И.* Понятие семантической валентности в работах зарубежных языковедов. — ВЯ, 1967, № 2.
- Философская 67. Философская энциклопедия, 4-том, М., 1967.
- Философские 77. Философские основы зарубежных направлений в языкознании. М., 1977.
- Философский 75. Философский словарь. М., 1975.
- Фортунов 56. *Фортунов Ф.* Избранные работы, 1-том, М., 1956.
- Хозирги-1. Хозирги узбек адаби тили, 1-том, Тошкент, 1966.
- Хасанов 66. *Хасанов Б.* Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы колданылуы. Алматы, 1966.
- Ходжиев 85. *Ходжиев А.* Лингвистик терминларнинг хзохла луғати. Ташкент, 1985.
- Цветков 84. *Цветков Н. В.* К методологии компонентного анализа. ВЯ. 1984, № 2.
- Черкасова 67. *Черкасова Е. Т.* Переход полнозначных слов в предлоги. М., 1967.
- Шанский 72. *Шанский Н. М.* Лексикология современного русского языка. М., 1972.

- Шанский 81. *Шанский Н. М., Тихонов Л. Н.* Современный русский язык. 1-часть. М., 1981.
- Шанский 80. *Шанский Н. М.* Слова рожденные Октябрем. М., 1980.
- Шахматов 41. *Шахматов А. А.* Синтаксис русского языка. Л., 1941.
- Шмелев 73. *Шмелев Д. Н.* Проблемы семантического анализа лексики. М., 1973.
- Шмелев 77. *Шмелев Д. Н.* Современный русский язык. Лексика. М., 1977.
- Шпет 27. *Шпет Г.* Внутренняя форма слов. М., 1927.
- Шукуров 77. *Шукуров Р.* Узбек тилида антонимлар. Тошкент, 1977.
- Щерба 74. *Щерба Л. В.* Языковая система и речевая деятельность. М., 1974.
- Щерба 83. *Щерба Л. В.* Русские гласные в качественном и количественном отношении. Л., 1983.
- Щербак 61. *Щербак А. М.* Название домашних и диких животных.— Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
- Щур 64. *Щур Г. С.* О некоторых общих категориях лингвистики — Вопросы общего языкознания. М., 1964.
- Щур 74. *Щур Г. С.* Теория поля в лингвистике. М., 1974.
- Ысқақов 64. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1964.
- Ысқақов 74. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1974.
- Юлдашев 72. *Юлдашев А. А.* Принципы составления тюрко-русских словарей. М., 1972.
- Юнусалиев 59. *Юнусалиев Б. М.* Киргизская лексикология, 1-часть, Фрунзе, 1959.
- Языки 66. Языки народов СССР. 2-том. Тюркские языки. М., 1966.
- Ярцева 68. *Ярцева В. Н.* Взаимоотношение грамматики и лексики в системе языка.— Исследование по общей теории грамматики. М., 1968.
- Яхонтев 63. *Яхонтев С. Е.* О значениях термина слов.— Морфологическая структура слова в языках разных типов. М.— Л., 1963.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	: 3
<i>I тарау. СӨЗ — ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІК</i>	
Сөз — лексикалық бірлік	8
Сөздердің дыбысталуы	17
Сөздердің лексикалық мағынасы	26
Сөздердің грамматикалық мағынасы	46
<i>II тарау. ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ</i>	
Лексикалық мағынаның құрылымы	62
Семантикалық үш бұрыш	71
Денотаттық мағына	75
Сигнификаттық мағына	84
Эмоциялық мағына	107
<i>III тарау. ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ТІЛДІК СИСТЕМАМЕН БАЙЛАНЫСЫ</i>	
Тіл элементтерінің ішкі құрылымдық мағынасы	125
Парадигмалық мағына	133
Синтагмалық мағына	151
Тіл элементтері аралығындағы системалық қатынастар	154
Лексика элементтері арасындағы парадигмалық қатынастар	165
Лексика элементтері арасындағы синтагмалық қатынастар	192
Қорытынды	203
Пайдаланылған әдебиеттер	205

Учебное издание

Оразов Мейрбек

Семантика казахского языка

(на каз. яз.)

Редакторы *Нұрымбетов Л.*

Қоркемдеуші редакторы *Бәйкенова Ш.*

Суретшісі *Устинова В.*

Техн. редакторлары *Илизова Ф., Бабина А.*

Корректоры *Рахманбердиева Қ.*

ИБ № 4878

Теруге 22.11.90 жіберілді. Басуға 30.05.91 қол қойылды. Пішімі 60×90^{1/16}. Баспаханалық № 2 қағаз. Әріп түрі әдеби. Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 13,5. Шартты бояулы беттаңбасы 13,5. Есептік баспа табағы 14,856. Тиражы 1000 дана. Заказ № 2920. Бағасы 1 с. 50 т.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Рауан» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «ҚІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің билет-бланк және жедел өнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, К. Маркс көшесі, 15/1-үй.